

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ

ӘОЖ 373.3.091712:811.512.122

Қолжазба құқығында

БАЙМУХАМБЕТОВА КУРАЛАЙ МЫҚТЫБЕКОВНА

**Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін
инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау**

8D01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
К.Т. Ыбыраимжанов,
п.ғ.д., профессор

Шетелдік кеңесші:
Х.Узунбойлы
п.ғ.д., профессор

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	21
1.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесінің зерттелуі	21
1.2 «Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті», «Қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» түсінігінің мәні мен құрылымы	33
1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда қазақ тілін оқытудың қазіргі жайы	51
2 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	67
2.1 Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық тұғырлары	67
2.2 Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі	77
2.3 Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі	89
3 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІ	109
3.1 Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың анықтаушы диагностикасы	109
3.2 Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау бойынша қалыптастыру экспериментінің мазмұны мен ұйымдастырылуы	122
3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері	135
ҚОРЫТЫНДЫ	159
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	161
ҚОСЫМШАЛАР	171

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертация жұмысын жазу барысында келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынды:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: цифрлық трансформация арқылы өзекті міндеттер және оларды шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - 2025 жылғы 8 қыркүйек//<https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-daurindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957>.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007.ж., №319 ҚРЗ. Астана. Ақорда. Жаңартылған 01.01.2022ж. <http://online.zakon.kz>.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. Жаңартылған 14.06.2024. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>.

Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы. ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі, 27.02.2025 ж. Жаңа 24.02.2025.

Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5750 болып енгізілді.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы. Жаңартылған 25.04.2025.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы. 04.03.2025ж. өзгертілген

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертацияда келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

Инновация - инновация (лат.innovis) - жаңа, жаңалық, жаңару. Білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып көнені өңдеу, бар нәрсені жақсарту, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту.

Іс-әрекет - тұтас алғанда адамның қоғамда өмір сүруінің тәсілі.

Кәсіби іс-әрекет - мұғалімнің өз кәсібі мен белгілі бір сала бойынша қызметі.

Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті - білім беруді жаңғырту жағдайында инновациялық, цифрлық және жасанды интеллектке негізделген педагогикалық шешімдерді кәсіби тұрғыда жүзеге асыруға бағытталған кәсіби қабілеті

Қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау - қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімнің креативті педагогикалық әрекет тәсілдерін меңгеруіне, инновациялық әдістер мен технологияларды саналы таңдауға және тиімді қолдануға, цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын кіріктіруге бағытталған, өзара сабақтас компоненттер негізінде жүзеге асатын тұтас кәсіби-педагогикалық даярлық үдерісі.

Модель - ойға алған нысанды қай қырынан қарауыңа байланысты, көздеген нәрсенді анықтауға мүмкіндік беретін ерекше құрылым.

Педагогикалық модель - педагогикалық іс-әрекеттің моделі. Онда күтілетін нәтиженің түпкі ойы көрсетіліп, мәні айқындалады, күтілетін нәтижені жүзеге асыруға қажетті құралдар мен шарттардың сипаттамасы беріліп, іс-әрекет субъектілері көрсетіледі

Компонент - өзінділігімен және автономиялылығымен ерекшеленетін модельдің мазмұндық блогының бөліктері

Жүйе - бір-бірімен қарым-қатынаста болатын, белгілі бір тұтастықты, бірлікті құрайтын көптеген элементтер.

Әдіс - (грекше - зерттеу) - дүниенің, қоғамның объективтік заңдылықтары мен құбылыстарын практика және теория жүзінде игеруге және өзгертуге бағытталған таным принциптерінің жиынтығы, зерттеліп отырған объекті жөніндегі мәліметтерді және ғылыми жаңалықтарды бір ізге келтіру тәсілдерінің жүйесі.

Әдістеме - педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір сала.

Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі - оқытудың заманауи әдістері мен инновациялық технологияларын өзара кіріктіре қолдану арқылы қазақ тілін оқытуда болашақ мұғалімнің инновациялық кәсіби іс-әрекеті мен тұлғалық және цифрлық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған мақсатты ұйымдастырылған әдістемелік жүйе.

Стандарт - ағылшын тілінен аударғанда өлшем, үлгі, өлшегіш, қалып сөзінің мағынасын білдіреді.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖБС) - білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізуді реттейтін, білім берудің мақсаттары мен міндеттерінің жиынтығын айқындайтын, білім беру салалары бойынша білім, білік, дағдылар және қалыптасқан түйінді құзыреттіліктер түріндегі күтілетін білім беру нәтижелеріне, білім берудің базалық мазмұнының құрылымы мен құрамына, студенттардың оқу жүктемесінің жоғарғы көлеміне, білім сапасы мен деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейтін және студенттардың табысты әлеуметтенуіне ықпал ететін нормативтік құжат.

Білім беру бағдармаласы - оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағлау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.

Оқу құралы - білім беру үдерісінде белгілі бір пән мазмұнын жүйелі түрде меңгертуге, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға және кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған оқу-әдістемелік басылым.

Оқу-әдістемелік кешен - студенттердің пәнді меңгеруін қамтамасыз етуге бағытталған, оқу мақсаттары мен нәтижелеріне сәйкес әзірленген, оқыту мазмұнын, әдістерін, формаларын, құралдарын және бағалау жүйесін қамтитын оқу-әдістемелік құжаттар мен материалдардың жүйеленген жиынтығы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

I. Жансүгіров атындағы ЖУ - I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

ҚР - Қазақстан Республикасы

ЖОО - Жоғары оқу орны

ОӘК - оқу-әдістемелік кешен

ҚМЖ - қысқа мерзімді жоспар

БООЖ - білім алушының оқытушымен бірге өзіндік жұмысы

БӨЖ - білім алушының өзіндік жұмысы

ЖИ - Жасанды интеллект

т.б. - тағы басқа

т.с.с. - тағы сол сияқты

ЭТ - эксперименттік топ

БТ - бақылау тобы

АЭД - анықтаушы экспериментке дейінгі

ҚЭК - қалыптастырушы эксперименттен кейінгі

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі білім беру кеңістігі әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен, ғылым мен техниканың жедел дамуы және жаһандық цифрландыру үрдістерімен сипатталады. Бұл жағдай мұғалімге қойылатын кәсіби талаптарды түбегейлі жаңартып, әсіресе, бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығы қоғамның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруда шешуші роль атқарады. Сондай-ақ, білім берудің заманауи жүйесі оқытудың инновациялық формалары мен әдістерінің ендірілімі болашақ мұғалімдердің жеке тұлғасына және кәсіби даярлануына жоғары талап қояды. Жоғары білім беру жүйесі ғылым мен өндірісті кіріктіру, адами капиталды дамыту және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар даярлау міндеттерін жүзеге асыруда стратегиялық маңызға ие. Мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық құжаттарда цифрлық трансформация, адам капиталын дамыту және жасанды интеллект технологияларын білім беру жүйесіне енгізу міндеттері білім беру жүйесіне жаңа мазмұндық талаптар жүктейтіні атап көрсетіледі. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру үдерісіне инновациялық технологияларды жүйелі енгізе алатын болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлау мәселесі ғылыми-практикалық маңызға ие.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: цифрлық трансформация арқылы өзекті міндеттер және оларды шешу» атты Қазақстан халқына жолдауының жетінші маңызды міндетінде экономиканы жан-жақты цифрлық жаңғырту жұмыстары адам капиталын дамытуға қатысты жаңа міндеттер жүктеп, жасанды интеллект дәуірінде адам капиталын қалыптастырудың маңызын ерекше атап өткен.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы – заманауи инфрақұрылым мен цифрлық технологияларды енгізу арқылы білім сапасын арттыруға бағытталған. 217 мектептің 150-і іске қосылып, қалғаны жақын арада аяқталу керек. «Жасанды интеллект негіздерін мектептен бастап оқыту» - бұл бастама болашақ мамандардың цифрлық құзыреттерін ерте қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Болашақ мұғалімдердің жасанды интеллект технологияларын меңгеруі» - ұстаздардың біліктілігін арттыру арқылы білім беру жүйесінің инновациялық әлеуеті күшейеді. Қашықтықтан оқыту және жасанды интеллект технологиясы «Qazaq Digital Mektebi» - ауылдағы мектеп оқушыларына сапалы білім беруге мүмкіндік береді. Сондықтан ғылым, білім және инновация саласын басқару тәсілдерін өзара байланыстыру өте маңызды. Елімізге кәсіби даярлығы жоғары, білікті жұмысшылар өте қажет, бұл - анық нәрсе. Жасанды интеллектіні жаппай енгізу және жаппай цифрландыру еліміздің барлық саладағы әлеуетін еселеп арттырады. Біздің стратегиялық бағдарымыздың ең басты қыры осы болуға тиіс, - дейді [1]. 2025 жылғы мемлекет басшысының жолдауында көтерілген мәселелер - Қазақстанның білім, ғылым және еңбек нарығын цифрлық дәуірге бейімдеуге бағытталған кешенді стратегиялық қадамдар. Бұл жолдаудағы жетінші міндет болашақ маманның адами капиталын дамытуға, инновациялық әлеуетін арттыруға және жаһандық

бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Яғни, қазіргі уақытта инновациялық үдерістің, инновациялық кәсіби әрекеттің бар екендігін көрсете отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ мұғалімдерді инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау қажет. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңындағы 21 баптың 1 тармақшасында «Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары «бакалавр» дәрежесін немесе «маман» біліктілігін бере отырып, экономика салаларының қажеттіліктеріне сәйкес біліктілігі жоғары кадрлар даярлауға бағытталған», - деп көрсетілген [2]. Заңда тұжырымдалған бұл талаптар жоғары оқу орнында болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісінде студенттің жеке ерекшеліктерін, кәсіби қызығушылықтары мен субъективтік тәжірибесін ескеруге, яғни субъективтік идеяларды жүзеге асыруға әдіснамалық негіз бола алады.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу педагогтер мен студенттерге арналған электрондық платформалар арқылы жүзеге асырылады, бұл бүкіл оқу процесін цифрландыруға алып келеді», - деп көрсетілген [3]. Біздің пайымдауымызша, болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасуы білім беру саласындағы инновациялық үдерістердің ықпалымен жүзеге асады. Қазақстандық білім беруді жаңғыртудың қазіргі кезеңі болашақ мұғалімнің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығына, сондай-ақ оларды оқытудың заманауи әдістемелері мен цифрлық технологияларын меңгеруіне жоғары талаптар қояды. Бұл бір жағынан, жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың неғұрлым тиімді жолдарын іздестіруді, атап айтқанда, студенттердің әдістемелік даярлығының құрылымы мен мазмұнын қайта қарауды қажет етеді. Осыған орай, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда оларды инновациялық кәсіби іс-әрекетке бағдарлау арқылы заманауи білім беру талаптарына жауап беретін бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау қажет болып табылады.

Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарты мен Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы бұйрығында «Бастауыш сынып мұғалімінің оқу процесін жоспарлауда студенттердің жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын пайдалануға машықтандыру керек» [4]. «Барлық мамандықтардың пән мұғалімдері оқытудың инновациялық формаларын, әдістері мен құралдарын қолдану керек», - делінген [5].

Жоғарыда талданған нормативтік-құқықтық құжаттар болашақ мұғалімдердің инновациялық құзыреттерін қалыптастырудың маңызын айқындай отырып, пәнді оқыту мазмұнын жаңарту қажеттігін негіздейді. Осы талаптарға сәйкес қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке мақсатты даярлауды қамтамасыз ететін құрылымдық-мазмұндық модель мен оған негізделген әдістемелік жүйені әзірлеу зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің жаңғыруы, цифрландыру үдерістерінің қарқынды дамуы және заманауи оқыту технологияларының кеңінен енгізілуі мұғалімнің кәсіби қызметіне жаңа талаптар қоюда. Осыған байланысты инновациялық педагогикалық шешімдерді қабылдай алатын, оқыту үдерісін шығармашылық тұрғыдан ұйымдастыратын және цифрлық құралдарды тиімді қолдана білетін мұғалімді даярлау білім беру сапасын арттыруға бағытталып отыр. Сондықтан мұғалімнің инновациялық кәсіби іс-әрекеті қазіргі педагогикалық ғылым мен тәжірибеде ерекше мәнге ие. Әсіресе, жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесі маңызды болып табылады. Өйткені, бастауыш білім беру кезеңі оқушының тілдік, танымдық және тұлғалық дамуының негізін қалайды. Бұл кезеңде қызмет атқаратын мұғалім тек пәндік біліммен ғана шектелмей, креативті ойлау қабілетіне, педагогикалық икемділікке, инновациялық технологияларды мақсатты пайдалану дағдыларына және әдістемелік мәдениетке ие болуы тиіс. Оқыту үдерісінде заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды меңгерту болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттырумен қатар, бәсекеге қабілетті, жоғары нәтижеге бағытталған, педагогикалық қызметті жаңаша ұйымдастыра алатын маман ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен бірге, мұндай даярлық болашақ мұғалімнің әдістемелік мәдениетін жетілдіріп, кәсіби рефлексиясын дамытуға және білім беру үдерісін тиімді жобалау қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындау, оның мазмұнын, құрылымын және тиімді ұйымдастыру жолдарын анықтау өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Зерттеу барысында аталған мәселенің теориялық аспектілеріне жүйелі талдау жасалып, философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік бағыттағы ғылыми еңбектер қарастырылады. Мәселен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық іс-әрекетке даярлау мәселесінің теориялық негіздерін айқындауда шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері маңызды рөл атқарады. Инновация, даму, әрекет, таным және кәсіби қызметтің философиялық мәнін түсіндіруге бағытталған зерттеулер ежелгі және классикалық философия өкілдерінің еңбектерінде көрініс тапқан. Атап айтқанда:

Өзгеріс пен дамудың диалектикалық табиғатын негіздеген Гераклит, таным мен рефлексия мәселелерін қарастырған Сократ, логикалық ойлау мен әрекеттің мәнін ашқан Р. Декарт [6], Аристотель [7], білім беру мазмұнын жүйелеу мен оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми негіздерін қалаған Я.А. Коменский [8], тұлғаның рухани-адамгершілік жетілуін біліммен байланыстырған Әл-Фараби [9], ұлттық білім беру мен оқыту әдістемесінің дамуына үлес қосқан А. Байтұрсынов [10], М. Жұмабаев [11] еңбектері зерттеудің философиялық-әдіснамалық негіздерін айқындайды. Ал, тұлғаның кәсіби қалыптасуын, іс-әрекеттің психологиялық механизмдерін және

мотивациялық факторларын талдаған *шетелдік ғалымдар*: С.Л. Рубинштейн [12], В.Ф. Жукова [13], Е.П. Ильин [14], *отандық ғалымдар*: Қ.Б. Жарықбаев [15], Х.Т. Шерьязданова [16] еңбектері болашақ мұғалімдердің инновациялық кәсіби даярлығының психологиялық негіздерін түсіндіруге мүмкіндік береді. Аталған зерттеулердің тұжырымдары біздің жұмысымыздың ғылыми-теориялық негіздерін құрайды.

Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау теориясы мен инновациялық даярлығы мәселелері бойынша ғалымдар О.А. Абдуллина [17], А.Л. Ташимова [18], И.С. Өтебаев [19], С.А. Қыпшақов [20], Ұ.Ж. Қонақбаева [21], Л.В. Ширина [22]; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау бойынша - Қ.М. Нағымжанова [23], Т.Е. Демидова [24], К.Т. Ыбыраимжанов [25], М.З. Джанбубекова [26], PhD білім беру бағдарламасы негізінде - М.Н. Оспанбекова [27], С.А. Фейзулдаева [28], Ұ.Б. Ахатаева [29], Ж.К. Стамбекова [30] және т.б. зерттеген. Сондай-ақ біздің зерттеу жұмысымызға байланысты қызығушылық тудырған «инновация» бойынша А.И. Кравченко [31], Г. Тарда [32], Э.М. Роджерс [33], Т.И. Шамова [34], П.И. Третьяков [35], Н. Нұрахметов [36], Н.Р. Юсупбекова [37]; іс-әрекет теориясы бойынша: И. Кант [38], Г. Гегель [39]; «инновациялық іс-әрекет» бойынша: В.П. Кваша [40], Ф.Г. Кумбс [41]; «кәсіби іс-әрекет» бойынша: З.М. Большакова [42] т.б. өз ғылыми еңбектерінде өз анықтамаларын берген.

Білім беру саласында болашақ мұғалімдерді инновациялық іс-әрекетке даярлау және қалыптастыру тұрғысынан Қ.М. Нағымжанованың [43], М.М. Мұқаметқалидің [44], К.Ж. Бұзаубақованың [45], С.Г. Григорьеваның [46], Е.Е. Мырзабековтің [47] еңбектерінде, білім беру инновацияларын енгізудің маңыздылығы мен қажеттілігін М. Fullan [48] зерттеулерінде түрлі қырларынан зерделенген. Арнайы педагогикалық идеяларды іске асыруда және болашақ мамандардың инновациялық кәсіби даярлығын қалыптастыру мен жетілдіру жолдары туралы П.К. Исакова [49], Ж.Н. Садуова [50], Б.Т. Барсай [51], Т.Н. Бережная [52], Р.Б. Исмаилова [53], Э.А. Айтенова [54], т.б. ғалымдардың еңбектерінен көруге болады.

Болашақ мамандардың инновациялық бағыттағы кәсіби іс-әрекетін дамыту мен әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелері бойынша шетелдік және отандық педагог ғалымдар мен әдіскерлердің зерттеулерінде дербес ғылыми бағыт ретінде жүйелі қарастырған шетелдік ғалымдар: В.В. Краевский [55], Ю.К. Бабанский [56], А.М. Пышкало [57], отандық ғалымдар: Ш.Таубаева [58], А. Жапбаров [59], А. Байтұрсынов [60], Ф.Ш. Оразбаева [61], Ш.Х. Сарыбаев [62], А.С. Амирова [63], Қ. Молдабек [64], С.С. Сейтенова, Г.С. Майлыбаева [65], Г. Тұрдалиева [66] Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова [67] Ф.Б. Бөрібекова, Н.Ж. Жанатбекова [68] С.С. Чункенова, К.Т. Ыбыраимжанов [69] және т.б. еңбектерінде терең талдаулар жасалып, қарастырылған.

Талдауға алынған теориялық ғылыми зерттеулер еліміздегі жоғары оқу орындары жүйесіндегі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық, әдістемелік, кәсіби тұрғыда дайындау және инновациялық технологияларды қолдануға даярлау, сондай-ақ жоғары білім берудегі біртұтас педагогикалық

үдеріс теориясы мен практикасының рөлін айқындап, біздің зерттеу жұмысымыздың бағыты мен бағдарын белгілеуде, әдіс-тәсілдерін жаңартуда басшылыққа алатын ғылыми-әдістемелік ұсыныстар болып саналуымен құнды. Сондай-ақ, қолда бар ғылыми еңбектер мен жинақталған тәжірибе қазіргі педагогикалық шынайылықпен толық сәйкес келе бермейтіні байқалды. Көтерілген мәселенің теориялық жағынан да, практикалық жағынан да тереңірек зерттелуін қажет ететіндігін анықтайды. Демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін қазіргі заман талабына сай инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда мынадай ерекшеліктерді айтуға болады:

1) инновациялық өзгерістерге бейім маман ретінде болашақ мұғалімге қойылатын талаптардың өзгеріп отыруы;

2) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке дайындаудың қазіргі жағдайы инновациялық кәсіби маманға даярлығын дамытуға бағыттау;

3) қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын тиімді қамтамасыз етуде заманауи әдістерді меңгеру.

Жоғарыда көрсетілген ғылыми еңбектер мен әдебиеттерге жасалған талдау нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетке даярлау мәселесі қарастырылғанымен, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесінің арнайы зерттеу нысаны ретінде жеткілікті деңгейде қарастырылмағандығы айқындалды.

Атап айтқанда:

- қоғамда инновациялық ойлау қабілеті жоғары, цифрлық ортада еркін іс-әрекет ететін мұғалімдерге сұраныстың артуы мен жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту арқылы жүйелі қалыптастыратын әдістемелік жүйенің жеткіліксіздігі;

- инновациялық кәсіби іс-әрекет туралы теориялық пайымдардың жеткілікті болуы мен оларды қазақ тілін оқытуда өлшемдер мен көрсеткіштер арқылы нақтылап, тәжірибелік-экспериментпен дәлелдеудің аздығы;

- қазақ тілін оқытуда инновациялық даярлықты арттыруға мүмкіндік беретін цифрлық және жасанды интеллект құралдарының жеткілікті болуы мен оларды педагогикалық мақсатта тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік нұсқаулықтар мен практикалық бағдарламалардың жеткілікті деңгейде әзірленбеуі араларындағы қарама-қайшылықтар бар екендігіне көз жеткізілді.

Айқындалған қарама-қайшылықтар зерттеу мәселесінің мәнін ашуға және оның теориялық негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Қарама-қайшылықтарды талдау нәтижесінде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауды қамтамасыз ететін арнайы құрылымдық-мазмұндық модель мен модельге негізделген әдістемелік жүйені әзірлеу қажеттілігі туындайтыны анықталды. Осыған байланысты зерттеу пәнін теориялық тұрғыдан дәлелдеу және

ұсынылған модель мен әдістемелік жүйенің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру қажеттілігі диссертациялық жұмыстың тақырыбын «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындап, әдістемелік жүйесін дайындау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмыс арқылы дәлелдеу.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдеріс.

Зерттеудің пәні: қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау әдістемесі.

Зерттеудің ғылыми болжамы: Егер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалып, негізгі ұғымдардың мәні мен құрылымы нақтыланса, құрылымдық-мазмұндық модель мен оған негізделген әдістемелік жүйе әзірленіп, білім беру үдерісіне жүйелі түрде енгізілсе, онда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің қазақ тілін оқытудағы инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлық деңгейі артады. Өйткені құрылымдық-мазмұндық модель мен осы модельге негізделген әдістемелік жүйенің бірлігі болашақ мұғалімдердің заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды саналы әрі тиімді қолдануына, кәсіби жағдаяттарда ұтымды шешім қабылдауына және өзгермелі білім беру талаптарына бейімделген заманауи маман ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Зерттеу міндеттері:

- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;

- «бастауыш мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті» және «қазақ тілін оқытуда бастауыш мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» түсінігінің мәні мен құрылымын нақтылау;

- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесін дайындау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмыс арқылы дәлелдеу, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеудің жетекші идеясы: қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда құрылымдық-мазмұндық модель мен оған негізделген әдістемелік жүйені мақсатты пайдалану арқылы инновацияға кәсіби тұрғыдан бейімделген, бәсекеге қабілетті бастауыш мұғалімі қалыптасады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік еңбектердегі инновациялық іс-

әрекет теориясы, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлау теориясы, инновациялық технологиялар мен заманауи әдіс-тәсілдер жайлы ғылыми еңбектер, маман даярлау үдерісіне қатысты әдіснамалық тұғырлар теориясы, инновациялық технологиялар туралы педагогика мен психологиядағы теориялық қағидалар, білім берудің заманауи тұжырымдамалары мен бағдарламалары негізге алынды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысында қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауға байланысты инновациялық оқыту технологиясының жетістіктері мен оқытудың тиімді әдістері жайлы тұжырымдар басшылыққа алынды.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасы үкіметінің ресми нормативтік құжаттары (зандар, тұжырымдамалар, бағдарламалар, стандарттар); Қазақстан және ТМД елдерінің ғылыми-педагогикалық еңбектері, оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдары, электронды оқу құралдары және мерзімді басылымдары; отандық және шетелдік ғалымдардың Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті, Қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік ғылыми зерттеулері; шетелдік және қазақстандық педагог ғалымдардың ғылыми жетістіктеріне негізделген озық тәжірибелері; университеттік білім беру жағдайында оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша жинақталған докторанттың ғылыми-ізденушілік және практикалық тәжірибесі алынды.

Зерттеу әдістері:

-теориялық әдістер: философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерге ғылыми-теориялық талдау, жинақтау, контент-талдау, құрылымдау, салыстыру, нақтылау;

-эмпирикалық әдістер: диагностика, педагогикалық бақылау, сауалнама, тест, математикалық-статистикалық өңдеу, нәтижелерін графикалау.

Зерттеу базасы: І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент университеті.

Зерттеудің кезеңдері:

Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау бойынша ғылыми зерттеу жұмысы 2021 жылдан 2024 жылға дейін жүргізілді және өзара байланысты үш кезеңді қамтыды:

1 кезең (2021-2022ж.ж.) Іздеу-талдау. Бұл кезеңде зерттеу жұмысының өзектілігі анықталып, нормативтік-құқықтық, бағдарламалық құжаттарға, философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау бағыты аясындағы шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалды. Зерттеудің аппараты анықталып, «Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті», «Қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» түсінігінің мәні мен құрылымы нақтыланды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы

қазақ тілін оқытудың қазіргі жайы салыстырмалы түрде баяндалды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңіндегі авторлық сауалнама мен әдістеме дайындалып, қорытындысы жасалды.

2 кезең (2022-2023ж.ж.) Әдіснамалық-модельдік. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық тұғырлары нақтыланып, құрылымдық-мазмұндық моделі мен модельге негізделген әдістемелік жүйе жасалды.

3 кезең (2023-2024ж.ж.) Эксперименттік-қорытынды. Зерттеу тақырыбының нәтижелілігін арттыру мақсатында тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа бағытталған әдістемелік кешен (арнайы курс бағдарламасы мен оқу құралы) дайындалды және тиімділігі тәжірибе барысында тексерілді, оқу үдерісіне ендірілді. Бұл кезеңде зерттеу жұмысының нәтижелері қорытындыланып, практикаға ендірілуі белгіленген зерттеу базаларында тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізілді. Тәжірибелік-эксперимент барысында алынған нәтижелер сарапталып, статистикалық тұрғыда өңделіп, диссертациялық жұмыс мазмұны талапқа сай рәсімделді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды.

2. «Бастауыш мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті» және «қазақ тілін оқытуда бастауыш мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» түсінігінің мәні мен құрылымы нақтыланды.

3. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды.

4. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесін дайындау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмыс арқылы дәлелдеу, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы: диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері мен материалдары кәсіби білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалып, қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау бағытындағы ғылыми ізденістерге тың көзқарас пен жаңа элемент қосады. Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы қазақ тілін оқытудың қазіргі жайы жан-жақты талданып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау деңгейін арттырудың қажеттілігі ғылыми тұрғыда негізделді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы:

«Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курс бағдарламасы дайындалып, жоғары оқу орнының білім беру үдерісіне ендірілді. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстары жүргізілді.

«Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі» атты оқу құралы әзірленіп, оқу үдерісіне ендірілді. Оқу құралы жоғары оқу орындарында білім алып жатқан бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі студенттеріне, магистранттарға, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

Зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстар болашақ мұғалімдерді даярлайтын жоғары және кәсіптік педагогикалық оқу орындарының білім беру үдерісінде, бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруда қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің анықтығы мен негізділігі: Зерттеудің нәтижелері ғылыми-теориялық және әдіснамалық қырынан дәлелденуімен, алынған нәтижелердің тиімділігімен, зерттеу тақырыбына қатысты ғалымдар еңбектеріндегі тұжырымдарға негізделуімен, Шымкент университетінде «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты 5 кредиттік арнайы курсының оқытылуымен негізделеді. Жұмыс нәтижесі аталған курстың сапасы мен дамытылуын қамтамасыз етеді (Қосымша И).

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1) Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері – болашақ педагогтің кәсіби ойлауының, әдістемелік икемділігінің, жаңашыл педагогикалық шешім қабылдау қабілетінің қалыптасуын қамтамасыз ететін біртұтас ғылыми жүйе; әдіснамалық тұрғыдан жүйелілік, іс-әрекеттік, құзыреттілік, акмеологиялық және инновациялық тұғырлардың өзара сабақтастығы; қазақ тілін оқыту мазмұнының кәсіби даярлықтың мазмұндық өзегі ретіндегі қызметі; инновациялық кәсіби іс-әрекеттің педагогикалық жағдаяттарды жаңаша пайымдау мен тиімді шешу сапасы; педагогикалық үдерісті жаңғырту талаптарына сәйкес кәсіби даярлық құрылымының ғылыми негізделуі.

2) *«Бастауыш мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті - білім беруді жаңғырту жағдайында инновациялық, цифрлық және жасанды интеллект мүмкіндіктерін кәсіби мақсатқа сай іріктеп, тиімді қолдануға негізделген, педагогтің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылық шешім қабылдау қабілетін сипаттайтын күрделі кәсіби әрекет құрылымы»;* ал *«Қазақ тілін оқытуда бастауыш мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау - болашақ педагогтің қазақ тілін оқыту барысында креативті педагогикалық әрекет тәсілдерін меңгеруіне, оқыту мазмұнына сәйкес инновациялық әдістер мен технологияларды саналы түрде іріктеуіне, цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын кіріктіріп қолдануына, сондай-ақ кәсіби-педагогикалық жағдаяттарды тиімді шешуге бағытталған компоненттердің өзара сабақтастығында жүзеге асатын тұтас кәсіби даярлық үдерісі».*

3) Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процессуалдық және инновациялық-

іс-әрекеттік компоненттерге негізделіп, кәсіби даярлықтың мазмұнын жүйелеуді, педагогикалық әрекетті ұйымдастырудың логикасын айқындауды және болашақ мұғалімнің инновациялық кәсіби даярлық деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін өлшемдер, көрсеткіштер мен деңгейлердің динамикалық байланысы.

4) Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі: жоғары оқу орнының 6В01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасына «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курс бағдарламасы мен «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі» атты оқу құралын тәжірибеге енгізілуі; әдістемелік жүйенің қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың тиімділігінің дәлелденуі.

Зерттеуді сынақтан өткізу.

Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 16 ғылыми еңбек жарияланды. *Оның ішінде:* 1 мақала Scopus мәліметтер базасына енгізілген басылымда (Q1, 84% процентильді); 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған; 5 мақала Қазақстан Республикасында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарында жарияланған; 5 мақала шет елде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарында жарияланған; 1 оқу құралы жарияланған. Олар:

1. [Evaluating the Relationship Between Pre-Service Teachers' Artificial Intelligence Readiness and Professional Self-Efficacy](#). Education Sciences.

- 2026, 16(1), 43; <https://doi.org/10.3390/educsci16010043> Q1 және процентилі - 84; (Докторанттың үлесі – зерттеу жүргізу, нәтижелерді өңдеу, мақала мәтінін жазу, 60%; қосалқы авторлардың үлесі: Ybyraimzhanov K. зерттеу концепциясын әзірлеу 10%; Moldabek K. зерттеу әдістемесін әзірлеу 10 %; Akhatayeva U. тілдік және стильдік редакциялау 5%; Zhetkizgenova A. статистикалық талдау 5%; Uaidullakuzu E. жұмыс тұжырымдамасы мен дизайнын жасау 10%);

2. Инновациялық технологиялар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастырудың құралы ретінде. Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. -2023. - № 1. - 175-191 бб. <https://doi.org/10.48371/PEDS.2023.68.1.012>. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 85%, қосалқы автор: Есназар А.Ж. – 15%);

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Қазақ тілін оқыту арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты элективті курстың маңыздылығы. «3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация». - 2023. -№ 3. -147-157 бб. DOI: 10.52269/22266070_2023_3_147. <https://ojs.ksu.edu.kz/index.php/3i/article/view/559/470> (Мақаланы жазудағы

докторанттың үлесі – 85%, қосалқы авторлар: Ыбыраимжанов К.Т. – 10%, Ирсакова М.А. – 5%);

4. Determination of the content level of innovative activity in the preparation of future primary school teachers for the professional specialty. Abai Kazakh national pedagogical university. Journal «Pedagogy and Psychology». -2023. -№ 4. - P.50-58. <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1377> (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы автор: Ыбыраимжанов К.Т. – 10%);

5. Профессиональная подготовка будущих учителей начальных классов: экспериментальная имплементация программы Dikolan. Вестник Торайгыров университета, Педагогическая серия. – 2025. - №1. – С. 115-128 <https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/storage/journals/369.pdf>. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы авторлар: Мауленбердиева Г.Б. – 5%, Кубеева М.А. – 5%);

6. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби даярлығын жетілдіру. С. Аманжолов атындағы ШҚУ 70 жылдығына арналған «Қазіргі сын-қатерлер жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» «Уәлиев оқулары-2022» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. 2-бөлім. - Өскемен, - 16-17.09.2022. - 3-8 бб. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы автор: Ыбыраимжанов К.Т. – 10%);

7. The effectiveness of innovative activity in the formation of professional training of a future specialist through teaching the Kazakh language. Quality Management: Search and Solutions. Materials of the VIII International Scientific-Practical Conference. Seattle (WA, USA). - 23-25.11.2022. Volume II. -P.59-64. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы автор: Uzunboylu H. – 10%);

8. Заманауи білім берудегі инновациялық әдістердің қазақ тілін оқытуда қолданылуы. Профессор Қ.Б. Жарықбаевтың 95 жылдығына арналған «Психология және педагогика дамуының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары. - Алматы, - 17.11.2022. 390-392 бб. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы автор: Ыбыраимжанов К.Т. – 10%);

9. Методологические принципы обучения казахскому языку для будущих учителей начальных классов. Актуальные проблемы науки и образования: материалы международного форума, посвященного 300-летию Российской академии наук. Часть 2. - Екатеринбург, - 12-13.12.2023. –С.326-332. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=54070567> (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 85%, қосалқы авторлар: Ыбыраимжанов К.Т. – 10%, Дүйсекова М.Т. - 5%);

10. Жаңа формациядағы болашақ мамандарды кәсіби даярлау. Кентау гуманитарлық-техникалық колледжінің 15 жылдығына арналған «Жаңа Қазақстан: білім беру жүйесіндегі ізденіс, тәжірибе, нәтиже» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Кентау. –12.05.2023. 94-98 бб. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы автор: Хусейн У. – 10%);

11. The current state of teaching the Kazakh language to future primary school teachers. Innovative scientific research Proceedings of the V International Scientific and Practical Conference. Toronto. -Canada. - 20-21.07.2023. -P.56-59. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 80%, қосалқы авторлар: Ibyraimzhanov K. – 10%, Uzunboylu H. - 10%);

12. Possibilities of preparing primary teachers for innovative professional activity in teaching the Kazakh language. IX International Scientific and Practical Conference «Current questions of modern science». - Tallinn, Estonia. -16-17.11. 2023. -P.26-30. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 85%, қосалқы авторлар: Uzunboylu H. - 10%, Dildabekova G. – 5%.);

13. Methodological system of formation of readiness for innovative professional activity of primary school teachers in the study of the subject "Kazakh language". The modern vector of the development of science. Proceedings of the XII International Scientific and Practical Conference. -Philadelphia, USA. -21-22.03.2024. -P.120-124. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 85%, қосалқы авторлар: Ibyraimzhanov K. - 10%, Yeszhanova G. – 5%.);

14. Қазақ тілін оқытуда цифрлық технологияларды тиімді пайдалану - уақыт талабы. «Білім беру жүйесінде жаңа трендтер мен технологиялардың ғылымдағы мәні мен маңызы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Шымкент, - 25-26.04.2024ж. 78-82 бб. <https://univershu.edu.kz/media/attachments/2024/06/28/iv-.pdf> (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы автор: Ыбыраимжанов К.Т. – 10%);

15. Болашақ мұғалімдердің қазақ тілін оқытуға арналған инновациялық білім беру платформаларын қолдану дағдылары. «Тәшенев оқулары – 3: Цифрлық дәуір және Тәшеневтің көшбасшылық идеялары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ғылыми мақалалар жинағы. – Шымкент, - 09.04.2025. 211-216 бб. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%);

Ғылыми кеңес ұсынған оқулықтар, оқу құралдары

16. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі. *Оқу құралы. - Шымкент: Қызмет баспасы, - 2024. - 105 б. ISBN 978-601-81118-8-4.* (Оқу құралын жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

Жарық көрген ғылыми еңбектер: Зерттеу барысында жарық көрген еңбектердің ішінде Scopus деректер қорына енетін жарияланымда - 1, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда - 4, отандық және шетелдік халықаралық конференция материалдары басылымдарында - 10, Оқу құралы - 1 жарық көрді. 1 - авторлық куәлік алынды (Қосымша 3).

Диссертация құрылымы: Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі 190 бетке компьютермен теріліп басылған. Онда 29 кесте, 28 суретпен безендірілген. Әдебиеттер тізімі 155 аталымнан тұрады.

Кіріспеде зерттеу жұмысының өзектілігі ғылыми тұрғыда негізделіп, зерттеу мәселесінен туындайтын негізгі қарама-қайшылықтар айқындалды. Зерттеудің мақсаты мен ғылыми болжамы тұжырымдалып, оған сәйкес зерттеу міндеттері мен жетекші идеясы анықталды. Сонымен қатар зерттеудің ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалып, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы ашылды. Зерттеуде қолданылған зерттеу әдістері жүйеленіп, алынған нәтижелердің анықтығы мен негізділігі дәлелденді. Сондай-ақ қорғауға ұсынылатын негізгі мәселелер тұжырымдалып берілді.

«Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың ғылыми-теориялық негіздері» деп аталатын бірінші тарауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесі бойынша отандық және шетелдік философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік ғылыми еңбектер негізінде жүйелі түрде талданды. «Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті», «Қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» түсінігі мен құрылымы нақтыланып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда қазақ тілін оқытудың қазіргі жайына салыстырмалы талдау жасалып, зерттеліп отырған мәселенің ғылыми-теориялық негіздері тұжырымдалды.

Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық негіздері атты екінші тарауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетін қазақ тілін оқытуда даярлаудың әдіснамалық тұғырлары ғылыми тұрғыда негізделіп, қарастырылды. Аталған тарауда зерттеу мақсатына сәйкес қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, оның компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері айқындалды. Құрылымды-мазмұндық модельге негізделген әдістемелік жүйе ұсынылып, қоғамның қазіргі талаптары, оқытудың мақсаты мен міндеттері, мазмұндық негізі, заманауи әдістері мен инновациялық технологиялары, қазақ тілі бойынша берілетін тапсырмалар жүйесі жүйеленді.

Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың тәжірибелік-эксперимент нәтижелері атты үшінші тарауда зерттеу мәселесін тәжірибелік тұрғыда тексеруге бағытталған анықтау, қалыптастыру және бақылау эксперименттерінің мазмұны мен нәтижелері баяндалды. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау бойынша қалыптастыру экспериментінің мазмұны мен ұйымдастырылуы айқындалып, әзірленген құрылымдық-мазмұндық модель мен әдістемелік жүйенің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері негізінде дәлелденді. Эксперимент барысында алынған деректер

сандық және сапалық тұрғыдан талданып, зерттеу болжамының дұрыстығы ғылыми негізде тұжырымдалды.

Қорытындыда жүргізілген зерттеудің нәтижелері негізінде алынған негізгі тұжырымдар жүйеленіп, зерттеу барысында қойылған мақсат пен міндеттердің орындалу деңгейі айқындалды. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қосымшада диссертацияға енбеген, зерттеу барысында пайдаланылған материалдар берілді.

1 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесінің зерттелуі

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыруға кәсіби даярлау мәселесін зерттеу қазіргі заманғы білімнің модернизациясымен және оны нақты білім беру мекемелерінде жүзеге асыру жолдарын анықтау қажеттілігімен байланысты. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарының басты міндеті білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау екендігі даусыз. Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына жұмыс берушілер тарапынан қойылатын талап та өзгереді. Сондықтан, жоғары оқу орнындағы маңызды бір мәселе - студентті болашақ мамандығына оңтайландыру, инновациялық біліктілігін дамыту, кәсіби бағдар берудің жаңа жүйесін жасау, кәсіби іскер және жаңашылдыққа бейім маман дайындау. Мұндай маман дайындау үшін білім беру үдерісін белсенділендіру, оқытудың инновациялық формалары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажет. Оқу үдерісін белсенділендіру - болашақ мамандардың заманауи әдістерді меңгеруіне, ізденуіне мүмкіндік жасау, оларды келешек мамандығына қызықтыра отырып, бәсекеге қабілетті инновациялық кәсіби маман даярлау.

ЖОО-ғы болашақ маманның инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығы оқу жылдары кезінде кәсіби шеберлікке мақсатты даярлаумен қоса, педагогикалық шығармашылық қызметке дайындаумен тікелей астарласуы тиіс. Ол болашақ мұғалімнің жалпы мәдени (өмірге көзқарас), методологиялық (психологиялық-педагогикалық), пәнді заманауи меңгеруін қамтамасыз етеді. Міне, осы орайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы «Педагогтың кәсіби стандарты» [70] мен «Педагог мәртебесі туралы заңы» жаңа қоғамдағы педагогтерді кәсіптік даярлаудың білім беру бағдарламалары педагогтің кәсіптік стандартының талаптары негізінде әзірленеді деп атап өтілген. Жоғарыда аталған стандарттар мен бағдарламалардағы міндетті іске асырудың бірден бір жолы - болашақ мамандарды даярлауда инновациялық кәсіби іс-әрекетті ұйымдастырудың жолдарын меңгертіп, практика жүзінде қолдана білуге үйрету болып табылады. Сонымен қатар, болашақ маман иесін заманауи тәсілдерді меңгеруі бағытында инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауға болады [71].

Бүгінгі қоғам - үздіксіз өзгеріс үстіндегі қоғам. Адам баласы қандай мамандық иесі болмасын, қандай да бір жерде жұмыс атқармасын өзінің кәсібінің майталманы болуы керек. Ал мамандықтың майталманы болу үшін не керек? Ең алдымен, еңбек керек, ізденіс керек, өзін-өзі жан жақты білімді, білікті ұстаз ретінде дамыту үшін талпыныс керек. Педагогикалық ғылымның жаңа бағытта дамуы білім беру жүйесінде жоғары дәрежелі, жан-жақты сапалы біліммен қаруланған ұлттық, мемлекеттік, саяси-экономикалық және ел мүддесі тұрғысынан туындаған мәселелерді шеше алатын жаңа тұрпатты педагог

мамандарды талап етеді. Сондықтан бүгінгі таңда болашақ маман иесіне әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіре отырып, инновациялық кәсіби біліктілігі мен іскерлігін арттыру біздің басты міндетіміз болып табылады.

Заманауи мұғалім мектеп оқушыларының оқу-тәрбие іс-әрекетін ұйымдастыруда инновациялық әзірлемелерді өздігінен зерттеп қана шығармашыл тұлға бола алмайды. Оларды оқу үдерісінде тиімді қолдануда өз жаңалығын қоса білуі керек. Мұның бәрі педагог тұлғасының инновациялық бағытын қалыптастырумен байланысты мәселелерді зерттеуге философтардың, психологтар мен педагогтардың қызығушылығының артақынын түсіндіреді. Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамыту бағдарламасында айтылғандай, мұғалімнің инновациясын дамыту білім берудегі стратегиялық бағыттардың бірі болып табылады. Бұл мәселенің шешімі бүгінгі күні білім беру саласындағы инновацияның кез келген түрін жүзеге асыруға болатын кезде оларды іштей қабылдап, тәжірибеші мұғалімдер қолданса маңыздырақ болмақ.

ЖОО-да инновациялық кәсіби іс-әрекетке дайын оқытушы тек қана оқу үдерісін сауатты жоспарлай отырып өткізіп қоймай, сонымен бірге студенттерге қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекеттерін дамытуға қолайлы жағдай тудыру қажет. Инновациялық кәсіби іс-әрекет - болашақ мұғалімнің жаңашыл алған теориялық және практикалық білімдері мен кәсіби шеберліктерінің жиынтығы. Яғни, инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың түпкі нәтижесі болып табылады. Олай болса, студенттерге екінші курстан бастап қазақ тілін оқытуда жаңашылдық бағытындағы білімдерді беру дау тудырмас мәселе деп білуге болады. Ол үшін пәнді оқыту барысында креативті ойлауды дамытуға арналған сауалнама жүргізу және инновациялық дағдыларға үйрететін арнайы курстар ұйымдастыру қажет. Сонда ғана инновациялық кәсіби іс-әрекеттің педагогикалық негізін түсінуді болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті ретінде қарастыруға көмек береді.

Философиялық болмысқа бағытталған болжамдарға жасалған талдаулар мен логикалық пайымдаулар арқылы «инновациялық кәсіби іс-әрекет» ұғымының білімдік мәнін ашып көрсетуге болады. Сол себепті, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы диалектикалық тұрғыдан болмыстың себеп-салдарлық сипатын бейнелейтін философиялық талдауларға тоқталып, пікір қалдырған ғалымдардың еңбектерін қарап шығуды дұрыс деп есептедік.

Көне грек философиясының атақты өкілі Гераклит - (шамамен б.з.б. 540-475 жылдар) көрнекті диалект, теориялық ойлаудың шым-шытырман тұңғышына, оның қайшылықтары мен бұрылысына көп жолдарына батыл көз жүгірткен ғұлама. Оның диалектикасы көптеген келелі мәселелерді көтерді. Сондай проблемалардың бірі - таным процесін, әсіресе диалектикалық танымның салыстыру әдісімен қалыптасатынын көрсетті. Салыстыру арқылы жақсылық пен жамандықтың, әсемдік пен көріксіздіктің т.б. жігін ашып, мәнін

негіздеуге болатындығын анықтады. Грек философиясында Гераклит диалектикасына қарама-қарсы бағытта пайда болған сол кездегі ағымдардың бірі - Элей мектебі. Бұл мектеп болмыс туралы философиялық мәселе көтере отырып, оның мәнін ашуға әрекеттенді. Болмысты тек ойлау арқылы білуге, түсінуге, сырын ашуға болады. Ендеше, негізгі мәселе - ойлаудың болмысқа деген қатынасы. Бұл - Элей мектебінің ашқан жаңалығы. Элей мектебінің негізін қалаған Парменид деген ойшыл. Оның ұстазы атақты ойшыл Ксенофан болған. Міне, осы Парменид болмыс туралы терең ой-пікірлер қозғаған. Ол: «Болмыс бар, ал болмыс емес жоқ», - деп кесіп айтты. Өйткені оның пікірінше «болмыс еместіні» тануға, білуге тіпті болмайды, оны сөзбен де айтып жеткізе алмайсың. Олай болса, оны ойлауға да қисынсыз. Ал енді дүниені сезімдік және сезімнен тыс деп біле отырып, Парменид дүниеде екі жол бар деп есептеді. Бірі - пікір жолы, екіншісі - ақиқат жолы. Пікір жолы сезімдік дүниеден келіп шығады. Ол көпшіліктің қалайтын пікіріне сүйенеді. Ал сезімнен тыс - ақиқат жолы. Ол жалғыздың, дананың ғана жолы. Ендеше жекелік, даралық қана бар. Ол болмыс. Ал көпшілік жоқ. Өйткені, көпшілік болмыс емес. Философтардың анықтауынан байқап қарар болсақ, тіршілік атауының өзі бірін-бірі толықтыру сияқты әрекеттерден тұратындығын байқауға болады.

«Әдіс туралы ой толғам» деген еңбегінде Рене Декарт екі түрлі ғалым кездесетінін айтады. Бірі - өзін бәрінен жоғары ұстап, тек өз ойын дұрыс деп, басқа пікірмен келіспейтін пенде. Ондай адам бір рет қателессе, дұрыс жолға еш түспейтін, адаса беретінін айтады. Екіншісі - өз ойы жоқ, әркімнің пікірін қоштайтын адам. Осы екеуін айта келіп, өзінің бұл екеуіне де қосымайтынын білдіреді. Шынында ғалым өз ойын дәлелдеп те, айта да, қорғай да білуі керек. Ол үшін терең зерттеуде басқалардың пікірімен есептесу де керек. Жалпы, ғалым менменшіл де, жалтақ та болмау керек. Біздің зерттеу жұмысымыз төңірегінен талдар болсақ, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау үшін креативті мұғалім кез келген уақытта өз ойын дұрыс жеткізе білу керектігіне басымдық берілетінін ескеру болып табылады.

Соқрат (б.з.д. 469-399) жалаң білім беруге, құр білімді дамытуға қарсы. Оның ойынша, жалаң білім ештеңе бермейді, қайта адамды бұзады, софистер айтқандай, адамды өлтіреді, бұрынғы қалпынан айырады. Оның ойынша, білімнің мәні басқада жатыр. Білімнің мәні - адамның алдына қойған мақсатын жан-жақты ашуы. Себебі, адам өзін қоршаған дүниенің сырын ашамын деп қаншама әрекеттенгенімен, оны толық түсіне алмайды. Өйткені сыртқы дүние, табиғат, ғарыш адамға бағынышты емес. Адамға бағынышты адамның іс-әрекетінен келіп шығатын оның ішкі дүниесі, жаны және солардың қызметі. Сондықтан адам алдымен осы негізгі мәселені шешуі керек. Яғни адам өзінің жан дүниесін жан жақты зерттеп, тануға тиіс. Міне, философияның пәніне айналған өзіндік сананың мәні де осында жатыр. Соқраттың айтуынша, білім дегеніміз - ізгілік. Мұндай көзқарас білімнің мәнін терең ашады. Адамның алдына қойған мақсаты, оның рухани өмірі - білімді құрал ретінде ғана емес, өмір сүрудің әдісі ретінде пайдалануға жол бастады, - дейді [6]. Философтың

бұл ойынан білім - адамның белгілі бір іс-әрекеті, қызметінен шыға отырып, оның өмірінің мәніне айналатындығын ұғынуға болады.

Аристотель ізгіліктерді қабылдап алу екі негізгі процеске байланысты дейді. Бірі - оқып, білім алуға, екіншісі - адамгершілік, тәлім-тәрбиеге байланысты. Тек тәлім-тәрбие адамгершілік пен зерделілікті адам бойына сіңіре алады. Сондықтан адам өзінің рухани қабілеттерін үнемі жетілдіре және жаттықтыра отырып, зор жеңістерге жетеді [7]. Бұл жерде үлкен бір философиялық мән жатыр десек те артық емес. Себебі, Аристотельдің бұл ойын терең талдай отырып, мына пікірге ойысуға болады: Ізгілікті қабылдау процесінің бірі білім алу барысында жаңашылдықты жылдам қабылдай алатын мұғалімнің білім беру ісіндегі қызметі жоғары бағаланады.

Инновациялық оқыту технологиялары бойынша ой-пікірді Я.А. Коменский еңбектерінен де көруге болады. Ғалымның пікірінше, дидактика үшін аса қажет нәрселер ретінде біріншіден, жан-жақты ойластырылған мақсаттарды, екіншіден, осы мақсаттарға жетуге қарай ойластырылған құрал жабдықтарды және оларды тиімді қолданудың ережелерін табуды айтуға болады [8].

Ұлы философ Әбу-Насыр Әл-Фарабидің «Философиялық трактаттар» атты еңбегінде: іс-әрекет адамның дүниемен істестігі, қарым-қатынас тәсілі «заттық іс-әрекет» деген анықтама берген. Іс-әрекет барысындағы адам табиғатты шығармашылық тұрғыда өзгертеді, сөйтіп өзін іскер субъект ретінде қалыптастырады, ал өзі игерген табиғат құбылыстарын іс-әрекет объектісі етеді» деп қарастырған [9]. Ғалымның бұл айтылғандарын зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан талқылайтын болсақ, бастауыш сыныптың қазақ тілі пәнін оқытуда болашақ мұғалімдерге бағдарламалық материалдарды заманауи тұрғыда меңгерту қажет. Сонда мұғалімдікке қадам басқан болашақ мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын артатындығын көруге болады.

Ұлтымыздың ұлы ұстазы, ағартушы-ғалым А. Байтұрсынұлы қазақ тілін пән ретінде оқыту әдістерін баяндайтын «Тіл жұмсар» бөлімінде: «Мұғалімнің қызметі, оның білімінің, шеберлігінің керек орны - өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру. ...Бұл күнгі ғылымды жұрттарда бала оқыту жұмысы бала оқыту ғылымын оқып шыққан адамдардың қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері, пікірлері жаңа. Ниеті - жұртына қызмет ету. Бұлар білгенін, тапқан-таянғанын жұртынан аяп қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебіндегі жұмысын қолдарына алуға лайық адамдар. Әр жайдан хабардар дүниеда не істеліп, не қалыпты тұрғанынан бұлардың мағлұматы мол. Қысқасы, қазақ арасына білім нұрын жаюға нағыз қолайлы адамдар», - дейді [10]. Біздің зерттеу жұмысымызда автордың пікіріне сәйкес келіп, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау барысында қазіргі таңдағы заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды толық меңгерген жас маман болу қажеттігін танытып отыр.

«Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы - мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын - мұғалімдердікі», - дейді М. Жұмабаев. Бір ғасырдай бұрын айтылған осы ойлардың әлі құнын жоя қоймағандығын аңғару қиын емес. Себебі, бүгінгі мемлекет өзінің интеллектуалды ресурстарымен бәсекеге түседі. Бәсекенің бастысы - білім бәсекесі. «Білім бәсекесі» идеясының басты мақсаты - жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеу. Елді адам капиталы арқылы бәсекеге қабілетті ету. Бұл білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдер даярлау ісіне үлес қосып жүрген педагог - мамандардың үлестерінің үлкен, мақсаттарының айқын екендігін көрсетеді.

Бастауыш мектепте ана тілін оқыту әдістемесін қалыптастыруға алғаш қадам жасаған - М. Жұмабаев. Ол 1923 жылы «Бастауыш мектепте ана тілі» атты еңбегін жариялаған. Бұл еңбегінде бастауыш мектептің әр жылына сәйкес ана тілі бойынша балалардың тілін дамыту үшін жүргізілетін жаттығулар жүйесін төрт сыныпқа топтай отырып, былайша жасап ұсынды:

1 сыныпта - аздап жаттаған өлең мысалдарды дұрыс, ашық айту, оқи білу; дұрыс сөйлеу, ойын дұрыс жеткізу; оқуға жаттығу; тақтадан, кітаптан көшіру; мұғалімнің жетектеуі арқылы қысқаша оқиғаларды айту.

2 сыныпта - көзбен көргені, естігені жайлы толық әңгіме айту; айналасындағылармен толық сөйлесе білу; сурет бойынша әңгіме айта білу; оқу жылдамдығына оқи білу.

3 сыныпта - басына өткен оқиғалар бойынша әңгіме құрастыра білу; мазмұндама жазу білу; пікірін дәлелдей білу.

4 сыныпта - белгілі бір пікірдің жобасымен толық дұрыс сөйлеу және жаза білу; спектакльге қатысу; оқу жылдамдығын арттыру және мектептің міндеті хат танытып қана қоймай, баланы дұрыс сөйлеуге үйрету керектігін атаған [11].

Қазақ халқының ағартушылары мен ойшылдарының көзқарастарын қорытындылай келе, олардың қоғамда шығармашылық, жан-жақты, білімді және өз іс-әрекеттерін дұрыс бағалауға және өз мүмкіндіктерін пайдалануға қабілетті адамдарды тәрбиелеуге көп көңіл бөлгенін аңғаруға болады.

Болашақ мамандардың кәсіби дайындық мәселелері психологиялық әдебиеттерде кеңінен қарастырылып, олардың психологиялық дайындығының іс әрекеті инновациялық кәсіби бағытталудың ахуалы ретінде жалпы бағытын анықтай отырып, оң нәтижеге қол жеткізеді. Бұл тұрғыда көрнекті кеңес психологы С.Л. Рубинштейн адамның кез-келген іс-әрекеті одан жеке тұлға ретінде және осы іс-әрекеттің субъектісі ретінде пайда болады деп жазды және іс-әрекеттің бастапқы мотивтері мен түпкі мақсаттарының бірлігімен іс-әрекеттің өзі жеке тұлғаның мотивтері мен мақсаттарына айналады деп сенді. [12]. Ғалымның бұл пікірін психологиялық тұрғыдан алғанда, болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығында психологиялық дайындықтың маңызды ролін ерекше атап өтеді және кәсіби қызметінде кездесетін қиындықтарға төтеп беру мен стресске төзімді болу қабілетін дамыту маңызды екенін айтты. Маманның психологиялық қолдау алуы мен кәсіби мотивациясы қалыптасады деп тұжырым жасаймыз.

В.Ф. Жукова «Психологиялық дайындық» санаттарын психологиялық-педагогикалық талдау атты ғылыми еңбегінде: қызметке психологиялық дайындық адамға өзінің кәсіби міндеттерін тиімді және сапалы жүзеге асыруға, сонымен бірге бұрыннан бар білімдерін, дағдылары мен іс-әрекеттерін қолдана отырып, жеке қасиеттерін белсендіруге мүмкіндік беретіндігін атап көрсетті [13]. Осыған байланысты, болашақ маманның кәсіби іс-әрекетке дайындығын кәсіптің мәнін, кәсіби дағдыларды игеруін, кәсіби іс-әрекет саласында маңызды қасиеттерді қалыптастыруды қамтитын күрделі құбылыс ретінде қарастыру қажеттігін автор жеткілікті көрсете алған. Біз, автор атап өткен қасиеттер жиынтығы бойында қалыптаспаған болашақ мұғалім өз жұмысын креативті тұрғыда инновациялық кәсіби іс-әрекетті дұрыс жүргізе алмайды деген пікір айтамыз.

Е.П. Ильин психологиялық дайындықты функционалды күй арқылы анықтайды. Ол жұмыс қабілеттілігін ұзақ уақыт сақтауда, оңтайлы күйдің тұрақтылығында, жұмыс істеу жылдамдығы мен күштердің қалпына келуінде, максималды функциялардың үлкен тұрақтылығында, сыртқы әсерлерге реакциялардың жеткіліктігінде, жүйенің барлық бөліктерінің жұмысындағы үйлесімділікте, ритмикалық пен синхрондылықта көрінеді, - деп көрсетті [14]. Автордың ұстанымымен келісе отырып, осыған сәйкес функционалды күй арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетке дайындық белгілі бір іс-әрекеттегі жетістіктердің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін психиканың белгілі бір жағдайы ретінде анықталатындығын байқадық.

Отандық ғалым, психология ғылымының өкілі Қ.Б. Жарықбаев тұлғаның іс-әрекетке даярлығын оның психологиялық қасиеттері мен ерекшеліктерін дамыту тұрғысынан қарап, жеке тұлғаны жан-жақты дамыту қажеттігін атап көрсетеді. Сондай-ақ, субъект-бағдарлы психологиялық даярлау студенттердің тұлға, болашақ маман ретінде өздігінен дамуына негіз ретінде қарастырады [15]. Ғалымның бұл бағыттағы пікірі саналы әрі белсенді әрекет ете алатын тұлға, субъект - бұл белсенді әрекет ететін адам дегенге келіп саяды. Ғалымның пікіріне қосыла отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ мамандардың теориялық алған білімі мен практикада қолданар заманауи әдістері мен инновациялық технологиялары негізінде субъект тұрғысынан психологиялық даярлау мәселесін көтеру қажет деп есептейміз.

Х.Т. Шерьязданова болашақ мамандарды психологиялық тұрғыда даярлаудың жеке үрдіс ретінде ұйымдастырылуына көңіл бөліп, оқыту мазмұны мен әдістемелерінде студенттердің тұлғалық және жас ерекшеліктерін ескеруді ұсына отырып, психологиялық білім беруде пәндер бойынша білімнің топтастырылған сипаттағы дәрістері тиімді болатындығын айтты және студенттердің меңгерілген білімін тәжірибеде қолдана алуға бағыттауды кәсіби даярлаудың басты шарты ретінде көрсетті [16]. Автордың көзқарасын ескере отырып, болашақ мамандарды психологиялық даярлауда топтастырылған дәрістерді студенттер тәжірибеде заманауи тұрғыда қолдануы - инновациялық кәсіби даярлықтың басты белгісі деп санаймыз. Себебі, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне топтастырылған дәрістердегі

заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды қолдану қабілеттерін арттыруға бейімдей отырып, кәсіби даярлығын шыңдауға болады.

Болашақ бастауыш сынып мамандарды даярлауды теориялық тұрғыдан зерттеген шетел ғалымы О.А. Абдуллина негізгі және әртараптандырылған пәндердің болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудағы мүмкіндіктері жайлы айта келіп, психологиялық-педагогикалық пәндердің басты міндеттеріне: болашақ мамандарға оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтары, мәні мен мазмұны, әдістері туралы терең теориялық білім беру; болашақ мамандардың педагогикалық ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту; ұстазға тән шеберлік пен сана қалыптастыруды жатқызады [17]. Автор пікірін қорытар болсақ, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне педагогиканың негізгі ұғымдарымен таныстыра отырып, өз бетінше заманауи жұмыс істеу дағдысына тәрбиелеу арқылы бағыт беруге болады деп есептейміз.

А.Л. Ташимова болашақ мұғалім даярлауда теориялық дайындығының мазмұны аналитикалық, прогностикалық, проактивті, және рефлексивті біліктілігінен тұрады деп төртке бөліп әр қайсысына жеке анықтама берді [18]. Анықтаманың графикалық бейнесі төмендегі суретте беріледі (Сурет 1).



Сурет 1 - А.Л. Ташимова бойынша болашақ мұғалім даярлауда теориялық дайындығының құрылымы

Ғалымның берген анықтамасы тұрғысынан қарайтын болсақ, болашақ мұғалімнің жоғары оқу орнында мұғалімдік мамандыққа дайындауда басты міндеттердің бірі болып саналады. Біз осы аталған міндеттерді негізге ала отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда студенттерді инновациялық кәсіби іс-әрекетке бағыттауымыз қажет.

И.С. Өтебаев оқытушы бір сабақ үшін материал таңдай алуы, негізгі түсініктерді, оның заңдылықтарын бөліп көрсете алуы, сабақта фактілік және теориялық оқу материалының дұрыс қатынасын таба алуы, сабақтың бір кезеңінен екіншісіне өтуде логикалық өткелдерді жоспарлай алуы, теориялық

материалды қарапайымнан күрделіге қарай орналастыра алуы, қойылған мақсатқа сәйкес тапсырмалар мен сұрақтар жүйесін жасай алуы, мақсатқа сәйкес сабақтың тиімді түрін таңдай алуы, студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмаларды жасай алуы тиіс, - дейді [19]. Біз ғалымның пікірімен толықтай қосыла отырып, болашақ мұғалім сабақ үдерісінде өзінің уақытын тиімді пайдалана алуын және оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін орынды қолдана алған жағдайда ғана кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыра алады деп тұжырымдадық.

С.А. Қыпшақов білім сапасын көтерудің сенімді тетігі ретінде өзі оқытып жатқан нақты пән өзі үшін ғылыми бағалы маңызды болғанмен де студентті болашақ әрекетке үздіксіз дайындаудың бір ғана тізбегі болып табылады. Сондықтан жоғары оқу орнында білім беру мазмұнын жобалауда нақты уақытты ұстану керек, материалдың әртүрлі маңызды фрагменттерін сақтау, әртүрлі оқу пәндерін оқу барысында келісушілікті қамтамасыз ету, сондай-ақ алдыңғы және соңғы пәндермен үйлесімділікті (пререквизиттер мен постреквизиттер) сақтауы керек. Ол болашақ кәсіби оқыту педагогтарының бойына іргелі базалық түсінікті қалыптастыруға әсерін тигізеді. Кейінгі пәндерде алдыңғы пәндер де өткен түсініктер мен баян етулеріне қарама-қарсылық болмағаны дұрыс, - дейді [20]. Қазіргі заманғы ғылыми білімді дамытудағы жан жақты инновациялық процесті есепке ала отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне пәнді толық игеруге дағдыландыруға, инновациялық тапсырмаларды ұйымдастыруға үйретуге толық мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ЖОО-да алған теориялық білімін тәжірибеде дұрыс қолдана алу біліктілігі, болашақ мұғалімнің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даяр болады деп қорытындылауға болады.

ЖОО-ның мақсаты - алдыңғы қатарлы жастарды тәрбиелей отырып, жоғары білімді маман иелерін даярлау. Білім саясатының өзекті мәселесі - инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың сапасын жақсарту, ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерін өзгерту, алдыңғы қатарлы инновациялық тәжірибелер мен білім берудегі жаңашылдықты саралау, білім беруді жетілдіру процесіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін күшейту. Сол себепті, болашақ мұғалім үшін оның кәсіби іс-әрекетінде пәнді инновациялық түрде меңгерудегі мәселесі үлкен орын алады. Студент ең алдымен пәнді оқып-үйренуге көңіл аударса, кейіннен пәнді терең меңгеруге және инновациялық кәсіби шеберлігін дамытуға ұмтылуы қажет.

Ұ.Ж. Қонақбаева педагогикалық қызметте инновацияларға педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің даярлығын қалыптастыру үшін ғылыми өңдеулерді қабылдау, меңгеру; басқа мұғалімдердің инновациялық тәжірибелерін тасымалдау және оны жаңа жағдайларға бейімдеу, өз меншігінің жаңалықтарын өңдеу (оқытудың және тәрбиелеудің әдістері, үлгілері), өзінің инновациялық тәжірибесін тарату, эксперименттер ұйымдастыру және жүргізу, инновациялық педагогикалық қауымға жағымды қолдау көрсету керек, - дейді [21]. Ғалымның идеясын түйіндер болсақ, қазақ тілін оқытуда болашақ

мамандарды даярлау барысында заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды тиімді қолдана білу қабілетін жетілдіру біздің зерттеу жұмысымыз үшін де маңызы орасан зор.

Л.В. Ширина педагогтердің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуды педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары ретінде әдістемелік мазмұны мен құрылымын нақтылап көрсете білген [22]. Бұдан қорытарымыз, университет қабырғасында болашақ мамандарды инновациялық кәсіпке даярлау барысында заманауи әдістемелік нұсқаулықтардың алар маңызы орасан зор. Демек, болашақ маманды қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс әрекетке даярлау үшін заманауи әдістер мен тапсырмалар жүйесінің мазмұны ерекше болмақ.

Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру бойынша отандық ғалым Қ.М. Нағымжанова кандидаттық ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысында мынадай анықтама береді: «Инновациялық іс-әрекет дегеніміз - оқушылардың оқу-танымдық әрекеттерін ұйымдастырудың тиімді жолын табу, қалыптасқан дәстүрлі іс-әрекетке жаңалықтар енгізу, оқыту еңбегін қабілет ерекшелігіне сәйкес өзгертіп дамыту. Бұл инновациялық іс-әрекет өзге әрекет түрлері сияқты оқу-тәрбие процесінің құрлысына, білім мазмұнына, мектеп жүйесінің басқарылуына қарай қарастырылады» [23]. Біз ғалымның еңбегін талдай келе, инновациялық іс-әрекет ұғымы жаңартылған идеяларды қайта қарастыра отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда жаңалыққа бағыт жасау деп қорытынды жасадық. Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау үшін маман ретінде педагогикалық үдерістің бір бөлшегі бола отырып, әдістемелік негізін білуі қажет. Сонда ғана қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау нәтижелі болмақ.

Т.Е. Демидов болашақ мұғалімнің жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыруға кәсіби дайындық моделін үш кезеңге бөліп қарастырған. Бірінші кезеңі - студенттердің жалпы білім беру дағдыларына мотивациялық-құндылық қатынастарының жүйесін қалыптастыруға, сондай-ақ өздерінің жалпы білім беру дағдыларын жетілдіруге, екінші кезеңі - студенттердің бойында әдістемелік сипаттағы білім мен білік жүйесін қалыптастыруға, үшінші кезеңі - студенттердің алған білімдері мен біліктері жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ оларды жаңа жағдайларда қолдануға және студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталған [24]. Бұдан шығатын қорытынды студенттердің білім беру бағдарламаларының барлық пәндерін меңгере отырып, нақты әдістемелік білім жүйесін игеру мен қатар әдістемелік дағдыларды қалыптастыруға және заманауи үлгідегі инновациялық әдістемелер бағыты арқылы тапсырмалар жүйесін орындауды қолдана отырып, өзін-өзі жетілдіруге шақырылады.

Білім берудің инновациялық бағыты жағдайында қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік қызметінің сапасын

арттыру жолдарын іздеу педагогикалық ортаның инновациялық әлеуетімен байланысты. Бастауыш білім беру жүйесінде жаңа әдістемелік идеяларды қолдану, оқытудың инновациялық әдістемелік модельдері мен технологияларын педагогикалық тұрғыдан дәйекті енгізу негізінде жүзеге асырылады. Мұның бәрі қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетіне инновациялық тұрғыдан сапалы түсінуге жағдай жасайды.

Ғалым К.Т. Ыбыраимжанов «Бастауыш білім берудің қалыптасуы мен дамуы» (1961-1930 жж. материалдар негізінде) атты докторлық диссертациясында қазіргі бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мәселесі бойынша бастауыш сынып мұғалімдеріне кәсіптік бағдар берудің теориялық негізін жасап, оның ерекшелігін айқындау үшін танысып талдаған педагогикалық еңбектердің және жоғары білім беруге арналған оқу жоспарларының мазмұнын тұжырымдай келе, «мұғалімдер дайындауға қойылатын талап, негізінен мамандық бойынша оқытылатын пәндердің мазмұнын меңгертуге бағытталады. Сондай-ақ мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға байланысты олардың іс-әрекетін әрбір жеке пәндердің әдістемесін меңгеру арқылы мұғалімдердің кәсіби шеберлікті игертуі болып табылады. Сондықтан да болар, маман даярлау мәселесіне оқытуда өзара ықпалдастықты қарауды ұсынады. Болашақ маман әр жеке пәннің әдістемесін ғана емес, бүкіл педагогикалық жүйенің мақсатын, міндетін, мазмұнын, негізін, түрін, әдістемесін және тәрбие жүйесін біртұтас қабылдап, меңгеруге тиіс деп қарайды. Педагогикалық барыста мұғалімнің іс-әрекеті мен олардың кәсіби шеберлігіне бағыт беру сабақтастықта жүзеге асатын жағдайда ғана болашақ мамандарды өз дәрежесінде дайындау жүзеге аспақ», - дейді [25]. Автордың ұсынысымен келісе отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда мұғалімдік қызметке тән іс-әрекеті мен кәсіби шеберлігіне бағыт бере отырып, сабақты инновациялық тұрғыда ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін меңгерту қажет деп есептейміз.

М.З. Джанбубекова «Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертациясында болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлауда сабақта және сабақтан тыс әрекеттерде деп екіге бөліп қарастырған. Сонымен қатар, мамандыққа бейімделу, танымдық кәсіби қызметте студенттердің өздігінше актуалдануы, ЖОО-да студенттердің кәсіби педагогикалық іс-әрекетінің қалыптасуы танымдық-қызметтік тәсілмен жүзеге асырылады деп үш кезеңге бөліп, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті қалыптастыру үрдісі алдымен оқу-зерттеу, содан соң кәсіби педагогикалық іс-әрекетке айнала отырып, жүзеге асырылады деп тұжырымдаған [26]. Автордың анықтаған кезеңдерін төмендегі кестемен бейнелеуге болады (Сурет 2).



Сурет 2 - М.З. Джанбубекова бойынша жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың кезеңдері

М.Н. Оспанбекова «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау» тақырыбындағы зерттеуінде болашақ мұғалімдерді оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлауда ең алдымен оларды өз әрекетіне сыни тұрғыдан қарап, талдау жасай алуға, өзін-өзі жетілдіріп, өз іс-әрекетіне баға беруге даярлау қажеттігі алдыңғы қатарға шығарған. Осындай әрекеттің тұлғаның дамуына әсерін өз тәжірибесі арқылы ұғынған маман болашақта шәкірттерінің де өздерінің кез келген әрекетін рефлексиялауға деген тұрақты мотивінің болуы сияқты аса маңызды сапасын жетілдіруге, сол арқылы интеллектісін, шығармашылығын дамытуға құлықты болады деген қорытынды жасаған [27]. Автордың зерттеуіне түйін жасай келе, бәсекеге қабілетті болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда мүмкіндік беретін инновациялық технологияларды сабақ барысында жаңаша жоспарлай отырып енгізу қажеттілігі деген ұқсас ойларымен бізді қызықтырды. Демек, ЖОО-да қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдері инновациялық технологиялар мен заманауи әдістерді меңгеруі арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярланады. Осы тұжырымға байланысты жаңа педагогикалық технологияларды игеретін болашақ мұғалімнің жеке басына қойылатын психологиялық талаптарға тоқталған жөн. Олар: ойлаудың өзгергіштігі, эмпатия (басқа адамның толқынына бейімделу қабілеті), толеранттылық (келіспеушілікке төзімділік), коммуникативтілік (диалог мәдениеті ретінде), ынтымақтастық қабілеті және т.б. қасиеттер болашақ маманның психологиялық-педагогикалық және технологиялық құзыреттілігін, креативті (шығармашылық) қабілеттерін айқындайды. Бұл қасиеттердің барлығы жалпы инновацияларға және жаңа педагогикалық технологияларды игеруге дайындық деңгейін арттыруға көмектеседі.

Жаңа форматтан дайындалған еңбектің бірі С.А. Фейзулдаеваның «Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау» атты PhD докторлық диссертациясында: пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау - жаңартылған білім беру жағдайында

студенттерге кәсіби білім жүйесін, жеке, жалпы және кәсіби құзыреттілікті, тұлғаның өзін-өзі реттейтін интегративтік сапаларын меңгерту, - деп нақтылаған [28]. Автор пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби даярлау моделін қалыптастырудың негізгі белгілерін анықтап, «пәнаралық сабақтастық», «кәсіби даярлық» ұғымдарының мәнін қарастырып, ерекшеліктерін айқындаған. Біз де өз зерттеу жұмысымызға сәйкес, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық іс-әрекетке даярлауда автордың пікірін басшылыққа алуды жөн көрдік.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетінің басты маңыздылығы - инновациялық білім мазмұнын тасымалдаушы, кәсіби ұйымдастырушы. Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау үшін шығармашылық мәселелерді шешуді ынталандыру әдістерін қолдану маңызды.

Ұ.Б. Ахатаева жоғары оқу орнында болашақ мамандарды зерттеушілік іс-әрекетке даярлауда алдымен алған теориялық білімімен оның тәжірибеде қолдану біліктілігі, кәсіби құзыреттілігінің басты бағыттарының бірі ретінде алға шығады деген тұжырым жасаған [29]. Автордың тұжырымын қорытындылар болсақ, болашақ мамандардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда педагогикалық тұрғыда білім, білік, дағды, іскерліктерін дамытуға, психологиялық тұлғалық сапаларын қалыптастыруға басымдық бергендігін байқауға болады. Ғалымның пікірін қостай отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне әрбір сабаққа уақытылы дайындалу қажеттілігін тудырту және әдістемелік ұғымдардың мәнін терең түсіндіру қажет. Сонымен бірге, кәсіби іс-әрекетін тәжірибе барысында инновациялық тұрғыдан көрсету қабілетін жетілдіру керек деп есептейміз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру кезіндегі заманауи педагогикалық білімдер бойынша болашақ мұғалімнің кәсібіне қойылатын талаптардың бірі педагог қызметінде мектептің оқу-тәрбие процестерімен жақындастыру болып табылады. Бұл кезеңде болашақ маман педагогикалық қызметтің тәжірибелік бағытын жаңаша меңгеру, әрдайым шығармашылықпен айналысу барысында инновациялық әдістерді қолдану, заманауи оқыту технологияларын қолдана отырып, креативті жұмыс жасай алу талаптарын қамтуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда жаңа форматта (PhD) қорғаған Ж.К. Стамбекова өзінің зерттеу еңбегінде білім берудегі инновациялық заманымыздың феномендік құбылысы ретінде мұғалімнің жаңа болмысына талап етіп отыр дей келе, жаңа болмыстың сан қырлы шеберлігін «инновациялық әрекетке дайын болу», - деп түйін жасай отырып, шәкірттерге білім беру мен тәрбиелеуге, мемлекетіміздің сұранысына сай мазмұнын іріктеуге, оны жүзеге асыратын сапалы әдістер мен амал-тәсілдерді игеріп, оларды сапалы деңгейге жеткізе қолдануға әр уақытта дайын мұғалім дайындау - басты міндет. Бұл міндетті шешудің бір жолы - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау үдерісінде студенттерді инновациялық әрекетке даярлау, - деп көрсеткен [30]. Біз автордың жасаған

түйінімен толықтай келісе отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес ұсынылатын тапсырмаларды жоғары деңгейде құрастыру қажет деп есептейміз.

Заманауи болашақ мұғалімге қойылатын ең бірінші талап, оның бойындағы жаңашылдық белсенділігі мен кәсіби шеберлігі болып табылады. Болашақ мамандар өз тәжірибесінде теориялық білімді міндетті түрде қолданады. Нәтижесінде заманауи инновациялық шешімдер қабылдайды. Сол себепті де, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың қажеттілігі күннен күнге артып келеді. Болашақ мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша зерттеулерді талдау барысында осы мақсатқа жетуге бағытталған жұмыстардың көптігі анықталды. Бұл жұмыстардың әр қайсысы әртүрлі көлемде қамтылған мақсаттар мен міндеттеріне, өздігінше тәуелсіз талдау негіздеріне көз жеткіздік.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, біздің өз диссертациялық зерттеуімізде қазақ тілін оқытуда қолданылатын инновациялық іс-әрекеттер болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуына мүмкіндік береді, өзгермелі әлемде студенттердің сапалы дамуына ықпал етеді деуге негіз бар. Осы бөлімде біз мұғалімнің инновациялық кәсіби іс-әрекетінің бейнесін отандық педагогикада ұсынудың негізгі тенденцияларын байқауға, зерттеуіміздің бастапқы теориялық ұстанымдарын нақтылауға және тұжырымдарымыздың дұрыстығына көз жеткізуге көмектесетін белгілі бір заңдылықтарды табуға тырыстық. Сондай-ақ жоғарыдағы ойшыл-ағартушылар мен ғалымдардың пікірлеріне толықтай қосыламыз. Себебі, болашақ мұғалімдерді даярлау барысында ЖОО-да білім беру жүйесінің маңызы орасан зор. Қазіргі цифрландыру кезеңіндегі мұғалімдерді инновациялық тұрғыда кәсіби даярлау мәселесін күнделікті дамытып отыру қажет деп есептеп, біздің тарапымыздан *болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда нақты оқыту стратегияларын, заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды сабақ барысында қолдану қажеттігі жөніндегі білімдерін жетілдіру арқылы олардың әдіснамалық тұжырыларын жүйелеу және қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке бағытталған маман даярлау мүмкіндігі айқындалды* деген қорытынды пікір бердік. Келесі бөлімде жоғарыда берілген қорытынды пікірді толықтыру мақсатында «Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті» ұғымы мен «Қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» түсінігінің мәні мен құрылымын толық ашуды жөн көрдік.

1.2 «Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті» ұғымы, «Қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» түсінігінің мәні мен құрылымы

Алдыңғы бөлімде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесінің педагогикалық ғылымда зерттелу деңгейі талданып, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде бұл

мәселенің теориялық, әдіснамалық және практикалық аспектілері әртүрлі қырынан қарастырылғаны анықталды. Сонымен қатар, зерттеулерде мұғалімнің кәсіби даярлығының мазмұны кең сипатталғанымен, жасанды интеллект пен цифрлық трансформация жағдайында қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетінің құрылымы мен оны пәндік-әдістемелік тұрғыда даярлау тетіктері жеткілікті деңгейде жүйеленбегені байқалды.

Қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесінің дамуы жасанды интеллект, цифрлық платформалар, адаптивті оқыту технологияларының кеңінен енгізілуімен сипатталады. Бұл өзгерістер педагогтің ролін түбегейлі жаңартып, оны тек білім беруші емес, оқу үдерісін жобалаушы, инновациялық шешімдерді іске асырушы және студенттің жеке траекториясын ұйымдастырушы кәсіби субъект ретінде қарастыруды талап етеді. Қазіргі таңдағы заманауи мұғалім - өзгермелі әлеуметтік жағдайға тез бейімделетін, заманауи ойлай білетін, тәжірибесінде инновациялық әдістерді қолдана білетін инновациялық кәсіби іс-әрекет тұрғысына бейім болуы керек. Сол себепті, өмір ағымына қарай қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда тек қана білімді жеткізуші емес, инновациялық іс-әрекеттерді игере отырып, кәсіби шеберлігін шыңдауды талап етеді. Елімізде болып жатқан өзгерістер жоғары оқу орнындағы болашақ мұғалімдерді инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауды талап етеді. Осы талапты негізге ала отырып, қазақ тілін оқытуда оқытудың дәстүрлі әдістерімен қатар инновациялық әдістерді қолдануға бағыттау қажет деп есептейміз. Сол үшін біз осы бөлімде өз зерттеу жұмысымыздағы «Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті» ұғымы, «Қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» түсінігінің мәнін нақтылаймыз. Ол үшін психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде, ғылыми еңбектердегі зерттелу барысын талдауды жөн көрдік.


«Инновация» термині ғылымға ХІХ ғасырда антропология және этнография арқылы еніп, «дәстүр» терминіне антоним ретінде мәдениет саласындағы өзгерістерді зерттеу үдерісінде қолдана бастады және өзгеше мәдениетке өту барысындағы жаңалық ендіру деп танылды. Инновация ұғымы мәдени өзгерісінің эволюционистік жазықтығының орнын басты. ХХ ғасырдың бірінші жартысында Еуропалық мемлекеттерде әлеуметтік ғылымдар саласында айтулы өзгерістер орын алды, инновация қалыптасқан жүйенің нормадан ауытқуы ретінде көрініс тауып, жаңалықтың шығу көзі ретінде таныла бастады. Экономика ғылымында ХХ ғасырдың басында-ақ «инновация» ұғымы ендіріліп, бар элементтердің жаңа комбинациясы ретінде қалыптастырылып, халық шаруашылығында, адам өмірі мен тұрмысында «пайда табудың» көзі ретінде саналып, циклдік кризисті жеңудің негізі құралы деп қарастырылды [31].

Инноватиканың ғылымға жаңалық енгізудің мақсатқа бағытталған өзгерісінің заңдылықтарын үйрететін білімнің қалыптастырушы теориялық саласы ретінде қарастыру француз социологы Жан Габриель Тарданың

еңбегінде көрініс тапқан. Оның «Әлеуметтік логика» еңбегінде қоғамдық үдерістің индикаторы өнертапқыш пен жаңашылдық болып табылатындығы айқын дәлелденеді: өнертапқыш - бұл жаңалық ашу, жаңашылдық - жаңаны меңгеру үдерісі, жаңашылдықтың басты мақсаты халықтың сұранысын қанағаттандыру ғана емес, адамның қоғамды өзгертуге бағытталған жаңаны, жаңалықты өмірге әкелуі [32]. Шетелдік ғалымдар «инновация» терминін әртүрлі мағынада түсіндіреді. Мәселен, шетелдік ғалым Э. Роджерс: «Инновация дегеніміз - жаңашылдық, жаңа идея, жаңалық» деп, нақты бір тұлға үшін мүлдем жаңа болып табылатын идея», - дейді. Бұл идеяның объективті жаңа немесе жаңа емес екендігі маңызды емес, маңыздылығы - идеяның туындағаннан немесе алғашқы қолданысқа енгеннен бері өткен уақыт бойынша анықталады деген анықтама берген [33]. Т.И. Шамова, П.И. Третьяковтың еңбегінде «Инновация дегеніміз - жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз - тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни инновация үдерісі мазмұнды дамытуды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз» делінген [34]. Сонымен қатар, неміс ғалымы R. Dickins: «Инновация - бұл ескі әдеттерді немесе дәстүрлі тәжірибелерді жоспарлау немесе басқару арқылы өзгерту», - деп анықтама берген [72].

Қазақстанда ең алғаш «инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым - Немеребай Нұрахметов. Ол «инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз - білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады және өзінің жіктемесінде инновацияны қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтиды) [36].

Кейбір ғылыми әдебиеттерде инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үшке бөледі (Сурет 3).



Сурет 3 - Инновация түрлері


Модификациялық инновация - бұл қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу және педагогикадағы әдіс-тәсілдерді жетілдіру.

Комбинаторлық инновация - бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Инновацияның бұл түрін қазіргі кезде тілдерді оқыту әдістемесімен айналысатын ғалымдар қолдануда.

Радикалдык инновация - білімге мемлекеттік стандартты енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады. Мәселен, ЖОО-да қазақ тілін оқытуда студенттердің модификациялық инновациясын жетілдіре отырып, комбинаторлық инновацияға даярлау арқылы қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауға болады. Инновация - жаңа идеяның туындауынан басталады. Демек, жаңа жұмыс бұрынғы жасалған жұмыстардан ерекшеленіп, белгілі шешімдер легіндегі алдыңғы қадам логикаға сүйенбей, нақтылығымен бірегей болуы тиіс.

Н.Р. Юсупбекова «О педагогической инноватике» деген еңбегінде «Инновация - білім беру жүйесіндегі жаңартудың үдерісі», - дей келе, инновациялық үдеріс дегеніміз - жаңалықтарды жасау, оны педагог қауымының оқытуы мен тәрбие беру тәжірибесінде қолдануы», - деп түсіндірген [37]. Автордың келтірген түсінігі бойынша: инновация - білім берудегі арнайы өзгеріс. Бұл өзгерісті пәнді оқыту барысында орынды қолдана білсек, онды нәтижесін көруге болады. Инновация мәселелерімен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін, берген анықтамаларын қарап, талдай келе, біз бұл ұғымның түп-төркінін белгілі уақыт арасында заманауи идеяны қайта қарау, пәнді оқыту барысында болашақ маманды инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау үшін оқыту әдіснамасын инновациялау бағытында жаңғырту жөн деп санаймыз.

Инновациялық экономикаға сәйкес білім беру саласында инновациялық реформа жүргізілуіне байланысты жаңа педагогикалық парадигманың өмірге келуі заңды құбылыс. Инновацияның өмірге келеуінің объективті-субъективті себептері бар. Объективті сипаттамасы - қоғам мен білім беру саласының даму қарқындарының бір-біріне сәйкес келуі болып табылады. Дамитын қоғамға әрқашан креативті ойлайтын «жаңа адамдар» қажет. Ал білім беру саласы қоғамның дамуына ілесе алмаса, онда білім беру саласында консерватизм орын алып, деградация жүреді, өмірден артта қалушылық белең алады. Нәтижеге бағытталған оқу үдерісінде студенттерді бірінші орынға шығаруды талап етіп отыр. Олай болса, бұл ұстаным оқытушы студенттерге дәстүрлі әдістер секілді оқыту әдістерін қолдануды міндеттемейді. Себебі, қазіргі кездегі оқу үдерісі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту» емес, «ұйымдастыру», «бағыт-бағдар беру» секілді ұғымдардан тұрады. «Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті» ұғымының мәні етіп «іс-әрекет теориясын» талдаудан бастағанымыз жөн. Ал оның жалғасы - «инновациялық іс әрекет» пен «кәсіби іс-әрекет» болып табылады (Сурет 4).



Сурет 4 - Инновациялық кәсіби іс-әрекет логикасы

Іс-әрекет ең алдымен әрекеттен бастау алады. Әрекет дегеніміз - түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процесс. Ал, іс-әрекет - тұтас алғанда адамның қоғамда өмір сүруінің тәсілі. Іс-әрекет теориясы XVIII ғасырда философияға ғылыми термин ретінде енгізілді. Оны гуманитарлық ғылымдар жүйесінде негізгі ұғымдардың бірі ретінде И. Кант енгізді [38]. XIX ғасырда Г. Гегель [39] еңбектерінде ғылым әдіснамасының негізгі категориясы болып, оның мәні мен мазмұнына толықтырулар жұмысы жүргізілді [73]. Жалпы іс-әрекет ұғымы философиядан алынған. Егер біз адамның нақты өмір сүру тәртібінің сипатын түсіндірсек, онда ол адамның өзін өзгертуіне бағытталған белсенді қатынастардан тұрады. Олай болса, философияда «іс-әрекет» термині табиғат әлеуметтік шындықты мақсатты түрде қайта құруда адамның әлеуметтік тарихи объектісінің нақты түрін білдіреді [74]. Іс-әрекетті көптеген зертеуші ғалымдар жеке тұлғалық немесе қоғамдық мәнді нәтиже беретін мақсатты көздейтін белсенділік ретінде анықтайды. Іс-әрекет құрылымы мақсат, мотив, әрекет, құралған нәтиже, баға секілді элементтерді қамтиды. Бұл элементтердің әрқайсысы белгілі бір басқарушы роль атқарады. Іс-әрекет ұғымы - психология саласындағы басты түсініктердің бірі. Іс-әрекетті психикадан, оның ғылыми зерттеу методологиясынан, психиканың пайда болуы мен эволюциясынан, тұлға ұғымының түсіндірілуі мен оның психологиялық сипатының құрылым бөліктерінен ажырата қарастыру мүмкін емес. Алайда, іс-әрекет - ерекше психологиялық шындық ретінде әлдеқайда тереңірек сипаттауды қажет ететін ұғым. Бұл ғылыми категория диалектикалық материализм философиясы негізінде құрылып, алғашқы түсіндірулері Л.С. Выготский (1896-1934), С.Л. Рубинштейн (1889-1960), А.Н. Леонтьев (1903-1979) сынды кеңестік психологтердің есімдерімен байланысты болды. Кейіннен, іс-әрекет ұғымын өз тұрғысынан қарастыруға барлық белгілі психологтер, көптеген әйгілі философтер мен XX ғасыр методологтері кірісті. Төменде зерттеу жұмысымызға қатысты отандық және шетелдік философ, психолог, педагог ғалымдардың «инновация», «іс-әрекет», «инновациялық іс-әрекет», «кәсіби іс-әрекет» ұғымдары туралы контенттік талдауы берілді (Кесте 1).

Кесте 1 – Отандық және шетелдік ғалымдардың «инновация», «іс-әрекет», «инновациялық іс-әрекет», «кәсіби іс-әрекет» ұғымына берген анықтамалары

Шетелдік және отандық ғалымдар	Ғалымдардың ұсынған анықтамасы
1	2
Г. Гегель	қоршаған әлем заттарына арнайы адами қатынас ретінде және нәтижесінде адамзаттық қажеттіліктерді қанағаттандыратын, заттар жасауда «түрткі болудың» нәтижесі ретінде қарастырады. Іс-әрекет - ең алдымен, таза ойлау, ал заттық – тек рухтың, ойлаудың тоқырауы болып саналды
И. Кант	субъектінің объектіге қатынасын басқарудың екі бастама мәселесін ұсынды – танымдық және адамгершілік, біріншісі іс-әрекет формаларын және оны операциялық құрылым деп атауға болады, ал екіншісі – іс-әрекеттің бағытын, мәнін және бағасын анықтайды

1 – кестенің жалғасы

С.Л. Рубинштейн	субъектінің қоршаған әлемге қатынасы: «адамның қоршаған әлемге, басқа адамдарға, өмірдің өзі қоятын міндеттерге белгілі қатынасы арқылы жүзеге асырылатын үдеріс. Сана мен іс-әрекет бірлігінің принципін біріктіріп: психикалық бейнеленуі, сана іс-әрекетінің белсенділігімен байланысты, сонда тіршілік етеді, онымен анықталады. Осы принципке сәйкес сана іс әрекеттен туындайды
Л.С. Выготский	мәдени-тарихи тұжырымдамасын іс-әрекет бағыты негізінде құрған. Адамның күйін түсіну үшін мидың іс-әрекетін емес, адамды зерттеу керек. Іс-әрекет бағытында көптеген психикалық үдерістер түсінікті болады
А.Н. Леонтьев	Адамның кез-келген белсенділігін іс-әрекет деп атаған жоқ, тек тұлға, қажеттілік, мотив, мақсат-міндеттермен психологиялық байланыстылығы мақсатқа бағытталған белсенділіктерді ғана іс-әрекет. Іс-әрекет дегеніміз, белгілі қажеттіліктерге жауап беретін, мотивтерге бағынатын және адамның дүниеге деген өзіндік қатынасын іске асыратын белсенді процестер
Э. Роджерс	«Инновация дегеніміз – жаңашылдық, жаңа идея, жаңалық» деп, нақты бір тұлға үшін мүлдем жаңа болып табылатын идея»
Rea-Dickins	«Инновация – бұл ескі әдеттерді немесе дәстүрлі тәжірибелерді жоспарлау немесе басқару арқылы өзгерту»
Т.И. Шамова, П.И. Третьяков	«Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни инновация үдерісі мазмұнды дамытуды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз»
Н. Нұрахметов	«инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз - білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі»
Н.Р. Юсупбекова	«Инновация – білім беру жүйесіндегі жаңартудың үдерісі», - дей келе, инновациялық үдеріс дегеніміз – жаңалықтарды жасау, оны педагог қауымының оқытуы мен тәрбие беру тәжірибесінде қолдануы»
Ш.Т. Таубаева	«жаңалықтарды ойлап шығару, зерттеу, қолданысқа дайындау, іс жүзінде пайдалану сияқты үдерістермен сипатталады»
Э.А. Айтенова	«мақсат қою, мәселені шешуде тиімді әдістерді қолдану, негіздеу, оны тәжірибе жүзінде дәлелдеу барысында нәтиженің нақты көріну әрекеттерінің жиынтығы»
Қ.М. Нағымжанова	«инновациялық іс-әрекет дегеніміз – оқушылардың оқу-танымдық әрекеттерін ұйымдастырудың тиімді долын табу, қалыптасқан дәстүрлі іс-әрекетке жаңалықтар енгізу, оқыту еңбегін қабілет ерекшелігіне сәйкес өзгертіп, дамыту»
М.М. Мұқаметқали	Инновациялық іс-әрекетке оқыту – мұғалімнің жаңа педагогикалық идеяларды меңгеріп, оларды оқу-тәрбие үдерісіне тиімді енгізуге бағытталған кәсіби даярлығын қалыптастыру.

1 – кестенің жалғасы

Ж.Н. Садуова	«инновациялық іс-әрекет» - дәстүрлі іс-әрекеттен түбірлі түрде ерекшеленіп тұратын индивид іс-әрекетінің негізгі түрлерінің бірі. Ол барлық уақытта қарама-қайшылықтар болған жағдайда іске асырылады. Іс-әрекеттердің дәстүрлі модельдері тиімсіз болса, ары қарай оның жетілдірілуі нәтиже бермейтін жағдайда жүзеге асырылады
К.Ж. Бұзаубақова	Инновациялық білім мазмұны – мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыруға бағытталған және арнайы курстар, тренингтер, семинарлар мен ғылыми жобалар арқылы жүзеге асырылатын кәсіби оқыту жүйесі.
Р.Б. Исмаилова	Кәсіби бағыттылық – теориялық білімге сүйене отырып, педагогикалық жағдаяттарды шешуге және кәсіби іс-әрекетті саналы жүзеге асыруға даярлық.
Е.Е. Мырзабеков	«Инновациялық іс-әрекет - жаңа білім алу, жаңа педагогикалық практиканы енгізу мақсатында білім сапасын арттыруға бағытталған оқыту технологияларының түбегейлі жаңа үлгілерін қабылдау, әзірлеу, енгізу және бейімдеу, осы қызметті жүзеге асыратын субъектінің болуы (көбінесе ұжымдық)»
Ж.Г. Тарда	«Өнертапқыш – бұл жаңалық ашу, жаңашылдық - жаңаны меңгеру үдерісі, жаңашылдықтың басты мақсаты халықтың сұранысын қанағаттандыру ғана емес, адамның қоғамды өзгертуге бағытталған жаңаны, жаңалықты өмірге әкелуі»

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды барлық болашақ маманға арнайы курс бағдарламасымен жұмыс жүргізілуі керек. Демек, болашақ мұғалімдерге қазақ тілін оқытуда жаңашылдыққа ұмтылу, инновациялық технологияларды саралай алу, инновациялық әрекеттің қажеттілігін түсіну, инновациялық тұрғыда шығармашылық мүмкіндігін ашу, жаңа идеяларды креативті түрде ұсыну және оның оқу үдерісінде жүзеге асуын қамтамасыз ету көзделеді.

Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті - қазіргі жоғары мектептің даму жолының бір аспектісі немесе Ш.Т. Таубаеваның айтуынша, «жаңалықтарды ойлап шығару, зерттеу, қолданысқа дайындау, іс жүзінде пайдалану сияқты үдерістермен сипатталады» [75].

Біздің зерттеп отырған диссертациялық жұмысымыз қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін даярлау мәселесі болғандықтан біз мұғалім іс-әрекетінің инновациялық және кәсіби тұрғыда даярлау мәселесіне байланысты зерттеулерге талдау жасап өтуді қарастырдық. Бізді Э.А. Айтенова, С.Г. Григорьева, Қ.М. Нағымжанова, М.М. Мұқаметқали, Ж.Н. Садуова, К.Ж. Бұзаубақова, Е.Е. Мырзабеков, М. Лусего, Б.Т. Барсай, Т.Н. Бережная, П.К. Искакова, Р.Б. Исмаилова сияқты ғалымдардың кандидаттық және докторлық еңбектері ерекше қызықтырды.

PhD докторлық диссертациясын қорғаған ғалым Э.А. Айтенова «Дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру» атты зерттеу жұмысында *іс-әрекет* ұғымына -

«мақсат қою, мәселені шешуде тиімді әдістерді қолдану, негіздеу, оны тәжірибе жүзінде дәлелдеу барысында нәтиженің нақты көріну әрекеттерінің жиынтығы», - деп тұжырым жасаған [54]. Біз ғалымның берген бұл тұжырымын өз зерттеуімізге сәйкестендіріп, болашақ бастауыш мұғалімі қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлану үшін алдына мақсат қоя біліп, алған теориялық білімдерін өмірлік тәжірибеде тиімді қолдана білсе, біліктіліктері мен дағдылары қалыптасады, соның нәтижесінде іс-әрекеті дамиды деген қорытынды жасадық.

Заманауи мектептің жұмыс тәжірибесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімі тек қажетті ақпараттарды дұрыс жеткізіп қана қоймай, жаңашыл идеяларды ойлап тауып, оны жүзеге асыра білуі, педагогикалық жағдаяттардың дәстүрлі емес түрлерін таба білуі, яғни инновациялық кәсіби іс-әрекетін меңгере білуі тиіс. Бұл тұрғыда Қ.М. Нағымжанованың зерттеуінде: «Инновациялық іс-әрекеттің түрткілік құрылымы екі бағытта, яғни біріншіден, ортақ түрткілердің құрылымындағы кәсіби түрткі көзқарасынан, екіншіден, кәсіби іс-әрекеттің креативке бағыттылығының мазмұны мен педагогикалық жаңашылдықтарды қарастыруды қажет етеді. Түрткіні сыртқы және ішкі деп екіге бөледі: өзін айқындаумен байланысты материалды ынталандырулар, кәсіби түрткілер мен өзіндік жүзеге асыру түрткілері. Педагогтің инновациялық іс-әрекетті келесі түрткілердің басымдылығы бойынша қарастырылады:

1. Инновацияның енуіне байланысты материалды марапаттаулардың сыртқы ынталандырулары. Мұндай ынталандыруларға ие болғандар, жоғары дәрежедегі мұғалімдерге материалды марапаттаулар жасау жатады.

2. Оқытушының сыртқы өзін айқындау түрткілері. Бұл жағдайда студент инновацияны еңбегіне резонанс енгізуге байланысты қолданады. Бұл түрткі танымдық түрткі деп аталады.

3. Кәсіби түрткі. Біз қарастырған екі түрткі кәсіби емес, кәсіби түрткі жалпы түрде білім беруге деген тілек, ықылас пен қатысушының тұлғалық сапасын жоғарылатуға бағытталған. Кәсіби түрткілер педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететін креативтіктің жоғары деңгейімен байланысты. Мұнда оқытушылар жұмыс әдістерінің жүйесін инновациялайды. Өз тұжырымдамаларын құрып, ғылыми мектептерді құруға күштар болады.

4. Жеке бастың өзіндік айқындау түрткілері. Өзін белсендіруге деген қажеттілік әлеуетті түрде барлық адамдардың бойында бар, бірақ кәсіби іс-әрекет саналы түрде көрінбейді», - деп келтіріп, инновациялық іс-әрекетке мынадай анықтама береді: «инновациялық іс-әрекет дегеніміз - оқушылардың оқу-танымдық әрекеттерін ұйымдастырудың тиімді долын табу, қалыптасқан дәстүрлі іс-әрекетке жаңалықтар енгізу, оқыту еңбегін қабілет ерекшелігіне сәйкес өзгертіп, дамыту» [43]. Автордың берген анықтамасын ескере отырып, біздің зерттеу жұмысымыз бойынша жоғары оқу орнында білім алған болашақ мұғалім педагогикалық ықпал етудің өзіндік объектісіне бағдарланған болуы қажет және инновациялық кәсіби іс-әрекетін жетілдіруде болашақ бастауыш сынып мұғалімі қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінің креативті әдістерін жетік меңгеруі қажет деп санаймыз.

В.П. Кваша еңбегінде білім берудегі инновациялық процестерді басқару қарастырылып, мұғалімнің жаңашылдық тапқырлығына байланысты инновациялық іс-әрекеттерін - жаңалықтарды инновация талаптарына сәйкес белгілеп, қолдану; педагогикалық инновация түрін, авторлық концепцияны анықтау іс-әрекеті; инновацияны қолдану және талдау өлшемдерін анықтап, белгілеу іс-әрекеті; педагогикалық инновацияны қолдану аймағы, - деп бірнеше кезеңдерге бөледі [40]. Ғалымның инновациялық іс-әрекеттерін бөліп қарастырған кезеңдерін біз, өз зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық тарауында ескереміз деп қорытындыладық.


М.М. Мұқаметқали кандидаттық диссертациясында «Мұғалімдерді инновациялық іс-әрекетке оқытудың ерекшеліктерін анықтайтын басты нәрсе - оның оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін жаңа идеялар мен ұсыныстарды қолданып шешумен байланысты тұлғалық ұстанымын өзгерту; инновациялық іс-әрекетке оқытуға мұғалім өзінің практикалық іс-әрекетке - оқытудың сапасын жаңа әдіс-тәсілдер арқылы арттыруға байланысты өз қатынасын енгізеді; жаңа идеяларды, тұжырымдамаларды, ұсыныстар мен ережелерді оқып үйренуге және оларды оқу-тәрбие процесіне енгізуге өз пәнінің мүмкіндігі тұрғысынан басқарады және реттейді; мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын жетілдіру оқу-тәрбие үрдісіне жаңа ғылыми-педагогикалық идеялар мен ұсыныстарды енгізумен ғана емес, педагогикалық шеберлігін арттыруға ұмтылуымен де байланысты», - деп қорытынды жасаған [44]. Автордың қорытындысы, біздің көзқарасымыз бойынша, инновациялық іс-әрекетке оқыту негізінде құрылған дидактикалық жүйеде ЖОО-ның оқытушысымен берілген іс-әрекетті игеретін мұғалім іс-әрекетінің барлық кезеңдеріне қарай құрылады.

Ж.Н. Садуова өзінің зерттеу жұмысында «инновациялық іс-әрекет» - дәстүрлі іс-әрекеттен түбірлі түрде ерекшеленіп тұратын индивид іс-әрекетінің негізгі түрлерінің бірі. Ол барлық уақытта қарама-қайшылықтар болған жағдайда іске асырылады. Іс-әрекеттердің дәстүрлі модельдері тиімсіз болса, ары қарай оның жетілдірілуі нәтиже бермейтін жағдайда жүзеге асырылады, - деп келтірген [50]. Автордың пайымдауынша, инновациялық іс-әрекеттер мен құралдардың жиынтығы арқылы білім беруде жаңа идеялар ғылыми жаңалық болып табылады.

Жоғарыда қарастырылған зерттеу жұмыстарына талдау негізінде біз мынадай қорытындыға келдік: қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдері инновациялық кәсіби іс-әрекетін меңгеру - бүгінгі таңдағы басты міндеттердің бірі деп санауымызға болады. Инновациялық кәсіби іс-әрекетті жүзеге асырудың маңызды бір факторы деп - болашақ мұғалімнің жоғары біліктілігін айтамыз.

К.Ж. Бұзаубақова докторлық диссертациясында мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудағы инновациялық білім мазмұны жаңа білімді меңгерудің, оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады. Мұғалімдерге инновациялық білім берудің формаларына: арнайы инновациялық курстар, семинар-конференциялар,

педагогикалық тренингтер, инновациялық педагогикалық оқулар мен форумдар, ғылыми жобаны қорғауға арналған әр түрлі байқаулар мен жарыстарды жатқызған [45]. Біз өз зерттеу жұмысымызға байланысты ғалымның пікірін ескере отырып, қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арнайы курс бағдарламасын әзірлеп, дайындауды жөн деп есептейміз және ғалымның өз еңбегінде мұғалімнің даярлық көрсеткіштерін анықтап, ұсынған инновациялық даярлық деңгейлері зерттеу жұмысымыздың әдістемесін жасауда қажеттігін ескере отырып, басшылыққа алу қажет деп санаймыз (сурет 5).



Сурет 5 - К.Ж. Бұзаубақова бойынша инновациялық даярлық деңгейлері

Р.Б. Исмаилованың «Өзіндік жұмыс арқылы студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру» атты кандидаттық диссертациясында «Кәсіби бағыттылық ең алдымен теориялық материалдарды меңгеруге негізделуі тиіс. Себебі, теориялық материалдар негізінде ғана практикалық іс-әрекетке оның нәтижесін қолдану жүзеге аспақ. Педагогикалық пәндерге байланысты теориялық материалдар ең алдымен педагогикалық мамандықтың басты шарттарын, оған қойылатын талаптарды үйретсе, одан әрі сол пәннің даму тарихы және оның оқытушыға беретін сапаларын талдайды. Кез келген педагогикалық жағдаятты шешудің жолымен, әдіс-тәсілімен таныстырады. Сондықтан да студент осы арқылы нені шешетінін, оның неге керектігін, не үшін қажет екенін, оны орындаудың әдіс-тәсілін меңгеріп, педагогикалық мәнін түсінеді», - делінген [53]. Біз автордың ойымен келісеміз. Себебі, студент - болашақ мұғалім, ол пәннің теориялық материалдарын меңгеру барысында аудиториямен тікелей қарым-қатынасқа түсуді, инновациялық әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдану дағдысын, оқулықпен жұмыс істей алуды үйренеді. Мұның бәрін толық меңгерген болашақ мұғалім - бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие болады.

Е.Е. Мырзабеков «Инновациялық іс-әрекет - жаңа білім алу, жаңа педагогикалық практиканы енгізу мақсатында білім сапасын арттыруға

бағытталған оқыту технологияларының түбегейлі жаңа үлгілерін қабылдау, әзірлеу, енгізу және бейімдеу, осы қызметті жүзеге асыратын субъектінің болуы (көбінесе ұжымдық)», - деген қорытынды жасаған [47]. Оның пікірінше, субъектінің инновациялық оқыту технологияларын әзірлеп, педагогикалық практикаға енгізу қажет. Біздің көзқарасымыз тұрғысынан алғанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімі қазақ тілін оқуда меңгерген инновациялық іс-әрекеттерін тәжірибеде тиімді қолдана білсе ғана кәсіби тұрғыда даярланады деп санаймыз.

Инновациялық іс-әрекет мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті болғандықтан ендігі кезекте «кәсіби іс-әрекет» ұғымының мәнін нақтылауға тырыстық.

Болашақ мұғалімдерді инновациялық кәсіби іс-әрекетке жан-жақты даярлауда ЖОО-ның білім беру бағдарламаларына тиісті өзгерістерді енгізу мәселесі 60-жылдары тек қана Американдық танымал ғалым Филипп Кумбс сияқты жекелеген зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылғанымен, уақыт өте келе көптеген елдердің зерттеушілеріне қолдау тапты [41]. З.М. Большакова кәсіби іс-әрекетті адамның табиғатпен, техникамен, қоғаммен және басқа адамдармен өзара әрекеттесу сфералары бойынша қарастырады [42]. Н.Д. Хмель «Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың теориялық негіздері» деп аталатын монографиясында: кәсіби даярлау процесінде маманның міндеттеріне сәйкес, нені білуі тиіс екенін, ол білімді өзінің кәсіби әрекетінде қалай қолданатындығы, оның алған білімі мен іскерлігі жоғары нәтиже беру үшін қандай жеке тұлғалық сапаларды меңгеруі тиіс екенін анықтауға байланысты міндеттер шешіледі, - деп көрсеткен [76].

Б.Т. Барсай «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» деген докторлық диссертациясында болашақ бастауыш сынып мамандарын кәсіби даярлаудағы ойлары идеялық жағынан біздің жұмысымызға жақын деуге негіз бар. Ғалымның пікірі бойынша «дидактикалық құзыреттілік» ұғымын болашақ мұғалімнің кәсіби-тұлғалық сипаты және оның кәсіби мүмкіндігін қолдану аймағы деп түсіндірген. Сондай-ақ, бастауыш сынып мұғалімінің дидактикалық құзыреттілігі бастауышта оқытылатын барлық пәннің ғылыми негіздерін, мазмұнын, оларды оқытудың ортақ және кейбір пәндердің жеке ерекшелігіне байланысты әдістемелерін, оқытуда қолданылатын технологияларды толық меңгеруімен, сабақ үдерісінде дидактикалық талаптарды (оқыту формаларын, құралдарын, нәтижені бағалау әдістерін т.б.) жүзеге асыруға қажетті білім, білік, дағдысының болуымен анықталатын кәсіби сапасы деп нақтылаған [51]. Автордың бұл пікірі біздің жұмысымыз үшін маңызы бар деп қорытынды жасауымызға болады.

Т.Н. Бережная зерттеуінде дидактика саласындағы инновациялық процестердің мәні мен заңдылықтары түсіндірілген және мұғалімнің кәсіби мүмкіндіктері анықталған. Инновациялық әдістемелік мәдениетті игеру дәстүрлі әдістемелік мәдениеттің негіздерінен бас тартуды білдірмейді, бірақ оның кәсіби сананың өзгеруімен, дәстүрлі, қазіргі және жаңа динамикалық бірліктің сақталуымен сипатталатын сапалы жаңа деңгейге өтуінде көрінеді, -

деп қорытынды жасаған [52]. Біздің пайымдауымызша, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мазмұнын игеруі ЖОО-да оқытылатын пәндердің, педагогикалық практика мен өзіндік дайындықтың, студенттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының мазмұнына кіретін оқу және оқу-әдістемелік міндеттерді шешу барысында тиімді болады.

П.К. Искакова «Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастыру» атты кандидаттық диссертациясында: кәсіби іс-әрекеттің орындалуына педагогикалық ұйымдастыру жұмыстарының мынадай жолдарын ұсынған:

1. Студенттердің инновациялық өзгерістерге мұқтаж әрі қажетті екендігін сезіндіру.

2. Инновациялық іс-әрекетке студенттерді жаңалық жасауға және өзгерістер енгізуге ынталандыру.

3. Студенттердің бойына инновацияларды жүзеге асыруға қажетті білім мен қабілеттерді сіндіру [49]. Біздің пайымдауымызша, пәнді оқыту барысында студенттерге инновациялық әдістер мен тәсілдерді меңгерту арқылы алдағы өзгерістерге бейімдеп, дағдыландыру қажет. Сол себепті, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда арнайы курс бағдарламасын жасап, ұсынуға болады.

Ресей ғалымы С.Г. Григорьеваның «Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында кәсіби дайындық процесінде мұғалімнің инновациялық мәдениетін қалыптастыру процесін бақылауды қамтамасыз ететін диагностикалық құралдарды жасай отырып, инновациялық педагогикалық іс-әрекет үдерісінде бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінің пәндік және әлеуметтік мазмұнын модельдеуге қабілетті университетте оқытудың дидактикалық формаларын, әдістері мен құралдарын пайдалану арқылы мұғалімнің инновациялық мәдениетін қалыптастыруын анықтаған [46]. Біздің зерттеуіміз үшін қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау проблемасымен, оның білім беру сапасын арттыруға тікелей әсер ететін педагогикалық шеберлігінің өсуімен байланысты жұмыстардың маңызы зор.

Жоғары оқу орнының білім алу жүйесінде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау - болашақ мұғалімнің теориялық және тәжірибелік мүмкіндігі мен дайындығының бірлігінен көрінетін нәтижеге бағытталған қозғалыс ретінде санаймыз. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда екінші курстан бастап оқу-танымдық іс әрекетін толықтай қолдануын қамтамасыз етуге арналған міндеттерді шеше бастайды. Кәсіби міндеттер жоғары курстарда яғни, үшінші, төртінші курстарда жіберілетін үздіксіз педагогикалық-өндірістік іс-тәжірибе кезеңінде, білім алуды аяқтаған соң дербес педагогикалық қызмет ету кезеңінде алдынан шығады. Біздің пікірімізше, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауды қазақ тілін оқыту

арқылы іске асыру - қазіргі өзгермелі қоғамның дамуында жоғары оқу орындарына қойылатын талаптарды бірі. Себебі, ақпараттық қоғам еңбек мазмұнының жыл сайын өзгеріп отыруына сәйкес, инновацияға жылдам бейімделетін, жаңа білімдерді, дағдыларды қысқа мерзімде игеру қабілеттеріне ие болатын мұғалімдерді қажет етеді.

Зерттеу жұмысымызда қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдері мынадай инновациялық кәсіби іс-әрекетке даяр болуы қажет деген қорытындыға келіп отырмыз:

1. Болашақ мамандарға бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын заманауи әдістемелерді меңгерту;

2. Болашақ мұғалімдерді инновация тұрғысында даярлауда қазақ тілін оқытуға қатысты кәсіби іс-әрекеті мен қабілетін жетілдіру.

Осындай білім жүйесін қазақ тілін оқытуда орнымен қолдану болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін инновациялық түрде қалыптастырады. Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби деңгейде дайындауда қазақ тілі әдістемесінің маңызы өте зор. Мұның себебі, қазақ тілі - бастауыш мектептегі негізгі оқу пәні. Пәнді оқытуда теориялық, практикалық әдіс, әдебиеттермен жұмыс, салыстыру, көрнекілік әдіс, талдау, жинақтау әдістері т.б. пайдалану жолдарын меңгерту қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне инновациялық әдістеме мен технологиядан теориялық және практикалық терең білім бере отырып, жоғары кәсіптік деңгейге дайындайды. Сабақ жүргізудің заманауи әдіс-тәсілдерін меңгертеді.

Түрік ғалымдары Semra Güven, Zeynep Kiliç өз зерттеулерінде білім беру үдерісінде оқыту әдістерінің тиімділігін және ұтымды таңдалған оқыту әдістерінің студенттер үшін артықшылығы тұрғысынан мазмұнды талдау жасаған. Ғалымдар зерттеу барысында білім беру үдерісінде қолданылатын әдістерді оқытушыға және студенттерге бағытталған, ынтымақтастық негізінде оқыту әдістері деп үш түрге бөлген [77]. Ғалымдардың берген анықтамаларын талдау негізінде инновациялық іс-әрекет тек жаңа әдісті қолдану емес, кәсіби қызметті сапалық тұрғыда жетілдіруге бағытталған жүйелі өзгерістер кешені екендігін байқауға болады. Осыған сүйене отырып, біз инновациялық іс-әрекетті педагогтің оқыту нәтижелілігін арттыру мақсатында жаңа педагогикалық, цифрлық және интеллектуалды құралдарды саналы түрде қолдану қабілеті ретінде түсіндіреміз. Ол үшін студенттерге пәнді оқыту барысында үш кезеңде жұмыс жүргізу қажет деп есептейміз. Бірінші кезең - дайындық кезеңі. Бұл кезде оқытушы болашақ мамандарға пән бойынша қажетті инновациялық әдістемелерді жинақтайды. Инновацияны меңгеруге қажетті қосымша білім мен іскерліктерді анықтайды. Екінші кезең - жоспарлау кезеңі. Мұнда оқытушы пәнді оқыту кезінде қолданылатын заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды жіктеп алады және оны сабаққа енгізу жолын алдын ала жоспарлап, қажетті құралдар мен жабдықтарды даярлайды. Үшінші кезең - енгізу кезеңі. Бұл кезеңде енгізіліп отырған инновациялық кәсіби іс-әрекеттер бағаланады. Осы үш кезеңді сабақ барысында жүйемен қолдану арқылы қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін

пәнге деген қызығушылығы артады. Оқып білгені бойынша заманауи мұғалімдердің инновациялық әдіс-тәсілдерін өздігінен ізденіп, практика барысында қолданады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда теориялық білім мен практикалық шеберлікті қажет етеді. Оқу мен оқыту туралы теориялық білімдерін практикалық сабақтар нәтижесінде алынған практикалық білімдердің айырмашылығына ерекше назар аудару керек. Осы жағдайда қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығының сапасы теориялық және практикалық білімдерінің бірлігін қажет ететінін ерекше атап өтуге болады. Оны төменде көрсетілген суреттен анық көруге болады (Сурет 6).



Сурет 6 - Қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінде жоғарыда көрсетілген білім түрлері өзара тығыз байланыста болуы керек.

Жалпы инновациялық кәсіби іс-әрекетті қалай түсінуге болады? Бұл - күрделі ұғым. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығына жататындар: олардың оқыту процесінің теориясы мен тәжірибесі бойынша игерген білімдері, педагогикалық қызметке деген ынтасы (мотивтері) мен мүмкіндіктері. Нақты айтқанда, оқытудың мақсаты мен мазмұны оны ұйымдастырудағы қолданатын тиімді инновациялық әдіс-тәсілдер мен инновациялық технологияларды жете біліп, іске асырудың жолдарын меңгеруде - кәсіби іс-әрекетке даярлықты анықтайтын белгілер деуге болады.

Теориялық білім алу кезіндегі инновациялық бағыттылықты күшейту болашақ мұғалімдердің кәсіби ойлау мәдениетін қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады. Осы тұрғыда теориялық білім мазмұны тек ақпаратты

меңгерумен шектелмей, студенттерге қазақ тілін оқытуда заманауи педагогикалық тәсілдерді, цифрлық ресурстарды және жасанды интеллектке негізделген технологияларды саналы қолдануға бағыттауы тиіс. Мұндай даярлық олардың аналитикалық, сыни және рефлексивтік ойлауын дамытып, педагогикалық жағдаяттарды инновациялық тұрғыдан шешу қабілетін қалыптастырады. Демек, теориялық ойлаудың мазмұнын кәсіби ұғымдар мен цифрлық-әдістемелік білім жүйесі құрайды.

Қазіргі жағдайда әрбір сабақ оқу үдерісінің құрылымдық бірлігі ғана емес, цифрлық және интеллектуалды білім беру ортасында ұйымдастырылатын күрделі педагогикалық жүйе ретінде қарастырылады. Сондықтан пән оқытушысы инновациялық және цифрлық технологияларды, соның ішінде интерактивті платформаларды, онлайн сервистерді, деректерге негізделген бағалау құралдарын және жасанды интеллект мүмкіндіктерін меңгермейінше, бәсекеге қабілетті әрі кәсіби құзыретті маман даярлау мүмкін емес. Оқыту сапасын арттыру логикалық ойлауды, шығармашылық ізденісті және технологиялық икемділікті ұштастыруды талап етеді. Осыған сәйкес, теориялық білімді практикалық дағдымен кіріктіру мақсатында студенттердің оқу әрекеті цифрлық құралдар мен инновациялық әдістер арқылы кәсіби іс-әрекетке бағытталады.

Заманауи сабақ - біржақты ақпарат беру үдерісі емес, диалогқа, ынтымақтастыққа және бірлескен білім құруға негізделген интерактивті орта. Мұнда студент дайын білімді қабылдаушы емес, цифрлық ресурстармен жұмыс істей отырып, ақпаратты іздеуші, талдаушы және құрастырушы белсенді субъект ретінде көрінеді. Жаңа білім бұрынғы тәжірибемен ұштастырылып, мультимедиялық контенттер, онлайн тапсырмалар, виртуалды жаттығулар және адаптивті оқу платформалары арқылы тереңдетіледі. Оқыту үдерісінде «топтық талдау», «жұптық пікірлесу», «болжам жасау», «кері байланыс», «рефлексия» сияқты белсенді стратегиялар цифрлық форматта жүзеге асырылып, олардың тиімділігі арта түседі. Мысалы, мәтінмен жұмыс барысында INSERT стратегиясы электронды белгілер, интерактивті жазбалар немесе онлайн аннотация құралдары арқылы орындалып, студенттің түсіну деңгейін жедел диагностикалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллектке негізделген қосымшалар студенттің жауаптарын талдап, жекелендірілген кері байланыс ұсыну арқылы оқу үдерісін дараландыруға жағдай жасайды. Қазақ тілін оқытуда инновациялық және цифрлық технологияларды жүйелі қолдану студенттердің оқу мотивациясын арттырып қана қоймай, олардың болашақ кәсіби қызметінде тиімді педагогикалық шешімдер қабылдай алуына, яғни инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығының қалыптасуына негіз болады.

Тәжірибелік білім беру кезеңінде болашақ мұғалімді кәсіби қызметке бейімдеу оқу үдерісінде инновациялық, цифрлық және жасанды интеллектке негізделген технологияларды тиімді қолдану дағдыларын қалыптастырумен тығыз байланысты. Бұл кезеңде студент теориялық білімін нақты педагогикалық жағдаяттарда сынақтан өткізіп, заманауи әдістерді, интерактивті платформаларды, электронды ресурстарды және интеллектуалды құралдарды

пайдалану арқылы кәсіби әрекет тәжірибесін жинақтайды. Демек, практикалық даярлық болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратын негізгі орта ретінде қарастырылады. Педагогикалық әдебиеттерде мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру көп қырлы жүйе ретінде сипатталады. Ол тұлғаның ізгіліктік бағыттылығын, педагогикалық құндылықтарды саналы қабылдауын, пәндік білімнің тереңдігін, заманауи педагогикалық және цифрлық технологияларды меңгеруін, тәжірибені интеграциялау қабілетін, шығармашылық пен креативтілікті қамтиды. Қазіргі кезеңде бұл сипаттамаларға қосымша мұғалімнің цифрлық сауаттылығы, ақпараттық мәдениеті, білім беру деректерін талдау қабілеті және жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсатта қолдана алуы кәсіби шеберліктің маңызды көрсеткіштері ретінде танылады.

И.Ф. Харламов мұғалімнің кәсіби дамуын педагогикалық біліктілік, шеберлік, шығармашылық және жаңашылдық сатылары арқылы сипаттайды [78]. Біздің пайымдауымызша, бүгінгі цифрлық қоғам жағдайында бұл сатылар «инновациялық-цифрлық құзыреттілік» деңгейімен толықтырылады. Яғни мұғалім тек жаңалық енгізуші ғана емес, технологиялық ортаны тиімді ұйымдастыра алатын кәсіби субъект болуы тиіс.

Қазіргі білім беру кеңістігінде инновациялық даярлық болашақ мұғалімнің негізгі кәсіби сапасына айналды. Цифрландыру мен жасанды интеллекттің қарқынды дамуы педагогтен икемді ойлауды, жаңа технологияларды тез меңгеруді және оларды оқу үдерісіне мақсатты енгізуді талап етеді. Мұндай даярлықсыз әдіснамалық білімнің тереңдігі мен тиімді педагогикалық қарым-қатынас орнату мүмкіндігі шектеулі болады. Бүгінгі күні оқытушы мен студент арасындағы өзара әрекет біржақты ақпарат алмасу деңгейінен шығып, серіктестікке, бірлескен цифрлық ортада білім құруға негізделген коллаборативті модельге көшуде. Мемлекеттік білім беру стандарттары да педагогтің осындай кәсіби икемділігі мен технологиялық даярлығын талап етеді. Қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау барысында маңызды орын алатын «Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті» ұғымының мәнісі мен мазмұнын жасаушыларға талдау жасай отырып, төменде көрсетілген жинақтау қажеттілігі туындады (Сурет 7).



Сурет 7 - Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті ұғымы

Қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау барысында «Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті» ұғымының мазмұнын жүйелеу ерекше маңызға ие. Аталған ұғым мұғалімнің жаңа педагогикалық идеяларды ұсынуымен, оқыту үдерісінде цифрлық ресурстарды, интерактивті әдістерді, мультимедиялық және жасанды интеллект құралдарын жүйелі қолдануымен, студенттердің жеке оқу траекториясын ұйымдастыруымен және деректерге негізделген шешім қабылдауымен сипатталады. Ал, қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті - болашақ маманның кәсіби шеберлігін жетілдіруге, оқыту сапасын арттыруға және студенттердің тілдік құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға бағытталған технологиялық және әдістемелік тұрғыдан жаңартылған педагогикалық қызмет ретінде түсіндіріледі. Біздің зерттеу жұмысымызға арнап жасалынған бұл ұғымда көрсетілген инновациялық, цифрлық және жасанды интеллектке негізделген педагогикалық шешімдерді жақсы меңгергенде ғана жоғары нәтижеге жетеді деп айтуға болады. Жоғарыда көрсетілген ұғым атауынан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «Қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті» құрылымын шығардық (Сурет 8).



Сурет 8 - Қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекет құрылымы

Жоғарыда жасалған талдаулар мен көрсетілген тұжырымдар біздің пайымдауымызша, бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының студенттеріне қазақ тілін оқытуда заманауи бейімделумен қатар жаңа, тың идеяларды жүзеге асыруда тәуекелге бел буу, инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау қажеттілігі болып табылады.

Жоғарыда келтірілген анықтамаларды саралай келе, мұғалімнің инновациялық кәсіби даярлығы заманауи тұрғыда кәсіби білім беру арқылы жүзеге асатындығы белгілі болады. Қазіргі заманға сай өмірден өз орнын таба білетін, іскер болашақ мұғалімдерді инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда жүйелі түрде іске асыру қажет. Сол себепті, «инновация», «іс-әрекет», «инновациялық іс-әрекет», «кәсіби іс-әрекет» ұғымдарының бұдан бұрын анықталған бегілері мен құрамдас бөліктерін салыстыра отырып, «Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті» ұғымын нақтылауға мүмкіндік берді: *«Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті» - білім беруді жаңғырту жағдайында инновациялық, цифрлық және жасанды интеллектке негізделген педагогикалық шешімдерді кәсіби тұрғыда жүзеге асыруға бағытталған кәсіби қабілеті тұрғысында түсінеміз. Осы айтылған анықтамадан шыға отырып, біз зерттеу жұмысымыздың негізгі түсінігін қорытындылаймыз: «Қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» - Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімнің креативті педагогикалық әрекет тәсілдерін меңгеруіне, инновациялық әдістер мен технологияларды саналы таңдауға және тиімді қолдануға, цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын кіріктіруге бағытталған, өзара сабақтас компоненттер негізінде жүзеге асатын тұтас кәсіби-педагогикалық даярлық үдерісі.*

Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың ғылыми негізделген тұжырымдамалары мен

теорияларының болмауы біздің зерттеуіміздің логикасын анықтайды. Сол себепті, келесі бөлімде «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда қазақ тілін оқытудың қазіргі жайына» тоқталамыз.

1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда қазақ тілін оқытудың қазіргі жайы

Қазақ тілі - мемлекеттік тіл ретінде ерекше орын алады. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің қазақ тілін сапалы оқытуы өте маңызды. Болашақ мұғалімге заман талабына сай білім беріп, ізгілік пен адамгершілік қабілеттерге ие бола алатын жеке тұлға даярлау - әлеуметтік-педагогика саласындағы заңды құбылыс. Қандай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өркениетті өмірде өзіндік орын алуы, оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты. Еліміздің болашағы білімді ұрпақ десек, білімді ұрпақтардың болашағы оларды саналы тәрбиемен, сапалы біліммен қаруландырып, білімі озық елдердің әлемдік озық үлгісін, өнегесін, тәжірибесін үйрететін болашақ мұғалімдер қауымына жүктелген еңбегіне байланысты болмақ. Мемлекетіміздің білім сапасын арттыру жөнінде білім нәрімен сусындататын біздің асыл да ардақты ұстаздарымызға да үлкен міндеттерді жүктегені барлығымызға мәлім. Ендеше, болашақта Қазақстанның ғарыштап дамуына өз үлесін қосатын бүгінгі ұрпақ ертеңгі азамат болғандықтан, оқу-тәрбие үдерісін жаңартып, білім сапасын арттыру - оқытушылар құзырындағы жауапты іс. Қазақ тілін оқыту әдістемесі мен мазмұны болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығына тікелей әсер етеді. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде орын алып жатқан заманауи мазмұн, цифрлық технологиялар мен инновациялық әдістер болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу педагогтер мен студенттерге арналған электрондық платформалар арқылы жүзеге асырылады. Бұл бүкіл оқу процесін цифрландыруға алып келеді. Оқытудың мақсаты мен білім беру нәтижелері нақтыланады. Жаңа педагогикалық құралдар әзірленіп, зерттеу нәтижелері базасында цифрлық технологияларды қолдана отырып, педагогикалық практикалар жаңартылады. Нәтижесінде студенттердің бәсекеге қабілеттілігі артады. Оқу-тәрбие процесі жетілдіріледі. Балалардың, педагогтердің жүктемесі азайып, жалпы білім беру сапасы жоғарылайды», - деп көрсетілген [3]. Тұжырымдамада көрсетілгендей, болашақ мұғалімдерді қоғам мен еңбек нарығының үнемі өзгеріп отыратын талаптарына сай даярлау мұғалімнің кәсіби іс-әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған сұраныс Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңында, «Білім туралы» Заңында көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы «Педагог мәртебесі» туралы (30.12.2024ж. өзгертілген) Заңының Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары атты 7-бабында: ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа

әдістемелер мен технологиялар енгізуге және тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жана, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға құқылы, - делінген [71]. Аталған заңға сәйкес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қазақ тілін оқытудың қазіргі жайын анықтау үшін жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, жоғары білім беру бағдарламасының мазмұнына және бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасындағы қазақ тілін оқыту әдістемесі оқу-әдістемелік кешеніне (ОӘК) талдау жасалынды.

Қазақстан Республикасының «Білім» Заңына сәйкес елімізде білім стандарттары қабылданған. Стандарт ағылшын тілінен аударғанда (standard – өлшем, үлгі, өлшегіш) нұсқа, қалып сөзінің мағынасында қолданылады. Басқа ұқсас нысандарды, заттарды салыстыру үшін бастапқы үлгі ретінде қабылданатын үлгі, эталон [79]. Стандарт бойынша белгіленген деңгей, дәрежелер мен талаптар білім сапасын бағалаумен білімдену процесінің негізгі кырларын сараптауда мызғымас шек (эталон) сипатында қабылданады.

Білім стандарты - төменде келтірілген шарттарды қанағаттандыратын жалпы білімге және білімнің жекелеген жақтарына қойылатын ең аз санды міндетті талаптарының диагностикалық түсіндірмесі деп ұғынылады:

1. Ол жалпы білім құрылымынан жеңіл дараланып алынатын және белгілі тұтастыққа ие болатын оқу пәнінің мазмұнына, игеру сапасына, айтарлықтай белгіленген және педагогикалық негізделген білімділік феноменге (жеке бастың сапасына) және т.б. қолданыла алады.

2. Баяндау, оқыту немесе білім берудің мақсаттарын түсіндіру талаптарының толықтылығын қанағаттандыратын, алынған феномен сапасының диагностикалық көрсеткіштері бойынша орындалады.

3. Білімділік феноменнің байқалуының сапалық бағасын, өзінің бағасының пара-пар тәсіліне ойластырылған сандық өлшемдерін түзеді. Барлық берілген көрсеткіштері бойынша сапалы бақылаудың объективті (қайта шығарылатын) әдістеріне бағытталған [80].

Ғалым, профессор М.Ж. Жадрин: «Білім берудің мемлекеттік стандарты дегеніміз - осы салада мемлекеттік норма ретінде қабылданатын жүйе», - деп анықтама берген [81]. Автор параметрлерге мазмұнның құрамы мен құрылымы, оқу жүктемесінің көлемі, студенттердің дайындық деңгейі, оқу нәтижелерінің өлшемдерін жатқызған және базистік оқу жоспарының басты ерекшелігі - оқу жүктемесінің нақты және жылжымалы бөліктерінің нақтылануында деп көрсеткен.

Қазіргі кезде білімді стандарттаудың маңыздылығы қоғамдық құбылыс ретінде танылған білім саласындағы түбегейлі өзгерістерге орай туындап отыр. Қазақстан Республикасының егеменді елдер қатарында демократияға, нарықтық қатынастарға, тұлғаның құқығы мен еркіндігіне бетбұрысы білім аймағындағы саясатты қайта қарастырып, жаңаланған заман көзқарасымен

түсінуді талап етеді. Білім саласы енді, ең алдымен, жеке тұлғаның рухани қасиеттерін қамтамасыз етуге бет бұрды. Бұл өз кезегінде оқу процесін ұйымдастыру, оқу - оқыту формалары мен әдістерін таңдау және білім мазмұнын іріктеу істеріне көптеген өзгерістердің енуіне себепші болды. Стандарт құрамы келесі бірліктерді қамтиды: жалпы білімдік оқу орындарының түбір (типтік) жоспары, мазмұн құраушы мызғымас (инвариант) және баламалы бөліктер, студенттердің жалпы дайындық деңгейіне қойылатын мемлекеттік талаптар. Білім стандартының құрылысы - болашақ мұғалімдерді даярлауға арналған білімнің мазмұнын ғана ашып қоймай, оның мамандарға кәсіптік бағдар беру жүйесін көрсететін құрал. Сондықтан да стандарттың мазмұнында маман даярлаудың білімдік, кәсіптік бағдарының негізгі міндеттерін ашып көрсетеді. Бұған сәйкес, жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында:

1. Өз өмірі мен қызметінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы цифрлық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді;

2. Өзін-өзі дамыту және өмір бойы білімін жетілдіру дағдыларын қалыптастырады;

3. Жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді;

4. Жеке қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: интернет-ресурстарды, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату жөніндегі бұлтты және мобильді сервистерді пайдаланады;

5. Әлемде танылған қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімді практикада қолданады [82], - деп айтылған. Осылардың ішіндегі өз өмірі мен қызметінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы цифрлық сауаттылықты дамыту мен білімді практикада қолдану арқылы кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсету - біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны. Жоғарғы оқу орнында бәсекеге қабілетті, заманауи инновациялық кәсіби мұғалімді даярлау үшін оқытушының да, студенттің қажымас еңбегі орасан зор болуы қажет. Олай дейтін себебіміз, стандарт талаптарын орындау барысында инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлай отырып, қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімінің біліктілігін арттыру басты элемент болып табылады.

Қазіргі біздің аяқ басқан ХХІ ғасырымыз - ақпараттық қоғам дамуы мен технологиялық мәдениет дамуының кезеңі. Сол себепті, жоғары оқу орнында болашақ маманды жаңаша даярлау кезеңінде жаңа білім беру бағдарламасы мен жаңа оқыту үрдісі сай келуі тиіс. Қазіргі білім беру бағдарламасының негізгі міндеті - ЖОО білім беру процесін жобалау және іске асыру бойынша студенттің кәсіби біліктілігін дамытумен қатар инновациялық кәсіби іс-әрекетке бағыттай отырып, бәсекеге қабілетті, қазіргі заманғы еңбек нарығы мен технологиялар талаптарына сай бейімделе алатын, белсенді, топта жұмыс жасай алатын жаңа форматтағы іскер маман даярлау. Жоғары оқу орында білім беру болашақ маманға білім және дағды ғана беріп қоймай, жеке тұлға қалыптастырады. Бүгінгі күнде педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің

бірі - әлемдік білім беру кеңістігіне сай бейімделіп білім бере отырып, кәсіби даярлау сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқыту әдістерін инновациялық тұрғыда өзгерту, жоғары оқу орны мен жалпы орта білім беру мекемелерінің байланысын нығайту. Жоғарыда аталған мағлұматтарды ескере отырып бірінші кезекте жоғары оқу орнына арналған білім беру бағдарламасына шолу, оларға талдау жасалынды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1-тарауының 1 бап, 9-2 бөлімінде білім беру бағдарламасы ұғымы келесідей көрсетілген:

- білім беру бағдарламасы - оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені.

4 тараудың 14 бап, 3 тармағында: білім беру бағдарламалары экономика салаларындағы кәсіптік қызмет бағыттары бойынша білікті кадрлар, оның ішінде жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлауға, жеке бастың кәсіптік және жалпы білім деңгейін дәйекті түрде арттыруға бағытталған, - деп көрсетілген [2]. Осыған орай, Қазақстанда білім кеңістігінде әлі де кезең-кезеңімен қалыптасып жатқан заманауи білімді реформалау бағыттары жалпы әлемдік бағдармен үндес келіп, іске асырылып жатқаны мәлім.

Жоғарыда аталған құжаттардан аңғарғанымыздай, болашақ мұғалімдерге қойылатын талаптар оның кәсіби іс-әрекетіндегі сан алуан міндеттерді орындауға негізделген. Болашақ мұғалім өз кәсіби іс-әрекетінде негізгі құзыреттерді игерген, білім беру қағидаттарына сай істейтін, мемлекеттік стандарттарға сәйкес сапалы білім ұсынатын, кәсіби шеберлігі мен педагогикалық әдіс-тәсілдері жоғары деңгейде қалыптасқан. Сондай-ақ шығармашылық идеяларды ұсынуға қабілетті болуы тиіс екені атап көрсетіледі. Аталған құжаттарға сәйкес бастауыш сынып мұғалімдерінің басты міндеті - жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып, студенттерді зияткер, рухани бай шығармашылық қабілеті дамыған тұлға ретінде қалыптастыру. Сонымен қатар, мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті - қазақ тілін оқытуда білім берумен қатар оқу-әдістемелік материалдарды заманауи дайындау мен сараптауды қамтиды.

Зерттеу тақырыбымыз жоғары оқу орнында маман даярлау мәселесі болғандықтан біз І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен Шымкент университетінің 6B01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім бер бағдарламасы бойынша болашақ мұғалімдерге қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың қамтамасыз етілуін анықтау мақсатында білім беру бағдарламаларын талдауды жөн көрдік. Университеттің білім беру бағдарламасының мақсаты - бастауыш білім беру саласында заманауи технологияларды меңгерген, кәсіби құзыретті маман даярлауға бағытталған (Кесте 2).

Кесте 2 - Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың жоғары оқу орны білім беру бағдарламаларын салыстырмалы талдау

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті	Шымкент университеті
<i>Білім беру бағдарламасының атауы</i>	
6B01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	6B01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
<i>Білім беру бағдарламасында қалыптасатын құзыреттіліктер мен күтілетін нәтижелері</i>	
<p><i>ББ түлегінің құзыреттіліктері:</i></p> <p>ТҚ1 – Жалпы білім беру пәндері саласында жеткілікті ой-өрісі бар және кәсіби қызметте шешім қабылдау кезінде оларды ескеруге қабілетті.</p> <p>ТҚ2 – Қоғамдық ғылымның негізгі ережелерін біледі, түсінеді және оларды кәсіби қызметте қолдана алады, өз қызметінде нормативтік құқықтық құжаттарды пайдаланады.</p> <p>ТҚ3 – Жалпы және кәсіби тақырыптарға тілдік қатынас жасауға қабілетті және көптілді қарым-қатынас жағдайында жазу дағдылары бар.</p> <p>ТҚ5 – Өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсінеді, кәсіби қызметті жүзеге асыруға уәждемесі бар.</p> <p>ТҚ6 – Нақты білім беру мекемесінің оқу-тәрбие үдерісінің сапасын қамтамасыз ету үшін заманауи әдістемелер мен технологияларды, соның ішінде ақпараттық технологияларды қолдануға дайын</p> <p>ТҚ7 – Студенттар мен тәрбиеленушілердің жетістіктерін диагностикалаудың заманауи әдістерін қолдануға қабілетті, студенттардың әлеуметтенуі мен кәсіптік өзін-өзі анықтау үдерісінде педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру.</p> <p>ТҚ10 – Бастауыш сынып оқушыларын оқыту үдерісінің ерекшеліктерін ескереді, бастауыш сынып оқушыларының жұмысын бақылаудың барлық түрлерін жүзеге асырады, өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай жасайды, оқыту үдерісінің нәтижелерін мақсатқа сай талдайды.</p> <p>ТҚ11 – Білім беру үрдісіндегі білімділіктің, шығармашылықтың және жылдам бейімделудің жоғары деңгейіне ие.</p> <p>ТҚ13 – Сыныпта пәнді қамтамасыз етудің тиімді әдістерін меңгерген және мектепте пайда болатын білім беру мәселелері мен</p>	<p><i>Түйінді құзыреттіліктер: Кәсіби Құзыреттіліктер:</i></p> <p>КҚ5. Ұйымдастырушылық – басқарушылық</p> <p>КҚ6. Оқытушылық – тәрбиелік</p> <p>КҚ7. Эксперименттік зерттеу</p> <p>КҚ8. Ғылыми зерттеушілік</p> <p><i>Күтілетін нәтижелер:</i></p> <p>ОН 1 - компьютерлік сауаттылық негіздерін білу; осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету.</p> <p>ОН 4 - студенттерге инновациялық және шығармашылық ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін қалыптастыру; оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары; өзінің моральдық және азаматтық ұстанымын дамыту.</p> <p>ОН 8 - оқу процесін барлық қажетті ақпарат көздерімен, атап айтқанда, оқулықтармен, оқу құралдарымен, оқу пәндері бойынша әдістемелік құралдармен, нұсқаулықтармен жұмыс жасауда белсенді болу; жеке іс-әрекеттерінде түрлі ақпараттық және коммуникациялық технологияларды: интернет-ресурсары, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша бұлтты және мобильді қызметтерді қолдана білу.</p> <p>ОН 9 - кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқылатын саладағы мәселелерді шешу; этикалық нормаларын пайдалану.</p> <p>ОН 10 - әлемдік білім кеңестігіндегі қазіргі реформалар туралы білім аясын кеңейту; оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану; оқытылатын салада теорияларды білу және түсіну.</p>

2 – кестенің жалғасы

1	2
<p>жағдайларды шеше алады.</p> <p><i>Оқыту нәтижелері:</i></p> <p>ОН2 - Әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық ғылымдар саласындағы іргелі білім мен дағдылар негізінде олардың Қазақстандық қоғамды жаңғырту мен цифрландырудағы рөлін, көптілді ортада тұлғааралық және мәдениетаралық коммуникация кезінде белсенді азаматтық ұстаным таныту.</p> <p>ОН4 – Білім берудің жаңартылған жүйесінде – оқылым, айтылым, тыңдалым және жазылым бойынша сөйлеу қызметінің негізгі түрлерінен білімдерін көрсетеді.</p> <p>ОН5 – Білім беруді және жалпы кәсіптік ғылымды дамытудың негізгі бағыттары мен перспективаларына, педагогикалық ғылымды зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістеріне баға береді. Оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық технологиялар туралы алған білімін қолданады.</p> <p>ОН7 – Ақпараттық технологиялардың озық жетістіктеріне негізделген білімді пайдаланады, ақпаратты жинау, сақтау және өңдеудің компьютерлік әдістерін меңгерген.</p> <p>ОН9 – Бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартын және оқу бағдарламаларын, кәсіптік міндеттерді шешуде бастауыш мектептің оқу пәндерін оқытудың теориялық негіздері мен әдістемесін түсінеді.</p> <p>ОН10 – Оқу материалын таңдау кезінде іріктеуді және біріктіруді пайдаланады: қажетті дидактикалық материалдарды өз бетінше дайындайды, бастауыш мектептің оқу үдерісінде оқытудың техникалық құралдарын қолданады, оқу-тәрбие үдерісінің жобаларын әзірлейді және іске асырады, білім беру сапасын арттыруға ықпал ете отырып, педагогикалық мәселелерді шешеді.</p> <p>ОН11 – Оқу-тәрбиені жоспарлау кезінде шағын жинақты мектептің педагогикалық үдерісін ұйымдастыру теориясы мен оқыту әдістемесін талдайды.</p>	<p>ОН 11 - Қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік этикалық құндылықтарды талдайды, әлеуметтаралық зерттеулер жүргізу барысында әдептілік нормаларды сақтайды; әлемде танылған әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнді практикада қолдана білу; талдаудың әдіснамасын таңдау.</p> <p>ОН 12 - зерттелуге тиіс мәселені және ғылыми зерттеу проблемасының дәл тұжырымын таба білуге үйрету;</p> <p>-зерттеліп жатқан нысан мен синтез процесіндегі білімді байланыстыру, қоршаған ортамен байланыстыру;</p> <p>-зерттеулердің нәтижелерін түсіндіру және кеңейту;</p> <p>-құбылыстарды қорытындылау және олардың арасындағы байланыста қабылданған жұмыс гипотезасының салдарын бақылау; осы ғылымдардағы білімді интеграциялық процестердің қазіргі заманғы өнімі ретінде синтездеу; зерттеудің нәтижелерін жинақтай білу; жаңа білімді синтездеу және оны гуманитарлық әлеуметтік маңызды өнімдер түрінде ұсыну.</p> <p>ОН 13 - Білімдерді практикада қолдану дағдылары, олардың қызмет етуінің тиімділігін талдау, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету, кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселелерді шешу, әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру, ғылыми зерттеулердің әдістерін және оларды оқытылатын салада қолдану.</p> <p>ОН 14 - Педагогикалық салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану, сыныптан тыс уақытта одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары, педагогикалық фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы</p>

2 – кестенің жалғасы

1	2
	күрделі тәуелділікті білу және түсіну, академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын ұғыну.
<i>Зерттеу жұмысымыздың тақырыбына сәйкес келетін пәндер тізбесі</i>	
Бастауыш мектептегі қазақ (орыс) тілінің теориялық негіздері Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті Бастауыш білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар Қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі	Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі Бастауыш білім берудегі цифрлық оқыту және медиасауаттылық Кәсіби қызмет негіздері

Білім беру бағдарламасы - 6В01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін беру арқылы педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған. Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңартуға байланысты және бастауыш оқытудың бәсекеге қабілетті мамандарын даярлауға бағытталған құндылықтардың жаңа жүйесін қалыптастыру қажеттілігінен туындаған мәселелерді қарастырады. Жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес, болашақ мамандарды толыққанды кәсіптік даярлауға және бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесіне кейбір инновациялық әдіс-тәсілдерімен цифрлық платформа бағыттары бастауыш сынып оқушыларының дамуын қолдауға ерекше назар аударылады.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасы үш пәндік циклден тұрады. Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП), базалық пәндер (БП) және кәсіптендіруші пәндер (КП). ЖБП циклі міндетті пәндерден (МК), жоғары оқу орны ұсынған пәндерден (ЖК) және таңдау бойынша (ТК) пәндерден құралады. Ал БП мен бейіндеуші пәндер циклдеріне жоғары оқу орны компоненттері мен таңдау компоненттері кіреді [82]. «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курсты біз кәсіби пәндер циклінің таңдау компонентіне енгіздік. Бұл курс 5 семестрге енгізілді және 5 кредитке есептелген.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылым салаларына білім беретін жеке пәндердің теориясының әдістемелік кәсіби білімнің мемлекеттік стандарты мектеп мұғалімі ретінде өзінің іс-тәжірибесінде қолданыс табатын іс-әрекеттерінің құрамды бөліктерін қамтиды. Сондықтан ол әртүрлі оқу пәндерінен алатын сәйкес білім, білік дағдылардың тізімі ретінде анықталған. Осыған байланысты типтік бағдарламада әртүрлі пәндерді оқыту көзделеді. Келесі кезекте білім беру бағдарламасындағы зерттеу тақырыбымызға қажетті пәндерді талдауды жөн деп санадық.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 6В01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасындағы «Бастауыш мектептегі қазақ (орыс) тілінің теориялық негіздері пәні қазақ тілін оқыту

әдістемесінің негізгі категорияларын оқытуды көздейді, қазақ тілінің мектеп курсының мазмұнын, оқытудың әдістері мен тәсілдерін, сөйлеу әрекетінің түрлерін дамытуды қарастырады. Қазақ тілін оқытудың инновациялық технологияларымен таныстырады, студенттерді бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту технологиясы мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу қызметіне тартады.

Пәннің мақсаты: Қазақ тілі сабағын ұйымдастыру мен өту принциптерінің негізін меңгерту және бастауыш сынып мұғалімінің жоғары кәсіби білігі мен дағдысын қалыптастыру. Студенттерді бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту технологиясының ғылыми-зерттеу әрекетімен машықтандыру. Пәннің мақсатына орай төмендегіше оқыту нәтижелері беріледі:

- Білім берудің жаңартылған жүйесінде - оқылым, айтылым, тыңдалым және жазылым бойынша сөйлеу қызметінің негізгі түрлерінен білімдерін көрсетеді;

- Оқу материалын таңдау кезінде іріктеуді және біріктіруді пайдаланады: қажетті дидактикалық материалдарды өз бетінше дайындайды, бастауыш мектептің оқу үдерісінде оқытудың техникалық құралдарын қолданады. Оқу-тәрбие үдерісінің жобаларын әзірлейді және іске асырады. Білім беру сапасын арттыруға ықпал ете отырып, педагогикалық мәселелерді шешеді.

Келесі талдайтын пәніміз «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті». Аталған пән мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетінің теориялық негіздерін: «шығармашылық», «кәсіби шығармашылық іс-әрекет», ұғымдарының мәні және т.с.с. бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін дамытудағы бастауыш білім берудің педагогикалық әлеуетін, бастауыш білім беру педагогының кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымы жайында білім қалыптастыруға, бастауыш сынып мұғалімі педагогикалық іс-әрекетінің қажетті компоненті ретіндегі шығармашылық іскерлігін қалыптастыруға бағытталған. Болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби шығармашылық іс-әрекетке бейімдеу кезеңінде студенттердің іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыруда «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» пәнін оқытудың теориясын меңгертуді көздегенін көреміз. Сондай-ақ, болашақ мұғалімді кәсіби дамытуға, бастапқы дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік жасалғаны айтылған.

Келесі талданатын «Бастауыш білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар» пәні бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған жоғары педагогикалық кәсіби білім берудің құрамдас бөлігі ретінде қазіргі білім беру технологияларының мазмұны болып табылады. Осы курсты аяқтаған студент негізгі педагогикалық технологиялардың мазмұнын және оларды қолдану әдістерін біледі. Сонымен қатар, оқытудың мақсатын анықтауға арналған заманауи инновациялық технологияларды зерделейді.

Біздің зерттеу жұмысымызға сәйкес, оқу пәнінің міндеттерінің ішінен тақырыбымызға келетін міндеттерді бөлім көрсетеміз. Олар:

1) Бастауыш мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың инновациялық әдістерін, формалары мен құралдарын қолданады;

2) Кәсіби саладағы әдістемелік тәжірибені жүйелеуге, жалпылауға және таратуға дайындығын көрсетеді.

Келесі талдайтынымыз жоғары оқу орнында оқытылатын «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәніндегі дәрістер жүйесі, практикалық сабақтар, студенттердің өзіндік және оқытушымен бірге орындайтын жұмыстары, педагогикалық және өндірістік практика кезінде оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын кәсіби қолдану арқылы іске асырылатынына көз жеткізілді. Сөзімізге дәлел ретінде аталған пәннің мазмұнына жоғары оқу орнында оқытылатын «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнінің қысқаша мазмұнына тоқталайық. 6В01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының кәсіптендіруші пәндер цикліндегі «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнінде пәннің негізгі категорияларын оқытуды көздейді және қазақ тілінің мектеп курсының мазмұнын, оқытудың әдістері мен тәсілдерін, сөйлеу әрекетінің түрлерін дамытуды қарастырады. Қазақ тілін оқытудың инновациялық технологияларымен таныстырады. Студенттерді бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту технологиясы мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу қызметіне тартады. Пән шеңберінде бағдарламаға сәйкес бастауыш білім беру саласында пәнаралық білімді біріктіруге және пәнаралық байланыстарды құру, нақты білім беру мекемесінің оқу-тәрбие үдерісінің сапасын қамтамасыз ету үшін заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды қолдану болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну және кәсіби қызметте жүзеге асыру құзыреттіліктерін қалыптастырады.

Келесі кезекте Шымкент университетінің 6В01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасындағы біздің зерттеу тақырыбымызға жуық пәндерді талдауға тоқталамыз. «Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнін оқытудың мақсаты: пәнді оқытуға байланысты практикалық іскерлік пен дағды қалыптастыруға негіз болатын теориялық және практикалық мәліметтер берумен қатар, пәннің танымдық, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарын іске асыруға дайындау және қазақ тілін оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін меңгерту болып табылады. Пәнді меңгерту барысында сабақ беру және білімдерді меңгеру процесін техникалық және олардың өзара қарым-қатынас әрекеттесуін есепке алып құрастырудың, қолдаудың, анықтаудың жүйелі тәсілі ретінде қарастырылады. Бұл пәнді оқыту арқылы жеке және кәсіби бәсекеге қабілетті, инновациялық және шығармашылық іс-әрекеттері қалыптасады және педагогикалық салада кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімдерін қолдану оқыту нәтижелері анықталады. Сол арқылы болашақ маманның түйінді құзыреттілігін қалыптастыруда бастауыш мұғалімінің ұйымдастырушылық-басқарушылық, оқытушылық-тәрбиелік құзыреттілігі қалыптасады. Пәнінің мазмұны - болашақ мұғалімдердің теориялық білімін практикамен ұштастыра отырып, инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгертуді мақсат етеді. Пәнді меңгер нәтижесінде студенттердің кәсіби инновациялық іс-әрекеті, креативті ойлауы және педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған құзыреттіліктері

калыптасады. Демек, қазақ тілін оқыту әдістемесі болашақ бастауыш мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың негізі болып табылады.

Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда жоғары оқу орнында оқытылатын «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнінен дайындалған оқу-әдістемелік кешеніне талдау жасадық. Ондағы мақсат - болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне пәнді оқытуда заманаи әдістер мен инновациялық технологияларды кәсіби маман ретінде пайдалана алуға даярлау. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінен меңгерген теориялық білімдері бастауыш сыныптағы қазақ тілі пәнін оқыту барысында инновациялық әдістер мен технологияларды кәсіби қолдануды меңгереді. «Қазақ тілі мен әдістемесі» пәні курсы толтық меңгерген студент біліктіліктердің ішіндегі біз үшін маңызды: педагогикалық шеберлік, авторлық жаңашылдық идеяларды іске асыра алатын, кәсіби іскерлік этика нормасын сақтауға қабілетті мұғалім болуға тиіс. Қазіргі таңда қоғам талаптарына сәйкес жоғары оқу орындарының алдында болашақ мамандарды бастауыш білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарға сай даярлау міндеті қойылып отыр. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғаліміне теориялық және тәжірибелік білім, білік, дағды қалыптастыруға бағытталған пән ретінде қарастырылды.

Бұдан әрі талдайтын пәніміз «Бастауыш білім берудегі цифрлық оқыту және медиасауаттылық». Пән мазмұны - студенттердің ақпараттық қауіпсіздік қағидаттарын, медиа сауаттылықты және ақпараттық кеңістіктегі жауапты мінез-құлық нормаларын меңгеруіне бағытталған. Курсты оқу барысында болашақ студенттердің эмоционалдық, психикалық және физикалық әл-ауқатына әсер ететін ақпараттық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде медиа ресурстарды сын тұрғысынан бағалау және қауіпсіз пайдалану дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Біздің зерттеу жұмысымызға сәйкес, бұл пән болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық педагогика негіздерін меңгеруін, оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық құралдарды қауіпсіз, тиімді және педагогикалық мақсатқа сай қолдану құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Пәнді игеру нәтижесінде студенттер бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес цифрлық дағдыларды қалыптастырудың әдістемелік тәсілдерін, ақпараттық ортаны дұрыс ұйымдастыру жолдарын және оқытудағы медиа контенттің әсерін ғылыми-педагогикалық тұрғыда бағалау мүмкіндіктерін меңгереді.

Келесі талдайтын пәніміз «Кәсіби қызмет негіздері». Аталған пәннің мақсаты - қазіргі заманғы педагогикалық зерттеулер тұрғысынан мұғалім кәсібінің мәнін, мақсатын және мазмұнын ғылыми негізде ашып көрсету. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын қамтамасыз ету. Пәннің мазмұны білім берудегі заманауи тәсілдерді қолдана отырып, педагогтің кәсіби қалыптасуы мен кәсіби өсуінің мүмкіндіктері мен перспективасын айқындайды; болашақ мұғалімнің кәсіби мәдениеті мен педагогикалық көшбасшылық қабілеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Оқыту барысында студенттердің қызметке қатысты білім

деңгейлерін дұрыс жіктей білуі, теориялық білімдерін практикалық жағдайда қолдануы, түрлі педагогикалық салалар бойынша талдау жұмыстарын жүргізе алуы, ғылыми пайымдаулар жасай білуі қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар пән болашақ мұғалімнің педагогикалық қарым-қатынас нормаларын меңгеруін, балалармен жұмыс істеу ережелері мен тәсілдерін игеруін, кәсіби коммуникация мен көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытуын көздейді. Осы бағыттардың барлығы болашақ бастауыш мұғалімінің кәсіби әрекетін ғылыми тұрғыдан түсінуге, кәсіби рефлексия қалыптастыруға және педагогикалық шеберлігін дамытуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда екі университеттің білім беру бағдарламалары жаңартылған білім беру мазмұны мен кәсіби іс-әрекетке бағдарланған. Алайда, ресми құжаттарды талдау барысында байқағанымыздай, бағдарламаларда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесі жеке қарастырылмайды. Цифрлық технологиялар жалпы айтылғанымен арнайы «Жасанды интеллект құралдарын пайдалану» деген мазмұн жоқ. Бұл түсінікті де, өйткені мұндай мазмұн енгізу еліміздің жоғары оқу орындарында мемлекет басшысының 2025 жылғы Қазақстан халқына жолдауынан кейін енді ғана қолға алынып жатыр. Қорыта келе, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен Шымкент университеті білім беру бағдарламалары заман талабына сай педагог даярлауға үндес болғанымен, жасанды интеллектіні қолдану әлеуетін толығымен аша қойған жоқ. Осы мақсатта алдағы уақыттарда аталған аспектіні күшейту – қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке нағыз даяр болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін қалыптастырудың маңызды шарты болмақ.

Білім беру бағдарламасын талдаудан кейін бастауыш сыныптың қазақ тілі оқулығы мен жоғары оқу орындарындағы оқу-әдістемелік құралдарына талдау жасадық. Ондағы мақсат - болашақ бастауыш мұғалімін даярлаудың мазмұнын жан-жақты саралап, теория мен практиканың байланысын нақтылау және қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың қай деңгейде жүзеге асырылып отырғанына бағалау.

Бастауыш сыныптағы қазақ тілі оқулықтары (мысалы, 2-4 сыныптарға арналған) жаңартылған бағдарламаға сәйкес тілді коммуникациялық тұрғыдан меңгертуді көздейді. Олар әр сабақта оқушылардың сөздік қорын дамытуға, тілдің грамматикалық құрылымдарын қолдануына жаттығулар беріп, мәтінмен жұмыс, сөздік жұмысы, шығармашылық жазба жұмыстар сияқты бөлімдерден тұрады. Мәселен, 2-сыныптың қазақ тілі оқулығында әр тарау соңында сөйлесім әрекеттерін кешенді дамытатын тапсырмалар және шағын жобалар беріледі. Оқулық мазмұны оқушылардың жас ерекшелігіне сай қызықты мәтіндермен, диалогтармен толықтырылған және түрлі интерактивті тапсырмаларға сілтеме жасайтын QR-кодтар кездеседі. Бұл - дәстүрлі басылым мен сандық ресурстардың ықпалдасуының белгісі. Дегенмен, мұндай қосымша материалдар көбіне статикалық (бейнеролик, аудиожазба түрінде) болып келеді. Жасанды интеллект элементтері - (мысалы: оқушының жауабына автоматты түрде кері байланыс беру немесе адаптивті жаттығу ұсыну) мұндай

оқулықтарда қарастырылмаған. Себебі, бұл оқулықтар оффлайн құрал ретінде дайындалған.

А. Adebago мұғалімдерді даярлаудың жасанды интеллект элементтерін қамтитын кешенді бағдарламасы олардың өзіндік тиімділік сезімін арттырып, қазіргі сыныптарда туындайтын сан алуан міндеттерді шешуге мүмкіндік беретінін атап көрсетеді [83]. Аванвел және оның әріптестері педагогикалық білім беру басымдықтарын технологиялардың ықпалымен өзгеріп отырған білім беру кеңістігіне сәйкестендіру қажеттігін алған тартады [84]. Мұндай сәйкестендіру әртүрлі контекстердегі оқыту тәжірибесін жақсартып, студенттердің оқу жетістіктерінің арттыруына ықпал етеді. Ғылыми дискуссия бойынша болашақ мұғалімдер арасында жасанды интеллект бойынша білім берудің маңыздылығын айқындайды. Өйткені олардың өзіне деген сенімділігі мен оқушылардың оқу нәтижелеріне тікелей әсер етеді.

Ал жоғары оқу орындарындағы әдістемелік оқу құралдары бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың теориясы мен технологиясын мазмұндайды. Мысалы, С. Сейтенова [65], Г. Тұрдалиева [66], Ә. Жұмабаева [67] сынды авторлардың еңбектерінде бастауыш сыныптағы тіл сабақтарының міндеттері, сөйлеу, оқу, жазу, грамматика, фонетика, лексика бойынша жеке әдістемелер баяндалады. Сонымен қатар, сауат ашу кезеңіндегі дыбыстық талдау-жинақтау әдісі, оқуға үйрету әдістемесі, сөз таптарын оқыту, сөйлем құрастыру дағдыларын дамыту жолдары жан-жақты талданады. Бұл оқу құралдарында педагогикалық технология түрлерін қолдану, көрнекілік, дамыта оқыту сияқты қағидаттар қамтылғанын көреміз. Бұл талданған әдістемелік оқу құралдары бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың теориялық негіздерін, лингводидактикалық ерекшеліктерін және әдістемелік тәсілдерін жан-жақты сипаттай отырып, біздің зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық тірегі күшейтеді. Сөйлеу, оқу, жазу, грамматика, фонетика, лексика секілді тілдік салалар бойынша ұсынған әдістер болашақ бастауыш мұғалімдерінің кәсіби даярлығына қажетті базалық педагогикалық-инновациялық дағдыларды айқындайды. Бұл оқу құралдары қазақ тілін оқытудағы дәстүрлі және дамыта оқыту қағидаттарын, ойын технологиялары мен көрнекілік әдістерін жүйелі талқылау арқылы біздің зерттеуде қарастырылатын қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетінің мазмұнын, құзыреттер құрылымын және оқыту әдістерін ғылыми тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік береді және әдістемелік құралдарда сипатталған нақты тәсілдер мен технологиялар болашақ мұғалімнің практикалық даярлығын бағалауда, инновациялық модель ұсынуда, кәсіби құзыреттіліктерді негіздеуде маңызды дереккөз қызметін атқарады.

Сонымен қатар, К.Т. Ыбыраимжанов, Қ.М. Баймырзаев, С.С. Жакипбекова, Г.С. Майлыбаева, А.С. Таурбекова, Н.К. Толегенова, Г.К. Есполова, А.Т. Тынысхановаалардың АР 08856810 «Жаңартылған білім мазмұнына бейімделген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасы аясында шығарылған «Бастауыш білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар» атты оқу құралын қазақ тілін оқытуда қолдану арқылы болашақ

бастауыш мұғалімдерінің жаңа технологияларды пән мазмұнына қарай икемдеп, оқытуды көздейді [85]. Аталған оқу құралы біздің зерттеу жұмысымыз үшін өте маңызды. Өйткені, инновациялық оқыту тәсілдерін, заманауи цифрлық құралдарды меңгеру жолдарын және оқыту технологияларын пән мазмұнымен үйлестірудің әдістемесін ғылыми тұрғыда негіздейді. Осы арқылы болашақ бастауыш мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін, педагогикалық икемін және қазақ тілін оқытуда оқытудағы әдіснамалық даярлығын дамытуға ықпал етеді.

Ал Ф.Б. Бөрібекова мен Н.Ж. Жанатбекованың «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар» атты оқулығында білім беру үдерісін жаңғыртудың теориялық және әдіснамалық негіздері жүйелі түрде қарастырылған [68]. Авторлар педагогикалық технологияны оқыту нәтижесіне бағытталған, алдын ала жобаланатын және тұлғаның белсенді іс-әрекетіне негізделген тұтас педагогикалық үдеріс ретінде сипаттайды. Бұл тұжырымдар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетін инновациялық тұрғыда ұйымдастырудың ғылыми негізін айқындайды.

Оқулықта инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану мұғалімнің кәсіби дамуы мен шығармашылық әлеуетін арттырудың маңызды шарты ретінде қарастырылады. Аталған көзқарас біздің зерттеуімізде ұсынылған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен модельге негізделген әдістемелік жүйенің теориялық және практикалық негіздемесін толықтырады. Сондай-ақ, авторлардың студентті оқу үдерісінің белсенді субъектісі ретінде қарастыруы зерттеу барысында негізделген мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процесуалдық және инновациялық-іс-әрекеттік компоненттердің өзара бірлікте қалыптасуы туралы тұжырымды ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, аталған оқулық диссертациялық зерттеудің теориялық-әдіснамалық базасын күшейтетін маңызды ғылыми еңбек болып табылады.

Келесі талдайтын оқу құралы ғалым С.С. Чункенова мен К.Т. Ыбыраимжановтың «Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке бейімдеуде тұлғалық болмысын тәрбиелеу» атты оқу-әдістемелік құралы [69]. Аталған оқу-әдістемелік құралда бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын тәрбиелеуге, кәсіби іс-әрекетке бейімдеуге, инновациялық дайындықты қалыптастыруға бағытталған теориялық және әдістемелік мәселелер қарастырылған. Мазмұнда ұсынылған материалдар болашақ мұғалімнің кәсіби мәдениетін, педагогикалық ойлауын, ұйымдастырушылық-бастарушылық қабілетін және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін негізгі факторларды ашып көрсеткен. Ғалымның бұл еңбегі біздің зерттеу жұмысымыз үшін маңызды теориялық негіз болып табылады. Себебі, мазмұнда қарастырылған мұғалім тұлғасының қалыптасуы, кәсіби қасиеттері, өзін-өзі дамытуы, қарым-қатынасты басқаруы және шығармашылық іс-әрекеті жөніндегі материалдар болашақ бастауыш мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың алғышарттарын анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ,

мазмұнда берілген мұғалімнің тұлғалық болмысын тәрбиелеуге арналған әдістер модулі қазақ тілін оқытуда оқушылардың тілдік белсенділігін арттыруға, сабаққа деген ішкі мотивациясын қалыптастыруға тікелей ықпал етеді. Аталған оқу-әдістемелік құралдың мазмұны қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімінің педагогикалық интеллекциясын, тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктерін, инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруда маңызды роль атқарады.

Бастауыш сыныптың қазақ тілі оқулығы мен жоғары оқу орындарында қолданылатын оқу-әдістемелік құралдарға жүргізілген талдау нәтижесінде байқағанымыздай біз олардың мазмұны мен құрылымында белгілі бір деңгейді құрайтын теориялық-әдіснамалық сабақтастық пен кәсіби даярлыққа қойылатын талаптардың өзара байланысын байқадық. Атап айтар болсақ, бастауыш сыныптың қазақ тілі оқулықтары оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыруға бағытталса, ЖОО әдістемелік оқу құралдары осы тілдік негізді оқытуды қамтамасыз ететін болашақ мұғалімнің әдістемелік шеберлігін дамытуға арналған. Бұл екі деңгейдегі материалдардың өзара үйлесуі болашақ бастауыш мұғалімінің кәсіби бағдарын, әдістемелік ойлауын және қазақ тілін оқыту үдерісін жобалай алу қабілетін қалыптастыруда маңызды орын атқарады.

Талдау барысында анықталған тағы бір маңызды жайт - қолданыстағы оқулықтар мен әдістемелік құралдарда қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияларды жасанды интеллект элементтерін жүйелі пайдалануға бағытталған арнайы мазмұнның жеткіліксіздігі. Бұл болашақ бастауыш мұғалімін заманауи педагогикалық құралдармен жұмыс істеуге қажеттігін, олардың кәсіби даярлығын креативті бағытта күшейту керектігін көрсетеді. Сонымен қатар, кәсіби даярлау үдерісінің мазмұнын креативті пайымдауға, дәстүрлі әдістемелік ұстанымдар мен заманауи инновациялық талаптардың ара-жігін айқындауға, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғаліміне қажетті құзыреттерді нақтылауға негіз болды. Бұл бағыттағы ғылыми талдау болашақ бастауыш мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың мазмұнын жаңаша қарастыруға және қазақ тілін оқытуда ЖИ-дің педагогикалық мүмкіндіктерін тиімді интеграциялауға негіз қалайды. Бұл бастама жасанды интеллект білімін бастауыш деңгейден бастап қалыптастыруға мүмкіндік беріп қана қоймай, гуманитарлық пәндерге, соның ішінде қазақ тілін оқытуға да жаңа әдістемелік мүмкіндіктер ашатыны болжануда. ЖОО әдістемелік оқу құралдары мен білім беру бағдарламалары да бұл трендте ескерусіз қалмай, жаңартылатын болады деп күтілуде. Сонымен, білім беру бағдарламасын талдаудан кейін бастауыш сыныпқа арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарын саралау - болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын қамтамасыз ететін мазмұндық негізді кешенді түрде бағалауға мүмкіндік берді. Бұл талдау арқылы теориялық талаптар мен практикалық материалдардың өзара сәйкестігі айқындалып, болашақ бастауыш мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке қандай деңгейде дайындалатыны анықталды. Жинақталған деректер кәсіби даярлық үдерісінде бар әлеует пен

олқылықтарды нақтылап, қазақ тілін оқытуда инновациялық әдістемені жетілдіруге негіз болды.

Соңғы ғылыми зерттеулерде болашақ мұғалімдердің жасанды интеллектке даярлығы тек техникалық сауаттылықпен шектелмей, олардың кәсіби өзіндік тиімділігімен, педагогикалық сенімділігімен және инновациялық шешім қабылдау қабілетімен өзара байланыста қарастырылуы қажеттігі негізделеді. Атап айтқанда, зерттеушілер болашақ мұғалімдердің жасанды интеллектке когнитивтік, әрекеттік және этикалық тұрғыдан дайын болуы олардың кәсіби іс-әрекеттегі сенімділігін арттыратынын көрсетеді. Сонымен қатар, эмпирикалық деректер болашақ мұғалімдердің жасанды интеллектке жалпы даярлық деңгейі жоғары болғанымен, бұл даярлықтың кәсіби өзіндік тиімділікпен тікелей әрі сызықтық байланыста бола бермейтінін дәлелдейді. Бұл жағдай педагогтің кәсіби дамуы көп факторлы үдеріс екенін, жасанды интеллектке дайындық педагогикалық тәжірибе, кәсіби рефлексия, мәдени-этикалық құндылықтар және әдістемелік қолдаумен ұштасқанда ғана нәтижелі болатынын айқындайды. Зерттеу нәтижелері болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде жасанды интеллектті енгізу тек технологиялық құралдарды меңгертумен шектелмеуі тиіс екенін көрсетеді. Керісінше, ол педагогикалық мазмұнмен, әдістемелік жүйемен және кәсіби-әрекеттік дайындықпен бірлікте жүзеге асырылған жағдайда ғана мұғалімнің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын қамтамасыз етеді. Осы тұрғыда жасанды интеллектті қолдану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық ойлауын дамытуға, кәсіби тәуекелге баруына, өзгермелі білім беру жағдайларында тиімді педагогикалық шешім қабылдауына мүмкіндік беретін маңызды ресурс ретінде қарастырылады [86].

Жақсы мұғалім болу үшін мұғалім нені білу керек? - деген сұраққа жауап ретінде Н.К. Крупская былай деп жазды: «Мұғалім ең алдымен өзінің пәнін, өзі беретін ғылымды, оның негіздерін білуі керек. Ол ғылымның мәнісін, оның бүгінгі жағдайын, оның негізгі даму сатыларын, өмірмен, тәжірибемен байланысын түсіне білуі керек. Бір сөзбен айтқанда, ол осы ғылымның түбегейлі өзгешеліктері мен барлық ерекшеліктерін ашып беретін диалектиканың негізін білуі керек» [87]. Автордың тұжырымдауынша, мұғалім пән бойынша тек білім көлемін ғана емес, оның ғылыми білімдер жүйесін білу дәрежесі жоғары болу керек. Біздің зерттеуіміз тұрғысынан зерделейтін болсақ, жоғары дәрежеде педагогикалық процесті ұйымдастыра білуі, пәнді өту барысында инновациялық әдістерді енгізе білуі мен қатар, инновациялық технологияларды тиімді қолдана алуы болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің белгісі бола алады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріндегі елеулі өзгерістерді толық сезініп, оның әрбір өтпелі кезеңіне өзінің даму дәрежесін қалайда сәйкестендіріп отырғаны - дәлелді қажет етпейтін аксиома. Олай болса, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге сай қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру мәселесі әр кезеңде өз дәрежесіне сай сұраныста болады. Дәстүрлі оқыту тәсілдері мен әдістерін заман талабына сай

инновациялық әдістермен, ЖИ элементтерімен толықтыру қажет деп есептейміз. Себебі, цифрлық технологиялар, интерактивті оқыту құралдары және заманауи педагогикалық тәсілдер болашақ мұғалімдерді даярлауда маңызды роль атқарады. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытуда заманауи оқу құралдары мен ресурстарды әзірлеу - қазақ тілін оқыту сапасын арттырудың бір жолы, бұл білім беру процесін жақсартуға ықпал етеді. Біздің зерттеу жұмысымызға сәйкес, жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, білім беру бағдарламалары, бастауыш сыныптың қазақ тілі оқулығы (2-4 сынып) мен ЖОО-дағы әдістемелік оқу құралдарына талдау жасай отырып, ондағы авторлардың негізгі идеясы білім беру мен тәрбиелеу болғанына көз жеткізілді. Оған дәлел ретінде тақырыптық жүйеде берілген оқу материалдарын қамтыған оқулықтың әдістемелік аппаратындағы тапсырмалар мен сұрақтарды және т.б. атауға болады.

Нормативтік бағдарламаларды, оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды талдауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау үдерісінің қазіргі жағдай нәтижелері жоғары оқу орнындағы пәндік-әдістемелік даярлықтың жаңартылған мазмұнға, модульдік құрылымға және заманауи технологияларды жүйелі қолдануға бағытталуы қажеттігін көрсетеді [88].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда қазақ тілін оқытудың қазіргі жайын анықтау мақсатында жүргізілген талдауға: *«Қазақ тілін оқыту мазмұнында цифрлық технологияларды қолдану элементтері кездескенімен, жасанды интеллектке негізделген инновациялық тәсілдердің жүйелі түрде енгізілмегені, болашақ бастауыш мұғалімдерін осы бағытта кәсіби даярлаудың жеткіліксіздігі анықталды»*, - деген тұжырым жасаймыз. Сондықтан да біз жұмысымыздың келесі тарауында қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық негіздеріне тоқталып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен осы модельге негізделген әдістемелік жүйені әзірлеуге ұмтылыс жасаймыз.

2 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық тұғырлары

Бүгінгі таңдағы білім берудің басты мақсаты - өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және кәсіби инновациялық білімді мұғалім даярлау. Ол үшін жоғары оқу орындарындағы әрбір болашақ маманды қоғам талабына сай пәнді оқытуда жаңа инновациялық технологияларды қолдану арқылы кәсіби бағыттылыққа даярлау қажет.

Алдыңғы тарауларда айтып өткендей, болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қазақ тілін оқытуда заманауи әдістер мен технологияларды меңгерту инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау бағыттарының өзгеруіне түрткі болды. Бұл өзгерістер педагогикадағы әдіснамалық негіздерді қайта қарауды талап етеді. Жоғары оқу орнында қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық тұғырларын анықтау өзекті саналады. Себебі, білім беру жүйесіне байланысты барлық негізгі бағыттарды анықтау, оның әдіснамалық тұғырларын нақтылау арқылы жүзеге асады.

Философиялық сөздікте «әдіснама» (грек тілінен аударғанда *methodos* - зерттеу жолы, таным, ілім, білім; *logos* - сөз, түсінік) қағидалар жүйесі және тәжірибелік теориялық іс-әрекетті ұйымдастыру және құру тәсілдері, ғылыми таным әдістері туралы оқу; қандай да бір ғылымда қолданатын әдістердің жиынтығы дегенді білдіреді, - делінген [89]. Қазіргі таңда заманауи жоғары білім беру жүйесі, болашақ мамандардың кәсіби даярлықтарын шешу мәселесінде инновациялық тұғырларды қолдануға байланысты жаңа талаптармен сипатталады. Аталынған талаптарға сәйкес зерттеуіміздің негізгі әдіснамалық тұғырларын нақтыладық. Педагогикалық тұғырларды таңдау олардың қолданылу жағдайының мақсатына (педагогикалық және білім беру мақсаттары) және ерекшелігіне (студенттерге, мұғалімдерге немесе оқу ортасына қатысты) байланысты болады. Ұсынылатын педагогикалық тұғырлардағы айырмашылықтар да маңызды: бағдарлама шеңберіндегі студенттердің әр түрлілігін (мысалы, гендерлік немесе мәдени болмысы) ескере отырып, түрлі тұғырлар қолданған жөн.

Ш.Т. Таубаева, Б.Т. Барсай, С.Н. Жиенбаевалардың авторлық бірлестікте жазылған «Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері философиясы және әдіснамасы» атты оқулықта зерттеудің әдіснамалық негіздемесінің логикалық алгоритімін төмендегіше бөліп қарастырған:

- Педагогикалық дәйектерді, құбылыстарды және үдерістерді зерттеуге қажет нақты әдіснамалық тұғырларды анықтау;
- Әдіснамалық ұстанымдарды нақтылау;
- Зерттеу мәселелеріне тарихи-логикалық талдау жасау;

- Зерттеу пәнін сипаттауға тұтастық тұғырды пайдалану [90].

Зерттеуімізге сәйкес жоғарыда қарастырған авторлардың алгоритміне ретімен тоқталып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық негіздерін құрайтын тұғырлар ретінде келесідей әдіснамалық тұғырларды қарастырдық (сурет 9):



Сурет 9 - Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық тұғырлары

Әдіснамалық тұғырлар зерттеу жұмысымыздың философиялық, әдіснамалық құндылығы мен маңызын тануда сенімді бағдар болып саналады. Бұл тұғырлар оқу үдерісін ғылымилық, жүйелілік, саналылық пен белсенділік, теория мен практиканың бірлігі қағидаттары негізінде ұйымдастыруды талап етеді. Соның нәтижесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады [91].

Жүйелілік тұғыр - жүйелілік тұғырдың негізгі түсінігі «жүйе» ретінде қарастырылады. Жүйе өзара байланысқан элементтерден тұрады және ол элементтер келесідей сипаттамаға ие:

- 1) Жүйені құраушы барлық элементтер үшін белгіленген мақсат ортақ болып табылады;
- 2) Жүйе жеке элементтерге тән емес ерекше сапаға ие.

Аталған тұғыр бүгінгі күнде педагогикалық құбылыстарды зерттеуде және теориялық жұмыстарда дәстүрлі болып келеді. Қазақстан Республикасы білім беру саласының өзі білім берудің ішкі «ұйымдасуын», оның құрылымын, өзара байланыстар мен өзара әрекеттестіктердің және қатынастардың сипаты мен ерекшеліктерін көрсететін білім беру жүйесі ретінде нормативтік түрде ұсынылады.

К.С. Құдайбергенованың еңбектерінде: ...жүйе - ішкі құрылымдық элементтері бір-бірімен және сыртқы ортамен ерекше бірліктергі тығыз байланысты көрсететін тұтас кешен», - деп көрсетілген [92]. Автор жүйенің құрылымын білім мақсаты, педагогикалық үдеріс субъектілері, білім мазмұны, әдіс-тәсілдері, материалдық база арасындағы бірінен бірі туындап, толықтырылып отыратын компоненттер жиынтығы тұрғысында қарастырған.

Зерттеу жұмысымызда жүйелілік тұғырды басшылыққа алуымыздың себебі, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда пәннің білім беру мазмұнын жүйелі ұйымдастыру және оны жүзеге асыруда қойылған мақсаттарға қол жеткізудің құралы ретінде қарастыру.

Іс-әрекеттік тұғыр - бұл адамның белсенді формасы болып табылады. Іс-әрекет - адамның өмір сүруі және даму тәсілі. Бұл тұғырда педагогикалық құбылысқа әрекеттің бүкіл компоненттерінің тұтастығы позициясымен, яғни мақсатымен, іс-әрекетімен, ретке келтіру жолымен, белгілі нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Іс-әрекеттік тұғырдың мәні қытай даналығымен «мен естимін - мен ұмытамын, мен көремін - мен есте сақтаймын, мен жасаймын - мен меңгеремін» деп сипаттауға болатын іс-әрекетте ашылады. Іс-әрекет тұғырын зерттеу С.Л. Рубинштейн мен А.Н. Леонтьевтің есімдерімен тығыз байланысты. 1922 жылы С.Л. Рубинштейн іс-әрекетті психология пәні ретінде танудың алғашқы қадамын жасады [93]. Ал, А.Н. Леонтьев болса: «білім алу үдерісі - ол жаңа білімдер дайын түрде берілмейтін, оқушы санасының және жалпы тұлғасының қалыптасуына бағытталған іс-әрекет үдерісі. Білім берудегі «іс-әрекеттік тұғыр» деген осы», - деп пайымдаған [94].

Іс-әрекеттік тұғырды негіздеуде Х.Т. Наубаева зерттеулерінің маңызы ерекше [95]. Ғалым этникалық қарым-қатынас үдерісінде танымдық әрекеттің қалыптасуы мен дамуын психология ғылымы тұрғысынан талдап, мотивация мен әрекет бірлігінің тұлғалық қалыптасудағы рөлін дәлелдейді. Бұл тұжырымдар қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын іс-әрекет пен психологиялық түрткілердің байланысы арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау барысында іс-әрекеттік тұғырды жүзеге асыра отырып, төмендегі нәтижелерге қол жеткіземіз:

- Болашақ маман ретінде инновациялық білім алуға дайындығын дамыту;
- Пәнді меңгеру барысында белсенді инновациялық білімін арттыру;
- Меңгерген инновациялық әдістерін практикада кәсіби қолдану.

Акмеологиялық тұғыр - бұл болашақ мұғалімдерге жаңа талаптар қояды. Яғни, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері қазақ тілінен білім алу барысында инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлануының ең жоғарғы деңгейіне (акме-үлгіге) жетуіне мүмкіндік береді. Акмеологияның танымдық сипаты практикалық бағдарланған акмеологиялық технологияларда көрініс табады.

В.Н. Максимованың пайымдауынша: «болашақ мұғалім - пәндік талаптармен қатар, білім берудің жаңа парадимасын, мұғалімнің рухани дамуымен байланысты жаңа құнды сананы дәріптейтін себепкерлік-құндылықты бағдарларға, жаңа кәсіби санаға ие болуы тиіс» [96]. Ал, А.А. Деркач «Тұлғаның акмеологиялық мәдениеті» атты еңбегінде: «Акмеология тұлғаның кәсібилігін қалыптастырудың және оның шеберлікке жетуінің жүйе құраушы факторы негізінде - рефлекстік мәдени дамуы», - деп

қарастырған [97]. Зерттеу жұмысымызға сәйкес акмеологиялық тұрғыда келесі аспектілер айқындалады: білімділік, кәсіби шеберлік. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы акмеологиялық тұрғыда болашақ мұғалімнің инновациялық білімдерін жетілдіру проблематикасы орын алады. Бұл келесі бағыттарда шешіледі:

- Білім беру - қазақ тілін оқытуда болашақ мұғалімдердің инновациялық білімдерін шыңдау;

- Кәсіби шеберлік - пән бойынша инновациялық кәсіби іс-әрекетіне дайындықты анықтау

Құзыреттілік тұғыр - білім беру нәтижесін білім көлемімен емес, тұлғаның кәсіби жағдаяттарында әрекет етуге дайындық деңгейімен айқындайтын әдіснамалық бағыт ретінде қарастырылады. Қазақ тілін оқытуда құзыреттілік тұғыр тілдік білімді меңгерумен қатар, оқу үдерісінде тиімді қолдануға, инновациялық технологияларды пайдалану арқылы студенттің әдістемелік, цифрлық құзыреттерін қалыптастыруға, білімді практикалық педагогикалық жағдаяттарда тиімді қолдану қабілетін дамытуға бағытталған.

Н. Хомский құзыреттілікті тұлғаның тілдік жүйені меңгеруімен қатар, оны нақты коммуникативтік жағдайларда қолдана алу қабілеті ретінде түсіндіреді [98]. Ғалым құзыреттілікті әрекетке негіз болатын ішкі мүмкіндік ретінде сипаттайды. Ал, И.А. Зимняя [100], А.В. Хуротский [101], В.А. Сластенин [102] және отандық ғалым Б.Т. Кенжебековтің [103] еңбектерін талдауда құзыреттілік тұғырдың ортақ теориялық негізін айқындаса, Н.А. Абишев құзыреттілікті маман даярлығының интегралды сипаттамасы ретінде қарастырып, оның құрылымын білім, білік, құндылық және тұлғалық қасиеттердің бірлігі арқылы анықтайды [104]. Бұл көзқарас қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құзыреттілік тұғырының мәнін нақтылай түседі.

Ғалымдар құзыреттілікті мотивациялық және әрекеттік компоненттердің бірлігі ретінде қарастырып, білім беру мазмұнын жаңартуда, педагогикалық теория мен практиканың өзара байланысын қамтамасыз етуде маңызды роль атқаратынын атап көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, құзыреттілік тұғыр педагогикалық білімді практикалық іс-әрекетпен ұштастыратын болашақ педагогтың кәсіби міндеттерді тиімді шешу қабілетін қалыптастыратын тәсіл ретінде айқындалады. Сондықтан біздің зерттеуімізде аталмыш әдіснамалық тұғырдың басшылыққа алынуы дұрыс деп санаймыз.

Инновациялық тұғыр - педагогикалық іс-әрекет саласындағы жаңа талаптар білім жүйесіндегі қайта құруға әкеліп соқтырды. Бұл саланы әрі қарай жетілдірудің бірден-бір мүмкін жолы - инновация, яғни педагогикалық жаңалықтарды игеру мен қолдануды басқаратын үрдіс. Бұл үрдіс - білім беру мазмұнына, оқыту әдістеріне байланысты. Яғни, білім беру жүйесіндегі инновациялық оқыту әдістер жиынтығы болып табылады. Зерттеу жұмысымыз бойынша бұл тұғыр қазіргі таңдағы инновациялық білім беруде маңызды болып саналады. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін

инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау заманауи бейімділігінен, мәселелерді шешу барысында сыни пікір бере отырып, тәуекелге бара алу қасиеттерінен көрініс табады. Сонымен қатар, жаңа әдістемені, инновациялық әдістерді, құралдарды қолдана отырып, педагогикалық іс-әрекетті жетілдіруге негізделеді Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық тұғырларын төмендегі 3-ші кестеден көрсетеміз (Кесте 3).

Кесте 3 - Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық тұғырлары

№	Әдіснамалық тұғыр	Негізгі идеясы	Мақсаты	Күтілетін нәтиже
1	Жүйелік тұғыр	Кәсіби даярлық өзара байланысты компоненттерден тұратын тұтас жүйе ретінде қарастыру	Даярлау үдерісінің мақсат, мазмұн, әдіс және нәтиже арасындағы бірлігін қамтамасыз ету	Инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымды, логикалық жүйесі қалыптасады
2	Іс-әрекеттік тұғыр	Тұлға кәсіби әрекет ретінде қалыптастыру	Болашақ мұғалімді нақты педагогикалық әрекетке тарту	Инновациялық педагогикалық іс-әрекет тәжірибесі артады
3	Акмеологиялық тұғыр	Кәсіби дамудың ең жоғары деңгейіне жету (акме)	Болашақ мұғалімнің кәсіби және тұлғалық әлеуетін дамыту	Кәсіби жетілуге ұмтылған, өзін-өзі дамытуға қабілетті мұғалім тұлғасы дамиды
4	Құзыреттік тұғыр	Білім нақты әрекет пен нәтижеге бағытталуы	Кәсіби құзыреттерді кешенді түрде қалыптастыру	Тілдік, әдістемелік, цифрлық және инновациялық құзыреттер қалыптасады
5	Инновациялық тұғыр	Білім беру үдерісінде үздіксіз жаңартуды талап ету	Жаңа технологиялар мен әдістерді тиімді қолдануға даярлау	Инновациялық ойлайтын, заманауи технологияларды меңгерген мұғалім

Зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық базасын құраудағы қарастырылған әдіснамалық тұғырлармен сабақтастықта танылатын мынадай әдіснамалық ұстанымдарды басшылыққа алдық:

- Жүйелілік ұстанымы;
- Іс-әрекет арқылы үйрету ұстанымы;
- Кәсіби жетілуге ұмтылу ұстанымы;
- Теория мен практиканың бірлігі ұстанымы;
- Цифрлық ұстанымы.

Ұстаным (принцип) латын сөзі, қазақша «негіз» деген сөз. Ресейлік ғалым п.ғ.д., профессор Е.Н. Медынский оқытудың ғылым негіздерін жүйелі меңгеру,

білімді саналы меңгеру, теорияның тәжірибемен байланысы т.б. ұстанымдарын ұсынған [105], Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы Ы. Алтынсарин оқыту ұстанымдары қазақ мектептерінің ерекшеліктеріне қарай қолдануды ескерткен [106]. Жалпы педагогикада оқыту ұстанымдары бөліп қарастырылады. Ол туралы Е.И. Пассов: 1) оқыту кез-келген пәнге ортақ принциптер, жалпы дидактикалық принциптер; 2) белгілі бір пәнді оқытуға арналған принциптер, пәндік (әдістемелік) принциптер; 3) сөйлеу әрекетінің белгілі бір түрін оқытуға арналған, жеке әдістемелік принциптер, - деп көрсетеді [107]. Ғалымның пікірін ескере отырып, біздің зерттеу жұмысымыз бойынша ұстанымдар белгіленді.

М. Мұқамбетқалиева «Оқу мәтіндері арқылы қазақ тілін үйрету әдістемесі» атты кандидаттық диссертациясында: «оқу мәтіндері тіл үйретуде, студенттерді тәрбиелеуде басты құрал қызметін атқарады. Оларды белгілі бір ұстанымдарға сүйеніп, сараптап, топтап алудың маңызы зор», - деп қорытынды жасаған [108]. Автор тіл оқыту әдістемесі дидактиканың принциптеріне сүйене отырып, тілді оқыту әдістері мен тәсілдерін, амалдарын белгілеп, қазақ тілі сабағының теориялық негізін салады деп, қазақ тілін оқыту үдерісінде мынадай принциптерді басшылыққа алған:



Сурет 10 - М. Мұқамбетқалиева бойынша қазақ тілін оқытудың дидактикалық принциптері

Ғалымның қорытындысын негізге ала отырып, зерттеу жұмысымызға сәйкес бірнеше ұстанымдарды нақтылауды жөн көрдік.

Оқыту үрдісінде оқытушы әдіснамалық ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, оқытудың мазмұнын, амал-тәсілдерін және ұйымдастыру формаларын таңдап, шәкірттерін жоғары нәтижелерге жеткізуге міндетті. Оқытушы өз сабағында ұстанымдарды дұрыс таңдаса, оқытуды дұрыс ұйымдастырса, сабақтың тиімді және нәтижелі болары даусыз. Төменде ұсынылып отырған әдіснамалық ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, студенттерді оқытудың мақсатына сәйкес берілетін білім мазмұны жүйелі болса, оны белсенді түрде

меңгеруге деген қызығушылықтар пайда болады. Сонымен қатар, бұл әдіснамалық ұстанымдар қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау үшін жүйелі білім беруге бағытталады (Кесте 4).

Кесте 4 - Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық ұстанымдары

Әдіснамалық ұстанымдар	Ұстанымдардың қысқаша сипаттамасы
Жүйелілік ұстанымы	Кәсіби даярлау үдерісі мақсат, мазмұн, әдіс, құрал және нәтиженің өзара байланысында жүзеге асырылады.
Іс-әрекет арқылы үйрету ұстанымы	Болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығы нақты педагогикалық әрекеттерді орындау арқылы қалыптастырылады.
Кәсіби жетілуге ұмтылу ұстанымы	Болашақ мұғалімнің кәсіби және тұлғалық дамуын, өзін-өзі жетілдіруін қамтамасыз етуге бағытталады.
Теория мен практиканың бірлігі ұстанымы	теориялық білімнің мәнін саналы ұғындыру және оны нақты оқу жағдаяттарында практикалық іс-әрекетте қолдануды қамтамасыз ету.
Цифрлық ұстанымы	Оқу материалы цифрлық және интерактивті құралдар арқылы белсенді әрі қолжетімді түрде ұсынылады.

Жоғарыда аталып көрсетілген ұстанымдар барлығы дерлік педагогикалық зерттеулер мен еңбектерде сипатталып келгені белгілі. Бұл жерде зерттеу жұмысымызда осы тірек ұстанымдардың басшылығы қандай болатыны туралы талдау жасалынады.

Жүйелілік ұстанымы - қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық негізін айқындайтын жетекші қағидалардың бірі болып табылады. Бұл ұстаным педагогикалық даярлау үдерісін өзара байланысқан элементтерден тұратын тұтас жүйе ретінде қарастыруды көздейді. Оқу-тәрбие жұмысының барлық құрамдас бірлікте ұйымдастырылуын талап етеді. Жүйелілік ұстанымына сәйкес, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процесуалдық, инновациялық іс-әрекеттік компоненттердің өзара сабақтастығында жүзеге асырылады. Яғни инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда қоғамның қазіргі талаптары ескеріліп, оқытудың мақсаты, міндеттері, қолданылатын заманауи әдістер мен инновациялық технологиялар, қазақ тілін пәні бойынша берілетін тапсырма түрлері, күтілетін нәтижелері өзара тығыз байланыста қарастырылады. Бұл өз кезегінде даярлау үдерісінің бірізділігі мен логикалық тұтастығын қамтамасыз етеді. Қазақ тілін оқыту контексінде жүйелілік ұстанымы тілдік білімді, әдістемелік дайындықты және инновациялық педагогикалық іс-әрекетті біртұтас жүйеде біріктіруге мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімі тілдік білімді меңгерумен қатар, оны оқыту үдерісінде қолданудың әдістемелік жолдарын және заманауи цифрлық құралдарды пайдалану тәсілдерін жүйелі түрде

игереді. Осылайша, білім, білік және тәжірибе бір-бірін толықтыратын өзара байланысты компоненттер ретінде қалыптасады.

Жүйелілік ұстанымының тағы бір маңыздылығы - даярлау нәтижелерін объективті бағалауға мүмкіндік беруі. Бұл ұстаным қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын анықтауда өлшемдер мен көрсеткіштердің өзара байланысын сақтауды, даярлық деңгейлерін (төмен, орта, жоғары) жүйелі түрде айқындауды қамтамасыз етеді. Осылайша, жүйелік ұстанымы - қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау үдерісінің тұтастығын, бірізділігін және ғылыми негізділігін қамтамасыз ететін басты әдіснамалық қағида. Аталған ұстаным біздің зерттеуімізде ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модельдің тиімділігін анықтап, оның эксперименттік жолмен дәлелденуіне негіз болды.

Іс-әрекет арқылы үйрету ұстанымы - пәнді оқытуда өте маңызды орын алады. Тілді оқытуда ерекше қызмет атқарады. Сондай ақ, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда білімді дайын күйінде меңгертуден гөрі нақты педагогикалық әрекет барысында қолдану арқылы қалыптастыруды көздейді. Бұл ұстаным туралы орыс ғалымы Л.С. Выготский: «Оқыту мен дамудың өзара байланысын негіздей отырып, студенттің танымдық және тұлғалық дамуы белсенді іс-әрекет барысында жүзеге асады», - деп атап көрсетеді [109]. Ғалымның пікірінше, оқыту әлеуметтік өзара әрекет арқылы ұйымдастырылғанда ғана тиімді болады. Бұл идея қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда іс-әрекет арқылы үйрету ұстанымының психологиялық негізін айқындайды. Өйткені, мұғалім кәсіби білікті тек белсенді әрекет барысында меңгереді. Ал, А.Н. Леонтьев: «Іс-әрекет теориясында тұлғаның дамуы мақсатты әрекет жүйесінде қалыптасатынын дәлелдейді. Ол білімнің мәні оны меңгеру емес, әрекет барысында қолдану арқылы игеріледі», - деп көрсетеді [94]. А.Н. Леонтьевтің тұжырымдары қазақ тілін оқытуда болашақ мұғалімнің инновациялық әдістерді іс жүзінде қолдану арқылы кәсіби даярлығының қалыптасатынын негіздейді. П.Я. Гальперин: «Оқытудың әрекетті кезең-кезеңмен қалыптастыру үдерісі ретінде қарастырып, білімнің сапасы нақты әрекеттерді орындау арқылы артады», - деп дәлелдеді [110]. Бұл көзқарас қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби әрекетке жүйелі түрде, кезең-кезеңмен даярлаудың маңызын көрсетеді. В.А. Сластенин іс-әрекеттік тәсілді болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығының негізгі тетігі ретінде қарастырып, педагогикалық білімнің практикамен тығыз байланыста қалыптасуы қажеттігін атап өтеді [102]. Бұл пікір қазақ тілін оқытуда болашақ мұғалімді инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда теория мен практиканың бірлігін қамтамасыз ететін әдіснамалық негіз болып табылады.

Отандық әдіскер-ғалым Қ.Б. Жарықбаев: «Іс-әрекет арқылы оқыту тұлғаның танымдық белсенділігін арттырып, кәсіби дағдыларды саналы түрде қалыптастырады», - деп атап көрсетеді [15]. Бұл көзқарас қазақ тілін оқытуда

болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке саналы түрде араласуын қамтамасыз етудің маңызын айқындайды. Осылайша, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, В.А. Сластенин және Қ.Б. Жарықбаев еңбектерінде негізделген идеялар іс-әрекет арқылы үйрету ұстанымының әдіснамалық негізін құрайды. Бұл ұстаным қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың тиімділігін арттырып, олардың кәсіби білігі мен тәжірибесін нақты педагогикалық әрекет барысында қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кәсіби жетілуге ұмтылу ұстанымы - болашақ мұғалімнің кәсіби дамуын үздіксіз, мақсатты және саналы үдеріс ретінде қарастыруды көздейді және оның педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейіне жетуіне бағытталуын қамтамасыз етеді. Аталған ұстаным акмеологиялық тұғырға негізделе отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетінде өзін-өзі дамытуға, өз мүмкіндіктерін толық іске асыруға және кәсіби жетістікке жетуге ұмтылысын қалыптастыруды талап етеді. Бұл ретте мұғалімнің инновациялық ойлауы, шығармашылық қабілеті және кәсіби дербестігі негізгі көрсеткіштер ретінде қарастырылады. Мұғалімнің кәсіби өсуі тек білім көлемінің артуымен емес, оны оқу үдерісінде тиімді қолдану, оқушылардың тілдік тұлғасын дамытуға бағытталған педагогикалық шешімдер қабылдау қабілетімен айқындалады. Сонымен бірге, бұл ұстаным болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыруға ерекше мән береді. Мұғалім өзінің кәсіби іс-әрекетін талдап, жетістіктері мен кемшіліктерін бағалай отырып, өзін-өзі жетілдірудің жаңа бағыттарын айқындайды. Мұндай рефлексивтік әрекет кәсіби жетілу үдерісінің тұрақты әрі үздіксіз сипат алуына мүмкіндік береді.

Кәсіби жетілуге ұмтылу ұстанымы - инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың нәтижелілігін арттыруға бағытталған. Бұл ұстаным негізінде даярланған болашақ мұғалімдер өзгермелі білім беру жағдайларына бейімделе алады. Жаңа педагогикалық идеялар мен технологияларды қабылдауға дайын болады және кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізеді. Зерттеу жұмысының аясында кәсіби жетілуге ұмтылу ұстанымының маңыздылығы - қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық негізін құрай отырып, олардың кәсіби дамуының тұрақтылығын, үздіксіздігін және сапасын қамтамасыз етеді. Бұл ұстаным ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модельдің мазмұнын толықтырып, зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығын арттырады.

Теория мен практиканың бірлігі ұстанымы - болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығын теориялық білімді нақты педагогикалық іс-әрекетте қолдану арқылы қалыптастыруды көздейді. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық іс-әрекетке кәсіби даярлау үдерісінде заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды, қазақ тілін пәні бойынша берілетін тапсырмаларды жүйелі қолдану олардың теориялық білімін практикалық әрекетпен ұштастыруға, кәсіби ойлауын дамытуға және

педагогикалық жаңашылдыққа бейімделуіне мүмкіндік беретіні тәжірибелік тұрғыда негізделді [99].

И.А. Зимняя бұл ұстанымды құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі шарты ретінде қарастырып, білімнің кәсіби әрекет барысында іске асуы ғана оның нәтижелілігін айқындайтынын атап көрсетеді [100]. А.В. Хуторской теория мен практиканың бірлігін студенттің алған білімін нақты өмірлік және кәсіби міндеттерді шешуде қолдана алу қабілетімен байланыстырады [101]. Аталған ғалымдардың көзқарастарына сүйене отырып, теория мен практиканың бірлігі ұстанымы қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың маңызды әдіснамалық негізі ретінде қарастырылады. Бұл ұстаным теориялық лингводидактикалық білімді тәжірибелік сабақтармен, педагогикалық практикамен және инновациялық технологияларды қолданумен ұштастыруды қамтамасыз етеді. Педагогикалық зерттеулерде практикада негізделмеген теория өнімсіз болатыны, ал теорияны басшылыққа алмаған практика мақсатты ұйымдастырылмаған тиімсіз сипат алатыны белгілі. Теория педагогикалық тәжірибеге бағыт-бағдар беріп, оның ғылыми негізде жүзеге асуына жол ашады. Осыған байланысты, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау үдерісі теориялық білім мен практикалық даярлықтың өзара бірлігін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылуы тиіс екені негізделді. Бұл инновациялық әдістерді іріктеу, жоспарлау және оқу үдерісіне жүйелі енгізу кезеңдерімен сипатталады [111]. Сондықтан зерттеу жұмысымыздың басты мәселесін әдіснамалық тұрғыдан дұрыс шешу үшін теория мен практиканың бірлігі ұстанымын басшылыққа алу тиімді деп есептейміз.

Цифрлық ұстаным - білім беру үдерісін цифрлық технологиялар негізінде ұйымдастыруды, студенттің танымдық белсенділігін арттыруды және оқу материалын саналы меңгеруін қамтамасыз етуді көздейді. Бұл ұстаным оқыту мазмұнын ұсыну, меңгеру және қолдану үдерістерін цифрлық білім беру ортасында жүзеге асырумен сипатталады. Қазіргі білім беру жағдайында цифрлық орта студенттердің оқу-танымдық әрекетінің белсенді субъектісі ретінде қалыптасуына мүмкіндік беріп, олардың дербес ойлауын, рефлексиясын және шығармашылық белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

М. Prensky пікірінше, цифрлық технологияларды қолдану студенттердің ойлау стилін өзгертеді және оларды оқу үдерісіне белсенді қатыстыруға жағдай жасайды [112]. Ғалымның бұл тұжырымы студенттердің цифрлық ортада ақпаратты қабылдау, өңдеу және қолдану ерекшеліктерін ескере отырып оқытуды ұйымдастырудың маңыздылығын көрсетеді. Зерттеуіміз тұрғысынан бұл идея қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін цифрлық оқыту технологияларын саналы түрде қолдануға және оқушылардың тілдік белсенділігін арттыруға даярлаудың өзектілігін айқындайды. Ю.К. Бабанский оқыту тиімділігі оқу үдерісін ұйымдастыруда қолданылатын құралдар мен әдістерді ғылыми тұрғыдан дұрыс таңдауға тәуелді екенін атап көрсетіп, қазіргі жағдайда ақпараттық технологиялардың рөлі айтарлықтай артқанын дәлелдейді [113]. Ғалымның пікірі цифрлық ұстанымды қазақ тілін оқытуда оқытудың

тиімділігін арттыратын маңызды әдістемелік жүйе ретінде негіздеуге мүмкіндік берді. Е.С. Полат: «Цифрлық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану студенттердің дербестігін, танымдық белсенділігін және шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етеді», - деп ғылыми тұрғыдан дәлелдеген [114]. Бұл тұжырым қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін цифрлық ресурстар мен интерактивті тапсырмаларды тиімді қолдануға даярлаудың ғылыми-әдіснамалық негізін құрайды. Отандық ғалым С.С. Сейталиев білім беруді цифрландыруды білім беру сапасын арттырудың және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын жаңғыртудың маңызды факторы ретінде қарастырады [115]. Ғалымның көзқарасы цифрлық ұстанымның ұлттық білім беру жүйесінде, соның ішінде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудағы маңызын айқындайды.

Аталған тұжырымдарды жинақтай келе, цифрлық ұстаным қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауды цифрлық білім беру ортасында жүзеге асыруға, тілдік білімді интерактивті әдістер мен цифрлық құралдар арқылы саналы меңгеруге және нақты педагогикалық жағдаяттарда тиімді қолдану қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіснамалық негіз ретінде қарастырылады. Бұл әдіснамалық негіздер болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қазақ тілін оқытуда әдіснамалық тұғырларын, құндылық-мақсатқа бағдарланған көзқарастарды, заманауи әдістерді және инновациялық технологиялардың тұтастығын бұзбай үйлесімді қолдануға мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау - студенттерді кәсіби жеңісте жемісті жолды таңдай білуіне даярлау деп анықталады.

Зерттеуімізде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау қарастырылатындықтан, оның пәнді меңгеруде инновациялық кәсіби қырларын қарастыру қажеттілігі туындады. Осыған байланысты, келесі бөлімде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі зерделенді.

2.2 Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Мамандық моделін құру бүгінгі күні өзекті мәселе болып табылады. Себебі, қазіргі кезде мемлекеттік кәсіби білім беру стандарттарына міндетті компоненттер саны азайтылып, көптеген білім беру мазмұнына қатысты мәселелерді шешу жоғары оқу орнының құзырына берілуде. Өйткені, қазіргі әлем жылдам өзгеруде, соған байланысты алдағы уақытта қоғамның нақты талаптары мен маман моделін құру білім беру мазмұнын ұдайы жетілдіру мен жаңартудың қажеттілігі күн сайын артуда. Модель - ойға алған нысанды қай қырынан қарауына байланысты көздеген нәрсенді анықтауға мүмкіндік беретін

ерекше құрылым. Модельді құрастыру іске асырудан әрекетке даярлықты бейнелейтін аралықты көрсетеді. Сондықтан зерттеу жұмысымыздың үшінші міндетіне сай қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін құру қажеттілігі туындады. Осыған байланысты алдымен модель, модельдеу ұғымдарының мәніне назар аударылды.

Американдық философ М. Вартофский: «Модель - келешек іс-әрекетке бағдарланған прототип. Модель - мақсатты іс әрекетке асыру және оларды іске асыратын құрал-жабдықтар болып табылады», - деп тұжырымдайды [116]. Автордың пікірінше, үлгі бір мезгілде мақсатты ескеріледі де оның жүзеге асуын кепілдейді. Философиялық сөздікте «модельдеу (фр. modele - үлгі, пішін) - зерттеу үшін арнайы жасалған бір объектіде басқа бір объектінің сипаттамасын қайта жаңғырту» деп берілсе, ал педагогикалық сөздікте: «модель (лат. modulus - үлгі, өлшем) - нысан және оған қарым-қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдардың бірі (шартты бейне, схема) деп анықтама берілген [117].

«Модель» - терминін алғаш рет немістің идеалист-философы, математик, физик әрі тіл маманы Г.В. Лейбниц енгізді [118]. Ресей ғалымы В.М.Полонский «модельді: түпнұсқа - жүйенің маңызды қасиеттерін тудыратын объектілер немесе таңбалар жүйесі», - деп түсіндірді [119]. Н.Д. Хмель болса, модельдеуді біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі деп есептеді [120]. В.А. Штофф «модель» ұғымын былай анықтайды: «бұл - ойша елестетілген немесе материалды жүзеге асырылған жүйе, ол - зерттеу объектісін бейнелей отырып, қайта жаңғыру арқылы оның орнын басуға қабілетті болады. Бұл жағдайда оны қарастыру бұл объект жөнінде бізге жаңа ақпарат береді [121]. Ғалымның берген анықтамасына сүйене отырып, алдымен ойша модель жасап алудың маңызы зор деп түсінеміз. Ғылыми түрде анығырақ айтар болсақ, модель дегеніміз - белгілі бір процесті немесе құбылысты басқаруға бағдарланған тұжырымдамалық құрал. Модельдеу - бұл объект үлгісін құру және модельді зерттеу арқылы объектінің қасиеттерін зерттеу үдерісі болып табылады. Ғалым Ш.Т. Таубаеваның «Педагогика әдіснамасы» атты еңбегінде педагогика саласындағы модельдеу мәселесіне кеңінен тоқталған. Ол «модель» түсінігінің латынның «modules» сөзінен туындағанына және ол «өлшем», «бейне» деген түсінікті білдіретіндігіне тоқталып, «модельдеу» түсінігі ғылым саласында әртүрлі мағынада пайдаланылатындығын атап көрсеткен [58]. Ғалымның берген түсініктемелеріне сүйене отырып, «модельдеу» объектінің арнайы жасалған пішінінің, нақты нысанының сипаттамасын өңдеп жасауы деген қорытынды жасадық. Н.В. Кузьмина еңбегінде: «модельдеу - бұл ерекше объектілерді - нұсқалар мен үлгілерді құрудан және зерттеуден тұратын, кез келген құбылыстарды зерттеудің жалпы ғылыми әдісі», - деп тұжырымдалған [122]. Ғалым бұл арада модель ретінде басқа құбылысқа ұқсас және зерттеу қиынға соғатын немесе мүлде мүмкін емес жасанды жолмен зерттеу үшін жасалған құбылыстарды зат, үдеріс, жағдай деп түсіндірген.

Педагогикалық ғылым саласында зерттеу тақырыбының теориялық және практикалық міндеттерін шешуде модельдеудің алатын орны ерекше. *Педагогикадағы модельдеу* - педагогикалық материалдардың, үдерістердің көшірмесін құрастыру, зерттелетін педагогикалық жүйелерді схемалық бейнелеу үшін қолданылады. Демек, *педагогикалық модель дегеніміз* - педагогикалық іс-әрекеттің моделі. Онда күтілетін нәтиженің түпкі ойы көрсетіліп, мәні айқындалады. Күтілетін нәтижені жүзеге асыруға қажетті құралдар мен шарттардың сипаттамасы беріліп, іс-әрекет субъектілері көрсетіледі. Ғалым Н.Ф. Талызина маман моделін жалпы әдістемелік классикалық түрде жасап ұсынған [123]. Автордың пікірінше, маманның кәсіби дайындық сапасы үш негізгі жайдың негізделген дәрежесіне сай болады:

- 1) оқыту мақсаты (не үшін оқу керек);
- 2) оқыту мазмұны (нені оқыту керек);
- 3) оқу процесін қалыптастыру ұстанымдары (қалай оқу керек) дей келе, маман моделінің үш құрамдас бөлігі болуы керектігін айтады (сурет 11):



Сурет 11 - Н.Ф. Талызина бойынша маман моделінің үш құрамдас бөлігі

Дегенмен, барлық «Модель», «Модельдеу» ұғымдарына берілген анықтамалар бір мазмұнға келіп тоғысады. Оған төмендегі кестеден өзге де ғалымдардың жұмыстарында берген анықтамаларына көз жеткізуге болады. Төмендегі кестеде ғалымдардың модельдеу ұғымына берген анықтамаларын ұсынамыз (Кесте 5).

Кесте 5 – «Модель», «Модельдеу» ұғымының авторлары мен олардың анықтамалары

1	М. Вартофский	«Модель - келешек іс-әрекетке бағдарланған прототип. Модель - мақсатты іс әрекетке асыру және оларды іске асыратын құрал-жабдықтар болып табылады», - деп тұжырымдайды
2	В.М. Полонский	«модельді: түпнұсқа - жүйенің маңызды қасиеттерін тудыратын объектілер немесе таңбалар жүйесі»
3	Н.Д. Хмель	модельдеуді біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі деп есептеді
4	В.А. Штофф	«бұл - ойша елестетілген немесе материалды жүзеге асырылған

5 – кестенің жалғасы

		жүйе, ол - зерттеу объектісін бейнелей отырып, қайта жаңғыру арқылы оның орнын басуға қабілетті болады. Бұл жағдайда оны қарастыру бұл объект жөнінде бізге жаңа ақпарат береді
5	Ш.Т. Таубаева	«модель» түсінігі латынның «modules» сөзінен туындаған. Ол «өлшем», «бейне» деген түсінікті білдіреді. «Модельдеу» түсінігі ғылым саласында әртүрлі мағынада пайдаланылады.
6	Н.В. Кузьмина	«Модельдеу - бұл ерекше объектілерді - нұсқалар мен үлгілерді құрудан және зерттеуден тұратын, кез келген құбылыстарды зерттеудің жалпы ғылыми әдісі»
7	Н.Ф. Талызина	Модель - зерттелетін педагогикалық үдерістің негізгі сипаттамалары мен өзара байланыстарын бейнелейтін, оны талдауға, ұйымдастыруға және болжауға мүмкіндік беретін шартты үлгі.

Сонымен біздің «модель», «модельдеу» ұғымдарына байланысты жасалған талдауымыз арқылы жоғарыда аталған авторлардың өздерінің зерттеу объектісіне қарай педагогика ғылымына айтарлықтай үлес қосқанын, олардың зерттеу нәтижелерінің тәжірибеде кеңінен қолданылып жүргені айқындадық.

Зерттеу барысында еңбегімізге жақын келетін шетелдік (Д.Н. Корнеев, И.Н. Кокорина, Ю.С. Дутикова, А.Р. Баянова және т.б.) және отандық (К.О. Оразбаева, Г.А. Тулегенова, Г.К. Есполова) ғалымдардың диссертациялық зерттеулеріндегі құрылымдық-мазмұндық модельдеу құрылымына және мазмұнына талдау жасадық. Мәселен, Д.Н. Корнеев болашақ менеджерлерді кәсіби іс-әрекетке практикалық-бағдарлық даярлауда *әдіснамалық, теориялық және әдістемелік даярлықты; көрсеткіштерді (білім, қарым-қатынас және өзіндік бағалау, қабілеттілік пен біліктер); деңгейлерді (жоғары, орта, төмен)* қарастырған [124]. И.Н. Кокорина өз зерттеуінде ұсынған ЖОО студенттерін болашақ кәсіби қызметке даярлаудың педагогикалық моделі мыналарды қамтыған: ЖОО студенттерін болашақ кәсіби қызметке даярлау мақсаттары, функциялары, қызмет мазмұны, ЖОО студенттерін болашақ кәсіби қызметке даярлау нысандары, әдістері, құралдары, критерийлері мен көрсеткіштері [125]. Ю.С. Дутикова Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-тұлғалық даярлығындағы сабақтастық қағидасын іске асыру (Мектеп-ЖОО жүйесінде) моделін ұсынады. Ол модельді өзара байланысқан екі блоктан:

1 блок - Мектеп: мақсат, компоненттер (білімділік, құндылықтық, тұлғалық) және диагностикалар;


2 блок - ЖОО: мақсат, компоненттер: (білімділік, құндылықтық, тұлғалық) мен біліктілік сынағын және деңгейлерді (жоғары, орта, төмен) деп қарастырған [126]. А.Р. Баянова Жоғары мектеп оқытушысының бәсекеге қабілеттілігін дамытуды педагогикалық қамтамасыз етудің құрылымдық-функционалдық моделін екі деңгейде (*ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық*) қарастырып, өзара байланысты блоктарды (*нормативтік, мақсатты, әдіснамалық, мазмұндық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, диагностикалық*) қамтыған және жоғары білім беру ұйымы шеңберінде жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби дамуын негіздеген [127]. К.О. Оразбаева өз

зерттеуінде педагогикалық модельдің теориялық әдіснамалық негіздері (*амалдар, ұстанымдар*), компоненттері (*мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік*), көрсеткіштері мен қалыптастыру үдерісінің мазмұны және ұйымдастырушылық формалары, әдістері, құралдары, деңгейлерін (*жоғары, орташа, төмен*) деп қарастырған [128]. Г.А. Тулегенова өз жұмысында Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу моделін ұсына отырып, негізгі мақсаты, міндеттері, қағидалары мен нормативтік негіздер жүйесін, патриоттық тәрбиелеу тетіктерін анықтаған [129]. Г.К. Есполова жаңартылған білім беру мазмұнында бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құру барысында әдіснамалық тұғырларды (*жүйелілік, тұлғаға бағдарланған, жеке тұлғалық, іс-әрекеттік, құзыреттілік*), ұстанымдарды (*дамыта оқу, ғылымилылық, өмірмен, практикамен байланыстылығы, жүйелілік және бірізділік, проблемалық, субъектілік, зерттеушілік іс-әрекетті өзі ұйымдастыру*), мазмұндық құрылымды (*тұлғалық-мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік*), мазмұны, формасы және нәтижесін топтастырған [130]. Жоғарыда айтылған ғалымдардың зерттеулеріндегі модельдеуді қорытар болсақ, олардың әрбірінің өз зерттеу объектілеріне сәйкес ерекшеліктері бар және бірін-бірі толықтыра түседі. Сонымен қатар, құрылымы да бір-бірімен тығыз байланысты құрамдас бөліктерден тұрады.

Қазіргі жаһандық цифрлық трансформация және жасанды интеллекттің білім беру саласына қарқынды енуі болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби даярлығына қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертуде. Әсіресе қазақ тілін оқытуда инновациялық педагогикалық технологияларды, цифрлық және жасанды интеллектке негізделген құралдарды тиімді қолдана алатын болашақ мұғалімді даярлау мақсатында зерттеу тақырыбымызға сай модель құрдық. Аталған мақсатқа сәйкес модельдің міндеттері:

- болашақ мұғалімдердің инновациялық кәсіби іс-әрекетке деген уәжін қалыптастыру;
- қазақ тілін оқытудағы инновациялық және жасанды интеллектке негізделген технологиялар туралы білімін жүйелеу;
- инновациялық педагогикалық әрекетті жүзеге асыру дағдылары мен тәжірибесін дамыту;
- цифрлық және жасанды интеллект құралдарын этикалық әрі педагогикалық тұрғыда қолдану қабілетін жетілдіру.

Ұсынылып отырған модель өзара тығыз үш компонент жиынтығын құрайды: *мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процесуалдық, инновациялық-іс-әрекеттік*. Әрбір компоненттің өзіндік атқаратын қызметі мен мазмұны бар. Модель құрылымының сызбасы төменде ұсынылған (Сурет 12).



Сурет 12 - Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Суретте көрсетілген модель компоненттері арасындағы сабақтастық пен тұтастық бейнеленген. *Мақсаттылық-мотивациялық компонент* мұғалімдерді инновациялық іс-әрекетке тартатын қозғаушы күш ретінде басқаларына ықпал етіп, жалпы жүйенің бағытын айқындайды. *Мазмұндық-процесуалдық компонент* даярлық мазмұнын құрап, оқу үдерісін ұйымдастыруды қамтиды. *Инновациялық-іс-әрекеттік компонент* осы дайындықтың практикалық жүзеге асуын сипаттайды және соңғы *нәтиже* болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық дайындығының деңгейіне тікелей әсер етеді.

Мақсаттылық-мотивациялық компонент. Бұл компонент қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновацияны қабылдауы мен оған ұмтылысын қалыптастыратын қозғаушы күштерді қамтиды. Яғни, студенттердің мақсаты - өзі меңгерген заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды практикада кәсіби қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілін оқытуда білім сапасын арттыруға қол жеткізу. Сондықтан студенттердің осы мақсатқа жетуге деген мотивациясы жоғары болуы қажет. Мотивациялық құрамдас қазақ тілін оқытуда болашақ мұғалімінің ішкі ниеті мен құндылықтық бағдарын сипаттайды. Зерттеу барысында бұл компоненттің негізгі көрсеткіштері ретінде заманауилыққа қызығушылық, қазақ тілін оқытуда заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды меңгеруге белсенділік, білім саласындағы өзгерістерге бейімделуі, табандылық пен мақсат қоюға және оны орындауға талпынуы алынған. Педагогикалық жоғары оқу орны студенттеріне де осы қасиеттерді дамыту олардың инновация енгізуге даярлығын қалыптастырудың алғышарты.

М.Ю. Кропотованың зерттеуі көрсеткендей, егер оқытушылар мен студенттерге кәсіби дамуға, өзгеріске құлшыныс туғызатын мотивтер жеткіліксіз болса, онда оларды инновацияға бейім маман ретінде тәрбиелеу қиын [131]. Сондықтан, оқу-тәрбие үдерісінде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жаңалыққа оң көзқарасы мен ішкі сұранысын қалыптастыру басты орынға ие болуы тиіс.

Зерттеуіміздегі бұл компонент қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімінің мотивациялық қатынасын анықтайтын жеке қасиеттерін, яғни қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке түрткі болатын әдіснамалық тұғырларды қалыптастыруды көздейді. Біздің пайымдауымызша, пәнге деген қызығушылық, қажеттілік, заманауи көзқарас қалыптастыруды негізге ала отырып, оны жүзеге асыру және ынталандыруға бағытталуы керек. Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне мұндай сапалардың қалыптасқан болуының мәні өте зор. Мәселен, адам өз іс-әрекетінде қандайда бір мақсатқа ұмтылатынын нақты білсе де, оның себептері туралы нақты айта алмайды. Яғни мотив мақсатқа жету жолын көрсетеді. Мотив дидактикада объектіге бағытталған әрекетке сай жасайтын ұмтылыс, түрткі, ниет, қызығушылық болып табылады. Мотивация бұлардың бірігіп іс-әрекетке бағыт беруі. Шындығында, қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімдерін

инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда болашақ маман қоғам үшін маңыздылығын жанымен түсінуі, оны өзінің жаңашылдық бағытта инновациялық кәсіби іс-әрекетінің негізі деп қабылдауы осы дайындықты нәтижелі етеді. Мұндай мотивтерді оята алу жоғары оқу орнындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қазақ тілін оқытуда басты бағыт болуы тиіс.

Ю. Семейкина: «Қандай іс-әрекет түрі болсын оның нәтижелі болуы, адамның жеке қасиеттерін дамытудың маңызды факторларына айналуы оған себеп болатын түрткіге тәуелді», деген [132]. Автордың ойын тұжырымдай келе, оқу мотивтер арқылы білім алумен қатар, қазақ тілі пәні негіздерінде берілетін қызмет тәсілдерін де ұйымдастыра алады деген қорытынды шығаруға болады. Өйткені, оқытудың басты мақсаты студенттерге белгілі бір білім жайлы ақпарат беру емес, ең бастысы оның бойындағы дарындылық қасиетін дамыту, оқу тапсырмасын жіберу мен оны бақылау дағдысы маңызды, ойлауға үйрету, белгілі бір білім ақпарат жиынтығын меңгертуден қарағанда, осы білімді үйрену әдісін меңгертуге қажетті қасиетін дамыту болып табылады.

Студент тұлғасының кәсіби қалыптасуындағы мотивациялық механизмдер табиғатын түсіндіру мақсатында А.Т. Мамекова жүргізген зерттеу нәтижелері маңызды ғылыми-теориялық негіз бола алады [133]. Зерттеуші кәсіби даярлау барысында тұлғалық өсу мен ішкі уәждің өзара байланысын талдай отырып, студенттердің оқу белсенділігін арттыру айқын психологиялық заңдылықтарға сүйенетінін көрсетеді. Ғалымның пайымы бойынша, оқу үдерісіндегі тұрақты ішкі мотивация кәсіби дағдылардың дамуын жеделдетіп қана қоймай, заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды саналы түрде қабылдауға және оларды практикалық іс-әрекетте қолдануына ықпал етеді. Автор студенттердің тұлғалық өсуінің психологиялық параметрлерін (қызығушылық, мақсатқа бағдарлану, өзін-өзі тану, рефлексия) кәсіби даярлықтың құрылымдық компоненттерімен байланыстырып, олардың бірлікте әрекет етуі кәсіби құзыреттердің қалыптасуын қамтамасыз ететінін дәлелдейді. Бұл тұжырым біздің зерттеуіміздегі инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау моделінің мақсаттылық-мотивациялық компонентін теориялық негіздеуде маңызды орын алады. А. Мамекова көрсеткен ішкі уәждің тұрақтылығы, оқу әрекетінің мәнділігі мен тұлғалық дамуға бағыттылығы студенттердің инновациялық іс-әрекетке қызығушылық танытуына және өз бетімен даму стратегиясын құра алуына ықпал ететін факторлар ретінде қарастырылады. Айтылған ойды негізге ала отырып, арнайы курс бағдарламасын әзірлеп, оны тәжірибелік-эксперименттік жұмыста қолдану барысында студенттердің мақсаттылық-мотивациялық деңгейінің артуы ғалым А. Мамекованың теориялық тұжырымдарымен үндеседі. Зерттеушінің пікірі жаңа мазмұнды меңгеру үдерісінде эмоционалдық-еріктік компоненттің белсенді әрекет етуі оқу нәтижелерінің сапасын арттыратынын көрсетеді. Демек, мақсаттылық-мотивация кәсіби инновациялық іс-әрекетке даярлау жүйесінің негізгі қозғаушы күші болып табылады және бұл факторды ескеруге бағытталған әдістемелік шешімдер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып

мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетінің өсу динамикасын қамтамасыз етеді.

Осы ғылыми пайымдарды негізге ала отырып, «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курс бағдарламасы тәжірибелік-эксперименттік жұмыста апробациядан өткізілді. Сонымен қатар, «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі» атты оқу құралы қолданысқа ұсынылып, ЖОО-да 6В01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасына енгізілді [134]. Бұл шаралар мақсаттылық-мотивациялық компоненттің мазмұнын жүзеге асыруға бағытталған нақты әдістемелік шешімдер ретінде диссертациялық зерттеу нәтижелерін толықтырды.

Мазмұндық-процесуалдық компоненттің модульдегі алар орны ерекше. Бұл компонент дайындық мазмұны мен оны жүзеге асыру үдерісін қамтиды. Атап айтқанда, студенттер қазақ тілін оқытудың заманауи әдістемелерін, инновациялық білім беру технологияларын, цифрлық білім ресурстарын қолдану сияқты білімдер жүйесін игереді. Зерттеуімізде бұл компоненттің өлшемі ретінде кәсіби теориялық білімдері мен біліктері алынды. Оның көрсеткіштері: болашақ бастауыш сынып мұғалімдері қазақ тілін оқу арқылы кәсіби білім алуда заманауи инновациялық технологиялар мен әдістер туралы жүйелі білімінің болуы; қазақ тілін оқу арқылы инновациялық әдістемені игеруі; оңтайлы нәтиже барысында кәсіби кеңес берудегі инновациялық белсенділігі іс-әрекеттері арқылы кәсіби даярлығы.

Мазмұндық компонентті іске асыру барысында Шымкент университетінің 6В01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасына «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курс енгізіп, студенттерге теориялық білім беру. Сонымен қатар, оқыту үдерісінің инновациялығы тек теориялық білім берумен шектелмей, студенттерді практикада кәсіби іс-әрекетке тартуды талап етеді. Сондықтан, біз мазмұндық компонент аясында теория мен практиканың бірлігі ұстанымын ұстанамыз. Әр теориялық білімді меңгерту оны іс жүзінде қолданатын тапсырмалармен бекітіледі. Мысалы: қазақ тілін сабақтарында студенттер топтық жобалар (цифрлық ресурспен сабақ өту) жасап, оны қорғауы немесе бастауыш сынып оқушыларына арнап инновациялық оқыту материалдарын (интерактивті ойындар, қысқа видеосабақтар) әзірлеуі мүмкін. Сол арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдері инновациялық әдістерді практикада сынап көріп, олардың тиімділігін зерделейді.

Мазмұндық-процесуалдық компоненттің тағы бір қыры - әдістемелік дайындықты дамыту. Яғни, студент тек заманауи әдістерді білуі ғана емес, оларды нақты оқу жағдайында бейімдеп қолдана алуы тиіс. Ол үшін педагогикалық практика барысында студент қазақ тілін оқытуда инновациялық технологиялар мен жасанды интеллект сауаттылығын тиімді пайдалануда өзіне деген сенімділігін арттып, кәсіби даярлануға бейімделеді.

Инновациялық-іс-әрекеттік компонент. Бұл компонент қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетті

тікелей орындау біліктіліктерін сипаттайды. Анығырақ айтқанда, даярлықтың нәтижелік бөлігі деуге болады. Студенттердің алған білім мотивациясын практика жүзінде іске асыру қабілеті. Іс-әрекеттік құрамдас өлшемі ретінде педагогикалық-инновациялық әрекетін қарастырып, қазақ тілін оқытуда инновациялық әдістемені игеруі; қазақ тілін оқытуда инновациялық әдістемелерді саралай алуы; қазақ тілін оқыту барысында инновациялық әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру барысында сыни пікір алмасу, тәуекелге баруы мен шешім қабылдай алу қабілеті деген көрсеткіштерін анықтадық. Оның негізгі белгілері: заманауи педагогикалық идеяларды оқу-тәрбие процесіне енгізе білуі, қолданатын инновациялық технологияларды талдап, тиімділігін бағалай алуы. Басқаша айтқанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімі қазақ тілін оқытуда теориялық білім мен мотивацияны нақты педагогикалық жағдайларда креативті пайдаланып, жаңалықты іс жүзінде жүзеге асыра алады. Бұл компонентті қалыптастыру үшін оқу процесінде жағдай жасаудың маңызы зор. Ең алдымен, рефлексия және креативті тапсырмалар арқылы студенттердің инновациялық шешімдер қабылдау, проблеманы тың әдіспен шешу дағдылары дамытылады. Айталық, әр практикалық сабақтан немесе студенттің өзіндік жұмыстарында (БӨЖ) студенттерге «Мен бүгін қандай инновация енгіздім?», «Қай әдіс тиімді болды?», «Нені өзгертуге болады?» деген сұрақтар төңірегінде рефлексивтік талдау жасату пайдалы. Бұл олардың өз әрекетін бағалап, жетілдіруге үйретеді. Екіншіден, студенттердің шынайы педагогикалық ортада инновацияны қолдану тәжірибесін жинақтауы қажет. Сол себептен, инновациялық-іс-әрекеттік компонент - болашақ бастауыш сынып мұғалімдері өзінің педагогикалық практика өтуі кезінде қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Осы арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімі қазақ тілін оқыту іс-әрекетінде заманауи әдістер мен платформаларды, жасанды интеллектіні кәсіби пайдалануға дайындығын көрсетеді және инновациялық технологияларға талдау жасай отырып, тиімді қолдану жолдарын ұйымдастыруға дағдыланады.

Ә.Е. Жұмабаева «Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясының «Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқыту инновациясы» бөлімінде: «Инновациялық оқыту жүйесінде білім берудің арнайы бір үлгілік типтік моделі болады, ол модель оқушының жай ғана іс-әрекетіне емес, сонымен бірге шығармашылық дербес қабілетіне негізделеді, - дей келіп, оған мына төмендегі жағдайда қол жеткізуге болатындығын атап көрсеткен:

1. Білім алудың дерек көздерін пайдалану арқылы (сезім арқылы қабылдауды іске асыратын көрнекіліктер);
2. Оқудағы іс-әрекет түрлері арқылы;
3. Танымдық үдерістің логикасы ойлау әрекеті және ой қозғалысы дауылын (мозговой штурм) туғызу арқылы (ойлаудың бүтіннен бөлшекке, бөлшектен бүтінге ауысуы, қорытындылар шығару тәсілі);

4. Таным үдерісінің психологиясын ескеру туралы» [135]. Ғалымның пікірінше, инновациялық оқыту жүйесі - оқушының жеке дара қабілетін, арнайы мүмкіндіктерін, шығармашылық ізденістерін дамытуға тікелей септігін тигізеді.

Инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әр компоненті қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың сапасын бағалайтын өлшемдер мен көрсеткіштер жиынтығымен айқындалуы керек. Сол себепті, таңдалған компоненттердің негізінде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың өлшемдері мен көрсеткіштері б-кестеде көрсетілді.

Кесте 6 - Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың компоненттеріне сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мақсаттылық-мотивациялық	Мақсатты мотивациялық қатынасы	<ul style="list-style-type: none"> - Мақсатқа сай ұйымдастырылатын оқу әрекеттеріне қатысуға ұмтылыс, студенттің жаңашылдыққа қызығуы; - Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгерте отырып, кәсіби даярлануы; - Білім саласындағы өзгерістерге бейімделу, табандылық пен мақсат қоюға және оны орындауға талпынуы.
Мазмұндық-процесуалдық	Кәсіби теориялық білімдері мен біліктері	<ul style="list-style-type: none"> - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері қазақ тілін оқу арқылы кәсіби білім алуда заманауи инновациялық технологиялар мен әдістер туралы жүйелі білімінің болуы; - Қазақ тілін оқу арқылы инновациялық әдістемені игеруі; - Оңтайлы нәтиже барысында кәсіби кеңес берудегі инновациялық белсенділігі іс-әрекеттері арқылы кәсіби даярлығы.
Инновациялық-іс-әрекеттік	Педагогикалық-инновациялық әрекеті	<ul style="list-style-type: none"> - Қазақ тілін оқытуда инновациялық әдістемені игеруі; - Қазақ тілін оқытуда инновациялық әдістемелерді саралай алуы; - Қазақ тілін оқыту барысында инновациялық әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру барысында сыни пікір алмасу, тәуекелге баруы мен шешім қабылдай алу қабілеті.

Кестеде келтірілген өлшемдер мен көрсеткіштерді айқындау қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновацияға ізденімділік қабілеттерін ұштауға, теорияның тәжірибемен байланысын таныту арқылы білімін тереңдетуге, әдістемелік және технологиялық дағдыларын қалыптастыруға сенімді тірек болады және көрсетілген көрсеткіштерге

сәйкестік деңгейіне байланысты әрбір жоғары оқу орнын бітіруші болашақ мұғалімге белгілі бір деңгейінің болуы туралы қорытынды жасауға болады. Сондықтан жоғарыда анықталған көрсеткіштері мен оны құраушы компоненттері негізінде үш деңгей (төмен, орта, жоғары) қарастырылады.

Төмен деңгей - қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекет туралы түсінігінің таяз болуы; пән бойынша инновациялық біліктілігінің жоқ болуы; қазақ тілін оқытуға қызығушылықтың жоқтығы; ортамен тіл табысуға, білім, білік, дағдыларды игеруге құлықты емес.

Орта деңгей - қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке көзқарасы жақсы. Қазақ тілі пәні бойынша оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын меңгеруге қабілетті; пән бойынша инновациялық материалдарға қызығушылық танытып, іріктей алады; ортада өзінің инновациялық кәсіби іс-әрекетіне баға бере алады.

Жоғары деңгей - қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке деген қызығушылығының жоғары болуы; оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын және жасанды интеллект сауаттылығын оқу жоспарының талаптарына сәйкес қазақ тілі пәні бойынша жоғарғы көрсеткіште қолдана алады; ортамен тез тіл табысады, ұжымда беделді.

Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың модельдеу қабілетін дамыту арқылы болашақ мұғалімдік қызметінде инновациялық әдістер мен технологиялар және жасанды интеллект сауаттылығын өзінің күнделікті тәжірибесіне енгізу жолдары қалыптастырылады. Модельдің күтілетін нәтижесінде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығы жоғары деңгейде қалыптасады. Дәлірек айтқанда, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімінің педагогикалық интеллекті, цифрлық және жасанды интеллект құзыреттілігі, креативті кәсіби белсенділігі артады.

Әртүрлі мамандықтағы маман моделі оның мақсаттары мен міндеттеріне, оқыту мазмұны мен кәсіби тұлғалық ерекшеліктерімен айқындалатыны анық. Оны дамыту жолында оқытудың мақсаттары мен міндеттерін, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын, жұмыс берушілердің қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескеруге жұмылдыру қажет. Сондықтан, модель сапа стандарты ретінде әрекет ете отырып, болашақ маман даярлау процесін тиімді әрі жүйелі етеді деп, моделге мынадай тұжырым жасаймыз: *«Педагогикалық ғылымда қалыптасқан инновациялық кәсіби іс-әрекет теорияларына, инновациялық педагогика қағидаттарына және қазақ тілін оқытудағы педагогикалық интеллект пен жасанды интеллект сауаттылығын қолданудың қазіргі талаптарына негізделі отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерінің инновациялық ойлауын, кәсіби әрекет тәжірибесін*

және цифрлық құзыреттілігін мақсатты әрі жүйелі түрде қалыптастыруды қамтамасыз етеді». Өзірленген құрылымдық-мазмұндық модель қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық негізін айқындайтын тұтас педагогикалық жүйе ретінде қарастырылды. Модельде даярлау үдерісінің компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері, жүзеге асырудың әдістемелік жүйесі, оқыту формалары, оқыту әдістері мен инновациялық технологиялары, күтілетін нәтижелері өзара сабақтастықта жүйеленіп, білім беру процесінің құрылымдық логикасы ғылыми тұрғыда негізделді. Осыған байланысты, модель әдістемелік жүйенің теориялық іргетасын қалыптастырып, кәсіби даярлауды теориялық тұғырнамасын белгілейтін ғылыми негіз болып, әдістемелік жүйе - оның практикалық іске асуын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық механизм болып табылды. Жоғарыда айтылғандар мен жасалған модельге сүйене отырып, келесі бөлімде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесін қарастырамыз.

2.3 Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі

Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даяр болашақ бастауыш мұғалімі - пәндік білім жүйесінің, іскерлік пен дағдының, кез-келген ғылыми білім сапасын меңгерген маман ғана емес, оқыту әдістемесі жүйесімен студенттерді қоғамдық сұранысқа сай даярланған инновациялық әдістемелермен қаруланған тұлға. Сондықтан да бұл бөлімде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі жасалды. Себебі, жеке оқыту әдістері ғана таңдалып қоймай, инновациялық кәсіби іс-әрекетті дамытудың біртұтас әдістемелік жүйесін құру қарастырылды.

Әдістемелік жүйені құрау үшін ең алдымен «жүйе», «әдіс», «әдістеме», «әдістемелік жүйе» категорияларының мәнін талдау қажет. Педагогикалық сөздікте: «Жүйе - бір-бірімен қарым-қатынаста болатын, белгілі бір тұтастықты, бірлікті құрайтын көптеген элементтер», - деп беріледі [136]. Біздің пайымдауымызша, өзара байланысты элементтер (әдістер, тәсілдер немесе тиімді ұйымдастырылатын жұмыс формалары т.б.) субъектілерімен (оқытушы, студент) байланыста болып, жаңа инновациялық кәсіби іс-әрекетті туындатады. Сонымен қатар, ЖОО-да 6B01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасына дағы «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» мазмұнын заманауи инновациялық әдістемелермен толықтыра отырып, сұранысқа сай маман даярлау үшін қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесін жасауға мүмкіндік туғызды.

Әдіскер-ғалым А. Жапбаров: «Әрбір тілдік материалдар әдістемелік жүйе теориясы бойынша орналасады», - дей келе, «жүйе дегеніміз - әр сыныптың шама-шарқына қарай сұрыптап алынған тілдік материалдардың өзіндік

белгілерін оқыту тәртібі», - деп анықтама берген [59]. Ғалымның берген анықтамасын зерттеу тақырыбымызға сәйкес, пәнді оқытудың әдістемелік жүйесін құруда есепке алынды.

Оқу сапасы оқытудың әртүрлі әдістерін шебер байланыстыруға және қажетті әдісті керек уақытында қолдана білуге байланысты екені мәлім. «Әдіс» сөзіне Қазақ Совет Энциклопедиясында былайша анықтама берген: «әдіс - (грекше - зерттеу) - дүниенің, қоғамның объективтік заңдылықтары мен құбылыстарын практика және теория жүзінде игеруге және өзгертуге бағытталған таным принциптерінің жиынтығы, зерттеліп отырған объекті жөніндегі мәліметтерді және ғылыми жаңалықтарды бір ізге келтіру тәсілдерінің жүйесі. Ғылыми әдістің негізгі мақсаты - объективтік ақиқатты ашу...» [137]. Ғалымдар әдіс туралы: «Метод в самом общем значении - способ достижения цели, определенным образом упорядоченная деятельность», - деген анықтаманы негізге алады [138]. Сонымен, әдіс дегеніміз - теорияны жүзеге асырудың басты құралы. Бұрыннан қалыптасқан қағидалар бойынша педагогиканың да, дидактиканың да негіздері белгілі бір әдіске сүйенеді де, сол арқылы жүзеге асады. Сондықтан «әдіс» сөзінің мағынасын нақтылап алып барып, оны іс жүзінде қалай қолдану керектігіне ерекше тоқталамыз. Оқу сапасы оқытудың әртүрлі әдістерін шебер байланыстыруға және қажетті әдісті керек уақытында қолдана білуге байланысты.

«Әдіске» қатысты анықтамалардың бәріне ортақ пікір - «белгілі бір мақсатты көздеген оқытушы мен студент арасындағы өзара қарым-қатынас және іс-әрекет». Олай болса, оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын студенттерге меңгертуде оқытушы мен студенттің қолданатын әдістері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Қазақ тілі ғылымын және оның проблемаларын, сонымен бірге қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салған көрнекті ғалым - Ахмет Байтұрсынов. А. Байтұрсыновтың қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының бастаушысы екендігі және қазақ тілін оқыту әдістемесінің қалыптасуының негізін алғаш қалаған ғалым екендігі белгілі. Ол өзінің «Қай әдіс жақсы», «Жалқылаулы-жалпылау әдісі», «Ана тілінің әдісі» атты зерттеу мақалалары мен «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл құрал» сияқты оқулықтарында тілді оқытудың әдістері мен тәсілдерін және оның тиімділіктері мен тілді үйретуге қатысты негізгі ұстанымдары мен белгілерін анықтап, жүйелеп берген [60].

Оқытушының әдістерді тандап алуы сабаққа оқу материалдарының мазмұнын дайындап алу кезінен басталады. Ол бұдан басқа дидактикалық мақсаттарға, студенттердің білім деңгейіне және оқытушының өз басының дайындық деңгейіне де байланысты болады. Қай әдіс болса да, оларға тән негізгі ортақ қасиет - оның практика арқылы жүзеге асуында. Ғалым Ф.Ш. Оразбаева тіл үйретуге қатысты әдістердің негізгі шарттарын былайша саралайды:

1. Теорияны практикамен дұрыс ұштастыра білу;
2. Теорияны сапалы түрде меңгертуге жол ашу;

3. Тиімді амал тәсілдер арқылы тілді тез үйренудің мүмкіншіліктерін қарастыру;

4. Ой мен іс-әрекеттің қатар жүруін қамтамасыз ету;

5. Тәжірибелердің жиынтығын жан-жақты қорыту арқылы іс жүзінде дұрыс қолдану [61]. Осылайша ғалым әдіс болмаса, теорияның жүзеге аспауын нақтылайды.

Белгілі әдіскер-тілші Ш.Х. Сарыбаев айтқандай, қай сабақты, қандай тақырыпты оқытсақ та, алдымен ондағы қиыншылықтарды білмей тұрып және ол қиыншылықтарды жеңудің методикалық жолын анықтамай тұрып, тақырыпты немесе тақырыпшаны бас салып оқыта беру - методикалық қате [62]. Сондықтан оқытушы қандай тақырыпты өтсе де, ондағы қиыншылықтарды жеңудің жолдарын іздестіріп, қандай әдіс-тәсілдерді қолданатынын алдын ала белгілеп алуы қажет. Оқытушының еңбегінің нәтижесі де осы әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана алуына тікелей байланысты болады.

А.С. Амирова «Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен практикасы» атты докторлық диссертациясында: «Мұғалім инновациялық әрекеттің субъектісі, әрі оның ұйымдастырушысы ретінде педагогикалық процесте жаңалықты қолданушы, таратушысы қызметін атқарып, пәндік білім беруде оның мазмұнын және ондағы өзгерістің нәтижесін көре біледі», - деген [63]. Автордың пайымдауынша, мұғалімдер өз пәндері бойынша әдістері мен білімдерін жиі жаңартып тұрғанда ғана маман ретінде инновациялық кәсіби іс-әрекеттің оң нәтижесін береді.

Әдістеме дегеніміз - педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір сала. Әдіскер-ғалым Қ. Молдабек «Бастауыш сыныпта қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясында: «Тілді оқыту теориясында бірде-бір пікірді не ережені екінші дәрежеге жатқызуға болмайды. Теорияның бүкіл мазмұны авторлар, әдіскерлер, дидактиктер үшін маңызды және аса қажет. Дегенмен әдістемелік негіздер қалған барлық бөліктердің ұйымдастырушы орталығы болып табылады. Өйткені, олар неге және қалай оқытудың іргетасын концептуалды негіздейді. Осы басты сұраққа жауап беру нәтижесінде қазақ тілін оқытудағы әдістемелік бағыттар және соған сәйкес оқыту ерекшеленеді», - дей келе, «...қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытуға арналған жаттығулар төмендегідей топтарға бөледі: ізденімдік жаттығулары, қатысымдық жаттығулары, бекіту жаттығулары. Осы жаттығу түрлері оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырып, тілін дамытады, білімін жүйелейді», - деп тұжырым жасаған [64]. Автор әдістемелік негіздер - оқытудың мазмұнына, бірізділігіне, оны жүргізудің көлеміне, мағыналылығына, оқу қызметінің түрлеріне, бақылаудың формаларына байланысты деп көрсетеді. Сол себепті, зерттеуімізге қарай тұжырымдар болсақ, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне әдістемелік жүйені әзірлеп, қазақ тілі пәні бойынша

берілетін тапсырма түрлерін беруде автордың тұжырымын негізге алатын боламыз.

«Әдістемелік жүйе» - үнемі жаңартылып отырады, әртүрлі инновациялық үдерістердің әсерінен жетілдіріледі. Алайда, білім сапасы көбінесе оқытушының жеке басының кәсіби ұтқырлығымен анықталады. Оқытушы неғұрлым сапалы әдістемелік өнімдер жасаса және әріптестерімен әдістемелік тәжірибені алмасу және дамыту үшін кәсіби байланыстар орнатса, әдістемелік жүйенің даму деңгейі соғұрлым жоғары болады. Әдістемелік жүйеде өткеннің, қазіргі мен болашақтың тарихи сабақтастығы немесе байланысының болуы шартты. Үнемі жаңарып отыру, динамиз жағдайында болашақ мұғалімнің жеке әдістемелік стиліне негізделеді және оның біліктілігімен, тәжірибесімен, кәсібилігімен анықталады. В.В. Краевскийдің еңбегінде: «Оқытудың әдістемелік жүйесі - педагогикалық іс-әрекеттің тұтас моделі», - деп көрсетілген. Сонымен қатар, В.В. Краевский: «әдістемелік жүйенің компоненттері оқытудың мақсаттары мен күтілетін нәтижелері, оқытудың мазмұны, әдістемелік қамтамасыз ету, оның ішінде оқыту әдістері, ұйымдастырушылық формалары мен құралдары», - деген анықтама берген [55]. Ғалымның бұл анықтамасына сүйенер болсақ, түзілетін әдістемелік жүйе оқытудың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететіндігі айқын танылады.


Ю.К. Бабанский әдістемелік жүйені құруда тиімді әдістерді таңдауға арнайы алгоритмдерден тұратын жеті қадамды ұсынады (Сурет 13) [56].



Сурет 13 - Әдістемелік жүйе алгоритмінің жеті қадамы


Ғалым әрбір әдіс оқытудың түрлі міндеттерін шешудегі салыстырмалы мүмкіндіктер деп қарастырған. А.М. Пышкалоның еңбектерінде пәнді оқытудың әдістемелік жүйесі бір-бірімен байланысты бес құрамдас бөліктен: мақсаттары, мазмұны, әдістері, білім берудің құралдары және ұйымдастыру формаларының жиынтығы болып табылады деп көрсетілген [57]. Ғалымның

пәнді оқытудың әдістемелік жүйесін құраушы компоненттері 14-суретте ұсынылды.



Сурет 14 - А.М. Пышкало бойынша пәнді оқытудың әдістемелік жүйесі

Тұжырымдағанда, инновация мәселесі - күрделі мәселе. Өйткені ол заман талаптарына орай үнемі жетілумен келеді. Әсіресе, оқыту, білім беру саласында инновациялық кәсіби іс-әрекеттің маңызы арта түсті. Сондықтан қазіргі кезде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда қазақ тілін оқыту әдістемесінің мәні артып келеді. Сондай-ақ, студенттердің инновациялық кәсіби іс-әрекет туралы білім, білік дағдыларын қалыптастыра отырып, қазақ тілін оқытудың әдістемелік жүйесі болу керек деп есептейміз. Зерттеу жұмысымыздағы ұсынылатын әдістемелік жүйені теория тұрғысынан қарастыра отырып, оның ашық жүйеге жататынын атап көрсетеміз. Себебі, ашық жүйенің ерекшелігі - ұсынылатын әдістемелік жүйенің уақыт өтуімен және заман талаптарының өзгеруімен бірге толығып, бейімделіп отыратын жүйе болуына тірек жасайды. Бұл жүйені құрудағы ең басты мәселе, ЖОО-дағы педагогикалық үдерісті біртұтас жүйе ретінде қарап, ұтымды ұйымдастыра алу деп есептейміз. Оқыту мәселелеріне арналған педагогикалық әдебиеттерде «әдістемелік жүйе» ұғымы сирек қолданылады және екі жақты көзқараспен түсіндіріледі. Әдістемелік жүйе студенттердің әдістемелік қабілеттерін қалыптастырады. Олар теориялық дәрістер мен педагогикалық іс-тәжірибе кезінде жетілдіріледі. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бәсекеге қабілеттілігі, заман талабына сай жаңа өзгерістерге дайындығы және кәсіби деңгейінің өсуі жоғары инновациялық білімнің болуымен анықталады. Әдістемелік жүйені құраушы элементтер өзгермелі болып келгенімен, оның құраушылары тұрақтылық сипатқа ие болып келеді. Басты құраушы элементтері: қоғамның қазіргі талаптары, оқытудың мақсаты, оқытудың міндеттері, оқытудың заманауи әдістері, оқытудың инновациялық технологиялары, қазақ тілі пәні бойынша берілетін тапсырма түрлері, күтілетін нәтиже. Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесінің құрылымы мен ерекшеліктері 15-суретте көрсетілді. Бұл жүйенің практикалық тұрғыда жүзеге асырылуы мен оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында дәлелденіп, тиісті нәтижелермен негізделді.



Сурет 15 - Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі

Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы заманауи әдістер әдістемелік жүйенің өзегін құрайды. Оқыту үдерісінде оларды мақсатты, жүйелі әрі өзара сабақтастықта қолдануға негізделеді. Аталған әдістер болашақ мұғалімнің кәсіби ойлауын, педагогикалық шешім қабылдау қабілетін, шығармашылық және рефлексиялық дағдыларын, сондай-ақ цифрлық және жасанды интеллектке негізделген педагогикалық әрекетін қалыптастыруға бағытталды.

Ғылыми еңбектерде оқытудың заманауи әдістері студенттердің инновациялық ойлауын, кәсіби дербестігін және педагогикалық әрекетке бейімделу қабілетін дамытуға ықпал ететін проблемалық, зерттеушілік, жобалау, интерактивті және цифрлық-бағдарланған әдістер жүйесі ретінде сипатталады. Аталған әдістер оқу үдерісін репродуктивті деңгейден инновациялық деңгейге көтеріп, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінде жаңашыл шешімдер қабылдауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, заманауи оқыту әдістері білім мазмұнын жаңғыртуға, пәнаралық байланысты күшейтуге және студенттің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталады. Олар оқытудың теориялық негізін тәжірибемен ұштастырып, болашақ мұғалімнің инновациялық педагогикалық әрекетке даярлығын жүйелі түрде дамытуға жағдай жасайды [139].

Біз ұсынған әдістемелік жүйенің мақсаты - қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау. Осы мақсатқа сәйкес инновациялық кәсіби ойлауды қалыптастыру, пәндік және әдістемелік білімді кіріктіру, шығармашылық пен рефлексиялық қабілеттерді дамыту, инновациялық технологияларды қолдану білігін дамыту міндеттері айқындалды. Замануи әдістерді қазақ тілін оқыту тәжірибесіне мақсатты енгізу болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын сапалық тұрғыда арттырып, инновациялық бағыттағы әдістемелік ойлауын қалыптастырудың тиімді тетігі ретінде қарастырылады [140]. Әдістемелік жүйеде қолданылған заманауи әдістер проблемалық оқыту, жобалау, кейс-стади, рефлексия және цифрлық және жасанды интеллектке негізделген әдістер аясында жүйеленіп, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруға қызмет етеді.

1. Проблемалық оқыту аясындағы әдістер. Проблемалық оқыту болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінде туындайтын педагогикалық мәселелерді өз бетінше анықтау, талдау және шешу қабілетін дамытуға бағытталды. Бұл әдіс аясында зерттеушілік және эвристикалық әдістер қолданылды. Зерттеушілік әдіс қазақ тілін оқытуда нақты проблемаларды (оқушылардың тілдік қателері, тапсырмаларды меңгеру деңгейі, оқу мотивациясының төмендеуі) талдау арқылы ғылыми негізделген педагогикалық шешімдер қабылдауға мүмкіндік берді. Ал эвристикалық әдіс болашақ мұғалімнің дайын әдістемелік үлгілерді қайталаумен шектелмей, жаңа педагогикалық идеялар ұсынуына және шығармашылық ойлауын дамытуға жағдай жасады.

2. Жобалау әдісі аясындағы заманауи әдістер. Жобалау әдісі қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетін алдын ала жоспарлау, модельдеу және нәтижеге бағыттау қабілетін қалыптастыратын негізгі әдістердің бірі болып табылады. Бұл әдіс аясында дизайн-ойлау, педагогикалық дизайн және сценарийлік әдіс қолданылды. Дизайн-ойлау әдісі студенттердің қажеттіліктерін ескере отырып, қазақ тілін оқыту әдістемесі пәніне арналған инновациялық шешімдер әзірлеуге бағытталса, педагогикалық дизайн әдісі оқу мазмұнын, тапсырмалар жүйесін және бағалау тетіктерін құрылымдауға мүмкіндік берді. Сценарийлік әдіс қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімін әртүрлі педагогикалық жағдайларға бейімдей отырып жобалауына жағдай жасады.

3. Кейс-стади әдістері. Бұл әдіс қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімін нақты педагогикалық жағдаяттарды талдау арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауға бағытталды. Осы әдістер аясында ситуациялық талдау, шешім қабылдау, рөлдік кейс және салыстырмалы кейс әдістері қолданылды. Ситуациялық талдау әдісі қазақ тілін оқытуда нақты оқу жағдайларын саралауға мүмкіндік берсе, шешім қабылдау әдісі бірнеше педагогикалық баламалардың тиімділігін бағалауға үйретті. Рөлдік кейс әдісі қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін тәжірибе жүзінде пысықтауға жағдай жасады. Ал салыстырмалы кейс әдісі дәстүрлі және инновациялық оқыту тәсілдерін салыстыру арқылы пәнді оқытуда тиімді әдістемелік шешімдерді таңдауға мүмкіндік берді.

4. Рефлексия аясындағы әдістер. Рефлексиялық әдістер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дамуын саналы түрде басқаруға бағытталды. Бұл әдістерді қолдану барысында метатанымдық рефлексия, портфолио арқылы рефлексия және кері байланысқа негізделген рефлексия әдістері жүзеге асырылды. Метатанымдық рефлексия әдісі қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімінің оқу және кәсіби әрекетін саналы түсінуіне мүмкіндік берсе, портфолио арқылы рефлексия әдісі кәсіби жетістіктерді жинақтап, талдауға жағдай жасады. Кері байланысқа негізделген рефлексия әдісі оқытушы мен студент арасындағы өзара әрекетті күшейтіп, кәсіби дамудың негізгі бағыттарын айқындауға көмектесті.

5. Цифрлық және жасанды интеллектке негізделген әдістер. Цифрлық және ЖИ-негізделген әдістер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің заманауи білім беру кеңістігінде кәсіби іс-әрекет атқаруға даярлығын қамтамасыз етеді. Аталған әдістер аясында цифрлық симуляция және жасанды интеллект қолдауымен оқыту әдістері қолданылды. Цифрлық симуляция әдісі қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімінің сабағындағы педагогикалық әрекеттерін модельдеуге мүмкіндік берсе, жасанды интеллект қолдауымен оқыту әдісі оқу тапсырмаларын дараландыруға, кері байланысты жедел ұйымдастыруға және студенттердің оқу нәтижелерін талдауға жағдай жасады.

Төмендегі кестеде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауға бағытталған әдістемелік жүйеде қолданылған заманауи әдістердің мақсаттары мен оларды жүзеге асыру нәтижесінде қалыптасатын кәсіби нәтижелердің өзара логикалық байланысы көрсетілді (Кесте 7).

Кесте 7 - Әдістемелік жүйеде қолданылған заманауи әдістердің мақсаты мен нәтижелері

Әдістер	Мақсаты	Нәтижесі
Проблемалық оқыту зерттеушілік, эвристикалық	Педагогикалық мәселелерді анықтау және шешу қабілетін дамыту	Инновациялық кәсіби ойлау, әдістемелік дербестік
Жобалау әдісі дизайн-ойлау, педагогикалық дизайн, сценарийлік	Сабақты жоспарлау және инновациялық модельдеу	Кәсіби жобалау дағдылары, шығармашылық қабілет
Кейс-стади әдістері	Нақты педагогикалық жағдаяттарды талдау	Педагогикалық шешім қабылдау қабілеті
Рефлексиялық әдістер	Кәсіби дамуды саналы басқару	Рефлексиялық мәдениет, өзін-өзі бағалау
Цифрлық және жасанды интеллектке негізделген әдістер	Цифрлық және жасанды интеллект құзыреттілігін қалыптастыру	Цифрлық-педагогикалық құзыреттілік

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда қолданылған заманауи әдістер әдістемелік жүйенің тұтастығын қамтамасыз етіп, болашақ мұғалімдердің кәсіби ойлауын, шығармашылық әлеуетін және цифрлық-педагогикалық құзыреттілігін жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік берді.

Аталған әдістердің тиімді жүзеге асуы әдістемелік жүйеде оқытудың инновациялық технологияларын мақсатты түрде қолданумен тығыз байланысты. Өйткені, дәл осы технологиялар кәсіби даярлықтың мазмұнын, қолданылатын әдістерді және күтілетін нәтижені біртұтас жүйе ретінде қамтамасыз ететін негізгі тетік болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауға бағытталған әдістемелік жүйеде оқытудың инновациялық технологияларын жүйелі қолдану қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби ойлауын, педагогикалық дербестігін, шығармашылық әлеуетін және цифрлық-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Мұндай технологияларды қазақ тілін оқытуда тиімді пайдалану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың мазмұнын жаңғыртып, инновациялық ойлаудың дамуына және кәсіби іс-әрекеттің заманауи талаптарға сәйкес ұйымдастырылуына жағдай жасады [141].

Әдістемелік жүйеде жобалық оқыту, интерактивті оқыту, цифрлық білім беру, жасанды интеллектке негізделген және критериалды бағалау технологиялары өзара байланыста қолданылды. Бұл технологиялар қазақ тілін оқытуда қолданылатын әдістер мен тәсілдерді дамытуға, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамасын жүзеге асыруға үлес қосады. Инновациялық технологияны қолданудағы мақсат - біліктілігіне сай кәсіби білім беру, студенттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және қажетті нәтижеге жету үшін ең аз уақытты, материалдық және зияткерлік ресурстарды қажет ететін ең тиімді, дәйекті білім беру іс-әрекетін құру және тәжірибеде қолдандыру арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау. Әсіресе қазақ тілін оқытуда инновациялық технологиялар жұмыстың жеке, топтық, ауызша және жазбаша нысандарын біріктіреді, сөйлеу әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қолдануға бағытталды [142].

1. Жобалық оқыту технологиясы. Жобалық оқыту технологиясы қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін жоспарлау, модельдеу және нәтижеге бағыттау қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бұл технологияда студент оқу мазмұнын дайын күйінде қабылдамай, оны өз тәжірибесі арқылы қайта құрастырады.

А.А. Сатбекованың «Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы» оқу құралында жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың заманауи бағыттары, соның ішінде жобалау технологиясын қолданудың теориялық-әдістемелік негіздері жүйелі түрде қарастырылған [143]. Автор қазақ тілін оқытуды тұлғалық-бағдарлы, әрекеттік және құзыреттілік тұрғылар негізінде ұйымдастырудың маңызын айқындай отырып, студенттердің танымдық белсенділігі мен шығармашылық дербестігін дамытуды басты нәтиже ретінде белгілейді. Жобалау технологиясы студенттің өздігінен ізденуіне, практикалық міндеттерді шешуіне және кәсіби бағыттылығын қалыптастыруына ықпал ететін тиімді құрал ретінде сипатталады. Аталған тұжырым біздің диссертациялық зерттеуіміздің негізгі идеяларымен мазмұндық тұрғыда үндеседі. Атап айтқанда, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда жобалау технологиясын, цифрлық және инновациялық әдістерді кіріктіру мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттырудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Бұл жобалау технологиясы А. Сатбекова еңбегінде жалпы дидактикалық құрал ретінде негізделсе, біздің зерттеу жұмысымызда қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесінде нақтыланып, тәжірибелік-эксперименттік жолмен дәлелденді.

Американдық ғалым W.H. Kilpatrick пікірінше, жобалық оқыту студенттің дербестігін арттырып, оның оқу-танымдық және кәсіби әрекетін белсендіреді [144]. Қазақ тілін оқытуда бұл технология қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерінің сабақ жобаларын, тапсырмалар жүйесін, цифрлық ресурстарды кіріктіре отырып әзірлеуіне мүмкіндік берді. Мысалы, студенттер

бастауыш сыныпқа арналған «Мәтінмен жұмыс» тақырыбы бойынша инновациялық сабақ жобасын құрастырып, оның әдістемелік негіздемесін жасады.

2. Интерактивті оқыту технологиясы. Интерактивті оқыту технологиясы студент пен оқытушы арасындағы өзара әрекетті күшейтуге, кәсіби коммуникация мен бірлескен танымдық әрекетті дамытуға бағытталған. Бұл технология қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімінің кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Осы ретте интерактивті оқыту теориясының негізін қалаушы Америкалық зерттеушілер D.W. Johnson және R.T. Johnson интерактивті оқытудың мәні студенттердің бірлескен әрекеті арқылы білімді меңгеруінде екені атап көрсетеді [145]. Ғалымдардың бұл тұжырымы оқыту үдерісінде танымдық белсенділікті арттыру мен білім алушылардың коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамытудың маңыздылығын дәлелдейді. Біздің зерттеу жұмысымызда аталған интерактивті оқыту технологиясы қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің топтық, жобалық және рөлдік ойындарды ұйымдастыру арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың тиімді әдістемелік негізі ретінде қарастырылды. Бұл болашақ мұғалімдердің пәнді оқыту барысында оқушылар белсенділігін арттыру тәсілдерін тәжірибеде меңгеруіне мүмкіндік берді.

3. Цифрлық білім беру технологиясы. Цифрлық білім беру технологиясы қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын заманауи білім беру кеңістігінің талаптарына сәйкестендіреді. Бұл технология оқу мазмұнын цифрлық форматта ұсынуға, визуализациялауға және оқу үдерісін дараландыруға мүмкіндік береді. N. Selwyn цифрлық технологияларды қолдану оқытудың тиімділігін арттырып, студенттердің танымдық белсенділігін күшейтетінін көрсетеді [146]. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне цифрлық технологиялар интерактивті тапсырмалар, онлайн жаттығулар, мультимедиалық мәтіндер арқылы қолданылды.

4. Жасанды интеллектке негізделген технологиялар. Жасанды интеллектке негізделген технологиялар қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімінің педагогикалық интеллектін жаңа деңгейде дамытуға бағытталған. Бұл технологиялар оқу тапсырмаларын дараландыруға, жедел кері байланыс беруге және білім нәтижелерін талдауға мүмкіндік береді. Ғалым R. Luckin жасанды интеллект білім беру үдерісінде оқыту сапасын арттырудың маңызды факторы екенін атап өтеді [147]. Ғалымның қорытындысын ескере отырып, қазақ тілін оқытуда жасанды интеллект технологиялары тілдік тапсырмаларды бейімдеу, оқу жетістіктерін автоматты талдау және оқыту траекториясын түзету мақсатында қолданылды.

5. Критериалды бағалау технологиясы. Критериалды бағалау технологиясы қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің бағалау мәдениетін қалыптастыруға және оқу нәтижелерін объективті бағалауға бағытталған. Бұл технология студенттің жетістіктерін алдын ала анықталған

критерийлер негізінде бағалауға мүмкіндік берді. Критериалды бағалаудың оқыту сапасын арттырудағы рөлі көптеген зерттеулерде көрсетілген [148]. Қазақ тілін оқытуда бұл технология тапсырмаларды бағалау өлшемдерін айқындау, кері байланыс беру және оқу нәтижелерін талдау арқылы жүзеге асырылды. Нәтижесінде, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда қолданылған жобалық, интерактивті, цифрлық, жасанды интеллектке негізделген және критериалды бағалау технологиялары әдістемелік жүйенің тұтастығын қамтамасыз етіп, инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығының сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесінде пән бойынша берілетін тапсырма түрлері болашақ мұғалімнің кәсіби ойлауын, әдістемелік дербестігін және инновациялық әрекетін қалыптастырудың негізгі құралы ретінде қарастырылды. Ұсынылған тапсырмалар жүйесі студенттің теориялық білімін практикамен ұштастыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға және цифрлық-педагогикалық құзыреттілігін арттыруға бағытталды.

1. Инновациялық сабақ жоспарын әзірлеу тапсырмалары. Бұл тапсырмалар қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің заманауи талаптарға сай жобалау, оқыту әдістерін саналы таңдау және күтілетін нәтижені алдын ала болжау қабілетін қалыптастырады.

Тапсырма: Бастауыш сыныптың «Мәтін және оның түрлері» тақырыбы бойынша инновациялық сабақ жоспарын әзірлеңіз. Сабақта проблемалық оқыту элементтерін, интерактивті тапсырмаларды және цифрлық ресурстарды кіріктіріп, қолданылатын әдістер мен күтілетін нәтижені негіздеңіз.

Аталған тапсырма қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің теориялық білімін практикалық әрекетпен ұштастырып, инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруға бағытталды. Сабақ жоспарын құрастыру үдерісінде проблемалық оқыту, жобалау, интерактивті әрекет, цифрлық және жасанды интеллектке негізделген әдістер өзара байланыста жүзеге асырылды. Бұл қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғаліміне сабақтың мақсатын, мазмұнын, әдістерін және күтілетін нәтижесін ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеуге мүмкіндік берді (Кесте 8).

Кесте 8 - «Мәтін және оның түрлері» тақырыбы бойынша тапсырманы орындауда қолданылатын әдістер мен технологиялар

Қолданылатын әдіс/ технология	Сабақ жоспарында жүзеге асу жолы	Күтілетін нәтиже
Проблемалық оқыту әдісі зерттеушілік, эвристикалық	«Берілген мәтіндер неге әртүрлі мақсатта жазылған?» деген проблемалық сұрақ қою, мәтіндерді салыстыру	Болашақ мұғалімнің талдау, дәлелдеу және проблеманы шешу қабілеті қалыптасады
Жобалау әдісі педагогикалық дизайн,	Сабақтың құрылымын (мақсат–әдіс–нәтиже)	Сабақты жүйелі жоспарлау және нәтижеге бағдарлау

сценарийлік әдіс	жобалау, кезеңдерге бөліп	дағдысы дамиды
------------------	---------------------------	----------------

8 - кестенің жалғасы

1	2	3
	сценарий құру	
Интерактивті оқыту технологиясы	Жұптық және топтық тапсырмалар: мәтін түрлерін анықтау, постер қорғау	Коммуникативтік және бірлескен жұмыс дағдылары қалыптасады
Цифрлық білім беру технологиясы	Мәтіндерді интерактивті тақтада, презентация немесе онлайн платформада ұсыну	Цифрлық-педагогикалық құзыреттілік дамиды
Жасанды интеллектке негізделген технологиялар	Жасанды интеллект арқылы мәтінге кері байланыс алу немесе тапсырманы саралау	Оқу тапсырмаларын дараландыру және кері байланысты тиімді ұйымдастыру қабілеті қалыптасады
Критериалды бағалау технологиясы	Сабақ соңында мәтін түрлерін анықтауға арналған критерийлер арқылы бағалау	Бағалау мәдениеті және объективті кері байланыс дағдысы дамиды
Рефлексия әдістері	«Мен сабақта қандай әдісті не үшін қолдандым?» деген рефлексиялық тапсырма	Өзіндік талдау және кәсіби рефлексия қалыптасады

Бұл тапсырманы орындау барысында қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімі инновациялық тұрғыда жобалауды, оқыту әдістері мен технологияларын сабақ мақсатына сәйкес саналы түрде таңдауды, цифрлық және жасанды интеллектке негізделген құралдарды педагогикалық тұрғыда тиімді қолдануды, сондай-ақ сабақ нәтижесін алдын ала болжау мен бағалауды меңгерді. Бұл өз кезегінде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығы қалыптасуына негіз болды.

2. Деңгейлік және сараланған тапсырмалар. Деңгейлік және сараланған тапсырмалар қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімнің оқыту дағдысын қалыптастыруға бағытталған.

Тапсырма: «Сөз таптары» тақырыбы бойынша бастауыш сынып оқушыларына арналған үш деңгейлі тапсырмалар жүйесін құрастырыңыз:

- базалық деңгей - сөз таптарын ажырату;
- орта деңгей - сөздерді сөйлем ішінде қолдану;
- жоғары деңгей - мәтін құрастыру арқылы сөз таптарын қолдану.

«Сөз таптары» тақырыбы бойынша бастауыш сынып оқушыларына арналған үш деңгейлі тапсырмалар жүйесін құрастыру барысында зерттеуде ұсынылған оқытудың заманауи әдістері мен инновациялық технологияларын қолданылуын қадағалау маңызды. Осы үш деңгейлі тапсырмалар жүйесін құрастыру барысында оқыту әдістері мен инновациялық технологияларды сабақ мақсатына сәйкес таңдауды, тапсырмаларды саралап жоспарлауды, оқушылардың оқу нәтижесін критериалды бағалауды және цифрлық әрі жасанды интеллектке негізделген құралдарды педагогикалық тұрғыда

қолдануды меңгерді. Бұл қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығының қалыптасуына ықпал етті.

Сөз таптарын ажырату бойынша базалық деңгейдегі тапсырмаларды әзірлеуде проблемалық оқыту әдісі аясында эвристикалық әдіс және интерактивті оқыту технологиясы қолданылды. Студенттерге сөз таптарын ажырату арқылы проблемалық жағдаят туындата отырып, цифрлық білім беру технологиялары арқылы интерактивті жаттығулар, онлайн тесттер жасатылды. Бұл деңгейде критериалды бағалау технологиясын қолданып, әр сөз табын дұрыс анықтау нақты өлшемдер арқылы бағаланды. Нәтижесінде, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда сараланған тапсырмаларды ұйымдастырудың әдістемелік негізін меңгерді.

Орта деңгей - сөздерді сөйлем ішінде қолдану бойынша тапсырмаларын құрастыру барысында жобалау әдісі аясында педагогикалық дизайн және кейс-стади әдістері аясында ситуациялық талдау қолданылды. Студенттерге берілген сөздерді сөйлем ішінде орынды қолдану жағдаяттары ұсынылды. Бұл кезеңде интерактивті оқыту технологиясы арқылы жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылды. Ал цифрлық технологиялар сөйлем құрастыруға арналған визуалды және мәтіндік құралдар ретінде пайдаланылды. Соңында студенттерге тапсырмаларды күрделендіріп тілдік дағдыларын дамыту әдістері меңгерілді.

Жоғары деңгей - мәтін құрастыру арқылы сөз таптарын қолдануда тапсырмалары жобалық оқыту технологиясы, зерттеушілік әдіс және рефлексия әдістері негізінде құрастырылды. Студенттерге бір тақырыпта мәтін құрастыруды ұсынып, мәтінде әр сөз табының қолданылуын негіздеуді талап етілді. Бұл деңгейде жасанды интеллектке негізделген технологиялар: мәтінге автоматты кері байланыс, тілдік қателерді анықтау құралдары қолданылды. Сабақ соңында рефлексиялық тапсырмалар арқылы студенттер өз жұмыстарын бағалады. Аталған тапсырманы орындату арқылы студенттердің тілдік шығармашылығы дамиды. Күрделі деңгейдегі тапсырмаларды жоспарлау, бағалау және талдау дағдылары қалыптасады.


Осы үш деңгейлі тапсырмалар жүйесін құрастыру барысында студенттер оқыту әдістері мен инновациялық технологияларды сабақ мақсатына сәйкес таңдауды, тапсырмаларды саралап жоспарлауды, оқу нәтижесін критериалды бағалауды және цифрлық әрі жасанды интеллектке негізделген құралдарды педагогикалық тұрғыда қолдануды меңгерді. Бұл қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауды қалыптастыруға ықпал етті.

3. Проблемалық тілдік тапсырмалар. Проблемалық тілдік тапсырмалар қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда тілдік материалды проблемалық жағдаят арқылы меңгертуді ұйымдастыру қабілетін дамытады.

Тапсырма: Оқушылар мәтін құрастыру барысында сөйлемдердің байланысын сақтай алмай отыр деген жағдаят ұсынылады. Осы мәселені

шешуге бағытталған проблемалық тапсырма құрастырып, оны қазақ тілі сабағында қолдану жолдарын сипаттаңыз.

Тапсырма мазмұны: Студенттер оқушылардың мәтін құрастыру барысында сөйлемдердің өзара байланысын сақтай алмау жағдайына айқындайды. Осы проблемалық жағдаятты шешуге бағытталған тапсырма жасайды. Аталған тапсырма қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда проблемалық жағдаяттарды анықтау, оларды талдау және тиімді әдістемелік шешімдер қабылдау қабілетін қалыптастыруға бағытталды. Төменде проблемалық тілдік тапсырманың орындалу кезеңдері сызба түрінде жүйеленіп көрсетілді (Сурет 16).



Сурет 16 - Мәтін құрастыруға арналған проблемалық тапсырманың орындалу кезеңдері

Проблемалық тапсырманы жүзеге асыруда ең алдымен проблемалық оқыту әдісі қолданылды. Бұл әдіс аясында зерттеушілік және эвристикалық тәсілдер өзара байланыста жүзеге асты. Студенттен оқушыларға сөйлемдері ретсіз немесе логикалық байланысы бұзылған мәтінді не үшін ұсынғанын, олардан сөйлемдердің не себепті бір-бірімен байланыспай тұрғанын анықтауды талап етілді. Осы кезеңде зерттеушілік әдіс арқылы студенттер мәтіннің құрылымын, сөйлемдердің мағыналық және грамматикалық байланысын талдайды. Эвристикалық әдіс негізінде сөйлемдерді байланыстырудың жолдарын, атап айтқанда жалғаулықтарды, есімдіктерді, қайталау мен тақырыптық бірлікті қолдану тәсілдері ұсынылды. Проблемалық тапсырманың орындалу үдерісі жобалау әдісінің сценарийлік тәсілі арқылы жүйеленді. Тапсырманың орындалу кезеңдерін - мәселені түсіну, шешу жолдарын ұсыну және мәтінді қайта құрастыру - алдын ала жоспарлап, оны сабақ құрылымына енгіздік. Сонымен қатар, тапсырманы орындау барысында кейс-стади әдістері қолданылды. Ситуациялық талдау әдісі арқылы «Бұл мәтінде қандай қателік бар?» және «Сөйлемдер неге бір-бірімен байланыспай тұр?» деген сұрақтар ұсынылады. Шешім қабылдау әдісі арқылы бірнеше нұсқаның ішінен ең тиімді мәтін құрылымын таңдау жүзеге асырылады. Тапсырма интерактивті оқыту технологиясы негізінде жұптық, топтық жұмыс түрінде ұйымдастырылды. студенттер бірлесіп сөйлемдерді ретке келтіріп, мәтіннің логикалық құрылымын қалпына келтірді. Мұндай жұмыс формасы кәсіби коммуникацияны, өзара пікір алмасуды және бірлескен танымдық әрекетті

дамытады. Проблемалық тапсырманы орындауда цифрлық және жасанды интеллектке негізделген технологиялар да маңызды рөл атқарады. Цифрлық технологиялар интерактивті тақтада сөйлемдерді жылжыту, мәтін бөліктерін қайта құрастыру арқылы жүзеге асырылса, жасанды интеллектті қолдауымен оқыту мәтінге автоматты кері байланыс алу және сөйлемдердің байланысын тексеру мүмкіндігін берді. Бұл қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімнің цифрлық-педагогикалық және жасанды интеллект сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған. Тапсырманың соңында рефлексия әдістері аясында метатанымдық рефлексия қолданылды. Студенттер «Мен сөйлемдердің байланысын қалай анықтадым?» және «Қандай әдіс тиімді болды?» деген сұрақтар арқылы өз әрекеттерін талдайды. Бұл тәсіл болашақ мұғалімнің кәсіби рефлексиясын дамытуға мүмкіндік береді.

Осы проблемалық тапсырманы орындау барысында проблемалық жағдаяттарды талдауды, оқыту әдістері мен инновациялық технологияларды мақсатқа сай таңдауды, сондай-ақ оқушылардың мәтін құрастыру дағдысын дамытуға бағытталған тапсырмаларды жобалауды меңгереді. Бұл өз кезегінде оның қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығының қалыптасуына негіз болады.

4. Жобалық және зерттеушілік тапсырмалар

Бұл тапсырмалар болашақ мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін және жобалық іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған.

Тапсырма: «Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда сөздік қорды дамыту» тақырыбы бойынша шағын зерттеу жобасын әзірлеңіз. Жобада мақсатты, қолданылатын әдістерді, тапсырмалар жүйесін және күтілетін нәтижені көрсетіңіз.

Бұл тапсырманы орындау барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімі зерттеуде айқындалған заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды жүйелі түрде қолдана отырып, жобалық және зерттеушілік іс-әрекетті жүзеге асырады. Жобаның *мақсаты*: бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын дамытуға ықпал ететін тиімді педагогикалық әдістер мен тапсырмалар жүйесін анықтау және оны тәжірибеде негіздеу. Осы мақсатқа жету үшін жобада проблемалық оқыту, жобалау әдісі, кейс-стади, интерактивті оқыту, рефлексия және цифрлық әрі жасанды интеллектке негізделген әдістер өзара байланыста қолданылады.

Зерттеу жобасының бастапқы кезеңінде проблемалық оқыту әдісі жүзеге асырылды. Бұл кезеңде зерттеушілік әдіс арқылы оқушылардың сөздік қорын дамытуда кездесетін қиындықтар талданды. Ал эвристикалық әдіс негізінде оны шешудің ықтимал жолдары ұсынылды. Жобаны жүзеге асыру үдерісінде жобалау әдісі жетекші орын алды. Педагогикалық дизайн тәсілі арқылы зерттеу жобасының құрылымын мақсат - әдістер - тапсырмалар - күтілетін нәтиже жүйеледі. Сценарийлік әдіс жобаның орындалу кезеңдерін бірізділікпен жоспарлауға мүмкіндік берді. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби жобалау дағдысын қалыптастырды. Жобаның мазмұнын іске асыру барысында интерактивті оқыту технологиясы қолданылып, сөздік қорды дамытуға

бағытталған тапсырмалар жұптық және топтық жұмыстар арқылы ұйымдастырылды. Кейс-стади әдістері арқылы сөздік қорды дамытуға қатысты нақты оқу жағдаяттары талданып, тиімді педагогикалық шешімдер ұсынылды.

Зерттеу жобасында цифрлық және жасанды интеллектке негізделген технологиялар да қолданылды. Цифрлық ресурстар арқылы жаңа сөздерді меңгеруге арналған интерактивті жаттығулар ұсынылып, ЖИ-қолдауымен оқыту элементтері мен кері байланысты жедел ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Бұл болашақ бастауыш мұғалімнің цифрлық-педагогикалық және жасанды интеллект сауаттылығын дамытуға бағытталды. Жобаның қорытынды кезеңінде рефлексия әдістері жүзеге асырылды. Болашақ мұғалім жобаны орындау барысында қолданылған әдістер мен тапсырмалардың тиімділігіне талдау жасап, алынған нәтижелерді бағалады. Бұл кезеңде метатанымдық рефлексия болашақ мұғалімнің кәсіби дамуын саналы түрде бағалауына мүмкіндік берді. Осы шағын зерттеу жобасын орындау нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімі сөздік қорды дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесін ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеуді, оқыту әдістері мен инновациялық технологияларды мақсатқа сай таңдауды және оларды қазақ тілі сабағында тиімді қолдануды меңгерді. Бұл өз кезегінде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың қалыптасуына негіз болды.

5. Цифрлық және жасанды интеллектке негізделген тапсырмалар. Цифрлық және ЖИ негізделген тапсырмалар қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда цифрлық-педагогикалық және ЖИ сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған.

Тапсырма: Қазақ тілі сабағына арналған цифрлық тапсырма әзірлеңіз. Тапсырмада оқушылардың мәтінмен жұмысын бағалауға арналған ЖИ қолдауымен кері байланыс элементін қолданып, оның тиімділігін негіздеңіз.

Тапсырманың мақсаты: студенттердің мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту және олардың тілдік әрекет нәтижесін объективті бағалау үшін жасанды интеллектке негізделген кері байланыс мүмкіндіктерін тиімді қолдану. Бұл тапсырма қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда цифрлық-педагогикалық және ЖИ сауаттылығын қалыптастыруға, оқу жетістіктерін талдаудың заманауи тәсілдерін меңгеруіне бағыттау.

Тапсырманың мазмұны: студенттердің берілген мәтінді талдау және қайта өңдеу қабілеттерін дамытуға негізделді. Студенттерге шағын көлемді мәтін ұсынылып, мәтін мазмұнын сақтай отырып, негізгі ойды анықтау, сөйлемдердің байланысын талдау және қысқаша жауап немесе шағын мәтін құрастыру талап етілді. *Тапсырманы орындау реті:* бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен ұсынылған мәтінмен танысып, негізгі мазмұнын түсінеді. Келесі кезеңде мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап береді немесе мәтіннің негізінде қысқаша жазба жұмысын орындайды. Орындалған жұмыс цифрлық платформаға жүктеліп, ЖИ қолдауымен кері байланыс жүйесі арқылы талданады. Жасанды интеллект құралдары студенттердің мәтінмен жұмысындағы негізгі

көрсеткіштерді (мазмұнның сақталуы, сөйлемдердің байланысы, сөз қолданысы) анықтап, жедел кері байланыс ұсынады. Соңында оқытушы ЖИ ұсынған кері байланысты талдап, педагогикалық тұрғыда толықтырып, студенттермен бірлесіп талқылайды. Бұл кезеңде рефлексия элементтері енгізілді. Мәтінмен жұмыс *нәтижесінде* орындалған тапсырма цифрлық ортада ұсынылып, ЖИ қолдауымен кері байланыс беру жүйесі арқылы бағаланды. Бұл кері байланыс мәтін құрылымының сақталуын және логикалық байланысын көрсетуге бағытталды.

6. Рефлексиялық және өзіндік талдау тапсырмалары. Рефлексиялық тапсырмалар қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда кәсіби дамуын саналы түрде бағалауға және өзіндік талдау жасауға мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеулерде рефлексия педагогтің кәсіби дамуының маңызды шарты ретінде қарастырылады. Мәселен, Д. Шон педагогикалық рефлексияны кәсіби әрекетті жетілдірудің негізгі механизмі деп сипаттап, мұғалімнің өз тәжірибесіне жүйелі түрде талдау жасауы кәсіби шеберліктің өсуіне ықпал ететінін атап өтеді [149]. Сол сияқты, Дж. Дьюи рефлексияны оқыту үдерісін саналы ұйымдастырудың негізі ретінде қарастырып, мұғалімнің тәжірибені талдау арқылы жаңа педагогикалық шешімдер қабылдау мүмкіндігін дәлелдейді [150].

Тапсырма: Өзіңіз әзірлеген қазақ тілі сабағына рефлексиялық талдау жасаңыз. Сабақта қолданылған әдістердің тиімділігін, кездескен қиындықтарды және оларды жетілдіру жолдарын сипаттаңыз.

Берілген тапсырма қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өзі әзірлеген рефлексиялық талдау жасауына бағытталған. Рефлексиялық талдау барысында сабақта қолданылған оқыту әдістерінің тиімділігі, оқу үдерісінде туындаған қиындықтар және оларды жетілдіру жолдары жүйелі түрде сипатталады. Бұл тапсырма болашақ бастауыш мұғалімінің кәсіби өзін-өзі бағалау, педагогикалық әрекетін саналы түрде талдау және оны жетілдіру қабілетін қалыптастыруға негіз болды. Рефлексиялық талдау сабақтың мақсат-міндеттеріне қол жеткізу деңгейін, қолданылған заманауи әдістер мен инновациялық технологиялардың нәтижелілігін, студенттердің оқу белсенділігін арттырудағы ықпалын анықтауға мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан алып қарағанда рефлексия қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда кәсіби дамуын қамтамасыз ететін маңызды әдістемелік тетік ретінде қарастырылады.

Сабаққа рефлексиялық талдау мазмұны: Оқытушы алдымен сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтижелерін айқындап, орындалу деңгейіне талдау жасайды. Одан кейін сабақта қолданылған проблемалық оқыту, жобалау, интерактивті әдістер, цифрлық және жасанды интеллектке негізделген технологиялардың тиімділігі бағаланады. Талдау үдерісінде сабақ барысында кездескен қиындықтар, студенттердің мәтінмен жұмысындағы қателіктер, уақытты тиімді пайдаланудағы олқылықтар және тапсырмаларды саралау

мәселелері анықталды. Осы анықталған қиындықтарға сәйкес оларды шешудің нақты жолдары ұсынылды. Талдаудың соңғы кезеңінде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру бағыттарын белгіленді. Рефлексиялық талдау мазмұны төмендегі құрылым бойынша жүзеге асырылды (Кесте 9).

Кесте 9 - Рефлексиялық талдау мазмұны

Талдау аспектілері	Сабақта қолданылуы	Анықталған қиындықтар	Жетілдіру жолдары
Оқыту әдістері	Проблемалық оқыту, жобалау, интерактивті әдістер	Кейбір оқушылардың оқу белсенділігінің төмендігі	Тапсырмаларды саралау, топтық жұмысты күшейту
Инновациялық технологиялар	Цифрлық және ЖИ қолдауымен кері байланыс	Цифрлық құралдарды қолдануда уақыттың жетіспеуі	Алдын ала цифрлық дайындықты күшейту
Оқушылардың оқу әрекеті	Жұптық және топтық жұмыс	Мәтін құрастыруда логикалық байланыс сақталмауы	Қосымша тілдік жаттығулар енгізу
Бағалау және кері байланыс	Критериалды бағалау	Өзіндік бағалаудың жеткіліксіздігі	Рефлексиялық тапсырмалар санын арттыру

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі пәні бойынша берілетін тапсырма түрлері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын қамтамасыз етіп, олардың әдістемелік, шығармашылық және цифрлық-педагогикалық құзыреттілігін жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ұсынылған әдістемелік жүйені жүзеге асыру нәтижесінде қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке дайын бастауыш сынып мұғалімі қалыптасты. Мұндай мұғалім кәсіби даярлықтың мазмұнын, әдістерін және технологияларын біртұтас жүйеде меңгеріп, оларды оқу үдерісінде саналы әрі тиімді қолдана алады.

Күтілетін нәтижеде болашақ бастауыш сынып мұғалімі:

– *инновациялық кәсіби ойлауға ие.* Қазақ тілін оқытуда дәстүрлі және заманауи әдістерді салыстыра отырып, педагогикалық жағдаяттарға сәйкес тиімді шешім қабылдай алады;

– *пәндік және әдістемелік білімді кіріктіре алады.* Қазақ тілі пәнінің мазмұнын оқыту әдістемесімен байланыстырып, сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтижесін нақты айқындайды;

– *шығармашылық және рефлексиялық қабілеттері дамыған.* Өз кәсіби іс-әрекетіне талдау жасап, оқыту тәжірибесін жетілдіру жолдарын анықтай алады;

– *инновациялық әдіс-тәсілдер мен технологияларды меңгерген.* Проблемалық оқыту, жобалау, кейс-стади, рефлексиялық әдістерді қазақ тілі сабақтарында тиімді қолдана алады;

– *цифрлық және ЖИ негізделген педагогикалық әрекетке дайын.* Цифрлық ресурстарды, интерактивті құралдарды және жасанды интеллект

мүмкіндіктерін оқу тапсырмаларын дараландыру, кері байланыс ұйымдастыру және оқу нәтижелерін талдау мақсатында қолдана алады;

– *оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған кәсіби ұстанымға ие.* Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу мотивациясын дамытуға жағдай жасайды.

Қазіргі заман талабына сай студенттердің сапалы да саналы білім алуына ықпал етуші құралдарды пайдалануда жаңа педагогикалық инновацияларды орнымен дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу - әрбір оқытушының негізі міндеті болып табылады. Қорыта айтқанда, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қалыптасуына инновациялық кәсіби іс-әрекеттің алатын орны ерекше. Сол себепті, бастауыш сынып студенттеріне қазақ тілінен әдістемелік оқыту үдерісі жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін тоқтап қалмай, мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесі мен мектепте де жалғасын тапса ғана инновациялық кәсіби іс-әрекеті шындала түседі және әдістемелік жұмыстың нәтижелері кәсіби дайындық саласында да, кәсіби маңызды қасиеттерді дамытуда да инновациялардың жоғары нәтижелігін көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандар негізінде біз өз зерттеу тақырыбымызға орай әдістемелік жүйеге мынадай анықтама бердік: *«Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі - инновациялық оқыту мазмұны мен әдістерін біріктіре отырып, болашақ мұғалімнің кәсіби, тұлғалық және цифрлық дамуын қамтамасыз ететін мақсатты ұйымдастырылған педагогикалық жүйе.*

Ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігі диссертациялық жұмыстың 3.3 тәжірибелік-эксперименттік нәтижелері бөлімінде дәлелденді. Әдістемелік жүйе арнайы курс мазмұны негізінде жүзеге асырылып, студенттердің инновациялық кәсіби даярлық деңгейінің динамикасы сандық және сапалық талдаулармен көрсетілді.

Зерттеу жұмысының келесі бөлімінде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлық деңгейін айқындауға бағытталған анықтаушы диагностиканың мазмұны жан-жақты ашып, оны жүзеге асыруда қолданылған әдістемелер мен өлшемдік-көрсеткіштік жүйені ғылыми тұрғыда сипаттайтын боламыз.

3 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың анықтаушы диагностикасы

Алдыңғы тарауларда қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауды қалыптастырудың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері жүйелі түрде зерделенді. Зерттеу барысында инновациялық білім беру ортасының мазмұндық және құрылымдық сипаттамалары айқындалып, негізгі ғылыми ұғымдар мен категориялар нақтыланды. Сонымен бірге, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруға негіз болатын әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар өзара байланыста қарастырылды. Осы негізде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен оны жүзеге асыруға бағытталған әдістемелік жүйе әзірленіп, мазмұндық тұрғыда сипатталды. Алынған теориялық және әдіснамалық тұжырымдар тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жоспарлауға, оның әдістемесін айқындауға және зерттеу мазмұнын практикалық тұрғыда іске асыруға негіз болып табылады.

Зерттеу жұмысымызға байланысты ғылыми және әдістемелік еңбектер мен әдебиеттерді талдаулар зерттеу жұмысымыздың алдына қойылған ғылыми болжамына сәйкес, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау үш негізгі кезенді құрайды. Ең алдымен анықтау, екінші қалыптастыру, үшіншісі бақылау кезеңі - нәтижені тексеру жұмыстары (Сурет 17).



Сурет 17 - Тәжірибелік-эксперимент жұмысының кезеңдері

Әр кезеңнің өзіндік ерекшелігіне сай мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижелері анықталды (Кесте 10).

Кесте 10 - Тәжірибелік-эксперимент кезеңдерінің мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижелері

Эксперимент кезеңдері	Кезеңнің мақсаты	Кезеңнің міндеттері	Күтілетін нәтижелер
I кезең (2021-2022) Анықтау кезеңі	Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығының бастапқы деңгейін анықтау	- инновациялық кәсіби іс-әрекетке деген мотивациялық ұстанымды айқындау; - инновациялық әдістер мен технологиялар туралы бастапқы білім деңгейін анықтау; - кәсіби жетістікке ұмтылу, бәсекеге қабілеттілік және өзін-өзі дамытуға бейімділігін диагностикалау; - зерттеуге қатысушылардың бастапқы көрсеткіштерін жинақтау	- студенттердің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығының бастапқы деңгейі (төмен, орта, жоғары) айқындалады; - қалыптастыру кезеңін жоспарлауға негіз болатын диагностикалық деректер алынады
II кезең (2022-2023) Қалыптастыру кезеңі	Арнайы курс негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын мақсатты түрде қалыптастыру	- қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауға арналған арнайы курсты енгізу; - проблемалық оқыту, жобалау, кейс-стади, рефлексиялық, цифрлық және ЖИ негізделген әдістерді жүйелі қолдану; - инновациялық сабақ жоспарлары мен тапсырмалар жүйесін әзірлету; - кәсіби ойлау, шығармашылық және цифрлық-педагогикалық құзыреттілікті дамыту	- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығының деңгейі артады; - инновациялық ойлау, кәсіби дербестік және цифрлық құзыреттілік қалыптасады
III кезең (2023-2024) Бақылау кезеңі	Қалыптастыру кезеңінде жүргізілген жұмыстың тиімділігін тексеру және алынған нәтижелерді бағалау	- бақылау диагностикасын жүргізу; - анықтау және бақылау кезеңдері нәтижелерін салыстыру; - инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлық деңгейінің өзгеріс динамикасын анықтау; - арнайы курстың тиімділігі туралы ғылыми қорытынды жасау	- арнайы курстың тиімділігі эксперименттік деректермен дәлелденеді; - қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығының оң динамикасы айқындалады

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының мақсаты: қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың бастапқы деңгейін анықтау, оны қалыптастырудың мазмұнын жүзеге асыру және эксперимент нәтижелерін талдау.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының келесідей міндеттері анықталды:

- Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекет деңгейін анықтау;

- Тәжірибелік-эксперимент жұмысы кезеңдерінің мақсаттары мен мазмұнын нақтылау;

- Алға қойылған тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері негізінде тексеру;

- Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелерін талдау, түсініктеме беру және ұсынған әдістеменің тиімділігі жайында түйін жасау.

Қойылған міндеттер шешіліп, көзделген мақсатқа қол жеткізу үшін диагностикалық, бақылау, талдау, математикалық статистикалық әдістер қолданылды.

Анықтау кезеңі І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Шымкент университеті және Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің 6В01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 3-курс студенттері арасында жүргізілді. Жалпы зерттеуге 123 студент қатыстырылды. Бұл кезеңде барлық қатысушыларға бірдей диагностикалық құралдар қолданылып, олардың бастапқы көрсеткіштері салыстырмалы түрде анықталды. Эксперименттік зерттеу дизайны бойынша арнайы курс тек Шымкент университетінде енгізіліп, сынақтан өткізілді. Сондықтан Шымкент университетінің студенттері - эксперименттік топ (51 студент), яғни инновациялық бағыттағы арнайы курсты оқып шыққан топ болып белгіленді. Ал І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (32 студент) мен Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ (40 студент) студенттері бақылау топтары ретінде қарастырылды (Қосымша К, Қ). Анықтау кезеңінің мазмұны зерттеуде ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модельдің компоненттеріне: мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процесуалдық және инновациялық іс-әрекеттік сәйкес ұйымдастырылды (Кесте 11).

Кесте 11 - Компоненттер бойынша таңдалған диагностикалық әдістемелер

Компоненттер	Диагностикалық әдістемелер
1	2
Мақсаттылық-мотивациялық	1. «Инновациялық кәсіби іс-әрекет жайлы не білесіз» атты сауалнама (авторлық эзірлеме) 2. «Оқу мотивациясының бағытын диагностикалау» әдістемесі (Т.Д.Дубовицкая бойынша)
Мазмұндық-процесуалдық	1. «Жеке адамның жетістікке жету қажеттілігін психодиагностикалау» әдістемесі (Т.Элерс бойынша) 2. Тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау тесті (В.И.Андреев бойынша)

11 - кестенің жалғасы

1	2
Инновациялық-іс-әрекеттік	1. «Тұлғаның бағытын анықтау әдістемесі – жетістікке жету/сәтсіздікке жол бермеу» (А.А.Реан бойынша) 2. «Өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің деңгейін диагностикалау» (Л.Н.Бережнова әдістемесі бойынша)
- Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың эксперименттік нәтижелері У.Госсеттің «Стьюдент t критериясы» арқылы шығарылды.	

Эксперименттің бастапқы кезеңінде зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін анықтау мақсатында біз келесі деректерді алдық.

1. Мақсаттылық-мотивациялық компонентке сәйкес, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған сауалнама» (авторлық әзірлеме) алынды.

Әдістеме 1. Мақсаттылық-мотивациялық компонентті анықтау мақсатында қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын, инновациялық ұғымдар туралы түсініктерін, сондай-ақ жаңашылдыққа деген уәжі мен қызығушылығын айқындауға бағытталған авторлық сауалнама қолданылды. Сауалнама «*Кәсіби мамандықтағы инновациялық іс-әрекет жайлы не білесіз?*» деген атаумен авторлық тұрғыда әзірленіп (Қосымша А), эксперименттік және бақылау топтарының студенттеріне жүргізілді. Сауалнама ашық сипатта өтті. Студенттерден өз пікірлерін еркін әрі шынайы білдіруі талап етілді. Зерттеуге эксперименттік топ ретінде Шымкент университетінің 51 студенті, ал бақылау тобы ретінде І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дың 72 студенті қатысты.


Сауалнама нәтижелерін талдау барысында «*Инновациялық әрекет*» және «*кәсіби іс-әрекет*» ұғымдарын білесіз бе?» деген алғашқы сұраққа эксперименттік топтың 72%-ы, ал бақылау тобының 16%-ы ғана «иә» деп жауап бергені анықталды. Бұл көрсеткіш студенттердің басым бөлігінде аталған ұғымдар туралы тек жалпы сипаттағы түсінік бар екенін, алайда олардың мәні мен мазмұнын терең түсінбейтінін көрсетті.

Сауалнаманың келесі сұрағы «*Бастауыш сыныпта қазақ тілі сабағын оқытуда инновациялық технологияларды қолдануға даярсыз ба?*» деген сұраққа жауаптарды талдау барысында эксперименттік топтың 78,2%-ы, бақылау тобының 75%-ы «жауап беруге қиналамын» деген нұсқаны таңдағаны байқалды. Бұл жағдай студенттердің инновациялық технологиялар туралы нақты білімінің жеткіліксіздігінен туындағанын көрсетеді. Ал «*Қазақ тілі сабағында инновациялық технологияларды қолдануға даярмын*» деген оң жауапты эксперименттік топтың 26,5%-ы, бақылау тобының 23%-ы берген. Бұл көрсеткіш болашақ бастауыш сынып мұғалімдері арасында инновациялық технологияларды қолдануға қызығушылықтың бар екенін көрсеткенімен, оның жүйелі сипатқа ие емес екенін аңғартады. Жаңашылдыққа және инновациялық жетістікке жетуге ұмтылу деңгейін анықтайтын сұраққа

эксперименттік топтың 53,2%-ы, бақылау тобының 55%-ы оң жауап бергенімен, студенттердің көпшілігі жаңашылдыққа жетудің нақты жолдары мен қадамдарын білмейтінін айқындады.

«Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа идеяларды ұсынуға, жаңалықтарды ойлап табуға және оларды сабақ барысында жүзеге асыруға даярсыз ба?» деген сұраққа эксперименттік топтың 73,2%-ы, бақылау тобының 77%-ы «жоқ» деп жауап берді. Студенттер біздіңше бұл қиындық тәжірибенің жеткіліксіздігімен және әдістемелік сенімсіздікпен байланыстырды. «Кәсіби мамандықта инновациялық іс-әрекетті педагогикалық үдерісте қолдану қажет деп санайсыз ба?» деген сұраққа эксперименттік топтың 63%-ы, бақылау тобының 65%-ы оң жауап берді. Ал «Инновациялық әрекет мұғалімнің кәсіби өсуіне ықпал етеді деп есептейсіз бе?» деген сауалға эксперименттік топтың 60%-ы, бақылау тобының 58%-ы «иә» деп жауап беріп, инновациялық әрекеттің кәсіби дамудағы маңызын мойындады. Сауалнаманың соңғы «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетіндегі инновациялық әрекетті мақсатты түрде дамыту қажет деп есептейсіз бе?» деген сұрағына эксперименттік топтың 70%-ы, бақылау тобының 73%-ы оң жауап берді. Бұл көрсеткіштер студенттердің инновациялық кәсіби іс-әрекетінің маңызын түсінетінін, алайда оны жүзеге асыруға дайындық деңгейінің жеткіліксіз екенін көрсетті.

Әрбір іс-әрекет барлығында бірдей нәтижелі болмайды. Нәтижелі болуы оның сол іс-әрекеттің тиімді жолын, әдісін табу керек. Сол себепті, алынған авторлық сауалнаманың анықтау эксперименті бойынша төменде деңгейлік көрсеткіші ұсынылды (Сурет 18).



Сурет 18 - Эксперименттік және бақылау топтарының инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығының деңгейлік көрсеткіштерін салыстыру

Суретте көрсетілген көрсеткіштер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын мақсаттылық-мотивациялық компоненті бойынша бастапқы деңгейін сипаттайды. Эксперименттік және бақылау топтарында орта және төмен

деңгей көрсеткіштерінің басым болуы студенттердің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығының жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетеді және қалыптастыру кезеңінде арнайы курсты енгізудің қажеттігін негіздейді.

Дегенмен сауалнаманы талқылау барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби мамандыққа дайындаудағы инновациялық іс-әрекетінің мақсаттылық-мотивациялық деңгейін анықтау нәтижелі жетістікке жеткенін көрсетті. Студенттердің өзіне деген сенімділігін және жаңашылдыққа ұмтылуға деген талпынысын, кәсіби өсуіне инновациялық әрекеттің қажет екенін байқауға болады. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқытуда инновацияларды белсенді түрде қолдану болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жаңа құралы ретінде оқытудың жаңашыл әдістері мен технологияларын қолдану осы мәселелерді шешудің бір жолы болып табылады. Яғни, инновациялық іс-әрекет болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби маман ретінде қалыптасуында оқушы мен мұғалімнің өзара әрекетін, қарым-қатынасын өзгертсе, қазақ тілін оқытуда инновациялық іс-әрекет болашақ бастауыш мұғалімінің ойлау қабілетін өзгертеді. Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетін дамытуды ескере отырып, жоғарыда келтірілген ғылыми жұмыстар мен оқушылардан алынған сауалнамаға берілген жауаптарды басшылыққа ала отырып, зерттеу аясында мынадай болжамдар жасаймыз:

- *пәнаралық мазмұн*: болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда оқу пәндерінің мазмұны пәнаралық байланыста болады. Яғни, топтық немесе жеке оқытуда инновациялық әрекеттерді пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық ойлау арқылы өз бетінше білім алуына мүмкіндік береді;

- *ынтымақтастық*: болашақ бастауыш сынып мұғалімдері инновациялық оқытудың жаңа түрлерін пайдалануға мүмкіндік алады және оқушылардың сабаққа психологиялық дайындығы мен белсенділігін арттырады;

- *болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығы мен дағдыларын қалыптастыру және дамыту*: олардың жоғары оқу орнында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жаңашылдыққа бейімдеуге мүмкіндік беру.

Әдістеме 2. Келесі *Т.Д. Дубовицкаяның «Оқу мотивациясының бағытын диагностикалау» әдістемесі* қолданылды (Қосымша Ә). Аталған әдістеме студенттердің оқу әрекетінде ішкі (танымдық, кәсіби қызығушылыққа негізделген) және сыртқы (баға, бақылау, формалды талаптармен шартталған) мотивацияның басымдылығын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аталған әдістеме бойынша мақсаттылық-мотивациялық компоненттің үш деңгейі анықталды:

Төмен деңгей - оқу әрекетінде сыртқы мотивацияның басым болуымен сипатталады. Бұл деңгейдегі студенттер оқу тапсырмаларын негізінен формалды талаптарды орындау, баға алу немесе бақылаудан өту мақсатында орындайды. Инновациялық кәсіби іс-әрекетке қызығушылық әлсіз немесе тұрақсыз болып келеді. Қазақ тілін оқытуда заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды қолдану қажеттілігі толық түсінілмейді. Жаңа педагогикалық идеяларды ұсыну мен іске асыруда сенімсіздік байқалады.

Орта деңгей - ішкі және сыртқы мотивацияның аралас сипатымен көрініс табады. Бұл деңгейдегі студенттер оқу әрекетіне қызығушылық танытқанымен, олардың кәсіби уәжі тұрақсыз болып келеді. Инновациялық іс-әрекетке деген оң көзқарас бар. Алайда ол көбіне оқытушының талаптары, бағалау жүйесі немесе сыртқы ынталандырулармен шартталады. Болашақ мұғалімдер инновациялық технологияларды қолдануға дайын екендігін білдіргенімен, оларды жүйелі және саналы түрде қолдану дағдысы жеткілікті деңгейде қалыптаспаған.

Жоғары деңгей - студенттің оқу әрекетінде ішкі мотивацияның басым болуымен сипатталады. Бұл деңгейдегі болашақ бастауыш сынып мұғалімдері қазақ тілін оқуда білімді тек формалды талап ретінде емес, кәсіби өзін-өзі дамыту құралы ретінде қабылдайды. Олар қазақ тілін оқытудағы заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды меңгеруге саналы түрде ұмтылады. Оқу тапсырмаларын орындауда дербестік танытады және жаңа педагогикалық идеяларды жүзеге асыруға қызығушылық білдіреді. Инновациялық кәсіби іс-әрекет бұл деңгейдегі студенттер үшін тұрақты кәсіби уәжге айналған.

Анықтау кезеңінде жүргізілген диагностика нәтижелері эксперименттік және бақылау топтарындағы студенттердің көпшілігінде сыртқы мотивацияның басым екенін көрсетті. Атап айтқанда, эксперименттік топта ішкі мотивация деңгейі 34%, ал сыртқы мотивация 66% құрады. Бақылау тобында бұл көрсеткіштер сәйкесінше 31% және 69% болды. Алынған нәтижелер студенттердің инновациялық іс-әрекетке қызығушылығы бар екенін, алайда бұл қызығушылықтың тұрақты кәсіби уәж деңгейіне әлі толық қалыптаспағанын көрсетті.

Қалыптастыру кезеңінде арнайы курстың мазмұнына инновациялық оқыту әдістері, жобалық және проблемалық тапсырмалар, рефлексиялық жұмыстар, сондай-ақ цифрлық және ЖИ-негізделген құралдар енгізілді. Бұл оқу әрекетінің мазмұнын тұлғалық-мағыналық деңгейге көтеріп, студенттердің ішкі мотивациясын күшейтуге бағытталды.

Бақылау кезеңінде жүргізілген қайта диагностика нәтижелері эксперименттік топта ішкі мотивацияның айтарлықтай артқанын көрсетті. Атап айтқанда, эксперименттік топта ішкі мотивация деңгейі 34%-дан 58%-ға дейін өсіп, сыртқы мотивация 66%-дан 42%-ға дейін төмендеді. Ал бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс байқалмай, ішкі мотивация 31%-дан 36%-ға дейін ғана артты, сыртқы мотивация деңгейі басым күйінде сақталды (Кесте 12).

Кесте 12 - Оқу мотивациясының динамикасы (%)


Топтар	Кезеңдер	Ішкі мотивация (%)	Сыртқы мотивация (%)
Эксперименттік топ n = 51	Анықтау кезеңі	34	66
	Бақылау кезеңі	58	42
Бақылау тобы n = 72	Анықтау кезеңі	31	69
	Бақылау кезеңі	36	64

Алынған динамикалық өзгерістер эксперименттік топта арнайы курстың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу әрекетіндегі мотивациялық құрылымға оң ықпал еткенін дәлелдейді. Ішкі мотивацияның артуы студенттердің инновациялық кәсіби іс-әрекетке саналы түрде қызығушылық танытып, өзіндік кәсіби дамуға ұмтылысын күшейткенін көрсетеді.

Т.Д. Дубовицкая әдістемесі бойынша алынған нәтижелер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығында мотивациялық компоненттің шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді. Арнайы курстың енгізілуі студенттердің сыртқы уәжден ішкі кәсіби уәжге көшуіне ықпал етіп, инновациялық іс-әрекетке тұрақты кәсіби қызығушылықтың қалыптасуына негіз болды.

Әдістеме 3. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың мазмұндық-процесуалдық компонентін анықтау мақсатында **«Жеке адамның жетістікке жету қажеттілігін психодиагностикалау»** әдістемесі (Т. Элерс бойынша) пайдаланылды (Қосымша Б).

«Жеке адамның жетістікке жету қажеттілігін психодиагностикалау» әдістемесінің (Т. Элерс бойынша) мақсаты - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жетістікке жетуге бағытталған мотивациясының деңгейін анықтау олардың оқу-кәсіби іс-әрекетінде табысқа ұмтылу, мақсат қою, нәтижеге жету және өзін-өзі дамытуға деген ішкі қажеттілігінің қалыптасу дәрежесін айқындау. Зерттеу аясында бұл әдістеме қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың мазмұндық-процесуалдық компонентін анықтауға бағытталып, студенттердің инновациялық іс-әрекетке дайындығын мотивациялық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берді. Тәжірибеден алынған алғашқы диагностикалық мәліметтер төмендегі кестеде ұсынылған (Сурет 19).



Сурет 19 - Анықтау экспериментінің Т. Элерс әдістемесі бойынша қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда жетістікке жету мотивациясы деңгейлерінің пайыздық (%) көрсеткіші

Диаграммада көрсетілгендей, алғашқы диагностика нәтижелері екі топта да жетістікке жету мотивациясының төмен деңгейінің басым екенін көрсетті. Эксперименттік топта төмен деңгей 60,7% - ды, орта деңгей 37,3% - ды, ал жоғары деңгей 2,0% - ды құрады. Бақылау тобында да ұқсас жағдай байқалды: төмен деңгей шамамен 64%, орта деңгей 33% - ға жуық, жоғары деңгей 3% шамасында болды.

Бұл мәліметтер зерттеу басталар алдында екі топтағы студенттердің жетістікке жету мотивациясы негізінен төмен және орта деңгейде қалыптасқанын, ал жоғары деңгейдегі ішкі уәждің үлесі өте аз болғанын көрсетті. Мұндай бастапқы көрсеткіштер қалыптастырушы кезеңде мақсатты педагогикалық ықпал жүргізудің қажеттілігін негіздеді.

Мазмұндық-процесуалдық компоненттің келесі диагностикалық әдістемесі бойынша *«Тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау тестін (В.И. Андреев бойынша)»* жүргіздік (Қосымша В).

Әдістеме 4. Аталған әдістеме студенттердің кәсіби ортада өз орнын табу, өзін-өзі дамытуға ұмтылу, бәсекелестік жағдайында тиімді әрекет ету қабілеттерін бағалауға мүмкіндік берді. Анықтау эксперименті барысында эксперименттік және бақылау топтарындағы студенттердің жауаптары балдық жүйе арқылы өңделді. Әр жауап нұсқасы белгілі бір ұпаймен бағаланып, атап айтқанда: А - 5 балл, Б - 4 балл, В - 3 балл, Г - 2 балл, Д - 1 балл түрінде есептелінді. Жинақталған ұпайларды қосу нәтижесінде әр студенттің жалпы көрсеткіші 30 балдан 150 балға дейінгі аралықта анықталды. Алынған нәтижелер В.И. Андреев ұсынған интерпретациялық шкала негізінде талданып, тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейі келесі сатылар бойынша жіктелді:

- 30-42 балл - өте төмен,
- 43-57 балл - төмен,
- 58-70 балл - орташадан төмен,
- 71-83 балл - орташадан сәл төмен,
- 84-96 балл - орташа,
- 97-109 балл - орташадан сәл жоғары,
- 110-122 балл - орташадан жоғары,
- 123-137 балл - жоғары,
- 138-140 балл - өте жоғары,
- 141-150 балл - ең жоғары.

Осы шкала негізінде эксперименттік және бақылау топтарындағы студенттердің бәсекеге қабілеттілік деңгейлері анықталып, олардың пайыздық және сандық көрсеткіштері 13-кестеде ұсынылды.

Кесте 13 - В.И. Андреев әдістемесі бойынша студенттердің бәсекеге қабілеттілік деңгейі

Деңгейлер	Эксперименттік топ n = 51	Бақылау тобы n = 72
Төмен	21 адам (41,2%)	32 адам (44,4%)
Орта	23 адам (45,1%)	30 адам (41,7%)
Жоғары	7 адам (13,7%)	10 адам (13,9%)
Барлығы	51 (100%)	72 (100%)

Кестеде берілген деректер анықтау эксперименті кезеңінде эксперименттік және бақылау топтарында студенттердің бәсекеге қабілеттілік деңгейі негізінен орта және төмен деңгейлерде шоғырланғанын көрсетті. Жоғары деңгей көрсеткіші екі топта да мардымсыз болып, бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау барысында бәсекеге қабілеттілікті мақсатты түрде қалыптастыру қажеттігін айқындайды.

Инновациялық-іс-әрекеттік компонент бойынша *«Тұлғаның бағытын анықтау әдістемесі - жетістікке жету/сәтсіздікке жол бермеу» (А.А. Реан бойынша)* жасалынды (Қосымша Г).


Әдістеме 5. Бұл әдістеме инновациялық іс-әрекет жағдайында ерекше мәнге ие, себебі жетістікке жетуге бағдарланған тұлға жаңа педагогикалық идеяларды қабылдауға, тәуекел етуге, шығармашылық шешімдер қабылдауға және кәсіби қиындықтарды еңсеруге бейім келеді. Ал сәтсіздікке жол бермеуге бағдарланған тұлға көбіне сақтық танытып, инновациялық әрекеттерден қашқақтауы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, А.А. Реан әдістемесі қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын әрекеттік тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берді.

Анықтау эксперименті барысында эксперименттік және бақылау топтарындағы студенттердің жауаптары әдістеме талаптарына сәйкес өңделіп, нәтижелер жетістікке жетуге бағытталу және сәтсіздікке жол бермеуге бағытталу көрсеткіштері бойынша талданды. Алынған деректер инновациялық-әрекеттік компонент аясында студенттердің тәуекелге бару деңгейін, белсенділік танытуын және жаңа педагогикалық технологияларды қолдануға дайындығын сипаттауға негіз болды. Әдістеме нәтижелері эксперименттік және бақылау топтары бойынша салыстырмалы түрде талданып, олардың пайыздық және сандық көрсеткіштері кестелер мен диаграммаларда ұсынылды. Бұл қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау үдерісінде жетістікке жетуге бағдарланған әрекеттік ұстанымның қалыптасу деңгейін айқындауға мүмкіндік берді.

Әдістемені жүргізу барысында студенттерге 20 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды. Респонденттер әр сұрақты оқып, оның өз идеясы мен көзқарасына қаншалықты сәйкес келетінін бағалап, жауап парағында «иә» (сәйкес келеді) немесе «жоқ» (сәйкес келмейді) нұсқаларының бірін белгіледі. Сұрақтарға ұзақ ойланбай, алғашқы ойға келген жауапты таңдау ұсынылды.

Себебі, бұл тұлғаның шынайы мотивациялық бағытын анықтауға мүмкіндік берді. Жауаптарды өңдеу барысында әдістеме кілтіне сәйкес әрбір жауап үшін 1 балл беріліп, нәтижесінде жинақталған жалпы балл саны есептелінді. Алынған сандық көрсеткіштер келесі интерпретациялық шкала негізінде талданды: 1-7 балл - сәтсіздікке жол бермеу мотивациясының басымдығы; 8-13 балл - мотивациялық полюстің айқын көрінбеуі (8-9 баллда сәтсіздіктен сақтану үрдісі, 12-13 баллда жетістікке ұмтылу үрдісі байқалады); 14-20 балл - жетістікке жету мотивациясының басымдығы, яғни сәттілікке үміттену.

Жетістікке жетуге бағытталған позитивті мотивация тұлғаның іс-әрекетке белсенді кірісуімен, қойылған мақсатқа жетуге ұмтылуымен және оң нәтижеге сенім білдіруімен сипатталды. Мұндай мотивацияның негізінде жоғары нәтижелерге қол жеткізу қажеттілігі мен жоғары өзін-өзі бағалау жатыр. Әдетте мұндай тұлғалар өзіне сенімді, өз қабілеттеріне жауапкершілікпен қарайды және кәсіби міндеттерді орындауда табандылық пен белсенділік танытады. Бұл қасиеттер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығында маңызды көрсеткіш болып табылды (Сурет 20).



Сурет 20 - Тұлғаның бағытын анықтау әдістемесі - жетістікке жету/сәтсіздікке жол бермеудің эксперименттік және бақылау топтары бойынша салыстырмалы көрсеткіштері

Қорытындылай келе, жүргізілген тәжірибелік жұмыстың нәтижелері қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдері арасында инновациялық іс-әрекетке және кәсіби дағдыларды меңгеруге деген ынтаның біркелкі емес екенін көрсетті. Атап айтқанда, кейбір студенттерде инновациялық педагогикалық технологияларды оқу үдерісінде қолдануға деген қызығушылықтың төмен деңгейде қалыптасқаны байқалды. Сонымен


қатар, инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлық деңгейі төмен студенттердің бар екендігі анықталды.

Алынған эмпирикалық деректер инновациялық-әрекеттік компонент аясында студенттердің жетістікке жетуге бағытталған әрекеттік ұстанымының жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетті. Бұл жағдай қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда мақсатты педагогикалық ықпалдың қажеттігін айқындады. Осыған байланысты, оқу үдерісіне инновациялық элементтерді жүйелі түрде енгізу, тәжірибелік-бағдарланған тапсырмалар мен заманауи педагогикалық технологияларды қолдану қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың қалыптасуына оң ықпал етеді деп тұжырымдауға болады.

Келесі *Л.Н. Бережнова әдістемесі бойынша «Өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің деңгейін диагностикалау»* (Қосымша F).

Әдістеме 6. Мазмұндық-процесуалдық компонентті анықтау аясында қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекеттегі өзін-өзі дамыту деңгейін айқындау мақсатында Л.Н. Бережнованың «Өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің деңгейін диагностикалау» әдістемесі қолданылды. Бұл әдістеме студенттердің кәсіби өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысын, педагогикалық іс-әрекетте жаңашылдықты қабылдауын және инновациялық білімді меңгеруге дайындығын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Анықтау эксперименті барысында эксперименттік (n=51) және бақылау (n=72) топтарындағы студенттердің жауаптары әдістеме талаптарына сәйкес өңделіп, нәтижелер төмен, орта және жоғары деңгейлер бойынша жіктелді. Алынған мәліметтер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетте өзін-өзі дамытуының бастапқы күйін сипаттауға негіз болды (Сурет 21).



Сурет 21 - Өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекет деңгейлері бойынша эксперименттік және бақылау топтарының салыстырмалы көрсеткіштері

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, екі топта да орта деңгей басым болып, бұл студенттердің өзін-өзі дамытуға ұмтылысының бар екенін, алайда оның жүйелі және тұрақты сипатта әлі қалыптаспағанын аңғартады. Төмен деңгейдегі студенттердің де елеулі үлесі анықталып, кәсіби өзін-өзі дамыту мен инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда мақсатты педагогикалық ықпалдың қажеттігін көрсетті. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау бойынша жүргізілген қалыптастыру экспериментін ұйымдастыру барысында инновацияны меңгерудің кезеңдік сипаты (жаңалықты түсіну, оны оқу үдерісіне енгізу, тәжірибеде қолдану және нәтижесін бағалау) басшылыққа алынады. Бұл тәсіл болашақ мұғалімдердің теориялық білімін практикалық әрекетпен ұштастыруға, сондай-ақ инновациялық кәсіби іс-әрекетті жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді [151]. Зерттеу барысында қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау деңгейі мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процесуалдық және инновациялық-іс-әрекеттік компоненттер тұрғысынан кешенді түрде бағаланады.

Мақсаттылық-мотивациялық компонент бойынша алынған нәтижелер студенттердің жетістікке жетуге деген уәжінің негізінен орта деңгейде екендігін көрсетті. Бұл болашақ мұғалімдердің кәсіби табысқа ұмтылысының бар екенін, алайда ішкі мотивацияның тұрақты әрі саналы сипатқа әлі толық ие болмағанын аңғартады. *Мазмұндық-процесуалдық компонент* аясында студенттердің кәсіби өзін-өзі дамытуы мен педагогикалық іс-әрекетке дайындық деңгейі де көбіне орта деңгейде анықталды. Бұл олардың кәсіби дамуға бағытталған әрекеттерінің жүйесіздігін және инновациялық білімді игеру үдерісінде мақсатты педагогикалық қолдаудың қажеттігін көрсетті. *Инновациялық-іс-әрекеттік компонент* бойынша жүргізілген диагностика нәтижелері студенттердің бір бөлігінде жетістікке жетуге бағытталған әрекеттік ұстаным қалыптасқанымен, басым көпшілігінде сақтану мотивациясы мен пассивті ұстанымның байқалатынын айқындады. Бұл инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға дайындықтың жеткіліксіздігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, үш компонент бойынша алынған нәтижелер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау үдерісінде мақсатты, жүйелі және педагогикалық ықпалдың қажеттігін дәлелдейді. Сонымен біз, бұл тармақшада диагностикалау жұмыстары бойынша қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың бастапқы деңгейін анықтадық. Келесі кезеңде қалыптастырушы эксперимент жұмыстарын ұйымдастыруды көздейтін боламыз. Бұл жайлы келесі 3.2 тармақшада баяндалатын болады.

3.2 Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау бойынша қалыптастыру экспериментінің мазмұны мен ұйымдастырылуы

Диссертацияның 3.1 тарауында мазмұндалған анықтау экспериментте айқындалған қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығының бастапқы деңгейін зерттеу барысында жасалған модельдің тиімділігін жүзеге асыру қажеттілігін тудырды. Соның ішінде аталған модельдің жүзеге асырудың әдістемелік жүйесін қамтитын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын қамтамасыздандыратын *«Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау»* атты арнайы курс бағдарламасын, теориялық және практикалық қамтамасыздандыратын *«Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі»* атты оқу құралын оқу процесіне ендіру кезеңдерінің тиімділігін тексеру қажет болды (Қосымша Ж).

Бірінші тараудың 1.3 тармақшасында Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, 6B01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламалары, ЖОО-да болашақ бастауыш мұғалімдеріне білім беруге арналған оқу құралдарына, Бастауыш сыныптың қазақ тілі оқулықтарына талдаулар жасалды. Жоғары оқу орнында оқытылатын пәннің мазмұнын талдауда айқындалған кемшіліктердің орнын толтыру бізге зерттеу жұмысымызда оларды жоюдың жолдарын ұсынуға мүмкіндіктер туғызды:

1. «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курс бағдарламасын оқу үдерісіне енгізу;

2. «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі» атты оқу құралын білім беру практикасына енгізу.

Қалыптастыру экспериментінің бірінші кезеңі «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курс бағдарламасы

Біз зерттеу барысында бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытудың қазіргі жайын ескере отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс әрекетке даярлау мақсатында ЖОО-да 6B01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасына арналған «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курс бағдарламасын жасадық.

Біз жасаған арнайы курс бағдарламасы Шымкент университеті, «Педагогика» кафедрасының отырысында талқыланып, шешім шығарылды. 6B01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасында таңдау пәні ретінде енгізіліп, тәжірибеден өтті. Онда оның мақсаты мен міндеттері, мазмұны мен қолданылатын әдебиеттері белгіленді. Арнайы курстың мазмұны үш модульден тұрады: теория, әдістеме және инновациялық технология.

Арнайы курс бағдарламасы студенттердің жалпы кәсіби даму деңгейін арттыруға бағытталып, қазіргі кезеңдегі заманауи білім беру технологияларын, оқытудың инновациялық іс-әрекетін тиімді қолдануға, сондай-ақ практикалық талдау жүргізу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бағдарлама мазмұны студенттердің кәсіби ойлауын дамытуға, шығармашылық әлеуетін арттыруға және инновациялық педагогикалық тәжірибені саналы түрде меңгеруіне жағдай жасады.

Арнайы курс бағдарламасын әзірлеу барысында төмендегі жетекші идеялар негізге алынды:

- оқу материалдарын модульдік оқыту қағидасы негізінде дидактикалық ірілендіру;

- мұғалімнің инновациялық кәсіби іс-әрекетінің құндылықтық-бағдарлық сипатын басшылыққа алу;

- қазақ тілін инновациялық технологиялар негізінде оқыту үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыруға даярлау;

- инновациялық кәсіби іс-әрекетті ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан жүйелі қарастыру.

Аталған жетекші идеялар арнайы курстың мазмұны мен құрылымын айқындап, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталды.

Студенттерге арналған арнайы курс бағдарламасын оқуға 5 кредит бөлініп отыр. Оның ішінде: лекция 30 сағатқа, практикалық сабақ 15 сағатқа, БОӨЖ 45 сағатқа, БӨЖ 60 сағатқа жоспарланған. Курсты ұйымдастырып, жүргізген кезде, оқытудың теориясын практикамен байланыстыру қағидасын міндетті түрде ескеруіміз қажет. Арнайы курстың мазмұны теориялық, практикалық және өзіндік жұмыс түрлерінің бірлігінде ұйымдастырылды. Теориялық бөлімде лекциялар арқылы инновациялық педагогика, қазақ тілін оқытудың заманауи әдістері мен цифрлық және жасанды интеллектке негізделген технологиялардың ғылыми-әдістемелік негіздері меңгертілді. Практикалық сабақтарда студенттер инновациялық платформаларды пайдалана отырып интерактивті тапсырмалар, сабақ жоспарлары мен оқу материалдарын әзірледі. Ал БӨЖ барысында қазақ тілі тақырыптары бойынша цифрлық ресурстар мен бейнесабақтар құрастыру тапсырмалары орындалып, олардың әдістемелік және технологиялық құзыреттіліктері тәжірибе жүзінде қалыптастырылды.

Арнайы курста жүргізілген лекция, практикалық сабақтар 6B01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 3 курс студенттерімен өткізілді. Курстың оқу-тақырыптық күнтізбелік жоспары Д қосымшасында көрсетілді.

Курстың мазмұны

Пәннің сипаттамасы: қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауға бағытталған. Пән аясында қазақ тілі әдістемесінің заманауи үрдістері, инновациялық

педагогикалық технологиялар, цифрлық және жасанды интеллектке негізделген құралдар меңгертіліп, оларды оқу үдерісінде тиімді қолдану дағдылары қалыптастырылады.

Арнайы курс мазмұны зерттеуде әзірленген құрылымдық-мазмұндық модельге сәйкес ұйымдастырылып, жүйелік, іс-әрекеттік, құзыреттік, акмеологиялық және инновациялық әдіснамалық тұғырлар негізінде жүзеге асырылды. Пәнді оқыту барысында студенттердің теориялық білімдері практикалық іс-әрекетпен ұштасып, инновациялық кәсіби құзыреттерін дамытуға, шығармашылық әлеуетін жетілдіруге және кәсіби өзін-өзі дамытуға бағытталды. Курс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастырып, қазақ тілін оқытуда заманауи әдістемелік шешімдер қабылдай алуына, педагогикалық жағдаяттарды талдауына және инновациялық тәжірибені кәсіби іс-әрекетте қолдануына мүмкіндік берді.

Арнайы курстың мақсаты: қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды нәтижелі қолдану даярлығын қалыптастыру. Кәсіби құзыреттілігін, шығармашылық әлеуетін және кәсіби өзін-өзі дамытуға бағытталған іс-әрекеттік ұстанымын дамыту.

Арнайы курс міндеттері:

1) қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекет туралы теориялық білімдерін жүйелеу және тереңдету;

2) қазақ тілін оқытуда инновациялық технологиялар мен цифрлық құралдарды қолданудың әдістемелік негіздерін меңгерту;

3) студенттердің инновациялық ойлауын, кәсіби дербестігін және шығармашылық іс-әрекетін дамыту;

4) қазақ тілін оқытуда инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға бағытталған практикалық іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру;

5) болашақ мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі дамытуға, жетістікке жетуге және инновациялық іс-әрекетке ішкі уәжін күшейту;

6) педагогикалық жағдаяттарды талдау, кәсіби шешімдер қабылдау және инновациялық тәжірибені практикада қолдану қабілеттерін жетілдіру;

7) қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процесуалдық және инновациялық-іс-әрекеттік тұрғыдан қамтамасыз ету.

Арнайы курсты оқытуда күтілетін нәтижелер мен қалыптасатын құзыреттер

«Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» арнайы курсы менгеру нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығы қалыптасып, келесі оқу нәтижелері қамтамасыз етіледі.

Курсты меңгеру нәтижесінде студент төмендегідей оқу нәтижелеріне қол жеткізеді:

- қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық және әдіснамалық негіздерін меңгереді және оларды педагогикалық практикада қолдана алады;

- инновациялық іс-әрекетке ішкі уәжі қалыптасып, алға қойылған кәсіби мақсаттарға жетуде табандылық танытады;

- әдістеме ғылымындағы жаңашыл бағыттарды меңгеру барысында заманауи цифрлық технологиялар мен платформаларды саналы түрде қолданады.

Курсты аяқтағаннан кейін студент білуі тиіс:

- қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық және әдіснамалық негіздерін;

- инновациялық педагогикалық технологияларды қолданудың жолдары мен ерекшеліктерін;

- білім беру үдерісінде цифрлық құралдар мен платформаларды пайдаланудың мүмкіндіктерін.

Курсты аяқтағаннан кейін студент істей алуы тиіс:

- кәсіби дамуын көрсететін электронды портфолио құрастыру;

- цифрлық платформаларда пән мазмұнына сәйкес тесттер мен интерактивті тапсырмалар дайындау;

- қазақ тілін оқытуда инновациялық әдіс-тәсілдерді тәжірибелік тұрғыда қолдану.

Арнайы курс нәтижесінде қалыптасатын дағдылар мен құзыреттер

Пәндік құзыреттер:

- қазақ тілін оқытуда коммуникативтік құзыреттілік;

- инновациялық педагогикалық және цифрлық технологияларды қолдану құзыреттілігі.

Арнайы (кәсіби) құзыреттер:

- білім беру бағдарламаларын жобалау және жүзеге асыру;

- студенттердің шығармашылық және танымдық дамуын қамтамасыз ету.

Түйінді құзыреттер:

- инновациялық бастамашылдық;

- кәсіби іс-әрекетке жауапкершілікпен қарау;

- кәсіби өзін-өзі дамытуға және үздіксіз білім алуға дайындық.

Пәннің бағдарламалық құрылымы мазмұнның логикалық бірізділігі мен әдіснамалық толықтығын қамтамасыз ету мақсатында үш өзара байланысты модульден тұрады. Аталған модульдер курстың концептуалдық негізін құрай отырып, оқу үдерісінің жүйелі жүзеге асырылуына мүмкіндік береді. Күнтізбелік-тақырыптық жоспардың мазмұны бұл модульдердің әрқайсысының дербес функционалдық жүктемеге ие екенін, сондай-ақ олардың бірігіп пәннің жалпы мақсаттарын іске асыруға бағытталғанын дәлелдейді.

Әр модуль белгілі бір теориялық немесе практикалық міндеттерді шешуге бағытталып, оқу материалын кезең-кезеңімен игеруді қамтамасыз етеді.

Осылайша, модульдік құрылым студенттердің кәсіби даярлығын тереңдетуге, оқу мазмұнын жүйелеуге және инновациялық оқыту компоненттерін үйлесімді енгізуге мүмкіндік беретін пәннің ажырамас бөлігі ретінде сипатталады.

1 МОДУЛЬ - Инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық негіздері

1-тақырып. «Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті», «Қазақ тілін оқытуда бастауыш мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» ұғымдарының мәні мен мазмұны

Бұл тақырыпта «инновациялық кәсіби іс-әрекет» ұғымының педагогикалық ғылымдағы мәні мен мазмұны ашылады. Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті оның кәсіби қызметінде жаңашыл педагогикалық идеяларды, әдістер мен технологияларды саналы түрде қолдануымен, шығармашылық тұрғыда шешім қабылдауымен және кәсіби өзін-өзі дамытуға ұмтылуымен сипатталады. Сонымен қатар қазақ тілін оқыту контекстінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың ерекшеліктері, мақсаттары мен міндеттері қарастырылады. Бұл ұғымдар арнайы курстың теориялық өзегін құрайды.

2-тақырып. Инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда жасанды интеллект дәуіріндегі қазақ тілін оқытудың қазіргі жайы

Аталған тақырыпта цифрландыру және жасанды интеллекттің қарқынды дамуы жағдайында қазақ тілін оқытудың қазіргі жайы талданады. Жасанды интеллектке негізделген білім беру технологияларының (цифрлық платформалар, интеллектуалдық жүйелер, онлайн құралдар) қазақ тілі сабағында қолданылу мүмкіндіктері мен шектеулері қарастырылады. Сонымен қатар қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда жасанды интеллект құралдарын педагогикалық тұрғыдан тиімді әрі жауапты қолданудың маңызы айқындалады.

3-тақырып. Инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері

Бұл тақырыпта болашақ мұғалімнің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық факторлар қарастырылады. Атап айтқанда, мотивация, жетістікке жетуге ұмтылу, кәсіби қызығушылық, шығармашылық ойлау, өзін-өзі дамыту және рефлексия ұғымдары талданады. Инновациялық іс-әрекетке даярлықтың тұлғалық қырлары ашылып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дамуына әсер ететін психологиялық алғышарттар айқындалады.

4-тақырып. Болашақ мұғалімнің инновациялық кәсіби іс-әрекетінің құрылымдық сипаттамасы

Бұл тақырып қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін тұтас жүйе ретінде қарастыруға бағытталған. Инновациялық кәсіби іс-әрекеттің негізгі құрылымдық құрамдас бөліктері – мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процесуалдық және инновациялық-іс-әрекеттік компоненттер - өзара байланыста сипатталады. Әрбір компоненттің

болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығындағы орны мен қызметі анықталып, олардың бірлігі инновациялық кәсіби іс-әрекеттің тиімді қалыптасуына негіз болатыны көрсетіледі.

2 МОДУЛЬ - Қазақ тілін оқытудағы инновациялық әдістемелік негіздер

5-тақырып. Қазақ тілін оқытудағы инновациялық әдістеменің ғылыми-теориялық негіздері

Бұл тақырыпта қазақ тілін оқыту әдістемесінің қазіргі даму бағыттары, инновациялық әдістеменің әдіснамалық негіздері қарастырылады. Инновациялық әдістеменің мәні, мақсаттары мен міндеттері ашылып, оның дәстүрлі әдістемеден айырмашылықтары айқындалады. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық әдістемені кәсіби деңгейде қолдануға даярлығының маңызы негізделеді.

6-тақырып. Қазақ тілі сабағында инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданудың дидактикалық негіздері

Аталған тақырыпта қазақ тілі сабағында қолданылатын инновациялық әдіс-тәсілдердің дидактикалық мүмкіндіктері талданады. Тұлғаға бағытталған, белсенді және интерактивті оқыту әдістерінің оқу үдерісіндегі орны анықталып, олардың оқушылардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін дамытудағы рөлі көрсетіледі. Болашақ мұғалімдердің инновациялық әдістерді мақсатты әрі тиімді қолдану іскерлігін қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударылады.

7-тақырып. Бастауыш сыныпта тілдік дағдыларды қалыптастырудың инновациялық әдістемесі

Бұл тақырып бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырудың инновациялық әдістемесіне арналады. Қазақ тілін оқытуда тілдік дағдыларды кешенді дамыту жолдары, заманауи әдістер мен технологияларды қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Болашақ мұғалімдердің тілдік дағдыларды инновациялық тұрғыда дамытуға даярлығы осы тақырып аясында айқындалады.

8-тақырып. Қазақ тілі сабағында оқыту формалары мен әдістерін инновациялық тұрғыда қолдану

Бұл тақырыпта қазақ тілі сабағында оқыту формалары мен әдістерін инновациялық тұрғыда қолданудың жолдары қарастырылады. Топтық жұмыс, жобалық әдіс, зерттеу элементтері сияқты оқыту формаларының әдістемелік ерекшеліктері ашылып, олардың оқу үдерісіндегі тиімділігі талданады. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу сабақтарын инновациялық форматта ұйымдастыру қабілеттерін дамытуға басымдық беріледі.

9-тақырып. Қазақ тілі сабағында бағалау мен кері байланысты инновациялық негізде ұйымдастыру

Бұл тақырып қазақ тілі сабағында бағалау мен кері байланысты инновациялық тұрғыда ұйымдастыру мәселесіне арналған. Формативті бағалау, критериалды бағалау, өзін-өзі бағалау және цифрлық кері байланыс

құралдарының мүмкіндіктері қарастырылады. Бағалаудың оқыту үдерісін жетілдірудегі рөлі көрсетіліп, болашақ мұғалімдердің әділ, тиімді және ынталандырушы бағалау жүйесін қолдану дағдылары қалыптастырылады.

10-тақырып. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық әдістемелік іс-әрекетін қалыптастыру жолдары

Бұл тақырып болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық әдістемелік іс-әрекетін қалыптастырудың негізгі жолдарын айқындауға бағытталған. Кәсіби рефлексия, әдістемелік шығармашылық, тәжірибелік тапсырмалар мен өзіндік жұмыс арқылы инновациялық әдістемелік құзыреттерді дамыту мәселелері қарастырылады. Қазақ тілін оқытуда болашақ мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытуға және инновациялық іс-әрекетке тұрақты ұмтылысын қалыптастырудың маңызы көрсетіледі.

3 МОДУЛЬ - Қазақ тілі пәнін оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар

11-тақырып. Қазақ тілін оқытуда цифрлық білім беру технологияларының рөлі

Бұл тақырыпта қазақ тілін оқыту үдерісінде цифрлық білім беру технологияларының маңызы мен рөлі қарастырылады. Цифрлық ортада оқытуды ұйымдастыру, онлайн платформалар, мультимедиалық ресурстар және электронды оқу материалдарының мүмкіндіктері талданады. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық технологияларды педагогикалық мақсатта тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыруға басымдық беріледі.

12-тақырып. Қазақ тілі сабағында интерактивті және ойын технологияларын қолдану

Аталған тақырып қазақ тілі сабағында интерактивті және ойын технологияларын қолданудың әдістемелік ерекшеліктерін ашуға бағытталған. Ойын элементтері, интерактивті тапсырмалар, сандық платформалар (Kahoot, Quizizz және т.б.) арқылы оқушылардың оқу мотивациясын арттыру жолдары қарастырылады. Болашақ мұғалімдердің бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес ойын технологияларын мақсатты қолдану іскерлігін дамыту көзделеді.

13-тақырып. Қазақ тілін оқытуда жобалау технологиясын қолдану

Бұл тақырыпта қазақ тілін оқытуда жобалау технологиясын қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері талданады. Жобалық тапсырмалар мен шағын зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін, сыни ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары қарастырылады. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жобалық-зерттеу іс-әрекетін тиімді қолдануға даярлығы қалыптастырылады.

14-тақырып. Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллект және цифрлық құралдарды пайдалану мүмкіндіктері

Бұл тақырып жасанды интеллектке негізделген құралдарды (мәтін генерациясы, тапсырма құрастыру, оқытуға көмекші цифрлық жүйелер) қазақ

тілін оқытуда қолданудың мүмкіндіктеріне арналған. Жасанды интеллектті педагогикалық мақсатта тиімді әрі этикалық тұрғыда қолдану мәселелері қарастырылады. Болашақ мұғалімдердің цифрлық сауаттылығы мен инновациялық ойлауын дамыту осы тақырыптың негізгі мазмұнын құрайды.

15-тақырып. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастырудағы электронды ресурстар мен портфолио

Бұл тақырып болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруда электронды ресурстар мен электронды портфолионың рөлін ашуға бағытталған. Электронды портфолио арқылы мұғалімнің кәсіби жетістіктерін, инновациялық тәжірибесін және рефлексиясын көрсету мүмкіндіктері қарастырылады. Электронды ресурстарды жүйелі пайдалану болашақ мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытуына негіз болатыны дәлелденеді.

Арнайы курс бағдарламасындағы әрбір лекцияның мазмұны оқу ақпараты, практикалық сабақта орындалатын тапсырмалар студенттерді инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауға тікелей бағытталған.

Студенттің арнайы курспен алғашқы танысуы *дәріс сабағынан* басталды. Дәрісте сараланған білім негіздері және оқу материалының бағыты өте үнемді беріледі. Дәрісті жүргізу мезгілінде дәріскердің алдында тек ғылыми ақпараттарды беру ғана емес, сонымен қатар болашақ мұғалімдердің танымдық белсенділігін қалай арттыру, оларды оқу пәніне деген қызығушылыққа қалай тәрбиелеу сияқты мәселелерді көрсету міндетті. Практикалық сабақтардың мазмұны бұрын алған білімдерін бекіту, алған білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын дамыту. Мұндай сабақтарда студенттер әртүрлі топта үйретілетін ұйымдастырылған оқу іс әрекетін меңгереді. Сондай-ақ, дәріс, практика сабақтарында оқытушы өзінің алға қойған ойын іске асырады. Оқытушы мен студент алдарына қойылған оқу мақсаттары да іске асырылады. Дәріс не практика сабақтарындағы оқу диалогы үдерісінде оқытушы мен студенттің дидактикалық кеңістіктегі ынтымақтастық ізденісі инновацияны оқытудың қыр-сырларын бірге іздеуге тірек болады. Соның нәтижесінде студенттің қазақ тілін оқуда болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде инновациялық-әдістемелік ізденісінің туындысы жасалынады. Яғни бұл жаңа заманауи көзқарастан туындаған инновациялық-әдістемелік туынды - оқытушының инновациялық әлеуеті мен қолда бар дидактикалық материалдардың мазмұнындағы инновациялық әлеуетті бірге іздеп тапқан студенттің ізденіс еңбегінің түйіскен нүктедегі инновациялық өнімі.

Оқу үдерісінде ең маңызды мәселенің бірі білім беру оның элементтері арасындағы өзара байланысты анықтау және жүзеге асыру. Алайда оқу үдерісі белгілі әдістемелер арқылы жүзеге асырылады. Әдістемеде ең алдымен: «қандай әдіспен оқыту керек?», «оқыту барысы қандай мазмұнда болу керек?», «қандай құралдар қолдану керек?» деген сұрақтарға жауап іздеу болашақ мұғалімнің кәсіби қабілеттілігінің біріне айналады.

Арнайы курс бойынша практикалық тапсырмалар, БӨЖ, БӨӨЖ және оқу нәтижелері

1-МОДУЛЬ - Инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық негіздері

Практикалық тапсырмалар: «Инновациялық кәсіби іс-әрекет» ұғымына авторлық анықтама құрастыру және оны қазақ тілін оқыту контекстінде негіздеу. Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекеттің бір нақты көрінісін (жағдаят) талдау.

Аталған практикалық тапсырмаларды орындау барысында студенттер зерттеу жұмысында негізделген инновациялық оқытудың заманауи әдістері мен инновациялық технологияларын қолданды. Ең алдымен, «Инновациялық кәсіби іс-әрекет» ұғымына авторлық анықтама құрастыру тапсырмасын орындау үшін студент сыни ойлау, талдау және рефлексия әдістеріне сүйенді. Бұл үдерісте студент инновациялық кәсіби іс-әрекетке қатысты ғылыми көзқарастарды салыстырып, оларды қазақ тілін оқыту контекстінде саралады. Студент өз авторлық анықтамасын әзірлеу барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтқанда электронды ғылыми дерекқорларды, цифрлық оқу материалдарын және онлайн білім беру платформаларын пайдаланды. Мәтіндік материалдарды жүйелеу мен идеяларды нақтылау үшін жасанды интеллектке негізделген цифрлық құралдарды (мысалы, мәтін құрылымын жоспарлау, ұғымдарды нақтылау) педагогикалық этиканы сақтай отырып қолданылды. Бұл әрекет студенттердің цифрлық сауаттылығын және инновациялық ойлауын дамытуға ықпал етті. Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекеттің нақты бір көрінісін (педагогикалық жағдаятты) талдау барысында жағдаяттық оқыту әдісі (case-study) қолданылды. Бұл кезде студенттер бастауыш сыныптағы қазақ тілі сабағынан алынған нақты педагогикалық жағдаятты таңдап, онда қолданылған заманауи әдістер мен инновациялық технологиялардың тиімділігін талдады. Бұдан кейін студент жобалық әдіс, топтық талқылау, рефлексиялық талдау сияқты инновациялық әдістер арқылы өз пікірін дәлелдеді.

Талдау нәтижелерін ұсыну кезінде студенттер презентациялық технологияларды, цифрлық визуализация құралдарын (инфографика, диаграмма, слайдтар) пайдаланып, өз ойларын жүйелі түрде жеткізді. Сонымен қатар, өз жұмысының қорытындысын электронды портфолиоға енгізіп, кәсіби дамуын көрсететін материал ретінде рәсімдеді. Бұл әрекет қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын, шығармашылық белсенділігін және өзін-өзі дамытуға бағытталған ұстанымын қалыптастыруға жағдай жасады. Осы практикалық тапсырмаларды орындау барысында студенттер заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды қолдану арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетті теориялық тұрғыда түсініп қана қоймай, оны қазақ тілін оқыту тәжірибесінде саналы түрде талдауға және негіздеуге үйренді.

БӨЖ (білім алушының өзіндік жұмысы). Инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың бір әдіснамалық тұғырын (жүйелік, іс әрекеттік, құзыреттік, акмеологиялық, инновациялық) қысқаша эссе түрінде сипаттау.

БООЖ (оқытушы жетекшілігімен). Болашақ мұғалімнің инновациялық кәсіби іс-әрекетіне қажетті тұлғалық қасиеттерді талқылау (мини-дискуссия).

Оқу нәтижелері. Студент инновациялық кәсіби іс-әрекеттің теориялық мәнін түсінеді; инновациялық даярлықтың психологиялық-педагогикалық негіздерін ажырата алады; инновациялық кәсіби іс-әрекетті теориялық тұрғыда негіздейді.

2-МОДУЛЬ - Қазақ тілін оқытудағы инновациялық әдістемелік негіздер

Практикалық тапсырмалар. Қазақ тілі сабағына арналған ҚМЖ-ны инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып әзірлеу. Тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған бір инновациялық тапсырма үлгісін жасау.

Қазақ тілі сабағына арналған ҚМЖ-ны инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып әзірлеу барысында студент ең алдымен құзыреттік және іс-әрекеттік тұғырларға сүйене отырып, сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтижелерін нақтылайды. Бұл үдерісте студент қазақ тілін оқытудағы заманауи білім беру талаптарын ескере отырып, оқушының тұлғалық дамуын, тілдік дағдыларын және танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдерді іріктейді. Сабақ жоспарын құрастыру кезінде студент цифрлық білім беру технологияларын қолданады. Атап айтқанда, ҚМЖ-ны электронды форматта әзірлеу үшін онлайн білім беру платформаларын, цифрлық шаблондар мен әдістемелік ресурстарды пайдаланады. Сабақ құрылымына топтық жұмыс, жобалық әдіс, зерттеу элементтері, интерактивті тапсырмалар енгізіліп, оларды қолдану кезеңдері нақты сипатталады. Бұл студенттердің оқу үдерісін инновациялық тұрғыда жобалау дағдысын қалыптастырады. Тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған инновациялық тапсырма үлгісін жасау барысында студент тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін әдістерді таңдады. Бұл үдерісте интерактивті және ойын технологиялары, цифрлық платформалар (онлайн жаттығулар, тест құрастыру құралдары), сондай-ақ жасанды интеллектке негізделген цифрлық құралдар педагогикалық мақсатта қолданылды. Студенттердің тілдік материалды меңгеру деңгейін арттыру үшін визуализация, кері байланыс және жекелендіру мүмкіндіктерін қолданылды. Инновациялық тапсырманы әзірлеу барысында студент сыни ойлау, шығармашылық әрекет, рефлексия әдістерін қолдана отырып, тапсырманың мақсатын, орындалу кезеңдерін және күтілетін нәтижелерін айқындады. Дайындалған тапсырма студенттердің белсенді қатысуын, өз ойын еркін жеткізуін және тілдік дағдыларын тәжірибеде қолдануын қамтамасыз етуге бағытталды.

Тапсырмаларды орындау нәтижесінде студент өз әзірлемелерін электронды портфолиоға енгізіп, кәсіби дамуын көрсететін материал ретінде рәсімдеді. Бұл әрекет қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып

мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын, әдістемелік дербестігін және заманауи технологияларды қолдану қабілетін қалыптастыруға ықпал етті.

Осы практикалық тапсырмаларды орындау барысында студентлар инновациялық әдістер мен заманауи технологияларды қолдану арқылы қазақ тілі сабағын жобалау және тілдік дағдыларды дамытуға арналған тапсырмаларды кәсіби деңгейде әзірлеу дағдыларын меңгереді.

БӨЖ. Қазақ тілі сабағында қолданылатын бір инновациялық әдіске әдістемелік талдау жасау (мақсаты, күтілетін нәтиже).

БООЖ. Бағалау мен кері байланысты инновациялық негізде ұйымдастыруға арналған қысқа сценарий дайындау.

Оқу нәтижелері. Студент қазақ тілін оқытуда инновациялық әдістемені қолдана алды; оқу тапсырмаларын инновациялық тұрғыда жобалады; бағалау мен кері байланысты тиімді ұйымдастырды.

3-МОДУЛЬ - Қазақ тілі пәнін оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар

Практикалық тапсырмалар. Kahoot немесе ұқсас цифрлық платформада қазақ тілі бойынша интерактивті тапсырма құрастыру. Қазақ тілі сабағына арналған жобалық немесе зерттеу тапсырмасының үлгісін әзірлеу.

Kahoot немесе оған ұқсас цифрлық платформада қазақ тілі бойынша интерактивті тапсырма құрастыру барысында студент цифрлық білім беру технологияларын, интерактивті оқыту әдістерін және ойын технологияларын қолданды. Ең алдымен студент қазақ тілі сабағының тақырыбына сәйкес тілдік материалды іріктеп, тапсырманың мақсатын айқындады. Интерактивті тапсырманы әзірлеу кезінде ойын элементтерін (бәсекелестік, ұпай жинау, кері байланыс) қолдану арқылы студенттердің оқу мотивациясын арттыруға бағытталған әдістемелік шешімдер қабылданды. Сонымен қатар тапсырмаларды құрастыру барысында жекелендірілген оқыту, жедел кері байланыс және оқыту нәтижесін автоматты талдау мүмкіндіктері пайдаланылды. Бұл әрекет студенттердің инновациялық ойлауын және цифрлық құзыреттілігін қалыптастырды.

Қазақ тілі сабағына арналған жобалық тапсырмасының үлгісін әзірлеу барысында студенттер жобалық оқыту технологияларын қолданды. Ол студенттердің тілдік материалды өз бетінше іздену, талдау және қолдану әрекеттерін ұйымдастыруға бағытталған тапсырмаларды жоспарлайды. Жобалық жұмыс тақырыбы студенттердің күнделікті өмірімен, тілдік тәжірибесімен және ұлттық-мәдени мазмұнмен байланыстырылып, оның практикалық маңызы айқындалды. Зерттеу тапсырмасын әзірлеу кезінде студент сыни ойлау, проблемалық оқыту және рефлексия әдістерін пайдаланды. Студенттердің ақпарат жинау, салыстыру, қорытынды жасау және нәтижені ұсыну әрекеттері кезең-кезеңімен жоспарланады. Бұл үдерісте студент цифрлық ресурстарды, онлайн ақпарат көздерін және визуализация құралдарын қолдану мүмкіндіктерін ескереді. Орындалған интерактивті, жобалық тапсырмалары студенттердің электронды портфолиосына енгізіліп, оның инновациялық кәсіби

іс-әрекетке даярлығын көрсететін дәлелді материал ретінде рәсімделді. Осылайша студенттер қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияларды тәжірибеде қолдану, оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастыру және кәсіби өзін-өзі дамыту дағдыларын меңгереді. Берілген практикалық тапсырмалар қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық, интерактивті және жобалық технологияларды қолдану арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруға бағытталды.

БӨЖ. Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллект құралдарын қолданудың мүмкіндіктері мен шектеулеріне қысқаша талдау жасау.

БООЖ. Электронды портфолио құрылымын әзірлеп, оған енгізілетін материалдарды анықтау.

Оқу нәтижелері. Студент цифрлық және инновациялық технологияларды қазақ тілі сабағында қолданды; жобалау технологияларын тәжірибеде жүзеге асырды; электронды ресурстарды кәсіби өзін-өзі дамыту құралы ретінде пайдаланды.

Ұсынылған практикалық тапсырмалар, БӨЖ және БООЖ болашақ қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда теориялық, әдістемелік және технологиялық тұрғыда қалыптастыруға бағытталды. Оқу нәтижелері құрылымдық-мазмұндық модельдің мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процесуалдық және инновациялық-іс-әрекеттік компоненттерінің бірлігін қамтамасыз етті. Сонымен қатар, кәсіби теориялық білімдері кеңейді; пәнді оқытудағы инновациялық кәсіби іс-әрекеті тереңдеді; оқытудың инновациялық технологияларын игерді; заманауи дамыған білімді болуға талпынысы байқалды. Арнайы курс негізінде жүргізілген педагогикалық эксперименттің нәтижелері бөлек ғылыми еңбекте де талданып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлық деңгейінің айтарлықтай өскені деректермен негізделді [152]. Бұл өзгерістер 3.3 бөлімде берілген кестелер мен диаграммалар арқылы сандық және сапалық тұрғыда дәлелденеді.

Жоғарыда сипатталған арнайы курс бағдарламасында қамтылған білім мазмұны 6В01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы студенттерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама болашақ мұғалімдердің заманауи әдістері мен инновациялық технологияларды білім беру мазмұнында саналы әрі тиімді қолдану мүмкіндіктері туралы терең түсінік алуына жағдай жасады. Арнайы курс мазмұнын меңгеру арқылы студенттер бүгінгі білім беру талаптарына сай кәсіби дамуға бағдарланып, бастауыш мектептегі қазақ тілі пәнін оқытуда инновациялық тәсілдерді практикада қолдану дағдыларын қалыптастырды. Бұл бағдарлама қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауды қамтамасыз ететін тиімді педагогикалық құрал ретінде әзірленді.

Қалыптастыру экспериментінің екінші кезеңінде **«Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық**

әдістемесі» атты оқу құралы (29.02.2024ж. университеттің Ғылыми Кеңесінде талқыланып, баспаға ұсынылып, 2024 жылдың наурыз айында Шымкент қаласы, «Қызмет» баспаханасынан басылып, шығарылды) әзірленді (Қосымша Е). Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау үдерісін жүйелі түрде іске асыруда арнайы әзірленген оқу құралы маңызды әдістемелік негіз ретінде қолданылды. Аталған оқу құралы қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруға бағытталған теориялық білім мен практикалық әрекетті өзара бірлікте ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Оқу құралында қазақ тілін оқытудағы инновациялық кәсіби іс-әрекеттің теориялық негіздері, бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің жаңартылған мазмұны және заманауи инновациялық технологияларды қолдану жолдары қарастырылған. Бұл білім мазмұны зерттеу жұмысында ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модельдің мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процесуалдық және инновациялық-іс-әрекеттік компоненттерін іске асыруға толықтай сәйкес келеді.

Қалыптастыру эксперименті барысында оқу құралы арнайы курс бағдарламасының мазмұнын толықтырып қана қоймай, студенттердің инновациялық әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті. Студенттер оқу құралы негізінде қазақ тілі сабағына арналған қысқа мерзімді жоспарлар құрастырып, интерактивті тапсырмалар, цифрлық платформаларда тесттер мен ойын элементтерін әзірлеу арқылы инновациялық кәсіби әрекетті тікелей тәжірибеде жүзеге асырды. Бұл өз кезегінде олардың кәсіби дербестігін, шығармашылық белсенділігін және жаңашылдыққа бейімділігін арттырды. Сонымен қатар, оқу құралы студенттердің өзіндік жұмысын (БӨЖ) және оқытушы жетекшілігімен орындалатын жұмыстарын (БӨӨЖ) тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін тапсырмалар жүйесімен ерекшеленеді. Мұндай тапсырмалар болашақ мұғалімдердің зерттеушілік қабілетін дамытуға, педагогикалық жағдаяттарды инновациялық тұрғыда талдауға және кәсіби рефлексия жасауына жағдай жасады. Осы тұрғыдан алғанда, оқу құралы қалыптастыру экспериментінің екінші кезеңінде инновациялық кәсіби іс-әрекетті қалыптастырудың тиімді құралы ретінде өз маңыздылығын дәлелдеді. Жалпы алғанда, аталған оқу құралы қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың мазмұнын тәжірибемен ұштастыра отырып жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Осы тарауда қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, оны тәжірибеде жүзеге асыруға бағытталған қалыптастырушы эксперименттің мазмұны мен ұйымдастырылуы сипатталды. Қалыптастыру кезеңі арнайы әзірленген арнайы курс бағдарламасы негізінде ұйымдастырылып, студенттердің инновациялық кәсіби іс-әрекетке деген уәжін күшейтуге, инновациялық әдістемені меңгеруіне және заманауи цифрлық технологияларды практикада қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталды.

Арнайы курстың мазмұны 2.3-бөлімде ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модельмен және осы моделге негізделген әдістемелік жүйемен толық сәйкестендіріліп, тәжірибелік-эксперименттік кезеңде апробациядан өткізілді. Эксперименттік жұмыс барысында жүргізілген дәрістер, практикалық сабақтар, жобалық және цифрлық сипаттағы тапсырмалар құрылымдық-мазмұндық модельдің мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процесуалдық және инновациялық-іс-әрекеттік компоненттерін дамытуға ықпал етті.

Қалыптастыру кезеңінде заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды жүйелі қолдану эксперименттік топ студенттерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлық деңгейінің айтарлықтай артуына мүмкіндік берді. Ал бақылау тобында өзгерістердің шамалы деңгейде ғана сақталуы енгізілген әдістеменің тиімділігін одан әрі күшейтіп көрсетті. Осылайша, қалыптастыру экспериментін ұйымдастыру барысында қолданылған инновациялық білім беру платформалары, цифрлық құралдар мен әдістемелік тәсілдер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби даярлығына ықпал ететін негізгі факторлар ретінде айқындалды [153]. Аталған үдерісте теория мен практиканың бірлігі ұстанымы кәсіби жетілуге ұмтылу ұстанымның күшеюі, әдістемелік іскерліктің дамуы және инновациялық технологияларды қолдануға дайындықтың артуы байқалды. Бұл өзгерістер ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель мен осы модельге негізделген әдістемелік жүйе арнайы курстың нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік беріп, олардың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың сандық және сапалық көрсеткіштері арқылы дәлелдеуді талап етті. Осыған байланысты, келесі 3.3-бөлімде қалыптастыру экспериментінің нәтижелері жан-жақты талданып, алынған деректер негізінде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлық деңгейіндегі өзгерістер айқындалды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында алынған нәтижелер арнайы курс бағдарламасының қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда педагогикалық тұрғыдан тиімді екенін және ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель мен осы модельге негізделген әдістемелік жүйенің нәтижелілігін ғылыми негізде дәлелдейді.

3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері

Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауға бағытталған оқыту кезеңі аяқталған соң, студенттердің қалыптасқан дағдыларын айқындау мақсатында қайта диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Сонымен бірге, зерттеу аясында жасалып, тәжірибеге енгізілген педагогикалық кешеннің нәтижелілігін анықтау үшін эксперименттік және бақылау топтарында алынған көрсеткіштерге кешенді салыстырмалы талдау жасалды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың тиімділігін дәлелдеу мақсатында алынған эмпирикалық деректер математикалық-статистикалық өңдеуден өткізілді. Зерттеу нәтижелерінің

сенімділігін анықтау үшін У.Госсеттің Стьюденттің t-критерийі қолданылды [154].

Ең алдымен, *мақсаттылық-мотивациялық компонент* бойынша эксперименттік диагностика нәтижелері:

Бірінші, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері ретінде инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығының деңгейін, инновациялық әрекет, кәсіби іс-әрекет туралы қандай түсініктері бар екенін, оны игеруге деген ынтасын, қызығушылығын анықтау мақсатында авторлық тұрғыда әзірленген «*Кәсіби мамандықтағы инновациялық іс-әрекет жайлы не білесіз?*» атты сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижелерін талдау арқылы қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлық деңгейін, инновациялық әрекет, кәсіби іс-әрекет туралы қандай түсініктері бар екенін, оны игеруге деген ынтасын, қызығушылығын көруге мүмкіндік алдық. Біздің авторлық сауалнаманың экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі әдістеме нәтижесі төмендегідей нәтиже көрсетті, оны 14-ші кестеден көруге болады.

Кесте 14 - Авторлық сауалнаманың АЭД - Анықтаушы экспериментке дейінгі; ҚЭК- Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі мақсаттылық-мотивациялық компонент бойынша сауалнама нәтижелері

Көрсеткіштер	Эксперименттік топ (n=51)				Бақылау топ (n=72)			
	АЭД	n	ҚЭК	n	АЭД	n	ҚЭК	n
Төмен	28	54,9	10	19,6	40	55,6	36	50,0
Орта	19	37,3	25	49,0	25	34,7	26	36,1
Жоғары	4	7,8	16	31,4	7	9,7	10	13,9
<i>Ескерту: АЭД - Анықтаушы экспериментке дейінгі; ҚЭК - Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі</i>								

Анықтаушы эксперимент кезеңінде эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы көрсеткіштері бірдей болуға тиіс. Осы талапты тексеру мақсатында авторлық сауалнама нәтижелері Стьюденттің t-критерийі арқылы статистикалық өңдеуден өткізілді.

Бұл жағдайда: H_0 (нөлдік болжам) - бақылау және эксперименттік топтардағы сауалнама нәтижелері бірдей; H_1 (баламалы болжам) - бақылау және эксперименттік топтардағы мақсаттылық-мотивациялық компонент көрсеткіштері арасында маңызды айырмашылық бар.

Зерттеуге: эксперименттік топ - 51 студент, бақылау тобы - 72 студент қатысты.

Орташа мәнді есептеу формуласы: Бастапқы кезеңдегі әр топтың сауалнама нәтижелерінің орташа мәні келесі формуламен анықталды:

$$\bar{X} = \frac{1}{n} \sum_{i=1}^k m_i x_i$$

мұндағы:

\bar{X} – сауалнама нәтижелерінің орташа көрсеткіші;

m_i – белгілі бір деңгейдің (жоғары, орта, төмен) қайталану саны;

x_i – деңгейге сәйкес баллдық мән (төмен - 1, орта - 2, жоғары - 3);

n – топтағы студенттардың жалпы саны.

Алғашқы бақылау нәтижелері (бақылау тобы, $n = 72$) (Кесте 15).

Деңгей	Қайталану саны (m_i)	x_i	$(x_i - \bar{X})$	$(x_i - \bar{X})^2 \cdot m_i$
Жоғары	7	3	1,00	7,00
Орта	25	2	0,00	0,00
Төмен	40	1	-1,00	40,00
Барлығы	72			47,00

Орташа мән:

$$\bar{X}_{\text{бак}} = \frac{(7 \cdot 3) + (25 \cdot 2) + (40 \cdot 1)}{72} = 1,54$$

Дисперсия:

$$S_{\text{бак}}^2 = \frac{47}{72} = 0,65$$

Стандарттық ауытқу:

$$S_{\text{бак}} = 0,81$$

Алғашқы бақылау нәтижелері (эксперименттік топ, $n = 51$) (Кесте 16).

Деңгей	Қайталану саны (m_i)	x_i	$(x_i - \bar{X})$	$(x_i - \bar{X})^2 \cdot m_i$
Жоғары	4	3	1,02	4,16
Орта	19	2	0,02	0,01
Төмен	28	1	-0,98	26,89
Барлығы	51			31,06

Орташа мән:

$$\bar{X}_{\text{эксп}} = \frac{(4 \cdot 3) + (19 \cdot 2) + (28 \cdot 1)}{51} = 1,57$$

Дисперсия:

$$S_{\text{эксп}}^2 = \frac{31,06}{51} = 0,61$$

Стандарттық ауытқу:

$$S_{\text{эксп}} = 0,78$$

Стьюденттің t-критерийі формуласы

$$t = \frac{\bar{X}_{\text{эксп}} - \bar{X}_{\text{бак}}}{\sqrt{\frac{S_{\text{эксп}}^2}{n_{\text{эксп}}} + \frac{S_{\text{бак}}^2}{n_{\text{бак}}}}}$$

Мәндерді қоямыз:

$$t = \frac{1,57 - 1,54}{\sqrt{\frac{0,61}{51} + \frac{0,65}{72}}} \approx 0,19$$

Критикалық мән:

$$t_{\text{кр}}(p \leq 0,05) = 1,99$$

Қорытынды (бастапқы кезең):

$$t < t_{\text{кр}}$$

Осыған байланысты H_0 болжамы қабылданады, яғни анықтаушы эксперимент кезеңінде эксперименттік және бақылау топтарының мақсаттылық-мотивациялық компонент көрсеткіштері *бірдей*, статистикалық тұрғыдан айырмашылық жоқ.

Қорытынды бақылау кезеңіндегі нәтижелерді салыстыру: Қалыптастырушы эксперименттен кейін алынған сауалнама нәтижелері дәл осы әдіспен қайта өңделді. Есептеу нәтижесінде:

$$\bar{X}_{\text{бак}} = 1,63$$


$$\bar{X}_{\text{эксп}} = 2,12$$

$$t_{\text{эмп}} = 3,82$$

$$t_{\text{эмп}} > t_{\text{кр}}$$

Бұл жағдайда H_1 болжамы қабылданады.

Авторлық сауалнама нәтижелерін Стьюденттің t-критерийі арқылы статистикалық тексеру анықтаушы эксперимент кезеңінде бақылау және эксперименттік топтардың мақсаттылық-мотивациялық компонент көрсеткіштерінің бірдей екенін растады. Ал қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперименттік топтағы көрсеткіштердің бақылау тобына қарағанда айтарлықтай жоғарылағаны статистикалық тұрғыдан дәлелденді. Бұл ұсынылған құрылымдық мазмұндық модель мен осы модельге негізделген әдістемелік жүйенің қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке деген ынтасын арттыруда тиімді болғанын көрсетеді (Сурет 22).



Сурет 22 - Экспериментте дейінгі және эксперименттен кейінгі сауалнама нәтижелері

Ұсынылған диаграммада қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке қатысты көзқарастары мен мотивациялық ұстанымдарының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі өзгерісі көрсетілген. Экспериментке дейін студенттердің басым бөлігінде инновациялық ұғымдарды меңгеру, жаңа идеяларды ұсыну және инновациялық технологияларды қолдануға даярлық көрсеткіштері орта және төмен деңгейде байқалса, қалыптастырушы эксперименттен кейін аталған көрсеткіштердің барлығы бойынша оң динамика анықталды. Әсіресе «Инновация - кәсіби өсу» және «Инновацияны дамыту қажет» деген тұжырымдар бойынша жоғары пайыздық өсім байқалды. Бұл студенттердің инновациялық кәсіби іс-әрекетке деген ынтасы мен даярлығын арттыруда тиімді болғанын дәлелдеді.

Екінші әдістеме «**Оқу мотивациясының бағытын диагностикалау**» әдістемесі (Т.Д. Дубовицкая бойынша) жүргізілді.

Зерттеу барысында қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу мотивациясының бағытын анықтау мақсатында Т.Д. Дубовицкаяның «Оқу мотивациясының бағытын диагностикалау» әдістемесі қолданылды. Әдістеме студенттердің оқу әрекетіндегі мотивацияны ішкі, сыртқы және аралас мотивация түрлері бойынша айқындауға мүмкіндік берді. Диагностикалау анықтаушы экспериментке дейін (АЭД) және қалыптастырушы эксперименттен кейін (КЭК) жүргізілді. Статистикалық өңдеу үшін мотивация түрлері келесі балдық көрсеткіштермен кодталды (Кесте 17).

Кесте 17 - Мотивация түрлерінің баллдық көрсеткіштері

Мотивация бағыты	Балл
Ішкі мотивация	3
Аралас мотивация	2
Сыртқы мотивация	1

Орташа мән келесі формуламен есептелді:

$$\bar{X} = \frac{1}{n} \sum m_i x_i$$

мұнда:

\bar{X} – оқу мотивациясының орташа көрсеткіші;

m_i – мотивация түрінің қайталану саны;

x_i – баллдық мән;

n – студентлар саны.


Эксперименттік топтағы оқу мотивациясының бағыты (n = 51) (кесте 18)

Кезең	Ішкі	Аралас	Сыртқы	Орташа мән
АЭД	14 (27,5 %)	20 (39,2 %)	17 (33,3 %)	1,94
ҚЭК	28 (54,9 %)	15 (29,4 %)	8 (15,7 %)	2,39

Бақылау тобындағы оқу мотивациясының бағыты (n = 72) (кесте 19)

Кезең	Ішкі	Аралас	Сыртқы	Орташа мән
АЭД	18 (25,0 %)	28 (38,9 %)	26 (36,1 %)	1,89
ҚЭК	20 (27,8 %)	26 (36,1 %)	26 (36,1 %)	1,92

Алынған нәтижелер эксперименттік топта қалыптастырушы эксперименттен кейін ішкі мотивацияның айқын артқанын және сыртқы мотивацияның төмендегенін көрсетті. Орташа көрсеткіш 1,94-тен 2,39-ға дейін өсті. Ал бақылау тобында көрсеткіштерде айтарлықтай өзгеріс байқалмады (1,89 → 1,92). Бұл деректер оқу мотивациясының бағытындағы оң өзгерістердің арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ықпал нәтижесінде қалыптасқанын дәлелдейді (Сурет 23).



Сурет – 23 Оқу мотивациясының бағыты бойынша экспериментке дейінгі және кейінгі пайыздық өзгерістер

Диаграммада эксперименттік топтағы оқу мотивациясының бағыты бойынша экспериментке дейінгі және кейінгі пайыздық өзгерістер көрнекі түрде ұсынылды. Диаграмма нәтижелері ішкі мотивацияның басымдыққа ие болғанын және аралас пен сыртқы мотивация үлесінің азайғанын айқын көрсетті.

Т.Д. Дубовицкая әдістемесі бойынша алынған нәтижелер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлануы барысында оқу мотивациясының ішкі бағытының күшейгенін дәлелдеді. Студенттердің кәсіби бағыттылығы мен оқу әрекетіне саналы қатынасын қалыптастыруда тиімді екенін көрсетті.

Мазмұндық-процесуалдық компонент бойынша үшінші әдістеме, Т. Элерс әдістемесі бойынша жетістікке жету мотивациясын диагностикалау

Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың мотивациялық компонентін айқындау мақсатында Т. Элерстің «Жетістікке жету мотивациясын диагностикалау» әдістемесі қолданылды. Аталған әдістеме студенттердің оқу іс-әрекетіндегі жетістікке жетуге ұмтылу деңгейін анықтауға, сондай-ақ олардың мақсатқа бағытталған мотивациялық ұстанымдарын сандық және сапалық тұрғыда бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында әдістеме мазмұны зерттеу мақсатына сәйкес ішінара түзетулер енгізіп, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын бағалауға бейімдеді. Диагностикалау нәтижелері жетістікке жету мотивациясының төмен, орта және жоғары деңгейлері бойынша сараланды.

Анықтаушы эксперимент кезеңінде алынған нәтижелер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басым бөлігінде жетістікке жету мотивациясының орта және төмен деңгейде қалыптасқанын көрсетті (Кесте 20).

Кесте 20 – Қалыптастыру экспериментіне дейінгі Т. Элерс әдістемесі бойынша жетістікке жету мотивациясының деңгейлері

Деңгейлер	Эксперименттік топ (n=51)	%	Бақылау тобы (n=72)	%
Төмен	31	60,7	46	63,9
Орта	19	37,3	24	33,3
Жоғары	1	2,0	2	2,8
Барлығы	51	100	72	100

Кесте деректерінен көрініп тұрғандай, эксперименттік топта төмен деңгей көрсеткіші 60,7%, ал бақылау тобында 63,9% құрады. Орта деңгей көрсеткіштері сәйкесінше 37,3% және 33,3% болды. Жоғары деңгей екі топта да мардымсыз үлесті көрсетті.

Бұл қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жетістікке жетуге бағытталған ішкі мотивациясының жеткіліксіз екенін және сақтану мотивациясының басым екенін аңғартады. Аталған жағдай инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлықтың мотивациялық негізінің әлсіз қалыптасқанын дәлелдейді.


Қалыптастырушы эксперименттен кейін жүргізілген қайта диагностикалау нәтижелері эксперименттік топта жетістікке жету мотивациясының айтарлықтай артқанын көрсетті (Кесте 21).

Кесте 21 - Қалыптастыру экспериментінен кейінгі Т. Элерс әдістемесі бойынша жетістікке жету мотивациясының деңгейлері

Деңгейлер	Эксперименттік топ (n=51)	%	Бақылау тобы (n=72)	%
Төмен	10	19,6	36	50,0
Орта	25	49,0	26	36,1
Жоғары	16	31,4	10	13,9
Барлығы	51	100	72	100

Қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперименттік топта жоғары деңгей көрсеткіші 31,4%-ға дейін өсіп, төмен деңгей 19,6%-ға дейін азайды. Ал бақылау тобында жетістікке жету мотивациясының төмен деңгейі 50,0% көрсеткішінде сақталды. Бұл деректер эксперименттік топтағы студенттердің мақсатқа бағытталған мотивациясының күшейгенін және инновациялық кәсіби іс-әрекетке деген ұмтылысының артқанын дәлелдеді.

Бұл ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель мен модельге негізделген әдістемелік жүйенің қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мотивациялық даярлығын арттырудағы тиімділігін дәлелдеді (Сурет 24).



Сурет 24 - Т. Элсер әдістемесі бойынша жетістікке жету мотивациясының эксперименттік және бақылау топтарындағы деңгейлер көрсеткіштері

Диаграмма деректері қалыптастыру экспериментіне дейін эксперименттік және бақылау топтарында жетістікке жету мотивациясының төмен деңгейі басым болғанын көрсетеді. Қалыптастыру экспериментінен кейін эксперименттік топта жоғары және орта деңгей көрсеткіштерінің айтарлықтай артқаны, ал төмен деңгейдің едәуір қысқарғаны байқалады. Бақылау тобында мұндай өзгерістер айқын көрінбейді.

Алынған эмпирикалық мәліметтерді сапалық тұрғыда талдау төмен деңгейдегі студенттердің көбіне сақтану мотивациясын ұстанатынын көрсетті. Мұндай іс-әрекет арқылы үйрету ұстаным инновациялық жағдайларда тәуекелге баруға, жаңа идеяларды қабылдауға және шығармашылық шешімдер қабылдауға кедергі келтірді. Ал орта және жоғары деңгейдегі студенттерде жетістікке жетуге ұмтылыс басым болып, олар кәсіби міндеттерді саналы түрде жоспарлауға және нәтижеге жетуге бейім келеді. Осы тұрғыдан алғанда, қалыптастырушы эксперимент барысында жүзеге асырылған құрылымдық-мазмұндық модель мен модельге негізделген әдістемелік жүйе қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жетістікке жету мотивациясын арттыруда тиімді болғанын көрсетті. Эксперименттік топтағы оң динамика қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың мотивациялық компонентінің мақсатты түрде қалыптасқанын дәлелдеді.

Т. Элсер әдістемесі бойынша алынған нәтижелер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау үдерісінде жетістікке жету мотивациясының маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері эксперименттік топта

мотивациялық көрсеткіштердің айтарлықтай жақсарғанын дәлелдеп, ұсынылған педагогикалық жүйенің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тұрғыда растады. Әдістеме нәтижелерін сандық өңдеу үшін әр деңгейге сәйкес студенттер саны анықталып, пайыздық көрсеткіштер келесі формула бойынша есептелді:

$$P = \frac{n_i}{N} \times 100\%$$

мұнда:

n_i – белгілі бір деңгейдегі студентлар саны;

N – топтағы студентлардың жалпы саны;

P – пайыздық көрсеткіш.

Т. Элерс әдістемесі бойынша алынған анықтау және қалыптастыру экспериментінің көрсеткіштері (кесте 22)

Кезең	Топ	Деңгей	(n _i)	(N)	Есептеу формуласы	(P), %
Анықтау	Эксперименттік	Төмен	31	51	$(\frac{31}{51} \times 100)$	60,7
		Орта	19	51	$(\frac{19}{51} \times 100)$	37,3
		Жоғары	1	51	$(\frac{1}{51} \times 100)$	2,0
	Бақылау	Төмен	46	72	$(\frac{46}{72} \times 100)$	63,9
		Орта	24	72	$(\frac{24}{72} \times 100)$	33,3
		Жоғары	2	72	$(\frac{2}{72} \times 100)$	2,8
Қалыптастыру	Эксперименттік	Төмен	10	51	$(\frac{10}{51} \times 100)$	19,6
		Орта	25	51	$(\frac{25}{51} \times 100)$	49,0
		Жоғары	16	51	$(\frac{16}{51} \times 100)$	31,4
	Бақылау	Төмен	36	72	$(\frac{36}{72} \times 100)$	50,0
		Орта	26	72	$(\frac{26}{72} \times 100)$	36,1
		Жоғары	10	72	$(\frac{10}{72} \times 100)$	13,9

Анықтау эксперименті кезеңінде эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштері шамалас болғанымен, қалыптастыру экспериментінен кейін эксперименттік топта жетістікке жету мотивациясының жоғары және орта деңгейлерінің айтарлықтай артқаны байқалды. Бұл арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ықпалдың мазмұндық-процесуалдық компонентті дамытудағы тиімділігін дәлелдеді.

Төртінші әдістеме, Тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау тесті (В.И. Андреев бойынша)

Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың мазмұндық-процесуалдық компонентін бағалау мақсатында В.И. Андреевтің «Тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау тесті» қолданылды. Аталған әдістеме студенттердің кәсіби ортада өзін көрсете алу, жаңашылдықты қабылдау, мақсатқа бағытталу, өзін-өзі дамыту, жауапкершілік және нәтижеге ұмтылу сияқты тұлғалық-іскерлік сипаттарының жинақталған көрінісі ретінде бәсекеге қабілеттілік деңгейін сандық және сапалық тұрғыда анықтауға мүмкіндік берді.

Әдістеменің мақсаты: Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дамуға ұмтылысы мен өзін-өзі жетілдіру белсенділігін, инновациялық жағдайда әрекет етуге дайындық деңгейін айқындау және эксперименттік ықпалдың тиімділігін салыстырмалы түрде бағалау.

Өткізу тәртібі және ұпайлау жүйесі. Тест сұрақтарына жауап беру барысында әр жауап нұсқасы балдық мәнмен бағаланды: А - 5 балл, Б - 4 балл, В - 3 балл, Г - 2 балл, Д - 1 балл.

Жауаптар негізінде жинақталған ұпай саны есептеліп, әр студенттің жалпы балы 30-50 аралығында анықталды. Жалпы ұпай көрсеткіші студенттің бәсекеге қабілеттілік деңгейін сипаттайды.

Нәтижелерді интерпретациялау шкаласы

Ұпай аралығы	Интерпретация
30-42	өте төмен
43-57	төмен
58-70	орташадан төмен
71-83	орташадан сәл төмен
84-96	орташа
97-109	орташадан сәл жоғары
110-122	орташадан жоғары
123-137	жоғары
138-140	өте жоғары
141-150	ең жоғары

Зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделіндегі деңгейлік талдау логикасын сақтау үшін шкала нәтижелері үш деңгейге топтастырылды:

1) Төмен деңгей (30-83 балл)

өте төмен, төмен, орташадан төмен, орташадан сәл төмен көрсеткіштері қамтылады;

бәсекелік қасиеттер жеткіліксіз, кәсіби өзін-өзі танытуда сенім төмен; инновациялық ортада белсенділік таныту мен жауапкершілік алу әлсіз.

2) Орта деңгей (84-109 балл)

орташа және орташадан сәл жоғары көрсеткіштер; кәсіби өсуге ұмтылыс бар, бірақ тұрақтылық жеткіліксіз; инновациялық тапсырмаларды орындауда белсенділік жағдайға тәуелді.

3) Жоғары деңгей (110-150 балл)

орташадан жоғары, жоғары, өте жоғары, ең жоғары нәтижелер; өзін-өзі дамытуға ішкі мотивациясы жоғары, шешім қабылдауда дербестік бар;

инновациялық технологияларды меңгеруге, кәсіби бәсекеге қабілеттілікті арттыруға тұрақты ұмтылыс байқалады.

Топтар бойынша деңгейлік пайыз мына формуламен есептеледі:

$$P = \frac{n_i}{N} \times 100\%$$

мұнда:

n_i - белгілі деңгейдегі студенттер саны;

N – топтағы жалпы студенттер саны.

Кесте 23 - В.И. Андреев әдістемесі бойынша бәсекеге қабілеттілік деңгейлері (АЭД)

Деңгейлер	Эксперименттік топ (n=51)	%	Бақылау тобы (n=72)	%
Төмен	30	58,8	44	61,1
Орта	17	33,3	22	30,6
Жоғары	4	7,8	6	8,3
Барлығы	51	100	72	100

АЭД бойынша қорытынды: бастапқы кезеңде екі топта да төмен деңгей басым, ал жоғары деңгей үлесі мардымсыз. Бұл бәсекеге қабілеттілік қасиеттерінің (өзін-өзі дамыту, жаңашылдыққа ашықтық, нәтижеге бағдарлану) жеткілікті деңгейде орнықпағанын аңғартады.


Кесте 24 - В.И. Андреев әдістемесі бойынша бәсекеге қабілеттілік деңгейлері (ҚЭК)

Деңгейлер	Эксперименттік топ (n=51)	%	Бақылау тобы (n=72)	%
Төмен	11	21,6	40	55,6
Орта	22	43,1	23	31,9
Жоғары	18	35,3	9	12,5
Барлығы	51	100	72	100

ҚЭК бойынша қорытынды: қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперименттік топта жоғары деңгей айқын өсіп (35,3%), төмен деңгей күрт азайды (21,6%). Бақылау тобында өзгеріс салыстырмалы түрде әлсіз, төмен деңгей әлі де басым (55,6%). Бұл арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ықпалдың болашақ мұғалімдердің бәсекеге қабілеттілігін (кәсіби өсуге ұмтылыс, инновацияға ашықтық, өзіндік әрекет) арттыруда тиімді болғанын көрсетті.

Бұл әдістеме бойынша алынған деректер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейінің бастапқы

жағдайын және қалыптастырушы ықпалдан кейінгі өзгеріс динамикасын айқындауға мүмкіндік береді. Әсіресе эксперименттік топтағы жоғары деңгейдің артуы мен төмен деңгейдің қысқаруы қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне заманауи әдістер мен инновациялық оқыту технологияларын жүйелі енгізудің тиімділігін дәлелдеу негіз болды (Сурет 25).



Сурет 25 - В.И. Андреев әдістемесі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейлерінің динамикасы (АЭД/ҚЭК)

Диаграммада В.И. Андреев әдістемесі бойынша қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейлерінің анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент кезеңдеріндегі өзгеріс динамикасы көрсетілді. Анықтаушы эксперимент кезеңінде эксперименттік және бақылау топтарында төмен деңгей көрсеткіштері басым болды. Қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперименттік топта төмен деңгейдің айтарлықтай азайып, орта және жоғары деңгейлердің едәуір артқаны байқалды. Ал бақылау тобында көрсеткіштерде елеулі өзгеріс анықталған жоқ. Бұл арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ықпалдың қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби бәсекеге қабілеттілігін, инновациялық ортада әрекет ету дайындығын және кәсіби өсуге ұмтылысын арттыруда тиімді болғанын дәлелдеді.

Инновациялық іс-әрекеттік компонент бойынша бесінші әдістеме, **«Тұлғаның бағытын анықтау әдістемесі - жетістікке жету/сәтсіздікке жол бермеу» (А.А. Реан бойынша)**

А.А. Реанның «Тұлғаның бағытын анықтау: жетістікке жету/сәтсіздікке жол бермеу» әдістемесі қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып

мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын әрекеттік тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Әдістеменің мазмұны инновациялық ортада тұлғаның белсенділігі, тәуекелге баруы, жаңа шешімдер қабылдауы, кәсіби қиындықтарды еңсеруі сияқты әрекеттік сапаларымен тікелей байланысты.

Нұсқаулық: студенттер 20 тұжырымға «иә/жоқ» түрінде жылдам жауап береді. Кілтпен сәйкес келген әр жауап 1 балл болып есептеледі. Соңында жалпы балл қосылады.

Нәтижені интерпретациялау шкаласы (Реан бойынша)

1-7 балл - сәтсіздікке жол бермеу мотивациясы басым

8-13 балл - мотивациялық полюс айқын емес (аралық)

14-20 балл - жетістікке жету мотивациясы басым

Зерттеу мақсатымен сәйкестендіру үшін нәтижелер үш деңгейге топтастырылды:
төмен (1-7), орта (8-13), жоғары (14-20).

Пайыздық көрсеткішті есептеу формуласы

$$P = \frac{n_i}{N} \times 100\%$$

мұнда: n_i – деңгейдегі студентлар саны, N – топтағы жалпы саны.

Деңгейлерді сандық кодтау (t-критерий үшін)

Студенттің t-критериймен салыстыру жүргізу үшін деңгейлер шартты түрде кодталды:

төмен = 1

орта = 2

жоғары = 3

Топтың орташа мәні:

$$\bar{X} = \frac{1}{N} \sum m_i x_i$$

мұнда: m_i – деңгей жиілігі, x_i – кодталған балл (1,2,3).

Дисперсия (таңдамалық):

$$S^2 = \frac{\sum m_i (x_i - \bar{X})^2}{N - 1}$$

Студенттің t-критерийі (тәуелсіз екі таңдама)

$$t = \frac{\bar{X}_1 - \bar{X}_2}{\sqrt{\frac{S_1^2}{n_1} + \frac{S_2^2}{n_2}}}$$

мұнда: \bar{X}_1, \bar{X}_2 – топтардың орташа мәндері;

S_1^2, S_2^2 – дисперсия; n_1, n_2 – таңдама көлемдері.

Гипотезалар:

Н₀: эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштері бірдей

Н₁: топтар арасында мәнді айырмашылық бар

Кесте 25 - АЭД нәтижелері (Реан әдістемесі), деңгейлер бойынша

Деңгейлер	Эксперименттік топ (n=51)	%	Бақылау тобы (n=72)	%
Төмен (1-7)	23	45,1	34	47,2
Орта (8-13)	22	43,1	30	41,7
Жоғары (14-20)	6	11,8	8	11,1
Барлығы	51	100	72	100

Орташа мәндерді есептеу (деңгей коды бойынша)

Эксперименттік топ:

$$\bar{X}_{\text{эксп}} = \frac{23 \cdot 1 + 22 \cdot 2 + 6 \cdot 3}{51} = 1,67$$

Бақылау тобы:

$$\bar{X}_{\text{бак}} = \frac{34 \cdot 1 + 30 \cdot 2 + 8 \cdot 3}{72} = 1,64$$

Дисперсиялар (таңдамалық) есептеліп алынды:

$$S_{\text{эксп}}^2 = 0,47$$

$$S_{\text{бак}}^2 = 0,46$$

t-есептеу:

$$t = \frac{1,67 - 1,64}{\sqrt{\frac{0,47}{51} + \frac{0,46}{72}}} = 0,23$$

Критикалық мән (екі жақты, $p \leq 0,05$, $df \approx 109$):

$$t_{\text{кр}} \approx 1,98$$

Қорытынды (АЭД): $t_{\text{эмп}} = 0,23 < t_{\text{кр}}$. Демек, Н₀ қабылданады, бастапқы кезеңде эксперименттік және бақылау топтары статистикалық тұрғыдан тең.

Кесте 26 - ҚЭЖ нәтижелері (Реан әдістемесі), деңгейлер бойынша

Деңгейлер	Эксперименттік топ (n=51)	%	Бақылау тобы (n=72)	%
Төмен (1-7)	8	15,7	30	41,7
Орта (8-13)	18	35,3	28	38,9
Жоғары (14-20)	25	49,0	14	19,4
Барлығы	51	100	72	100

Орташа мәндер:

$$\bar{X}_{\text{эксп}} = \frac{8 \cdot 1 + 18 \cdot 2 + 25 \cdot 3}{51} = 2,33$$
$$\bar{X}_{\text{бак}} = \frac{30 \cdot 1 + 28 \cdot 2 + 14 \cdot 3}{72} = 1,78$$

Дисперсиялар:

$$S_{\text{эксп}}^2 = 0,55$$
$$S_{\text{бак}}^2 = 0,57$$

t-есептеу:

$$t = \frac{2,33 - 1,78}{\sqrt{\frac{0,55}{51} + \frac{0,57}{72}}} = 4,07$$

Критикалық мән ($p \leq 0,05$, $df \approx 109$):


$$t_{\text{кр}} \approx 1,98$$

Қорытынды (ҚЭК): $t_{\text{эмп}} = 4,07 > t_{\text{кр}}$ демек, H_1 қабылданады. Қалыптастырушы кезеңнен кейін эксперименттік және бақылау топтары арасында мәнді айырмашылық бар.

Қосымша тиімділік көрсеткіші (Cohen's d):

$$d \approx 0,74$$

Бұл ортадан жоғары әсер көлемін білдіреді.



Сурет 26 - А.А. Реан әдістемесі бойынша экспериментке дейінгі (АЭД) және қалыптастырушы эксперименттен кейінгі (ҚЭК) эксперименттік және бақылау топтарының жетістікке жету мотивациясы деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері

А.А. Реан әдістемесі бойынша алынған деректер тәуелсіз екі таңдамаға арналған Стьюденттің t-критерийі арқылы өңделді (эксперименттік топ - n=51, бақылау тобы - n=72). Бастапқы (АЭД) кезеңде деңгейлер 1-2-3 кодталу арқылы есептелген орташа мәндер ($\bar{X}_{\text{эксп}} = 1,67$; $\bar{X}_{\text{бак}} = 1,64$) бойынша $t_{\text{эмп}} = 0,23$ болды және $t_{\text{кр}} \approx 1,98$ ($p \leq 0,05$) мәнінен төмен шықты, яғни топтар бастапқыда статистикалық тұрғыдан тең екені расталды (H_0 қабылданды). Қалыптастырушы эксперименттен кейін (ҚЭК) эксперименттік топта жетістікке жетуге бағдарланған студенттер үлесінің артуы байқалып, орташа көрсеткіш $\bar{X}_{\text{эксп}} = 2,33$ деңгейіне жетті, ал бақылау тобында $\bar{X}_{\text{бак}} = 1,78$ шамасында сақталды. Салыстыру нәтижесінде $t_{\text{эмп}} = 4,07$ болып, $t_{\text{кр}} \approx 1,98$ мәнінен жоғары шықты ($p \leq 0,05$). Демек, эксперименттік ықпал нәтижелері статистикалық тұрғыдан мәнді деп танылды (H_1 қабылданды). Бұл қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын әрекеттік тұрғыдан күшейтіп, жетістікке бағдарланған мотивациялық бағыттылықты арттырғанын дәлелдеді. Айталық, құрылымдық-мазмұндық модель мен модельге негізделген әдістемелік жүйенің тиімділігі студенттердің инновациялық технологиялармен жұмыс істеу дағдылары, кәсіби өзіндік-бағасының жоғарылауымен расталды. Бұл басқа зерттеу нәтижелерімен де сәйкес келеді [155].

Алтыншы әдістеме, «**Өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің деңгейін диагностикалау**» (Л.Н. Бережнова әдістемесі бойынша)

Инновациялық-іс-әрекеттік компонентті нақтылау мақсатында қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби өзін-өзі дамытуы мен кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке дайындығын айқындауға бағытталған Л.Н. Бережнованың «Өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің деңгейін диагностикалау» әдістемесі қолданылды. Әдістеме студенттердің өзіндік кәсіби өсуге ұмтылысы, шығармашылық белсенділігі, кәсіби рефлексиясы және педагогикалық қызметті жетілдіруге бағытталған әрекеттік ұстанымын анықтауға мүмкіндік берді.

Диагностикалау екі кезеңде жүргізілді: АЭД - анықтаушы экспериментке дейін; ҚЭК - қалыптастырушы эксперименттен кейін.

Пайыздық көрсеткішті есептеу формуласы

$$P = \frac{n_i}{N} \times 100\%$$

мұнда: n_i - белгілі деңгейдегі студенттер саны, N - топтағы жалпы саны.

Деңгейлерді сандық кодтау (t-критерий үшін)

Салыстырмалы статистикалық тексеріс жүргізу үшін деңгейлер шартты түрде кодталды: төмен = 1, орта = 2, жоғары = 3.

Топтың орташа мәні:

$$\bar{X} = \frac{1}{N} \sum m_i x_i$$

Дисперсия (таңдамалық):

$$S^2 = \frac{\sum m_i(x_i - \bar{X})^2}{N - 1}$$

Бастапқы (АЭД) нәтижелер және теңдік тексерісі

Кесте 27 - АЭД бойынша өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекет деңгейлері

Деңгей	Эксперименттік топ (n=51)	%	Бақылау тобы (n=72)	%
Төмен	15	29,4	22	30,6
Орта	30	58,8	41	56,9
Жоғары	6	11,8	9	12,5
Барлығы	51	100	72	100

Орташа мәндер (деңгей коды арқылы)

$$\bar{X}_{\text{эксп}} = \frac{15 \cdot 1 + 30 \cdot 2 + 6 \cdot 3}{51} = 1,82$$

$$\bar{X}_{\text{бак}} = \frac{22 \cdot 1 + 41 \cdot 2 + 9 \cdot 3}{72} = 1,82$$

Дисперсиялар есептелді: $S_{\text{эксп}}^2 = 0,388$, $S_{\text{бак}}^2 = 0,404$

Стьюденттің t-критерийі (тәуелсіз екі таңдама):

$$t = \frac{\bar{X}_{\text{эксп}} - \bar{X}_{\text{бак}}}{\sqrt{\frac{S_{\text{эксп}}^2}{51} + \frac{S_{\text{бак}}^2}{72}}}$$

$$t = \frac{1,8235 - 1,8194}{\sqrt{\frac{0,388}{51} + \frac{0,404}{72}}} = 0,04$$

Критикалық мән (екі жақты, $p \leq 0,05$, $df \approx 121$):

$$t_{\text{кр}} \approx 1,98$$

Қорытынды (АЭД): $t_{\text{эмп}} = 0,04 < t_{\text{кр}}$ демек, H_0 қабылданады. Бастапқы кезеңде эксперименттік және бақылау топтары статистикалық тұрғыдан тең.

Қалыптастырушы кезеңнен кейінгі (ҚЭК) нәтижелер және тиімділікті тексеру

Кесте 28 - ҚЭК бойынша өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекет деңгейлері

Деңгей	Эксперименттік топ (n=51)	%	Бақылау тобы (n=72)	%
Төмен	4	7,8	20	27,8
Орта	27	52,9	42	58,3
Жоғары	20	39,2	10	13,9
Барлығы	51	100	72	100

Орташа мәндер:

$$\bar{X}_{\text{эксп}} = \frac{4 \cdot 1 + 27 \cdot 2 + 20 \cdot 3}{51} = 2,31$$

$$\bar{X}_{\text{бак}} = \frac{20 \cdot 1 + 42 \cdot 2 + 10 \cdot 3}{72} = 1,86$$

Дисперсиялар:

$$S_{\text{эксп}}^2 = 0,380, S_{\text{бак}}^2 = 0,403$$

t-есептеу:

$$t = \frac{2,3137 - 1,8611}{\sqrt{\frac{0,380}{51} + \frac{0,403}{72}}} = 3,96$$


Критикалық мән ($p \leq 0,05$, $df \approx 121$):

$$t_{\text{кр}} \approx 1,98$$

Қорытынды (ҚЭК): $t_{\text{эмп}} = 3,96 > t_{\text{кр}}$ демек, H_1 қабылданады. Қалыптастырушы эксперименттен кейін топтар арасында мәнді айырмашылық бар.

Л.Н. Бережнова әдістемесі бойынша алынған деректер тәуелсіз екі таңдамаға арналған Стьюденттің t-критерийі арқылы өңделді (эксперименттік топ - n=51, бақылау тобы - n=72). Бастапқы (АЭД) кезеңде деңгейлер 1-2-3 кодталу арқылы есептелген орташа мәндер бойынша айырмашылық мәнді болмады ($t_{\text{эмп}} = 0,04 < t_{\text{кр}} \approx 1,98$, $p \leq 0,05$), яғни топтардың бастапқы көрсеткіштері статистикалық тұрғыдан тең екені дәлелденді. Қалыптастырушы эксперименттен кейін (ҚЭК) эксперименттік топта жоғары деңгей үлесі 39,2%-ға дейін артып, төмен деңгей 7,8%-ға дейін қысқарды. Бақылау тобында өзгеріс айтарлықтай байқалмады. Нәтижесінде $\bar{X}_{\text{эксп}} = 2,31$ және $\bar{X}_{\text{бак}} = 1,86$ айырмасы бойынша $t_{\text{эмп}} = 3,96$ болып, $t_{\text{кр}} \approx 1,98$ мәнінен жоғары шықты ($p \leq 0,05$), бұл қалыптастырушы ықпалдың тиімділігін статистикалық тұрғыдан растады.

Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби өзін-өзі дамытуы мен кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке даярлығын тиімді арттырғанын дәлелдейді (Сурет 27).



Сурет 27 - Л.Н. Бережнова әдістемесі бойынша экспериментке дейін (АЭД) және эксперименттен кейінгі (ҚЭК) алынған нәтижелер

Диаграммадан көрініп тұрғандай, қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперименттік топта жоғары деңгей үлесінің айтарлықтай артқаны байқалады. Ал төмен деңгей көрсеткіші едәуір қысқарған.

Төменде келтіріп отырған кестедегі мәліметтерде екі топтағы сыналусы қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау деңгейлерін сипаттайтын барлық көрсеткіштерінде мәнді айырмашылықтардың бар екендігі көреміз (Кесте 29).

Кесте 29 - Компоненттер бойынша қолданылған әдістемелер және АЭД/ҚЭК нәтижелерінің жинақталуы (% , ЭТ/БТ)

Компонент	Әдістеме	Деңгей	ЭТ АЭД, %	ЭТ ҚЭК, %	БТ АЭД, %	БТ ҚЭК, %
1	2	3	4	5	6	7
Мақсаттылық-мотивациялық	1) Авторлық сауалнама «Кәсіби мамандықтағы инновациялық іс-әрекет жайлы не білесіз?»	Төмен	54,9	19,6	55,6	50,0
		Орта	37,3	49,0	34,7	36,1
		Жоғары	7,8	31,4	9,7	13,9
	2) «Оқу мотивациясының бағытын диагностикалау» (Т.Д. Дубовицкая)	Төмен (сыртқы)	33,3	15,7	36,1	36,1
		Орта (аралас)	39,2	29,4	38,9	36,1
		Жоғары (ішкі)	27,5	54,9	25,0	27,8

29 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Мазмұндық-процесуалдық	3) «Жетістікке жету мотивациясын диагностикалау» (Т. Элерс)	Төмен	60,7	19,6	63,9	50,0
		Орта	37,3	49,0	33,3	36,1
		Жоғары	2,0	31,4	2,8	13,9
	4) «Тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау тесті» (В.И. Андреев)	Төмен	58,8	21,6	61,1	55,6
		Орта	33,3	43,1	30,6	31,9
		Жоғары	7,8	35,3	8,3	12,5
Инновациялық-іс-әрекеттік	5) «Тұлғаның бағытын анықтау: жетістікке жету/сәтсіздікке жол бермеу» (А.А. Реан)	Төмен	45,1	15,7	47,2	41,7
		Орта	43,1	35,3	41,7	38,9
		Жоғары	11,8	49,0	11,1	19,4
	6) «Өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекет деңгейін диагностикалау» (Л.Н. Бережнова)	Төмен	29,4	7,8	30,6	27,8
		Орта	58,8	52,9	56,9	58,3
		Жоғары	11,8	39,2	12,5	13,9

Кестеден көріп отырғандай, тәжірибелік-эксперименттік жұмыста қолданылған 6 диагностикалық әдістеме нәтижелері құрылымдық-мазмұндық модельдің компоненттері бойынша жүйеленіп берілді. АЭД кезеңінде эксперименттік және бақылау топтарында төмен деңгей көрсеткіштерінің басымдығы байқалып, бастапқы дайындық деңгейінің шамалас екені көрінді. ҚЭЖ кезеңінде эксперименттік топта барлық әдістемелер бойынша оң динамика қалыптасты. Төмен деңгей үлесі айқын қысқарып, орта және жоғары деңгей көрсеткіштері едәуір артты. Бақылау тобында өзгерістердің қарқыны салыстырмалы түрде әлсіз болып, жекелеген көрсеткіштерде ғана шамалы өсім тіркелді. Бұл нәтижелер ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модельдің және оны іске асыруға арналған әдістемелік жүйенің қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын мақсатты түрде арттыруға ықпал еткенін дәлелдеді.

Нәтижелерді қорытынды талдау барысында көрсеткіштердің арасындағы айырмашылықтардың статистикалық тұрғыдан мәнділігін анықтау үшін Стьюденттің t-критерийі қолданылды.

Тәуелсіз екі таңдама үшін Стьюденттің t-критерийі:

$$t = \frac{\bar{X}_1 - \bar{X}_2}{\sqrt{\frac{S_1^2}{n_1} + \frac{S_2^2}{n_2}}}$$

мұнда:


\bar{X}_1, \bar{X}_2 – екі топтың орташа мәндері;

S_1^2, S_2^2 – таңдама дисперсиялары;

n_1, n_2 – таңдама көлемдері.

Шешім қабылдау ережесі: егер $t_{эмп} > t_{кр}(p \leq 0,05)$ болса, топтар арасындағы айырмашылық мәнді деп танылады (H_1 қабылданады); ал $t_{эмп} < t_{кр}$ болса, айырмашылық мәнді емес (H_0 қабылданады).

Стьюденттің t-критерийі негізіндегі статистикалық өңдеу АЭД кезеңінде эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы көрсеткіштерінде мәнді айырмашылықтың жоқ екенін ($p > 0,05$) растады. ҚЭК кезеңінде эксперименттік топта мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процесуалдық және инновациялық-іс-әрекеттік компоненттер бойынша көрсеткіштердің бақылау тобымен салыстырғанда мәнді түрде жоғарылағаны анықталды ($p \leq 0,05$). Атап айтқанда, авторлық сауалнамада $t_{эмп} = 3,82$, Реан әдістемесінде $t_{эмп} = 4,07$, Л.Н. Бережнова әдістемесінде $t_{эмп} = 3,96$ болып, $t_{кр} \approx 1,98$ мәнінен жоғары шықты. Бұл ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель мен оны жүзеге асыратын әдістемелік жүйенің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тұрғыда дәлелдеді. Жалпы барлық әдістеменің жиынтығы бойынша қорытынды нәтижені төмендегі диаграммадан көруге болады (Сурет 28).



Сурет 28 - Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығы компоненттерінің экспериментке дейінгі (АЭД) және эксперименттен кейінгі (КЭЖ) динамикасы

Берілген диаграммада алты диагностикалық әдістеме бойынша қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығының жоғары деңгейінің орташа көрсеткіштері экспериментке дейінгі (АЭД) және қалыптастырушы эксперименттен кейінгі (КЭЖ) кезеңдерде салыстырмалы түрде бейнеленген. Диаграмма деректерінен көрініп тұрғандай, анықтаушы эксперимент кезеңінде эксперименттік және бақылау топтарында жоғары деңгей көрсеткіштері шамалас болып, орташа есеппен 11-12% аралығында болды. Бұл екі топтың бастапқы даярлық деңгейлерінің статистикалық тұрғыдан тең екенін растады. Қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперименттік топта жоғары деңгейдің орташа көрсеткіші айтарлықтай өсіп, шамамен 40% деңгейіне жетті. Бұл көрсеткіш бақылау тобымен салыстырғанда едәуір жоғары. Себебі, бақылау тобында жоғары деңгейдің орташа мәні 17% шамасында ғана қалып отыр. Мұндай айырмашылық арнайы әзірленген құрылымдық-мазмұндық модель мен оны жүзеге асыратын әдістемелік жүйенің мақсатты педагогикалық ықпалының нәтижелілігін дәлелдеді. Диаграмма нәтижелері қалыптастырушы эксперимент барысында енгізілген арнайы курс бағдарламасының қазақ тілін оқытуда болашақ

бастауыш сынып мұғалімдерінің мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процесуалдық және инновациялық-іс-әрекеттік компоненттерін дамытуға тиімді ықпал еткенін айқын көрсетті. Алынған деректер зерттеудің ғылыми болжамының дұрыстығын және ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель мен оны жүзеге асыратын әдістемелік жүйенің педагогикалық тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тұрғыда растады. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысымыздың нәтижелерін қорытындылай келе, *егер* қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалып, негізгі ұғымдардың мәні мен құрылымы нақтыланса, құрылымдық-мазмұндық модель мен оған негізделген әдістемелік жүйе әзірленіп, білім беру үдерісіне жүйелі түрде енгізілсе, *онда* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің қазақ тілін оқытудағы инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлық деңгейі артады. *Өйткені* құрылымдық-мазмұндық модель мен осы модельге негізделген әдістемелік жүйенің бірлігі болашақ мұғалімдердің заманауи әдіс-тәсілдер мен инновациялық технологияларды саналы әрі тиімді қолдануына, кәсіби жағдаяттарда ұтымды шешім қабылдауына және өзгермелі білім беру талаптарына бейімделген заманауи маман ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді деп есептейміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты диссертациялық зерттеу шеңберінде теориялық және тәжірибелік нәтижелер алынды. Зерттеу барысында қойылған барлық міндеттер шешіліп, төмендегідей қорытындылар жасалды:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесі бойынша отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерге жасалған талдау нәтижесінде диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалды. Мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар мен нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау нәтижесінде қазіргі білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесінің өзектілігі дәлелденді. Болашақ бастауыш мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда жасанды интеллект дәуіріндегі қазақ тілін оқытудың қазіргі жайы қарастырылып, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігімен қатар, инновациялық ойлау, цифрлық және педагогикалық технологияларды меңгеру талаптарының күшейтілгені анықталды.

2. Педагогикалық, психологиялық және әдістемелік еңбектерді жүйелі зерделеу арқылы *«Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті»*, *«Қазақ тілін оқытуда бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау»* ұғымдарының мәні мен құрылымы нақтыланды.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық негізін *жүйелілік, іс-әрекеттік, акмеологиялық, құзыреттік және инновациялық тұғырлар* құрады. Бұл тұғырлар зерттеліп отырған құбылыстың мәнін ашып, мұғалімнің кәсіби дамуы мен инновациялық әлеуетін қалыптастырудың әдіснамалық негізін қамтамасыз етті. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді. Модельде мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процесуалдық және инновациялық-іс-әрекеттік компоненттердің бірлігі мен оларға сәйкес өлшемдер, көрсеткіштердің өзара байланысы қамтылып, болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейлері (төмен, орта, жоғары) айқындалды. Ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модельге негізделе отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі жасалды.

4. Ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель мен әдістемелік жүйенің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеріліп, олардың нәтижелілігі сандық, сапалық және диагностикалық көрсеткіштер арқылы дәлелденді.

5. «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курс бағдарламасы дайындалып, тәжірибеге ендірілді.

6. Жоғары оқу орнының студенттері мен магистранттарға, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі» атты оқу құралы әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілді.

7. Жүргізілген теориялық талдау мен тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мақсатты түрде ұйымдастырылатын, көпқырлы әрі интегративті педагогикалық үдеріс екенін көрсетті.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде төмендегідей ұсыныстар жасалды:

1. Қазақ тілін оқытуда болашақ мұғалімдердің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын арттыру мақсатында жасанды интеллектке негізделген цифрлық құралдарды педагогикалық тұрғыда қолдануға арналған оқу-әдістемелік тапсырмалар жинағы әзірленіп, жоғары оқу орындарының білім беру үдерісіне енгізу;

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері мен қызметтегі педагогтерге арналған «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» арнайы курсының веб-платформасы әзірленіп, білім беру практикасына енгізу.

Зерттеу мәселесінің көпқырлы сипатын ескере отырып, диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың тиімді ғылыми-әдістемелік негізін құрайды және бұл бағыттағы болашақ зерттеулерге теориялық әрі практикалық алғышарт бола алады деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тоқаев Қ.-Ж. Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: цифрлық трансформация арқылы өзекті міндеттер және оларды шешу: Қазақстан халқына Жолдау, 8 қыркүйек 2025 ж. - Қолжетімді: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-daurindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrylyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957>
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж. №319-Заңы (01.01.2026 ж. жаңартылған). – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
3. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы (25.04.2025 ж. жаңартылған).
4. Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы №31 бұйрығы. (27.02.2025 ж. жаңартылған).
5. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы: ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы (30.04.2025 ж. жаңартылған).
6. Әшімбаев М., Асқаров Ә. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітаптар сериясы. Батыс философиясы: оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2009. – 28 б.
7. Тасмағамбетов И.Н., Тәжин М.М., Жанаханов Қ.Қ. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітаптар сериясы. Аристотель философиясы. Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. 3-том. – Алматы: Жазушы, 2005. – 565 б.
8. Коменский Я.А. Великая дидактика. – М.: Педагогика, 1989. – С. 326
9. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1974. – 218 б.
10. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Тіл жұмсар. 1-нші кітап. Қазақша оқу жайынан. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
11. Жұмабаев М. Бастауыш мектепте ана тілі: бастауыш мектепке арналған. – Ташкент: Түркістан Республикасының баспасөз шығарушы мекемесі, 1923. – 23 б.
12. Рубинштейн С.Л. Бытие и сознание. – СПб.: Питер, 2023. – С. 121.
13. Жукова В.Ф. Психолого-педагогический анализ категории «Психологическая готовность» // Известия Томского политехнического университета. – 2012. – Т. 320, №6. – С. 117–121.
14. Ильин Е.П. Дифференциальная психология профессиональной деятельности. – СПб.: Питер, 2008. – С. 428.
15. Жарықбаев Қ.Б. Психология негіздері: оқулық. 6-бас., өнд., толық. – Алматы: ЭВЕРО, 2005. – 464 б.

16. Шеръязданова Х.Т. Психологические основы профессиональной подготовки педагогов и психологов дошкольного образования: автореф. дис. ... докт. психол. наук. – Алматы, 1999. – С. 47.
17. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования: для пед. спец. вузов. 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Просвещение, 1989. – С. 139.
18. Ташимова А.Л. Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік технологияны кәсіби әрекеттерде пайдалануға даярлау: пед. ғыл. канд. ... дис. 13.00.08. – Алматы, 2010. – 176 б.
19. Өтебаев И.С. Болашақ кәсіби оқыту бакалаврын құзыреттілік тұрғы негізінде жобалау іс-әрекетіне даярлау: пед. ғыл. канд. ...дис. 13.00.08. – Қарағанды, 2010. – 133 б.
20. Қыпшақов С.А. Болашақ педагогтарды бейіндік мектепте кәсіпкерлік іс-әрекет негіздерін оқытуға даярлау: пед. ғыл. канд. ...дис. 13.00.08. – Қарағанды, 2010. – 193 б.
21. Қонақбаева Ұ.Ж. Болашақ мұғалімдерді оқушыларды бейіндік оқытуға кәсіби даярлау: филос. докт. (PhD) ... дис. – Алматы, 2013. – 230 б.
22. Ширина Л.В. Педагогическое сопровождение развития у педагогов общеобразовательных школ готовности к инновационной деятельности: дис. ...канд. пед. наук. 13.00.08 «Теория и методика профессионального образования». – Армавир, 2021.
23. Нағымжанова Қ.М. Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ...дис. – Алматы, 2002. – 138 б.
24. Демидова Т.Е. Профессиональная подготовка будущих учителей к формированию общеучебных умений у младших школьников: дис. ...докт. пед. наук. – Брянск, 2006. – С. 365.
25. Ыбыраимжанов К.Т. Қазақстандағы бастауыш мектептердің қалыптасуы мен дамуы (1861–1930 жж. материалдар негізінде): пед. ғыл. докт. ...дис. 13.00.01 «Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика». – Түркістан, 2007. – 350 б.
26. Жанбубекова М.З. Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ... дис. 13.00.08. – Алматы, 2010. – 287 б.
27. Оспанбекова М.Н. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау: филос. докт. (PhD) ... дис. – Алматы, 2018. – 181 б.
28. Фейзулдаева С.А. Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау: филос. докт. (PhD) ...дис. – Талдықорған, 2019. – 163 б.
29. Ахатаева Ұ.Б. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік әрекетін дамытуға даярлау: филос. докт. (PhD) ...дис. – Алматы, 2021. – 173 б.

30. Стамбекова Ж.К. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау: филос. докт. (PhD) ...дис. – Алматы, 2022. – 169 б.
31. Кравченко А.И. Инновации // Современная западная социология: словарь. – М.: Политиздат, 1990. – 115 с.
32. Тарда Г. Социальная логика. – [Б. м.]: [б. и.], 1901. – С. 15–159.
33. Роджерс Э.М. Diffusion of Innovations. – New York: Free Press, 2005.
34. Шамова Т.И. Управление образовательным процессом в адаптивной школе. – М.: Центр «Педагогический поиск», 2001. – С. 384.
35. Третьяков П.И. Практика управления современной школой (опыт педагогического менеджмента). – М., 1995. – С. 204.
36. Нұрахметов Н. Жаңаша оқыту талаптары // Қазақстан мектебі. – 1997. – №1. – Б. 13–18.
37. Юсупбекова Н.Р. Общие основы педагогической инноватики: опыт разработки теории инновационных процессов в образовании. – М., 1991. – С. 10–15.
38. Кант И. Критика чистого разума. Философское наследие. Т. 118. – М., 1994. – С. 574.
39. Гегель Г. Вера и знание. Работа ранних лет / пер. с нем., вступ. статья, примеч. А.А. Иваненко. – СПб.: Умозрение, 2021. – С. 384.
40. Кваша В.П. Управление инновационными процессами в образовании: автореф. дис. ...канд. пед. наук. – Минск, 1994. – С. 22.
41. Кумбс Ф.Г. Кризис образования в современном мире. Системный анализ. – М., 1970. – С. 260.
42. Большакова З.М. Сущность инновации и инновационной деятельности // Профессиональная педагогика: категории, понятия, дефиниции. Сб. науч. тр. / под ред. Г.Д. Бухаровой. – Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2006. – Вып. 4. – С. 69–75.
43. Нағымжанова Қ.М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері: пед. ғыл. докт. ...дис. – Алматы, 2010. – 345 б.
44. Мұқаметқали М.М. Мектеп мұғалімдерінің кәсіби педагогикалық инновациялық іс-әрекетке даярлығын жетілдіру: пед. ғыл. канд. ...дис. 13.00.08. – Астана, 2007. – 178 б.
45. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері: пед. ғыл. докт. ...дис. – Астана, 2009. – 405 б.
46. Григорьева С.Г. Формирование инновационной культуры учителя начальных классов в процессе профессиональной подготовки: дис. ...канд. пед. наук. 13.00.08. – Москва, 2011.
47. Мырзабеков Е.Е. Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыру: филос. докт. (PhD) ...дис. – Алматы, 2022.

48. Fullan M. The New Meaning of Educational Change. 5th ed. – New York: Teachers College Press, 2016. – P. 352.
49. Искакова П.К. Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ...дис. – Түркістан, 2008. – 136 б.
50. Садуова Ж.Н. Формирование профессиональной направленности будущих учителей путем новых технологий: дис. ...канд. пед. наук. 13.00.08. – Туркестан, 2008.
51. Барсай Б.Т. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ...дис. – Шымкент, 2010. – 106 б.
52. Бережная Т.Н. Формирование инновационной методической культуры учителя начальных классов в процессе профессиональной подготовки в вузе: дис. ...канд. пед. наук. 13.00.08. – Краснодар, 2010.
53. Исмаилова Р.Б. Өзіндік жұмыс арқылы студенттардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру: пед. ғыл. докт. ...дис. – Алматы, 2010. – 154 б.
54. Айтенова Э.А. Дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру: филос. докт. (PhD) ...дис. – Алматы, 2020. – 197 б.
55. Краевский В.В. Методология педагогического исследования: пособие для педагога-исследователя. – Самара: СамГПИ, 1994. – С. 165.
56. Бабанский Ю.К. Педагогика / под ред. Н.Б. Бабанского. – М.: Просвещение, 1983. – С. 608.
57. Пышкало А.М. Методика обучения элементам геометрии в начальных классах. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Просвещение, 1973. – С. 208.
58. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. – Алматы, 2013. – 384 б.
59. Жапбаров А. Оқушылардың орфографиялық икемділіктері мен дағдысын қалыптастыра оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Шымкент: ИП Валиев, 2011. – 260 б.
60. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы: Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
61. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік коммуникацияның негіздері: оқулық. – Алматы: Рауан, 1995. – 252 б.
62. Сарыбаев Ш.Х. Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту тәжірибесі. – Алматы: ҚазМем біріккен баспасы, 1941. – 116 б.
63. Амирова А.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен практикасы: пед. ғыл. докт. ...дис. 13.00.01. – Алматы, 2009. – 371 б.
64. Молдабек Қ. Бастауыш сыныпта қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ...дис. 13.00.02. – Алматы, 2010. – 283 б.
65. Сейтенова С.С., Майлыбаева Г.С. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. – Талдықорған, 2016. – 252 б.

66. Тұрдалиева Г. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2012. – 256 б.
67. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Keme1 kitap, 2024. – 355 б.
68. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: оқулық. – Алматы, 2014. – 360 б.
69. Чункенова С.С., Ыбыраимжанов К.Т. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке бейімдеуде тұлғалық болмысын тәрбиелеу: оқу-әдістемелік құрал. – Талдықорған, 2024. – 139 б.
70. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы «Педагогтың кәсіби стандарты». – Атамекен, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.
71. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. 27.12.2019 ж., №293-VI ҚРЗ. (30.12.2024 ж. жаңартылған).
72. Rea-Dickins P., Germaine K. Evaluation. Language Teaching: A Scheme for Teacher Education. – Oxford: Oxford University Press, 1998.
73. Толковый словарь социологии, педагогики и психологии. В 4 т. – М.: ГИС, 2015. – Т.1. – С. 388.
74. Философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: ҚР БҒМ ҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 220 б.
75. Таубаева Ш.Т. Жоғары мектеп оқытушысының инновациялық мәдениеті: стратегиялар, парадигмалар, құзыреттер // Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2019. – Б. 3–16.
76. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Ғылым, 1998. – С. 320.
77. Güven S., Kiliç Z. Hayat Bilgisi Dersinde Kullanılan Öğretim Yöntemlerinin Etkililiği Konsunda Yapılan Lisansüstü Tezlerin İçerik Analizi // 16th International Primary Teacher Education Symposium (USOS). – Lefke, TRNC, 2017. – P. 296.
78. Харламов И.Ф. О педагогическом мастерстве, творчестве и новаторстве // Педагогика. – 1992. – №7–8. – С. 11–15.
79. Шет тілдер сөздігі. – М., 1989. – С. 481.
80. Беспалько В.П. Білімді стандарттау: негізгі идеялар мен ұғымдар // Советская педагогика. – М., 1993. – №5. – С. 24.
81. Жадрина М. Дидактические аспекты дифференциации содержания школьного образования. – Алматы: РИК, 2000. – 98 б.
82. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 ж. №2 бұйрығы (22.04.2025 ж. өзгертілген).
83. Adebago A. Artificial Intelligence Integration in Teaching and Learning: Investigating Retirement-date and Self-efficacy of In-service Teachers in Higher Education Institutions // Rima International Journal of Education (RIJE). – 2025. – Vol. 4. – <https://rijessu.com/wp-content/uploads/>

84. Ayanwale M.A., Sanusi I.T., Adelana O.P., Aruleba K.D., Oyelere S.S. Teachers' readiness and intention to teach artificial intelligence in schools // *Computers and Education: Artificial Intelligence*. – 2022. – Vol. 3. – Article 100099.
85. Ыбыраимжанов К.Т., Баймырзаев Қ.М., Жакипбекова С.С., Майлыбаева Г.С., Таурбекова А.С., Толегенова Н.К., Есполова Г.К., Тынысханова А.Т. Бастауыш білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар: оқу құралы. – Талдықорған, 2021. – 204 б.
86. Baimukhambetova K., Ybyraimzhanov K., Moldabek K., Akhatayeva U., Zhetkizgenova A., Uaidullakzy E. Evaluating the Relationship Between Pre-Service Teachers' Artificial Intelligence Readiness and Professional Self-Efficacy // *Education Sciences*. – 2026. – 16(1). – Article 43.
<https://doi.org/10.3390/educsci16010043>
87. Крупская Н.К. Педагогические сочинения: в 10 т. – М., 1959. – Т. 1–2. – С. 273.
88. Baimukhambetova K., Uzunboylu H., Ibyraimzhanov K. The current state of teaching the Kazakh language to future primary school teachers. *Innovative scientific research Proceedings of the V International Scientific and Practical Conference*. Toronto. -Canada, 2023. - P. 56-59.
89. Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1993. – 356 б.
90. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т., Жиенбаева С.Н. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 300 б.
91. Баймухамбетова К.М., Ыбыраимжанов К.Т., Дүйсекова М.Т. Методологические принципы обучения казахскому языку для будущих учителей начальных классов. *Актуальные проблемы науки и образования: материалы международного форума, посвященного 300-летию Российской академии наук. Часть 2.* - Екатеринбург, 2023. – С. 326-332.
<https://www.elibrary.ru/item.asp?id=54070567>
92. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық – білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізі. – Алматы, 2008. – 328 б.
93. Рубинштейн С.Л. Бытие и сознание: о месте психического во всеобщей взаимосвязи явлений материального мира. – М.: Изд-во АН СССР, 1957. – С. 328.
94. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1975. – С. 304.
95. Наубаева Х.Т. Психологическое влияние этнического общения на развитие познавательной деятельности учащихся: дис. ...док. психол. наук. – Талдықорған, 2010. – С. 320.
96. Максимова В.Н. Акмеология: новое качество образования // *Завуч*. – 2004. – №3. – С. 23.
97. Деркач А.А. Акмеологическая культура личности: содержание, закономерности, механизмы развития. – М.: Моек, 2006. – С. 496.
98. Chomsky N. *Aspects of the Theory of Syntax*. – Cambridge: MIT Press, 1965.

99. Баймухамбетова К.М., Узунбойлу Х. Жаңа формациядағы болашақ мамандарды кәсіби даярлау. Кентау гуманитарлық-техникалық колледжінің 15 жылдығына арналған «Жаңа Қазақстан: білім беру жүйесіндегі ізденіс, тәжірибе, нәтиже» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Кентау, 2023. 94-98 бб.
100. Зимняя И.А. Ключевые компетенции как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004.
101. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования. – М.: Народное образование, 2003.
102. Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Педагогика. – М.: Академия, 2013.
103. Кенжебеков Б.Т. Педагог кадрларды кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасы. – Алматы: Рауан, 2015.
104. Абишев Н.А. Құзыреттілік кадрлар кәсіпқойлығының жалпыланған сипаттамасы ретінде // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары «Қазіргі ғылымның басымдықтары: теориядан практикаға». - Талдықорған, 2017. - Б. 40-54.
105. Волков В.И., Константинов Н.А., Королев Ф.Ф., Медынский Е.Н. История педагогики: пособие для пед. институтов. – М.: Изд-во АПН РСФСР, 1955. – С. 587.
106. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 1991. – 78 б.
107. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М., 1991. – С. 44–222.
108. Мұқамбетқалиева М. Оқу мәтіндері арқылы қазақ тілін үйрету әдістемесі (жоғары оқу орындарының орыс бөлімдеріне арналған): дис. ...канд. пед. наук. 13.00.02. – Алматы, 2001. – 182 б.
109. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Педагогика, 1999.
110. Гальперин П.Я. Введение в психологию. – М.: Издательство Московского университета, 1985.
111. Baimukhambetova K., Uzunboylyu H. Dildabekova G. Possibilities of preparing primary teachers for innovative professional activity in teaching the Kazakh language. IX International Scientific and Practical Conference «Current questions of modern science». - Tallinn, Estonia. -16-17.11. 2023. - P. 26-30.
112. Prensky M. Digital Natives, Digital Immigrants // On the Horizon. – 2001. – Vol. 9, No. 5.
113. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса. – М.: Педагогика, 1982.
114. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: Академия, 2010.
115. Сейталиев С.С. Білім беруді цифрландырудың педагогикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

116. Вартофский М. Модели. Репрезентация и научное понимание / пер. с англ. – М.: Прогресс, 1988. – С. 506.
117. Мижериков В.А., Пидкасистый П.И. Педагогикалық сөздік. – М.: Сфера, 2004. – 439 б.
118. Лейбниц Г.В. Труды по философии науки / пер. Слатин. – М., 2010. – С. 177.
119. Полонский В.М. Словарь по образованию и педагогике. – М.: Высшая школа, 2004. – С. 512.
120. Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы: оқу құралы. – Алматы, 2003. – 128 б.
121. Штофф В.А. Моделирование и философия. – М.–Л.: Наука, 1996. – С. 250.
122. Кузьмина Н.В. Методы системного педагогического исследования. – Л.: ЛГУ, 1980. – С. 182.
123. Талызина Н.Ф. Формирование познавательной деятельности младших школьников. – М., 1988. – 165 б.
124. Корнеев Д.Н. Практико-ориентированная подготовка будущих менеджеров к практической деятельности: дис. ...канд. пед. наук. – Магнитогорск, 2004. – С. 202.
125. Кокорина И.Н. Развитие познавательной самостоятельности студентов вуза как условие их подготовки к будущей профессиональной деятельности: дис. ... канд. пед. наук. – Кемерово, 2005. – С. 239.
126. Дутикова Ю.С. Реализация принципа преемственности в профессионально-личностной подготовке учителя начальных классов (в системе «школа–вуз»): дис. ...канд. пед. наук. – Коломна, 2009. – С. 321.
127. Баянова А.Р. Педагогическое обеспечение развития конкурентоспособности преподавателя высшей школы: дис. ...канд. пед. наук. – Казань, 2020. – С. 271.
128. Оразбаева К.О. Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: филос. докт. (PhD) ...дис. – Алматы, 2016. – 163 б.
129. Тулегенова Г.А. Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттылыққа тәрбиелеу: филос. докт. (PhD) ...дис. – Талдықорған, 2021. – 152 б.
130. Есполова Г.К. Жаңартылған білім беру мазмұнында бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру: филос. докт. (PhD) ...дис. – Талдықорған, 2021. – 219 б.
131. Кропотова М.Ю. Педагогическая модель формирования готовности к инновационной деятельности будущих педагогов как средство проектирования будущего специалиста // Мир науки. Педагогика и психология. – 2022. – Т. 10, №6.
132. Семькина Ю. Портрет современного школьника // Континент. – 2004. – №12(124). – С. 14–15.
133. Мамекова А.Т. Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үдерісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу: филос. докт. (PhD) ...дис. – Талдықорған, 2022. – 172 б.

134. Баймухамбетова К.М. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі: оқу құралы. – Шымкент: Қызмет баспасы, 2024. - 105 б.
135. Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ...дис. 13.00.02. – Алматы, 2009. – 363 б.
136. Орысша–қазақша түсіндірме сөздік / жалпы ред. Е. Арын. – Павлодар, 2006. – 482 б.
137. Қазақ Совет Энциклопедиясы. 2 том. – Алматы, 1973. – 673 б.
138. Философский словарь / под ред. И.Т. Флорова. – М., 1987. – С. 560 с.
139. Baimukhambetova K.M., Ibyraimzhanov K.T. Innovative training of future primary school teachers: analysis of training level and development prospects // Journal “Pedagogy and Psychology”. – Almaty: Abai KazNPU. – 2023. – Vol. 57, Issue 4. – P. 50–57.
140. Баймухамбетова К.М., Ыбыраимжанов К.Т. Заманауи білім берудегі инновациялық әдістердің қазақ тілін оқытуда қолданылуы. С. Аманжолов атындағы ШҚУ 70 жылдығына арналған «Қазіргі сын-қатерлер жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» «Уәлиев оқулары-2022» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. 2-бөлім. - Өскемен, 2022. - 3-8 бб.
141. Баймухамбетова К.М., Ыбыраимжанов К.Т. Қазақ тілін оқытуда цифрлық технологияларды тиімді пайдалану - уақыт талабы. «Білім беру жүйесінде жаңа трендтер мен технологиялардың ғылымдағы мәні мен маңызы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Шымкент, 2024ж. 78-82 бб.
142. Баймухамбетова К.М., Есназар А.Ж. Инновациялық технологиялар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастырудың құралы ретінде. Абылайхан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» секциясы. 1 (68) 2023. 175-191бб.
143. Сатбекова А.А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қыздар университеті баспасы, 2013. – 210 б.
144. Kilpatrick W.H. The Project Method. – New York: Teachers College Press, 1918. – P. 120.
145. Johnson D.W., Johnson R.T. Cooperation and the Use of Technology in Learning // Handbook of Research on Educational Communications and Technology. – New York: Macmillan, 2004. – P. 785–812.
146. Selwyn N. Education and Technology: Key Issues and Debates. – London: Bloomsbury Academic, 2016. – P. 240.
147. Luckin R. Machine Learning and Human Intelligence: The Future of Education for the 21st Century. – London: UCL Institute of Education Press, 2018. – P. 176.
148. Black P., Wiliam D. Assessment and Classroom Learning // Assessment in Education: Principles, Policy & Practice. – 1998. – Vol. 5, No. 1. – P. 7–74.

149. Schön D.A. The Reflective Practitioner: How Professionals Think in Action. – New York: Basic Books, 1983. – P. 374.
150. Dewey J. How We Think. – Boston: D.C. Heath and Company, 1933. – P. 301.
151. Uzunboylu H., Baimukhambetova K. The effectiveness of innovative activity in the formation of professional training of a future specialist through teaching the Kazakh language. Quality Management: Search and Solutions. Materials of the VIII International Scientific-Practical Conference. Seattle (WA, USA). - 2022. Volume II. - P. 59-64.
152. Баймухамбетова К.М., Ыбыраимжанов К.Т., Ирсакова М.А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Қазақ тілін оқыту арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты элективті курстың маңыздылығы // 3i: Intellect, Idea, Innovation: көпсалалы ғылыми журнал. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, 2023. – №3. – 147–157 бб.
153. Баймухамбетова К.М. Болашақ мұғалімдердің қазақ тілін оқытуға арналған инновациялық білім беру платформаларын қолдану дағдылары. «Тәшенев оқулары – 3: Цифрлық дәуір және Тәшеневтің көшбасшылық идеялары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ғылыми мақалалар жинағы. – Шымкент, 2025. 211-216 бб.
154. Плакетт Р.Л. «Студент»: статистическая биография Уильяма Сийли Госсета / пер. О.Б. Шейнина. – Берлин, 2015. – С. 148.
155. Баймухамбетова К.М., Мауленбердиева Г.Б., Кубеева М.А. Профессиональная подготовка будущих учителей начальных классов: экспериментальная имплементация программы Dikolan // Вестник Торайгыров университета. Педагогическая серия. – Павлодар, 2025. – №1. – 115–128 бб.